Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚР ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ И ПРАВИЛА РК

АСТАНА ҚАЛАСЫН ЖАЙҒАСТЫРУ ЖӘНЕ САЛУ

ПЛАНИРОВКА И ЗАСТРОЙКА ГОРОДА АСТАНЫ

ҚР ҚНжЕ 3.01-01 Ас-2007*
СНиП РК 3.01-01 Ас-2007*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2023

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«KAZGOR» Жобалау академиясы» ЖШС, «Астана қаласы Бас жоспарының ҒЗЖИ» МКК-мен бірлесіп
2 КЕЛІСКЕН	Мемлекеттік органдар өкілдері және Астана қаласының мүдделі ұйымдары (жиналыстың Астана қаласы Әкімінің орынбасары бекіткен 05.09.2007 жылғы хаттамасы).
3 ҰСЫНҒАН	«Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы департаменті» ММ
4 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР Индустрия және сауда министрлігінің (ҚР ИСМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің 03.12.2007 жылғы № 426 бұйрығымен және 26.12.2007 ж. № 493 (енгізілген өзгерістермен) 01.01.2008 жылдан бастап
5 ЕНГІЗІЛГЕН	Бірінші рет

14.1.2-тармағына (ҚР ИСМ ҚжТКШІК-нің 04.06.2008 ж. № 17-01-3-05-1820 хатымен) түзетулер енгізілген, 13.1.10*-тармағына, 13.1*-кестенің 4-тармағына, 13.2*-кестенің 3, 4-тармақтарына (ҚР ИСМ ҚжТКШІК-нің 16.09.08 ж. № 17-01-3-05-3075 хатымен) өзгерістер енгізілген, 13.3.8*, 13.25*-кестеге (ҚР ИСМ ҚжТКШІК-нің 28.10.08 ж. № 17-01-3-05-3646 хатымен) түзету енгізілген, 14.5.15*-тармағына (Құрылыс істері және ТКШ істері агенттігі 22.09.2011 ж. № 348 бұйрығымен) өзгерістер, 13.24* кестесіне (ҚР ӨДМ ҚжТКШІК-нің 04.12.2013 ж. № 353-НҚ бұйрығы) өзгертулер, 11.4* кестесіне (ҚР ӨДМ ҚжТКШІК-нің 07.04.2014 № 130-НҚ бұйрығы 07.04.2014 бастап күшіне енеді) өзгертулер, 15.7*-тармақтың екінші абзацына (ҚР ӨДМ ҚжТКШІК-нің 08.07.2014 ж. №272-НҚ бұйрығы), 14.5.15 тармағына (ҚР ҰЭМ Құрылыс, ТКШ істері және ЖРБ комитетінің 08.09.2015 жылғы №328-НҚ бұйрығы), 13.1.32 тармағына (ҚР ҰЭМ Құрылыс, ТКШ істері және ЖРБ комитетінің 12.04.2016 жылғы №101-НҚ бұйрығы), 13.1.19 тармағы мен 13.5 кестесіне (ҚР ҰЭМ ҚжТКШІК-нің 19.08.2016 ж. №75-НҚ бұйрығы),15.17, 15.23, 15.34 тармақтарына (ҚР ИДМ ҚжТКШІК-нің 01.08.2018 ж. №171-НҚ бұйрығы), 6.1.2, П4.2.4 тармақтары мен 13.24 кестесіне (ҚР ИИДМ ҚжТКШІК-нің 01.04.2019 ж. №46-НҚ бұйрығы) өзгерістер, 13.3.16 тармағына толықтырулар (ҚР ИИДМ ҚжТКШІК-нің 15.05.2019ж. №72-НҚ бұйрығы) және (ҚТҮКШІК 08.04.2020 ж. №58-НҚ бұйрығы), 13.0.8 тармағы мен 13.1, 13.2, 13.4 кестесіне (ҚР ИИДМ ҚжТКШІК-нің 8.09.2020ж. №126-НҚ бұйрығы), 13.3.3 тармағына және 13.24*-кестесіне (ҚР ИИДМ ҚжТҮКШІК-нің 27.04.2021ж. №54-НҚ бұйрығы), 6.5-кестесіне (ҚР ӨжҚМ ҚжТҮКШІК-нің 28.09.2023ж. №144-НҚ бұйрығы) өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.*

*Өзгерістер енгізілген тармақтар * таңбасымен белгіленеді.*

Сәулет, қалақұрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттарға өзгеріс енгізу және олардың күшін жоюы туралы ақпарат, Сәулет, қалақұрылысы және құрылыс істері жөніндегі өкілетті органның ресми деректерін жариялайтын ай сайын шығатын бюллетень-журнал «Экспресс-информда» беріледі.

Предисловие

РАЗРАБОТАНЫ	ТОО «Проектная академия «KAZGOR» совместно с ГКП «НИПИ Генерального плана города Астаны» с представителями государственных органов и заинтересованных организаций города Астаны (протокол совещания, утвержденнный
СОГЛАСОВАНЫ	заместителем Акима города
3 ПРЕДСТАВЛЕНЫ	Астаны от 05.09.2007 г.)
ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ	Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и торговли РК (МИТ РК) от 03.12.2007 г. № 426 и от 26.12.2007 г. № 493 (внесение изменений) с 01.01.2008 г.
ВВЕДЕН	Впервые

Внесены поправки в пункт 14.1.2 (письмо КДС и ЖКХ МИТ РК от 04.06.08 № 17-01-3-05-1820), изменения в пункт 13.1.10*, пункт 4 таблицы 13.1*, пункты 3, 4 таблицы 13.2* (письмо КДС и ЖКХ МИТ РК от 16.09.08 № 17-01-3-05-3075), поправка 13.3.8*, таблицу 13.25* (письмо КДС и ЖКХ МИТ РК и ЖКХ МИТ РК от 28.10.08 № 17-01-3-05-3646), изменения в пункт 14.5.15* (приказ АДСиЖКХ от 22.09.2011 № 348), изменения в табл. 13.24* (приказ КДСиЖКХ МРР РК от 04.12.2013 № 353-НҚ), изменения в табл. 11.4* (приказ КДСиЖКХ МРР РК от 07.04.2014 №130-НҚ с 07.04.2014), изменения в пункт 15.7* абзац второй (приказ КДСиЖКХ МРР РК от 08.07.2014 №272-НҚ), изменения в пункт 14.5.15 (КДСиЖКХ УЗР МНЭ РК от 08.09.2015 №328-НҚ), изменения в пункт 13.1.32 (КДСиЖКХ УЗР МНЭ РК от 12.04.2016 №101-НҚ), изменения в пункт 13.1.19 и таблицу 13.5 (приказ ҚДСиЖКХ МНЭ РК от 19.08.2016 №75-НҚ,),изменения в пункты 15.17, 15.23, 15.34 (приказ КДСиЖКХ МИР РК от 01.08.2018 №171-НҚ), изменения в пункты 6.1.2, П4.2.4 и таблицу 13.24 (приказ КДСиЖКХ МИИР РК от 01.04.2019 №46-НҚ), дополнение в пункт 13.3.16 (приказ КДСиЖКХ МИИР РК от 15.05.2019 №72-НҚ) и (Приказ КДСиЖКХ от 08.04.2020 г. №58-НҚ), дополнение в пункт 13.0.8, таблицу 13.1, таблицу 132.2 и таблицу 13.4 (приказ КДСиЖКХ МИИР РК от 8.09.2020 №126-НҚ), изменение в пункт 13.3.3 и таблицу 13-24* (приказ КДСиЖКХ МИИР РК от 27.04.2021 №54-НҚ), в таблицу 6.5 (приказ КДСиЖКХ МПиС РК от 28.09.2023 №144-НҚ).*

*Пункты, в которые внесены изменения, отмечены **

Информация об изменениях и отмене нормативных документов в сфере архитектуры, градостроительства и строительства публикуется в ежемесячном бюллетене-журнале «ЭКСПРЕСС-ИНФОРМ», предоставляющем официальные сведения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства.

Кіріспе

Астана қаласында қала құрылысы қызметтерін реттеу үшін жасалған осы нормативтік-техникалық құжат аумақтарды ұйымдастыру, жайғастыру және құрылысын салудың, соның ішінде тұрғын-азаматтық және өндірістік мақсаттағы, көліктік гидротехникалық және басқа имараттарды, инженерлік коммуникациялар мен инженерлік қамтамасыз ету ғимараттары мен имараттарын жобалау және салудың талаптарын, шарттарын және шектеулерін қамтиды. Ол Қазақстан Республикасының аумағында сәулет, қала құрылысы, құрылыс және техникалық реттеу саласындағы қызметтерді реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің ережелеріне негізделген және дамыған шет ел қалалары мен астаналарын қала құрылыстық нормалаудың прогрессивті тәжірибелерін ескереді.

Астана қаласын жайғастыру және құрылысын салу» нормативтік-техникалық құжатын әзірлеудегі келісім-шарттың техникалық тапсырмасына сәйкес, бір топ ағылшын тілі мамандары және «KAZGOR» Жобалау Академиясының әзірлеушілері төмендегі жұмыстарды жүргізді:

- алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерінің, соның ішінде Еуропада - Ұлыбританияның (Лондон қ-сы,), Германияның, Америкада - Канаданың (Торонто қ-сы), АҚШ-тың (Нью-Йорк, Чикаго, Балтимор, Филадельфия және т. б. қалалары) қалаларының қала құрылысы қызметіндегі іс-шараларды реттейтін нормативтік құжаттарды іздестіру, бұл қалалардың тізілімі (тізімі) 9 (ақпараттық) қосымшада – Нормативтік-техникалық құжатты әзірлеуде пайдаланылған материалдардың тізімдемесінде көрсетілген (Библиография);

- халықаралық нормативтік құжаттарды қарау және зерттеу үшін және оларды сәйкес келетін бөлімдері бойынша әзірлеуші мамандарға тарату үшін;мемлекетаралық нормативтерге, материалдар мен қолданылған параметрлер, нормативтер, ең төменгі талаптар мен міндетті және ұсынылған ережелер бойынша жасалған салыстырмалы кестелердегі салыстыру деректеріне талдау жасау;

-аналитикалық материалдар негізінде осы нормативтік-техникалық құжаттағы есептеулер үшін жекелеген көрсеткіштерді өңдеу.

Осы нормативтік-техникалық құжат Қазақстан Республикасының заңнамасында нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар жүйесі ретінде белгіленген Мемлекеттік сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы (нормативтік-техникалық құжаттар) нормативтерге, Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті органы жүзеге асыратын басқа да жайлы, қауіпсіз және басқа да адам өміріне және тіршілік етуге қолайлы жағдайлар туғызу үшін қажетті міндетті талаптар, жағдайлар мен шектеулер қатарына жатады.

Мемлекеттік норматив (нормативтік-техникалық құжат) ҚР ҚНжЕ 1.01-01-2001 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер» талаптарына сәйкес орындалды ***(ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 08.08.2011 жылғы №286 бұйрығымен бекітілген ҚР ҚН 1.01-01-2011-ге ауыстырылған).*** **(Түзету)**

Осы нормалар мен ережелер халықаралық қала құрылысы нормалауының талаптарына олардың сәйкестігін анықтау және қолдану тәжірбиесінің жыл сайынғы мониторинг нәтижелері бойынша жаңаландыруға, сондай-ақ осы нормалар мен ережелердің енгізілуіне және орындалуына жауапты тұлғалар, өндірістің әртүрлі салаларының өкілдері, жобалаушылар және басқа да мүдделі тараптар ұсынатын өзгертулер мен толықтыруларды қарау жолымен ҚР ҚНжЕ 1.01-01-2001-дің ***(ҚР ҚН 1.01-01-2011-ге ауыстырылған)*** **4.5 және 4.7 тармақтарына сәйкес жетілдіруге жатады. (Түзету)**

Норматив мәтінін баяндау кезінде құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарынан ауытқу мүмкіндігін туғызатын «ереже бойынша», «қажет болған жағдайда» сөз тіркестері қолданылғанда олар негізделуі тиіс, ал «болуы мүмкін», «ұсыны-лады», «жол беріледі» сөз тіркестеріне - белгілі бір құрылыс жағдайларына сәйкес өзгерілуі мүмкін ережелер жатқызылады.

Введение

Настоящий нормативно-технический документ, предназначенный для регулирования градостроительной деятельности в городе Астане, включает требования, условия и ограничения по организации территории, планировке, застройке, в том числе проектированию и строительству зданий и сооружений жилищно - гражданского и производственного назначения, транспортных, гидротехнических и других сооружений, инженерных коммуникаций и инженерного обеспечения. Он основан на положениях нормативных правовых актов, регулирующих архитектурную, градостроительную, строительную деятельность и техническое регулирование на территории Республики Казахстан, и учитывает прогрессивный опыт градостроительного нормирования городов и столиц развитых зарубежных стран.

-соответствии с техническим заданием к договору на разработку нормативно-технического документа «Планировка

-застройка города Астаны» группой англоязычных специалистов и разработчиками Проектной Академии «KAZGOR» были проведены следующие работы:

- поиск нормативных документов, регулирующих градостроительную деятельность в ведущих зарубежных странах в том числе: Европы - Великобритании (г. Лондон), Германии, Америки - Канады (г. Торонто,), США (гг. Нью-Йорк, Чикаго, Балтимор, Филадельфия и т. д.), перечень (списки) по которым представлены в Приложении 9 (информационное) Перечень материалов, использованных при разработке нормативно-технического документа;

- просмотр и исследование международных нормативных документов для передачи специалистам разработчикам по соответствующим разделам;

- проведение анализа межгосударственных нормативов, материалов и сведений, сопоставительные результаты которых сведены в сравнительные таблицы по применяемым параметрам, нормативам, минимальным требованиям и обязательным и рекомендуемым положениям;

- на основе аналитических материалов выработка показателей отдельных положений для учета в данном нормативно-техническом документе.

Настоящие нормы и правила входят в Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства, определенные законодательством Республики Казахстан, как система нормативных правовых актов и нормативно-технических документов, иных обязательных требований, условий и ограничений, обеспечивающих благоприятные, безопасные и другие необходимые условия обитания и жизнедеятельности человека, которая реализовывается Уполномоченным органом по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК,

Государственный норматив (нормативно-технический документ) выполнен в соответствии с требованиями СНиП РК 1.01-01-2001 «Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства. Основные положения» ***(заменен***

на СН РК 1.01-01-2011, утвержденный Приказом АДСиЖКХ от 08.08.2011 №286). **(Правка)**

Настоящие нормы и правила подлежат совершенствованию по результатам ежегодного мониторинга практики применения и определения их соответствия требованиям международного градостроительного нормирования, а также обновление в соответствии с пп. 4.5 и 4.8 СНиП РК 1.01-01-2001 ***(заменен на СН РК 1.01-1-2011)*** посредством рассмотрения изменений и дополнений, предоставляемых лицами, ответственными за внедрение и исполнение настоящих норм и правил, представителями различных отраслей производства, проектировщиками и другими заинтересованными сторонами. **(Правка)**

При изложении текста норматива, допускающего отступления от требований строительных норм и правил, применены словосочетания «как правило», «при необходимости», которые означают, что отступления от них должны быть обоснованы, а к словосочетаниям «могут быть», «рекомендуемым», «допускается», относятся положения, которые могут изменяться в соответствии с конкретными условиями строительства.

ЖАСАҒАНДАР:

«KAZGOR» Жобалау Академиясы

Тәтіғұлов Ә. Ш., Президент (жұмыстың ғылыми жетекшісі). Ерәлиев Т. Е., Академияның бас сәулетшісі (жұмыс жетекшісінің орынбасары). Махамбетов М. С., Вице-президент. Жаманқұлов М. Ж., Вице-президент (жұмыс жетекшісінің орынбасары). Шаймарданов С. К., Академияның бас инженері

«Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы департаменті» ММ-і

Жүнісов С. Е., Директор

Астана қаласы Басжоспарының ҒЗЖИ-ы -

Досмағамбетов Б.Ф.- Директор

Орынбасарлары - Анарқұлов Н.Н., Тайталиев Б.Х., Дәулетов Б.Е., Чеканаев А.Ш

«Караганда ГИИЗ» АҚ Попов В.Н., Президент

«Казэкология» РҒӨжАО ЖШС - Рахметова З.Н., Бас директордың орынбасары

Firekon Ltd - Давыденко В.П., Жобалау және сараптама бойынша бас инженер-менеджер

Авторлық ұжым:

Ауғанбай С.Ы. (Тақырып жетекшісі), Хасенов Н.О., Чингисов А.Т., Тағыбек Ұ.Б., Шепель С.В., Батырбеков М., Құламбаева Р.Б., Жусанбаева Г.Т., Шаймағамбетова З.Т, Жұманов С.С., Отарбаев С.А., Бугрова И.В, Тян О.К., Ким А.Е., Хан А.М., Шаяхметова К.С., Махамбетов Г. А., Ермеков Н.М., Қонысбаев А.Б. (тақырып жетекшісінің орынбасары), Слюсарева В.И. (тақырып жетекшісінің орынбасары), Тәтіғұлов Ә.Ә., Данилов В.И., Шәріпов Р.Ж, Мұсақұлова Д.Т., Қоржымбаев Б.А,, Жақиянова М. С., Сәрсенова Г.Ш., Қалилаев М.О., Нұрғабылов А.Ш, Түсіпбеков Р.Т.

РАЗРАБОТЧИКИ:

Проектная академия «KAZGOR»-

Татыгулов А. Ш., Президент (научный руководитель работы). Ералиев т. Е., Гл. архитектор академии (заместитель руководителя работы). Махамбетов М. С., Вице-президент. Жаманкулов М. Ж., Вице-президент (заместитель руководителя работы). Шаймарданов С. К., Главный инженер академии

ГУ "Департамент архитектуры и градостроительства г. Астаны" Жунусов С. Е., Директор

НИПИ генерального плана города Астаны –

Досмагамбетов Б.Ф., Директор

Заместители- Анаркулов Н.Н., Тайталиев Б.Х., Даулетов Б.Е., Чеканаев А.Ш.

АО «Караганда ГИИЗ»- Попов В.Н., Президент

ТОО РНПИЦ «Казэкология» - Рахметова З.Н., Зам. генерального директора

Firekon Ltd - Давыденко В.П., Гл. инженер-менеджер по проектированию и þкспертизе

Авторский коллектив:

Ауганбай С.Ы. (Руководитель темы), Хасенов Н. О., Чингисов А. Т., Тагыбек У. Б., Шепель С.В., Батырбеков М., Куламбаева Р.Б., Жусанбаева Г.Т., Шаймагамбетова З.Т, Жуманов С. С., Утарбаев С. А., Бугрова И. В., Тян О. К., Ким А. Е., Хан А. М., Шаяхметова К.С., Махамбетова Г. А, Ермеков Н.М., Конусбаев А.Б. (заместитель руководителя темы), Слюсарева В.И. (заместитель руководителя темы), Татыгулов А. А., Данилов В.И., Бисарова М. А., Шарипов Р. Ж., Мусакулова Д. Т., Коржумбаев Б.А,, Жакиянова М С., Сарсенова Г. Ш., Калилаев М. У., Нургабылов А. Ш, Тусупбеков Р. Т.

Мазмұны

Алғы сөз I
1 Қолдану саласы 3
2 Нормативтік сілтемелер 3
3 Терминдер және анықтамалар 3
4 Астана қаласы аумағының негізгі қызметтік аймақтары және олардың жайғастырылуын ұйымдастыруға қойылатын талаптар 3
5 Қоғамдық аймақтар 4
5.0 Жалпы ережелер
5.1 Жалпықалалық орталық жүйесі аумағының қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыру… 4
5.2 Жергілікті қоғамдық орталықтардың және аймақтардың қызметтік-жайғастырылуын Ұйымдастыру 6
5.3 Қоғамдық аймақ учаскесінің қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыру 7
6 Тұрғын аймақтар 7
6.0 Жалпы ережелер 7
61 Тұрғын бірліктердің, аралас тұрғын құрылыс салу аумақтарының қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыру . 8
6.2 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс салу тобының аумағының қызметтік- жайғастырылуын Ұйымдастыру 15
6.3 Ықшамауданның аумағының қызметтік- жайғастырылуын ұйымдастыруё 16
6.4 Тұрғын аудан аумағының қызметтік- жайғастырылуын ұйымдастыру 16
6.5 Қаланың құрылыс салудағы тұрғын үйлерінің типтері..... 17
7 Өндірістік аймақтар 18
7.1 Жалпы ережелер..... 18
7.2 Өнеркәсіптік кластер 20
7.3 Ғылыми-өндірістік кластер..... 20
7.4 Коммуналды-қоймалық кластерлер..... 21
7.5 Өндірістік аймақтың қала құрылыстық жіктеуі 22
8 Тынысжайлық және қала маңы аймақтары 22
8.1 Қала және қала маңы аумақтарының тынысжайлық аймақтары..... 22
8.2 Қала маңындағы аймақтар 27
9 Қорғалатын аумақтар 28
9.1 Тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау, тарихи аймақтарды сақтау және дамыту 28
9.2 Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары 29
10 Қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау 30
10.1 Жалпы ережелер..... 30
10.2 Атмосфералық ауаны қорғау..... 30
10.3 Шудан қорғау. 31
10.4 Геологиялық ортаны қорғау..... 31
10.5 Топырақтарды қорғау..... 31
10.6 Аумақты өнеркәсіптік және тұрмыстық қоқыстардан тазарту 31
10.7 Су ресурстарын қорғау 32
10.8 Тұрғын аумақтарды ḥлектрмагнитті өрістердің әсерінен қорғау 33
10.9 Иондайтын сәулеленулерден тұрғын аумақтарды қорғау..... 33
10.10 Тұрғын аумақтарды дірілден және инфрадыбыстан сақтау..... 33
10.11 Инсоляция және жарықтандыру.. 34

10.12 Аумақты абаттандыру..... 34
11 Қоғамдық қызмет көрсету. 34
12 Аумақты инженерлік дайындау 40
12.1 Жалпы ережелер..... 40
12.2 Тұрғын аумақтар..... 41
12.3 Қоғамдық аудандар..... 42
12.4 Өндірістік аумақтар 42
12.5 Тынысжай аумақтары..... 42
12.6 Астана қаласының су хәуіздері 43
13 Көліктік инфрақұрылым..... 44
13.0 Жалпы ережелер..... 44
13.1 Көлік-жол торабы..... 44
13.2 Қалалық көпшілік жолаушылар көлігі. Жалпы ережелер 57
13.3 Жеке көлік 62
13.4 Сыртқы көлік..... 76
14 Инженерлік қамтамасыз ету..... 77
14.1 Сумен қамтамасыз ету……..77
14.2 Канализация……...79
14.3 Жаңбыр канализациясы……...82
14.4 Суды төмендету жүйесі……83
14.5 Жылумен қамтамасыз ету……....83
14.6 Суық сумен қамтамасыз ету……....85
14.7 Газбен қамтамасыз ету……85
14.8 Электрмен жабдықтау……..86
14.9 Байланыс, радиохабар, теледидар……..86
14.10 Инженерлік тораптарды орналастыру……88
14.11 Ғимаратарды қайта қалпына келтіру кезіндегі инженерлік жабдықтарға қойылатын қосымша талаптар……91
15 Өртке қарсы талаптар……..94
1-қосымша (міндетті) Нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттардың тізімі (Түзету)……....99
2-қосымша (міндетті) Терминдер мен анықтамалар……103
3-қосымша (міндетті) Тұрғын аумақтары……..106
4-қосымша (міндетті) Қызмет көрсету мекемелері және кәсіпорындары……..110
5-қосымша(ұсынылатын) Қозғалыстағы автомобильден шықпай қызмет көрсетуге арналған объектілер (Автокафе)……....115
6-қосымша (ұсынылатын). Жол қозғалысынан болатын шу……118
7-қосымша (ұсынылатын) Велосипедтік жолдардағы негізгі көрсеткіштер……119
8-қосымша (ұсынылатын)……120
9-қосымша (ақпараттық) Нормативтік-техникалық құжатты әзірлеуде пайдаланылған Материалдардың тізілімі……..125

ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ
АСТАНА ҚАЛАСЫН ЖАЙҒАСТЫРУ ЖӘНЕ САЛУ ПЛАНИРОВКА И ЗАСТРОЙКА ГОРОДА АСТАНЫ

Енгізілген күні - 2008.01.01

1 Қолдану саласы

1.1 Осы Астана қаласын жайғастыру және салу нормалары және ережелері (әрі қарай - нормалар және ережелер) салынған объектілердің пайдаланылуы кезінде оның сенімділігін, қауіпсіз-дігін және тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ететін жобалау және құрылыс өнімі арқылы адамның өмір сүруіне және қызмет етуіне жағымды және қауіпсіз ортаны жасауға бағытталған сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін қамтамасыз ету үшін жасалған.

1.2 Осы нормалар мен ережелер Астана қаласының жаңа салынған аумақтарын қаланың ресми шегінде аймақтандыруға, жайғастыруға және салуға және құрылысы салынған аумақтарын, сондай-ақ, қалақұрылысын ерекше реттеу аумағында орналасқан қала маңы аумақтарын қайта құрылымдауға қолданылады,

Қазақстан Республикасының стратегиялық аумақтық дамуы және тұрғындарын жаңа жерге орна-ластыру жүйесінде Астана қаласының тұрақты дамуына;

жердің өзгеше ландшафты және табиғат-климаттық ерекшеліктерін, тұрғындардың мәдениетті және тұрмыстық жайын ескеретін қала статусына, қаланың және ел тұрғындарының ұлттық сәулеттік ұғынуына сәйкес келетін бірегей кенттендірілген қала ортасын жасауға;

қала аумағының және табиғат аймағының ресурстық (жер, су, тынысжайлық) потенциалын орынды пайдалануына, табиғат кешендерін және көгалдандыру аймақтарын сақтауға;

әр түрлі қызмет аумақтарын пайдалану қарқын-дылығы бойынша, адам денсаулығын қорғау, жарылысөртті және санитарлық-ғпидемиялық қауіпсіз-дігі, қоршаған табиғат ортасын қорғау, тарихи және мәдениет ескерткіштерін, тіршілік әрекеттің әлеуметтік-кепілденген жағдайларын қорғау, көліктік және инже-нерлік инфрақұрылымдар жүйелерін ұйымдастыру бойынша нормативтік талаптарды және жағымды тіршілік ортаны жасау үшін басқа талаптарын қамтама-сыз ететін тиімді қала құрылыс аймақтандыруына, қала аумақтарын жоспарлау және құрылыс салуына;

қала құрылысын нормалау объектілерінің түр-лері мен параметрлерін, оның ішінде олар аумақтарының қала құрылыстық сыйымдылығын қамтамасыз етуіне;

Астана қаласының бас жоспарының дамуына сәйкес келетін іскерлік, коммерциялық, ғылыми, жаңашылдық, ағартушылық, тұрғын және басқа кластерлерінің ерекше қызығушылығын тартатын ғкономикалық және технологиялық жағынан дамыған бағыттардың қалыптасуына бағытталған жайғастыру және құрылыс салу объектілерінің түрлеріне және параметрлеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

1.3 Нормалар және ережелер уәкілетті өкілдік және жергілікті атқарушы органдардың және Бақылау органдарының, сондай-ақ құқықтық мәртебесі 1.2 т-да көрсетілген талаптарға сәйкес Астана қаласының аумағында қолданыстағы сервитут нысаны болып табылатын инженерлік инфрақұрылымдар торабын қоса-нда, құрылыс салу және/немесе қайта құрылым-дау объектілеріне меншік түріне қарамастан , сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектіле-рінің, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерінің олардың пайдалану және күту саласындағы меншік иелері мен пайдаланушыларының (жалға алушылар-дың, жалға берушілердің) қолдануына міндетті, сон дай-ақ қала құрылыс құжаттамасын әзірлеу кезінде және оның сараптамасын жүргізу кезінде ұсынылатын ережелер мен міндетті талаптарын белгілейді.

Е с к е р т у - Астана қаласы аумағында қала-құрылыстық жобаларды әзірлеу барысында арнайы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес азаматтық қорғаныс шараларын қарастыру керек.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы нормалар мен ережелер тізілімі 1-қо-сымшада келтірілген нормативтік құқықтық актіле-рге және нормативтік-техникалық құжаттамаларға сәйкес келеді **(Ред. ескертпесі - Түзету).**

2.2 Осы нормалар мен ережелерде ескерілетін нормативтік құқықтық актілер, нормативтік-техника-лық құжаттамалар және стандарттар әрбір сілтеме нормативтің белгіленген шегіндегі талаптар бөлігі ре-тінде қарастырылуы тиіс. Осы нормалар мен ереже-лердің және сілтемелік нормативтердің арасында айырмашылығы болған жағдайда, осы нормалар мен ережелердің қағидалары ұтымды болып саналады.

2.3 Осы нормалар мен ережелерде сілтеме берілетін нормативтік-техникалық құжаттар қолда-ныстағы санынан шығарылып тасталған кезде, шығарылғандардың орнына енгізілген мемлекеттік нормативтер талаптарын жетекшілікке алу керек.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы нормативтік-техникалық құжатта анық-тамалары «Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс» туралы Заңында, ҚР ҚНжЕ 1.01-32, ҚР ҚНжЕ 1.01-35 келтірілген терминдер пайдаланады, ал қабылданған қосымша терминдер және олардың анықтамалары 2-қосымшада келтірілген.

4 Астана қаласы аумағының негізгі қызметтік аймақтары және олардың жайғастырылуын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

4.1 Астана қаласының аумағы қызметтік мақ-саты бойынша келесі аймақтарға бөлінеді:

- қоғамдық (қоғамдық қызмет көрсету объек-тілер желілерімен);

тұрғын;
өндірістік;
тынысжай;
қорғалатын;
инженерлік және көліктік инфрақұрылым (көше-жол және инженерлік желілерімен);
қала маңы;
Астана қаласының қала құрылыс жобала-рында қарастырылатын басқа аймақтар.

4.2 Қаланың қызметтік аймақтары аумағының жайғастырылуын ұйымдастыру үшін келесі шаралар қарастырылады:
аумақтың инженерлік дайындығы;
қоршаған ортаны қорғау;
инженерлік қамтамасыз ету;
өртке қарсы талаптар және басқалары.

4.3 Қала аумағындағы қызметтік аймақтары-ның және жоспарлау мен құрылыс салу объектілері-нің орналасуы Астана қаласын дамытудың Бас жос-пары мен қала құрылысын аймақтандыру жобала-рында (сұлбаларында) және аймақтандырудың бас-қа да жобалық-жайғастыру сұлбаларында белгіле-неді. Қызметтік аймақтардағы объектілер шекара-лары қала құрылыс құжаттамасында белгіленеді.

4.4 Қала құрылыс жобаларын әзірлеу кезінде жоспарлау мен құрылыс салу объектілерін төмендегілерді сақтау ескеруімен жобалау керек:
- қызметтік аймақтарын пайдалану қарқынды-лығын және олардың әр түрлі аумақтар үшін деф-ференциациясы;
- аумақтардың немесе қызметтік-жайғасты-рушылық құрылуына сәйкес келетін әр түрлі қызметтік мақсаттағы қордың есептік қатынасы;
тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау, тарихи жайғастырылуын және құрылысын сақтау талаптары;
қоршаған ортаны және табиғат кешені (ТК) аумақтарын қорғау талаптары;
санитарлық-гигиеналық нормалар, өрт қауіпсіздігі талаптары және Астана қаласына арналған басқа арнайы талаптар.

4.5 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың типтік жобаларын мынадай орындарда пайдала-нуына жол берілмейді:
тарихи-мәдени қызметтегі, табиғат кешеніндегі аумақтар, қорғалатын аумақтар шекара-лары;
жалпықалалық орталық жүйесінің, қаланың көпқызметтік орталықтарының, қала құрылыс түйіндерінің, магистраль маңайындағы қоғамдық аймақтардың, көпқызметтік аймақтардың, маман-дандырылған қоғамдық аймақтардың аумақтары.

4.6 Қазіргі бар құрылыс аудандарының қайта-құрылымдануы арнайы қалалық бағдарлама бойынша өткізілуі тиіс.

Қайтақұрылымдау кезінде дамудың сабақ-тастығын және қала ортасының әр алуандылығын қамтамасыз ету мақсатында қайта құрылымдала-тын ортаның жағымды сапасын - көшелерге қатысты ғимараттардың орналасуын, ашық және құрылыс салынған кеңістіктерінің масштабты қатынасын, көгалдандыру, абаттандыруын - сақтау (қайта құру) керек.

4.7 Ауданы 5,0 га-дан асатын аумақтың құрылысын күнделікті пайдалану объектілерінің құрылысын ескеріп, кешенді қарастыру керек.

с к е р т у - Қала құрылыс жобаларын әзірлеу кезінде азаматтық қорғаныс және аумақтарды қауіпті

табиғи және техногендік процестерден қорғау шараларын қарастыру керек.

5 Қоғамдық аймақтар

5.0 Жалпы ережелер

5.0.1 Қоғамдық аймақтар мемлекеттік орган-дардың объектілерін, елшіліктер мен өкілдіктерді, іскерлік және қаржылық орталықтарды, ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарын, мәдениет, білім беру (жоғарғы және орта кәсіптік оқу орындары, жалпы білім беру, мектептен тыс және кәсіптік оқу орындары, сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелер), сауда қызметі, қызмет көрсету, туризм, спорт, демалыс, денсаулық сақтау объектілерін, әлеумет-тік қызмет көрсету, діни ұйымдар объектілерін және т.б. объектілерді орналастыруға арналған.

5.0.2 Қоғамдық аймақтарды ұйымдастыруға қажетті келесі негізгі қала құрылыстық талаптарды қарастыру керек:
көпшілік жолаушылар көлігі аялдамаларына дейінгі жүргіншілер жолының арақашықтығын 200-400 м шегінде қабылдау керек;
автомобильдердің тұрақ орындарымен қам-тамасыз етілу жақындығы 200 м-ден алыс емес;
тығыздық көрсеткіші 0,3 адам/м^2-ден артық болмайтын жүргіншілер аймағы шегіндегі жүргін-шілер қозғалысының қауіпсіздігі;
мүгедектер және халықтың басқа аз әрекетті топтарының кедергісіз жылжу мүмкіндігі;
þкологиялық және өрт қауіпсіздігі (шудың санитарлық-гигиеналық деңгейлері, атмосфералық ауаның, топырақтың ластануы, радиоактивті лас-тану, адамдарды құтқаруда жәрдем көрсету және өрт сөндіру мақсатында өрт сөндіру бөлімдерінің уақытылы жетуі және т. б.).

5.0.3 Құрамына тұрғын және өзге қызметтік аймақтарда (аумақтарда) орналастырылатын қо-ғамдық аймақтар ретінде жергілікті орталықтардың құрамына кіретін жалпықалалық орталық, қалалық қалақұрылысы түйіндерінің орталықтары, магис-траль маңы аумақтарының қоғамдық аймақтары, кәсіптік орталықтар (медицина, білім беру, спорт және т.б. орталықтарды қала маңы аймақтарында орналастыруға болады) кіретін қоғамдық аймақтар қоғамдық орталықтардың жүйесін қалыптастыруы керек.

Е с к е р т у - Қоғамдық аймақтардағы объекті-лердің саны, құрамы және орналасуы бекітілген қала құрылыс құжаттарына сәйкес қабылданады.

5.1 Жалпықалалық орталық жүйесі аумағының қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыру

5.1.1 **Жалпықалалық орталық (қала орталығы)** - әкімшілік, мәдени, іскерлік және басқа да қоғамдық қызметтері шоғырланатын, сондай-ақ қаланың бас алаңдарының көшелері мен желек жолдарының жүйесін құрайтын ерекше маңызы бар сәулет ансамбльдері және ғимараттары орналасқан тарихи қалыптасқан қаланың аса маңызды бөлігі.

Астананың жалпықалалық орталығы - қоғам-дық орталықтар жүйесінің басты þлементі жай-ғастыру аудандарының үш аумағында - Орталықта, Оңтүстік-шығыста және Сарыарқа, Манас, Сығанақ, Сарайшық көшелерінің шекарасының Оңтүстігінде орналасқан. Қазіргі кезде оның болашақта
жалпықалалық орталық өзегін жасайтын соңғы қалыптастыруы жүргізіліп жатыр.

Жалпықалалық орталық мемлекеттік, об-лыстық және жергілікті қызметтегі орталық мемле-кеттік атқарушы органдармен, әр түрлі шет ел мем-лекеттерінің елшіліктерімен және өкілдіктерімен, мемлекетаралық қоғамдық ұйымдармен, іскерлік және қаржы орталықтарымен, мемлекетаралық жә-не ұлттық компаниялардың кеңселерімен, іскерлік және сауда орталықтарымен, көпқызметтік концерт-ойын-сауық залдарымен және діни ғимараттармен және т.б. объектілермен көрініс тапқан.

Жалпықалалық орталықты қызметтік-жайғас-тыруды ұйымдастыру және салу келесі талаптарды сақтаған кезде қалыптасады:

қала тұрғындары үшін аумақтың 60 %-ынан кем емес өткізгіштігі, ашықтығы;

квартал өлшемдерін қала құрылыс жоба-лары белгілейді;

тұрғын қор үлесінің орналасуы құрылыстың жалпы қорының 25 %-ынан кем емесін құрауы керек.

Осы ауданның аумағын және құрылыс салу учаскелерін пайдалану қарқындылығы мен сипаты келесі жағдайлардың сақталуын қарастырады:

құрылыстың тығыздығы және аумақтағы құрылыстың салынуы жобалау талаптарына сәйкес;

қоғамдық мақсаттағы құрылыс үлесі 75 %-дан кем емесін құрауы керек;

жалпықалалық орталықтың көп келетін объектілерінің құрылыс салу үлесі қоғамдық мақсаттағы құрылыстың қабат сайынғы жиынтық ауданының 25 %-ынан кем емесін құрау керек;

жеке көлік құралдарының қол жетерлігін шектеу;

қоғамдық көлікке қол жеткізудің жоғарылатылған деңгейі;

транзиттік қозғалыстың алып тасталуы, егер ол мүмкін болмаса, жалпықалалық орталық арқылы оқшауланған көлік жолдарының ұйымдастырылуы.

5.1.2 **Қалалық қала құрылысы түйіні** - жалпықалалық мақсаттағы магистраль көшелердің қиылысында қалыптасқан және көшеден тыс жыл-дам көлік станцияларына шығу жолдары бар, қаланың көпқызметтік орталығын қалыптастыра-тын, жалпықоғамдық мақсаттағы сәулеттік-қала құрылыстық құрылым.

Қалалық қала құрылысы түйінінің шекарасы магистральдар қиылысына жанасатын учаскелердің сыртқы жиынтық шекарасы немесе көпқызметтік орталық кварталының шекарасы болып табылады.

Қалалық қала құрылысы түйінін пайдалану қарқыны мен сипаты келесі шарттарды қада-ғалауды қарастырады:

құрылыс салу тығыздығы - 30 мың $м^2$-ге дейін болуы тиіс;

аумақтың құрылыспен толтырылуы - 50%-дан артық емес болуы тиіс;

құрылыстың жер үсті бөлігінің қабат сайын-ғы жиынтық ауданы 100 мың. $м^2$-ден кем емес болуы тиіс;

жер асты кеңістігіндегі құрылыс салудың қабат сайынғы жиынтық ауданы жер үсті құрылы-сының қабат сайынғы жиынтық ауданының 1/3-тен кем емесін құрауы тиіс;

қоғамдық мақсаттағы құрылыс үлесіі түйіндегі барлық құрылыстың қабат сайынғы жиынтық ауданының 60 %-дан кем емесін құрауы тиіс;

- олардың ішінен халық көп келетін объекті-лердің құрылыс үлесі қоғамдық мақсаттағы құры-лыстың 25 %-ынан кем емесін құрауы тиіс;

- бір-бірінен едәуір алыстатылған объектілер-дің арасындағы өту жолының ұзақтығы 400 м-ден аспауы тиіс;

- орталықтың кез келген нүктесінен автомобильдерді сақтайтын жақын орналасқан уақытша алаңшаға дейінгі өту жолының ұзындығы 400 м-ден аспауы тиіс;

орталықтың кез келген нүктесінен қоғамдық дәретханаға дейін өту жолының ұзындығы - 150 м-ден артық емес;

негізгі жаяу жүру деңгейіндегі қоғамдық объектілерге кіру орны 20 метрден сирек емес аралықта орналасуы керек;

жаяу жүру аймағының (құрылыс салу объектілерінен тыс) аумағында бір уақытта орналасқан жүргіншілер ағынының тығыздығы мына есеппен белгіленеді: күн бойы 0,2 адам/$м^2$-ге дейін және «қарбалас» сағатында 0,3 адам/$м^2$-ден артық емес болуы тиіс;

көпқызметтік орталықтың қоғамдық кеңістігі, орталық объектілерінің өзара байланысын, кешен-нің барлық деңгейлеріндегі өту жол коммуникация-ларының үздіксіздігін, көлік аялдамаларына және көгалдандыру тынысжай алаңшаларына жету қо-лайлығын қамтамасыз ететін, бірыңғай өту жолы-ның аймағы негізінде қалыптасуы тиіс;

жаяу жүру аймағына жанасатын қабаттарда тұрғын бөлмелердің орналасуына жол берілмейді;

көпқызметтік орталықтың қалалық белсен-ділігінің күні бойғы біртектілігін оның құрамына келу-шілер немесе іскерлер ағындарын келтірудің ара-лас режімді объектілерін орналастырып жасау керек.

5.1.3 **Магистраль маңы аумағы** - қаланың орталық ауданын қалалық түйіндермен немесе магистраль маңы объектілерінің учаскелер еніне, бі-рақ қызыл сызықтан 50 м-ден аспайтын еніне сәй-кес келетін тереңдігінде қалалық түйіндерді бір-бірі-мен қосатын бөліктеріндегі жалпықалалық мақсат-тағы магистраль көшелеріне жанасатын аумақ.

Магистраль маңайындағы аумақтың шекара-сы магистральдарға жанасатын ғимараттар учаске-лерінің жиынтық (магистральдан тыс) шекарасы болып табылады.

Магистраль маңайындағы аумақтарды пайда-лану қарқындылығы мен сипаты келесі шарттарды сақтап қарастырылуы керек:

құрылыс салу тығыздығы құрылыспен толтырылуы 30 %-дан кем емес кезінде 20 мың.$м^2$ (645 адам.)/га кем емес;

қоғамдық қордың үлесі құрылыстың жалпы қорының жартысынан кем емес;

олардың ішінде халық көп келетін объектілердің үлесі 15 %-дан кем емес;

құрылыс салудың жалпы қорындағы тұрғын ғимараттар пәтерлерінің жалпы ауданының үлесі 30 %-дан кем емес;

жаяу жүру аймағының (құрылыс салу объектілерінен тыс) аумағында бір уақытта тоғысқан жүргіншілер ағынының есептік тығыздығы күн бойы 0,1 адам/$м^2$ кем емес, бірақ «қарбалас» сағатта 0,3 адам/$м^2$-ден аспауы тиіс;

көше шебінің құрылысында ғимараттар арасындағы аралықтардың жиынтық ұзақтығы - 25%-дан аспауы тиіс, сызықтық және нүктелік құрылыс салу кезінде ғимараттар арасындағы интервалдар шектелмейді;

көше шебіне шығатын қоғамдық және тұрғын ғимараттары мен имараттарының бірінші қабат-тарын келушілер үшін ашық режімді объектілермен толтыру керек; 1-қабаттарда тұрғын бөлмелердің орналасуына жол берілмейді;

магистраль маңы аумағында ауданы 0,5 га-дан артық өндірістік аумақтар учаскелерін орналас-тыруға жол берілмейді;

көпшілік жолаушылар көлігінің әртүрлі жүйелерінің аялдамалары арасындағы аралықтар 250 м-ден аспауы тиіс;

автомобиль көлігінің қызмет көрсетуіне арналған магистраль маңында орналасатын объектілерге жету жолы бүйірлі және параллель көшелерден, негізгі жүргіншілер жолын кеспей ұйымдастырылуы тиіс;

тұруы ұзақ (15 минуттан артық) объектілер маңындағы тұрақтар жүргіншілер қозғалысы деңгейінен тыс және объектіден алыстығы 100 метрден аспайтындай орналасуы тиіс;

тұруы қысқа (15 мин. кем) объектілер маңындағы тұрақтар жүргіншілер қозғалысы деңгейінен тыс және объектіден алыстығы 50 метр-ден аспайтындай орналасуы тиіс;

магистраль маңы аумағының қоғамдық кеңістігі магистральдың жаяу жүру бөлігімен (жаяу-жолмен), құрылыс салу сызығынан алыстатылған ғимарат алдындағы алаңдармен, құрылыс салу сызығына жанасатын және ғимарат қабаттарының жаяу жүру деңгейімен қабысатын гүл бақтарынан қалыптасады;

демалу үшін көшелік жиһазбен жабдықтал-ған, көлемі 0,1 га дейінгі гүлбақтар мен көгал-дандырылған учаскелер 350 метрден алыс емес аралықта орналастырылуы тиіс;

көгалдандырылған учаскелерде ағаштар мен бұталардың ұшар бастарының проекциясы аумақтың 40 %-ынан кем емесін құрау керек;

қызыл сызықтардағы ені 60 метрден аспайтын магитсграль маңы аумақтарының көше-лерін, магистраль көшенің шеттерін қосатын, же-расты деңгейінде сауда, қызмет көрсету объектілері бар қоғамдық кеңістіктерді құрастырып, бірыңғай қоғамдық аймақ ретінде ұйымдастыру ұсынылады;

ені 12 м-ден кем емес және жүргіншілер ағынының тығыздығы 1,5 адам/м^2-ден аспайтын қызмет көрсету объектілеріне жанасатын жаяу-жолдар бөліктерінде маусымдық қызмет көрсету және қосымша сауда алаңдарын орналастыруға жол беріледі, сонда жүргіншілер қозғалысы үшін жаяужол енінің 0,5 кем емесі қалуы тиіс, орта-лықтың кез келген нүктесінен қоғамдық дәретханаға дейінгі өту жолының ұзындығы - 200 м-ден артық болмауы тиіс.

5.1.4 **Көпқызметтік-саябақ аймағы** - 10 га-дан артық, жалпықалалық және аудандық мақсатта-ғы магистраль көшелермен, магистраль маңы ау-мақтарымен шектелген аумақ; аумақ өлшемі қо-ғамдық құрылыстың, аралас қоғамдық құрылыстың және гүл бақтары, желекжолдар, бақтар, сая-бақтардың көгалдандырылған аумақтарының 5 га-дан артық емес кварталдарынан қалыптасады.

Көпқызметтік-саябақ аймағындағы қоғамдық құрылыс және табиғат кешендерінің (ТК) көгал-дандырылған аумақтары үчаскелерінің үлесі тиісінше 30 % және 40 %-дан кем емес шаманы құрауы керек.

Көпқызметтік аймақ аумағында квартал-дардың құрылыс тығыздығын 10 мың. м^2/га-дан кем емес етіп алу керек.

Тұру ұзақтығы 15 минуттан артық қоғамдық объектілердің маңындағы тұрақтарды жерасты деңгейінде, объектіден 150 метрден аспайтын қашықтықта орналастыру керек.

Қала ортасының көрікті объектілерін және учаскелерін біріктіретін жүргіншілер аймақтары мен көшелерді ұйымдастыру керек.

Жүргіншілер өткелінің ұзындығы көпқызметтік аймақтың кез келген нүктесінен көпшілік жолаушылар көлігінің ең жақын орналасқан аял-дамасына дейін 400 м-ден, қоғамдық дәретханаға дейін - 200 м-ден аспауы тиіс.

5.1.5 **Арнаулы қоғамдық аймақ** - қоғамдық мақсаттағы (оқу, іскерлік, спорттық, мәдени, ақпа-раттық, ойын-сауық және/немесе аймақтың бағы-тына байланысты басқа объектілер) құрылыстан кварталдан немесе квартал топтарынан қалып-тасатын, ауданы 25 га-дан артық, қоғамдық аймақ құрылысының қабат сайынғы жиынтық ауданының

%-нан кем емесі бар аумақ. Бұл аймақ жалпы-қоғамдық және аудандық мақсаттағы магистраль көшелермен шектеледі.

Арнаулы қоғамдық аймақтың орналасуы Астана қаласы дамуының Бас жоспарында белгіле-неді. Аймақ аумағының ауданы, оны пайдалану қар-қындылығы, объектілердің жиынтық сыйымдылығы, құрылыс салынған және құрылыс салынбаған аумақтардың арақатынасы, сәулеттік-кеңістік ұйым-дастыру қалалық жайғастыру (әкімшілік) аудан-дарын дамытудың қала құрылысы жоспарларында, жайғастыру жобаларында және құрылыс салу жобаларында белгіленеді.

5.2 Жергілікті қоғамдық орталықтар аумақтарының қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыру

5.2.1 **Жергілікті қоғамдық орталық** - ау-данның негізгі аудандары жататын қала ауданының орталығы, ауданы 10 га-ға дейінгі аумақта қоғамдық құрылыс объектілерімен, аралас тұрғын құрылыс учаскелерімен, жаяу жүру аймағымен біріктірілген табиғат-тынысжайлық учаскелермен (шағынгүлбақ, бақ, жолжелек және т.б.) қалыптасады.

Құрылыс учаскелерінің аумағын пайдалану қарқындылығы аумақтың құрылыспен толтырылуы %-дан аспайтын жағдайда 15 мың. м^2/га-дан кем болмауы тиіс.

Жергілікті орталықтың құрамындағы көгал-дандырылған аумақтардың үлесі орталық аумағы-ның 20 %-дан кем емесін құрауы тиіс.

Автомобильдерді қоюға арналған тұрақтар жерүсті немесе жерасты деңгейде, орталық аумағы-ның кез келген нүктесінен 100 метрден, қоғамдық дә-ретханалар - 200 метрден алыс емес орналасуы тиіс.

5.2.2 **Магистраларалық қоғамдық аймақ** - қоғамдық, өндірістік, аралас тұрғын және тұрғын құ-рылыс учаскелерінен, көгалдандарылған аумақтар-дан қалыптасатын квартал немесе кварталдар то-бының ауданы 5-тен 20 га-ға дейінгі аумағы, ауданы

га-дан артық магистраларалық аумақтарда орналасады. Қоғамдық, өндірістік және тынысжай-лық мақсаттағы учаскелердің үлесі жиынтығында аймақ аумағының 80 %-ынан кем емесін құрауы керек, сонда қоғамдық құрылыс учаскелерінің үлесі - 25 %-дан кем емес және тұрғын құрылысының

%-ына дейінгі шаманы құрау керек.

Құрылыспен толтырылған магистраларалық аумақтарды пайдалану қарқындылығы құрылыстық аймақтандыру сұлбасы бойынша белгіленеді.

Қою ұзақтығы 15 минуттан артық объект маңы автотұрақтарын 13-тарауда берілгендерді ескеріп есептеу керек және қоғамдық объектілер учаске-лерінің аумағында, қосарлы, қосарлы-жапсарлас салынған, жер асты автотұрақтары түрінде, соның ішінде кооперативті жолмен құрастыру керек.

5.3 Қоғамдық аймақ учаскесінің қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыру

5.3.1 **Қоғамдық аймақ учаскесі** - жалпы қордағы қоғамдық құрылыстың 60%-ынан кем емес үлесі бар, ауданы 5 га-ға дейінгі аумақ, тұрғын, өндірістік, табиғат-тынысжайлық, қоғамдық аймақ-тарда, аралас пайдалану аймақтарында орналаса-ды. Қоғамдық құрылыс учаскесі қоғамдық мақсаттағы құрылыс салу ауданынан, объектімен байланысты жүргіншілер ағындарын бөлетін объект маңы алаңшаларынан, автотұрақтардан, сондай-ақ көгалдандырылған және шаруашылық алаңшала-рынан тұрады. Жайғастыру және құрылыс салу сипаты, қоғамдық құрылыс салу учаскелерін пай-далану қарқындылығы қоғамдық объектінің көрінісі-мен белгіленеді және тараудың параметрлері мен ережелерімен анықталады.

Аумақты ұйымдастыру талаптарына және учаскені пайдалану қарқындылығына қарай қоғам-дық объектілерді келесі түрлерге бөлу ұсынылады:

учаскені аралас пайдалануға, объект маңы алаңшаларының жинақы орналасуына және объект ішінде (ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ), ортақ режимде жұмыс істейтін жобалау-құрылыс ұйым-дары, әкімшілік және басқару объектілері, сауда, қызмет көрсету объектілері, мәдениет объектілері және т. б.) көгалдандыруға жол берілетін объек-тілер;

учаскені аралас пайдалануға жол бермейтін және жалпы ауданның 1 м^2-іне (көпшілік және кәсіби спорт объектілері, мектептер, балабақшалар, үй-ин-тернаттар, мүгедектер мен қарттарға арналған ин-тернаттар, стационарлық түрдегі емдеу мекеме-лері) 0,5 м^2 кем емес құрылыспен толтырылмаған аумақтарды (оның ішінде, көгалдандырылған) талап ететін объектілер.

Қоғамдық объектілер учаскелерін құрылыс-тық аймақтандырумен анықталатын қала айма-ғында құрылыс салу тығыздығын сақтап орналас-тыру керек, сонда аумақтың аралас пайдалануға жол беретін объектілер аумақтарын пайдалану қарқындылығын осы құрылымдық бөлігінде басқа аумақтарды пайдалану қарқындылығынан жоғары белгілеу керек.

Қоғамдық объектілерді, 5.01-кестесіне және 13-тарауға сәйкес магистральдан алыстығын еске-ріп, 0,3 адам./м^2 аспайтын жүргіншілер ағындары-ның біртекті

тығыздығын қамтамасыз ететіндей, жүргіншілер трассаларына қатысты орналастыру керек.

Балаларға, қарттарға, стационарлық типтегі емдеу мекемелеріне, мектептерге, мектепке дейінгі балалар мекемелеріне, көпшілік және кәсіптік спорт объектілеріне арналған учаскелерді магистралара-лық аумақтарда атмосфералық ауаға және жол берілетін шу деңгейінің талаптарын, осы объектілер үшін нормаланатын инсоляция және табиғи жарық-тандыру шарттарын орындау кезінде орналастыру керек.

5.1 к е с т е - Қалалық магистральдарға қа-тысты қоғамдық объектілердің орналастырылуы

Келушілер санына байланысты қоғамдық объектілердің түрлері	Магистральдарға қатысты қоғамдық объектілердің орналасуы
Бір күн ішінде 10-нан 50 мың адамға дейін біртекті жүктемелермен (ауданы 4-тен 20 мың.м^2 дейін сауда және қызмет көрсету объектілері)	Магистральдардан 50 м-ден артық емес қашықтықта орналастыру керек.
20 мың адам/ «қарбалас» сағ. артық «қарабалас» жүктемелермен (ауданы 30 мың м^2 артық спорттық, әкімшілік және басқару объектілері, ауданы 100 мың м^2 ғылыми-зерттеу және жобалау-құрылыстық ұйымдар)	Магистральдан 50 м-ден кем емес және 200 м-ден алыс емес қашықтықта орналастыру керек.
5-тен 20 мың адам/ «қарбалас» сағ. дейін артық «қарбалас» жүктемелермен (ауданы 40-тан 100 мың м^2 дейін мәдени, спорт объектілері, жоғары оқу орындары, әкімшілік және басқару объектілері ауданы 10-нан 40 мың м^2 дейін діни мақсатындағы объектілер)	Магистральдан 200 м-ден алыс емес қашықтықта орналастыру керек.

6 Тұрғын аймақтар

6.0 Жалпы ережелер

6.0.1 Астана қаласының тұрғын аймақтары, қазіргі заманға сай әлеуметтік, гигиеналық және қала құрылыс талаптарына жауап беретін, тұрғын ортасын ұйымдастыруға арналған, келесі қала құрылыс нормалау объектілерімен қалыптасады:

тұрғын бірлігі, аралас тұрғын бірлігі;
тұрғын топ, аралас тұрғын топ (квартал);
тұрғын ықшамаудан (кварталдар);
тұрғын аудан.

6.0.2 Нормалау объектісінің көрінісі және оның шекаралары Астана қаласының әкімшілік, жайғастыру және тұрғын аудандарының қалақұры-лыстық дамуы жоспарының құрамында белгіленеді. Қала құрылыстық сипаттамалар 6.1-кестесіне сәй-кес қала аумағында орналасу жерімен анықталады. Жобалық халық құрылыс салынатын (қата құры-лымданатын) аумақта орналасатын тұрған үйлер класына қарай, жобалауға берілген қала құрылыс-тық тапсырмада анықталады. Есептік көрсеткішті, құрылысты бір адамға жалпы ауданнан I-класс тұрғын үйлермен 30 м^2 артық, II -класс тұрғын үй-лермен - 21 м^2-тан 30 м^2 дейін, III-класс тұрғын үйлермен - 15 м^2-тан 20 м^2 дейін толтыру кезінде қабылдау керек.

Тұрғын аймақтарды жайғастыру және салу мүгедектер мен халықтың аз әрекетті топтарының қажеттілігін ескеріп МҚН 3.02-05, ҚР ҚБҚ 3.01-051 талаптарына сәйкес жүргізілуі керек.

6.0.3 Тұрғын аумақтарды жайғастыру және салуды әзірлеу кезінде келесілер мөлшерленеді:

- тұратын ортаның жағдайлары нормалана-тын санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптар бойынша 10,15-тарауларына сәйкес;

- тұрғын аймақтардың қала құрылыстық си-паттамалары 6.1-кестесіне сәйкес;

топтың, ықшамауданның, тұрғын ауданның аумағындағы тұрғын құрылыстың тығыздығы 6.1-кестесіне сәйкес;

жерасты кеңістікті пайыздық пайдалану 6.1-кестесі бойынша;

тұрғын және аралас құрылыстың орташа қа-баттылығы 6.2-кестеде келтірілген;

топта, ықшамауданда, тұрғын ауданда ортақ қолданыстағы аумақтармен қамтамасыздығы 6.3-кестесі бойынша;

тұрғын құрылыстың әр түрлі тығыздығы кезінде қызмет көрсету объектілері аумақтарымен қамтамасыздығы 6.4-кестесі бойынша;

тұрғын топта, ықшамауданда, тұрғын аудан-да көгалдандырылған аумақтармен минималды үлесті қамтамасыздығы 6.5-кестесі бойынша;

жақындатылған, күнделікті және мерзімдік қызмет көрсету объектілерінің қол жетерлігі тиісінше 300, 500 және 1200 м-ден артық емес;

жерүсті көпшілік көлігінің аялдама бекет-теріне дейінгі жүргіншілер өткелдерінің ұзындығы - 400 м-ден артық емес;

жерүсті көпшілік көлігінің аялдама бекеттері-нен сауда орталықтарына, әмбебап дүкендерге және емханаларға дейін жүргіншілер өткелдерінің ұзындығы

200 м-ден артық емес, қызмет көрсетудің басқа объектілеріне дейін - 400 м-ден артық емес;

автомобильдерді автотұрақтарда сақтау орындарымен қамтамасыздығы 6.4-кестесі бойын-ша оларды қолжетерлік аймақта орналастырып, сақталатын құрылыс кварталдарының тұрғындары үшін - 800 м-ден артық емес, жеке құрылыс аумақ-тары үшін (аз қабатты құрылыс) - 200 м-ден артық емес, басқа тұрғын аймақтары үшін - 500 м-ден артық емес;

автотұрақтарды орналастыру шарттары 13.25 және 13.28 кестелері бойынша;

ортақ пайдаланатын көгалдандырылған аумақтардың (гүл бағы, жолжелек, бақ) жаяу жүру қол жетерлігі - 400 м-ден артық емес.

6.1 Тұрғын бірліктің, аралас тұрғын бірліктің қызметтік- жайғастырылуын ұйымдастыру

6.1.1 **Тұрғын бірлік, аралас тұрғын бірлік** - ереже бойынша, ауданы 2 га дейін, тұрғын үйді және қажетті кезде үй айналасы аумағында жайғастыру ѣлементтері бар төменгі деңгейлерде қызмет көрсету объектілерін (үйге жақындау мен кіру жолдары, қонақжай автотұрақтары, ойын мен демалыс алаңшалары және т. б.) орналастыруға арналған аумақ. Тұрғын бірлік аумағының шекара-лары жер пайдалану шекаралары болып табылады.

6.1.2* Тұрғын үй, аралас тұрғын үй бірлігінің учаскесі ғимараттар құрылысы алаңынан және үй маңындағы аумақтан тұрады. Үй жанындағы аумақ мынадай міндетті ѣлементтерді қамтиды: үйге кіреберістер мен кіреберістер, қонақ автотұрақтар (жерасты болуы мүмкін), ойын және демалыс алаңдары бар жасыл желектер аумақтары (қонақ автотұрақтар және студенттік жатақханаларға арналған жасыл желектер аумақтары бойынша талаптар жобалауға арналған тапсырмамен анықта-лады). Учаске аумағы балансының нысаны 3-қосымшаның П3.1.1-кестесінде келтірілген. 3-қосым-шаның 3.1.2-кестесінде тұрғын үй бірлігі объектілерін аумақтармен қамтамасыз етудің үлестік нормалары келтіріледі.

(Өзг. - ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.04.2019 жылғы №46-НҚ бұйрығы)

6.1.3 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс учаскесінің өлшемі қала аумағына сәйкес келетін пайдалану қарқындылығының диапазондарында, 6.1-кестеге сәйкес қабылданады.

Үй маңы аумағында үйлерге кіру жолдарын 15-тарауының өртке қарсы талаптары бойынша есеп-телгеннен кем емес өлшеммен қабылдау керек.

6.1.4 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс салу учаскесінің аумағында бөлек тұрған тұрғын емес объектілерді, сондай-ақ ҚР ҚНжЕ 3.02-43, МҚН 2.04-03, тұрғын бөлмелердегі, қоғамдық имараттар-дағы және тұрғын құрылыс салу аумағында шу мен инфрадыбыс деңгейлерінің гигиеналық норма-тивтердің талаптарына сәйкес тұрғын құрылыста орналастыруына жол берілмейтін қосарлы-жапсарлас салынған тұрғын емес объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

Тұрғын құрылыс учаскесінің аумағындағы қордың жалпы көлемі ішіндегі тұрғын емес қордың үлесі 20 %-дан, аралас тұрғын құрылыс салу учас-кесінде 60 %-дан аспауы тиіс, сонда өндірістік құры-лыс салу қоры 10 %-дан аспауы тиіс.

6.1.5 Тұрғын емес объектілер тұрғын үйлердің төменгі қабаттарында орналасқан жағдайларда олар тұрғын бөлмелерден өртке қарсы, дыбысоқшаулағыш аражабындар мен арақабырғалармен бөлінуі тиіс, оларда желдетуге арналған өзіндік шахталары, келушілерге арналған тұрғын аймағынан жекеленген кірістер, автомобильдерді қоюға арналған кіріс жолдары мен алаңшалары болуы тиіс.

6.1.6 Тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында, бөлмелер ауданы мен кубатурасының жарықтан-дырылуының, инсоляциясының, акустикалық жай-лылығының нормативтік көрсеткіштерін, негізгі бөлмелердің 3 м-ден кем емес таза биіктігін, жекешелендірілген желдету жүйесін, жеке кіру жолдары мен серуендеу алаңшаларының ұйым-дастырылуын қамтамасыз еткен жағдайда бала-лардың қысқа мерзімдік топтарының және ұзар-тылған күн топтарының орналасуына рұқсат етіледі.

6.1.7 Тұрғын көшелер құрылысы желісін үй маңы аумағына кіру және жақындау жолдарын салуға болмайтын, қызмет көрсететін қосарлы-жапсарлас салынған объектілері бар ғимарат-тармен қалыптасыру керек.

6.1.8 Учаскелер аумағын пайдаланудың нор-мативті қарқындылығы 20 мың.м^2/га-дан асатын қала аумақтарында құрылыс көлемінде тиісті құрылымдар, қоршаулар, гидрооқшаулағыштар, дыбысоқшаулағыш аражабындар мен арақабырғалар, желдетуге арнал-ған жекелеген шахталар және шығатын қосымша жолдары бар тұрғын аумақ þлементтерін (балалар ойындары мен ересектердің демалуына арналған бөлмелер, спорт залдары, көгалдандырылған кеңіс-тіктер) құрастыруға жол беріледі.

6.1.9 Балалардың ойнауына және ересектер-дің демалуына арналған алаңшалары бар көгал-дандырылған үйалды аумақтарының минималды жобалау нормасын 6.4 және 6.5 кестелері бойынша қабылдау керек, ал ойындар мен демалуға ар-налған алаңшаларды 0,5-0,7 м^2/адам нормасы бо-йынша жобалау керек.

6.1 к е с т е - Тұрғын аумақтардың қала құрылыстық сипаттамалары

Қала аумақтары / Тұрғын аумақтары	Қаланың орталық ядросы	Қала түйіндері	Магистраль маңайындағы аумақтар	Магистраларалық аумақтар		
				100 га дейін	100-ден 500 га дейін	500 га артық
1 Нормалау объектілерінің басым түрлері	Қоғамдық аймақтың құрамындағы тұрғын, аралас тұрғын құрылыс салудың учаскелері мен топтары	Көпқызметтік орталықтың құрамындағы тұрғын бөлігінің көлемі	Қоғамдық аймағы құрамындағы аралас тұрғын құрылыс салу учаскелері мен топтары	Аралас тұрғын құрылыс салу учаскелері мен топтары, Ықшам аудан	Тұрғын құрылыс салу тобы, Ықшам аудан, Тұрғын аудан	Тұрғын аудан
2 Тұрғын мақсаттағы аумақтардағы кварталдың нормативтік өлшемі (га)	2-10	-	-	2,5-5	5-10	10-15
3 Қала аумақтарындағы және нормалау объектілеріндегі тұрғын учаскелерін салу тығыздығы, мың $м^2$/га	Жобалау тапсырмаларына сәйкес	2, 3-қосымша	20-дан 30-ға дейін	20-дан 30-ға дейін	10-нан 20-ға дейін	5-тен 10-ға дейін
4 Жерасты кеңістігін пайдалану (тұрғын ғимараттрдың жерүсті бөлігінің құрылыс салудың сомалық қабат сайынғы ауданынан %)	Жобалау тапсырмаларына сәйкес					

Ескертулер

1 Табиғат кешенін қорғау және тарихи-мәдени мұраны сақтау талаптары болған жағдайда тұрғын аймақтарды пайдалану қарқындылығын өзгертуге, нормативтік көрсеткіштердің ауытқуына арнайы негіздеме бойынша жол беріледі.

2 Қалалық түйіндердің тұрғын құрылысы қоғамдық көпқызметтік орталықтар құрылысының құрамындағы тұрғын қоры түрінде берілген; тұрғын құрылыстың үлесі қала құрылыстық түйіннің жалпы қорында 20-дан кем емес және 50 % -тен артық емесін құрауы керек.

3 Магистраль маңайындағы және қаланың көпқызметтік қоғамдық аймақтарында орналасқан I- класты жайлы тұрғын үйлері бар аралас тұрғын құрылыстың жекелеген учаскелері қалыптастырған жағдайда, тұрғын учаскенің құрылыс тығыздығын 1 га-ға 25 мың $м^2$ - ден артық қабылдауға жол беріледі, ал үй айналасындағы аумақтың ұлементтерін есептеу халықтың нақты санымен жүргізілуі керек.

6.2 к е с т е - Тұрғын және аралас құрылыс салудың мөлшерленетін орташа қабаттылығы

Тұрғын құрылыс салудың және халықтың тығыздығы, мың $м^2$/га	Аумақтардың құрылыспен толтыру пайызы кезінде құрылыс салудың қабаттылығы							
	5%	10 %	15 %	20 %	25 %	30 %	40 %	
5,0			3,3	2,5	2,0	1,7	1,25	
6,0			4,0	3,0	2,4	2,0	1,5	
7,0			4,7	3,5	2,8	2,3	1,75	
8,0			5,3	4,0	3,2	2,7	2,0	
9,0			6,0	4,5	3,6	3,0	2,25	
10,0	20,0	10,0	6,6	5,0	4,0	3,3	2,5	
11,0	22,0	11,0	7,3	5,5	4,4	3,6	2,75	
12,0	24,0	12,0	8,0	6,0	4,8	3,9	3,0	
13,0		13,0	8,7	6,5	5,2	4,3	3,25	
14,0		14,0	9,3	7,0	5,6	4,7	3,5	
15,0		15,0	10,0	7,5	6,0	5,0	3,75	
16,0		16,0	10,7	8,0	6,4	5,3	4,0	
17,0		17,0	11,3	8,5	6,8	5,7	4,25	
18,0		18,0	12,0	9,0	7,2	6,0	4,5	
19,0		19,0	12,7	9,5	7,6	6,3	4,75	
20,0		20,0	13,4	10,0	8,0	6,7	5,0	
21,0		21,0	14,0	10,5	8,4	7,0	5,25	
22,0		22,0	14,7	11,0	8,8	7,3	5,5	
23,0		23,0	15,3	11,5	9,2	7,7	5,75	
24,0		24,0	16,0	12,0	9,6	8,0	6,0	
25,0		25,0	16,7	12,5	10,0	8,3	6,25	
26,0		26,0	17,3	13,0	10,4	8,7	6,5	
27,0		27,0	18,0	13,5	10,8	9,0	6,75	
28,0		28,0	18,7	14,0	11,2	9,3	7,0	
29,0		29,0	19,3	14,5	11,6	9,7	7,25	
30,0		30,0	20,0	15,0	12,0	10,0	7,5	

Ескерту

1 Тұрғын құрылыс тығыздығы - тұрғын, аралас тұрғын құрылыстың бірлік аумағына келетін, сыртқы қабырғалар габариттеріндегі қосарлы-жапсарлас салынған тұрғын емес бөлмелері бар тұрғын үйдің жерасты бөлігінің қабат сайынғы жиынтық ауданы.

2 Тұрғын құрылыстың (қордың) жалпы ауданы - тұрғын ғимарат пәтерлерінің жалпы ауданының және тұрғын емес мақсаттағы қосарлы-жапсарлас бөлмелердің жалпы ауданының жиынтық өлшемі.

6.3 к е с т е - Аумақтың мөлшерленетін қамтамасыздығы

№ рс	1 га аумаққа ғимараттардың жалпы ауданының құрылыс салу тығыздығы, мың $м^2$	Аумақтың қамтамасыздығы (20 $м^2$ тұрғын құрылыс ауданына $м^2$) (ескертуді ескеру керек)	Ескертулер
1	5 000	53.3	
2	6 000	44.4	
3	7 000	38.1	
4	8 000	33.3	
5	9 000	29.6	
6	10 000	26.7	
7	11 000	23.9	
8	12 000	22.2	
9	13 000	20.5	
10	14 000	19.0	
11	15 000	17.8	
12	16 000	16.7	
13	17 000	15.7	
14	18 000	14.8	
15	19 000	13.9	
16	20 000	13.3	
17	21 000	12.7	
18	22 000	12.1	
19	23 000	11.6	
20	24 000	11.1	
21	25 000	10.7	

Е с к е р т у - Ірілендірілген есептер үшін тұрғын құрылыстың (қордың) жалпы ауданынан* сыртқы қабырғалар габариттеріндегі тұрғын құрылыстың қабат сайынғы жиынтық ауданына** шаққандағы ауыспалы коэффициентін 0,75 етіп алу керек; коэффициент неғұрлым дәлді есептер кезінде тұрғын құрылыстың нақты типіне байланысты қабылданады (0,6 - 0,86) керек.

* тұрғын құрылыстың жалпы ауданы (қор) - тұрғын ғимараттың пәтерлерінің жалпы ауданы және тұрғын емес мақсаттағы қосарлы-жапсарлас салынған бөлмелердің жалпы ауданының жиынтық шамасы.

** жиынтық қабат сайынғы аудан - қабаттардың барлық бөлмелерін (соның ішінде: қосарлы-жапсарлас салынған тұрғын емес бөлмелер (дүкен, кафе, шеберхана, кеңсе және т.с.с.), балкондарды, лоджияларды, дәліздерді, террасаларды, баспалдақ торларын, лифтілік шахталарды және т.б.) қоса алғандағы, ғимараттардың барлық жерүстілік қабаттарының жиынтық ауданы.

12

6.4 к е с т е - Тұрғын құрылыстың әр түрлі тығыздығы кезінде қызмет көрсету объектілерінің аумағымен қамтамасыз ету көрсеткіштерінің кестесі

	Қала аумағында орналастыру	100 га кем аумақтар, магистраларалық аумақтар			100 - 500 га магистраль маңайындағы аумақтар					500 га артық магистраларалық аумақтар				
	Тұрғын құрылыс салужың құрылымдық þлементтері	Топ, ықшамаудан			Ықшамаудан, тұрғын аудан					Ықшамаудан, тұрғын аудан				
	Аумақтар													
I	Ортақ пайдалану аумақтары ($м^2$аум./адам) барлығы,	Топ бойынша барлығы	Ық-аудан	Ық-аудан бойынша барлығы	Топ	Ық-аудан	Ық-аудан бойынша барлығы	Тұрғын аудан	Тұрғын аудан бойынша барлығы	Топ	Ық-аудан	Ық-аудан бойынша барлығы	Тұрғын аудан	Тұрғын аудан бойынша барлығы
	оның ішінде:	1,2-ден кем емес	2,4-тен кем емес	3,6-дан кем емес	2,2-ден кем емес	2,9-дан кем емес	5,1-ден кем емес	14,0-ден артық емес	20,2-ден артық емес	2,7-ден кем емес	3,5-тен кем емес	6,2-ден кем емес	16,0-ден артық емес	23,6-дан артық емес
1	Жас көшеттер учаскелері	0,3-тен кем емес	0,4-тен кем емес	0,7-ден кем емес	0,3-тен кем емес	0,3-тен кем емес	0,6-дан кем емес	4,0-ден кем емес	4,6-дан кем емес	0,3-тен кем емес	0,3-тен кем емес	0,6-дан кем емес	5,0-ден кем мес	5,6-дан кем емес
2	Балабақша учаскелері*)	0,6-дан кем емес	-	0,6-дан кем емес	1,5-тен кем емес	-	1,5-тен кем емес	-	1,5-тен кем емес	1,8-ден кем емес	-	1,8-ден кем емес	-	1,8-ден кем емес
3	Мектеп учаскелері**)	-	1,5-тен кем емес	1,5-тен кем емес	-	2,0-ден кем емес	2,0-ден кем емес	-	2,0-ден кем емес	-	2,4-тен кем емес	2,4-тен кем емес	-	2,4-тен кем емес
4	Автотұрақтардың учаскелері	0,3-тен артық емес	0,4-тен артық емес	0,7-ден артық емес	0,4-тен артық емес	0,5-тен артық емес	0,9-дан артық емес	0,8-ден артық емес	1,7-ден артық емес	0,5-тен артық емес	0,6-дан артық емес	1,1-ден артық емес	0,8-ден артық емес	1,9-дан артық емес
5	Коммуналды объектілердің учаскелері	-	0,1-ден артық емес	0,1-ден артық емес	-	0,1-ден артық емес	0,1-ден артық емес	0,2-ден артық емес	0,3-тен артық емес	-	0,1-ден артық емес	0,1-ден артық емес	0,2-ден артық емес	0,3-тен артық емес
6	Аудан мақсатындағы спорт-имараттарының учаскелері	-	-	-	-	-	-	1,0-ден кем емес	1,0-ден кем емес	-	-	-	1,2-ден кем емес	1,2-ден кем емес
7	Жақындатылған қызмет көрсету объектілердің учаскелері	не более 0,3	-	0,3-тен артық емес	0,5-тен артық емес	-	0,5-тен артық емес	-	0,5-тен артық емес	0,7-ден артық емес	-	0,7-ден артық емес	-	0,7-ден артық емес
8	Ықшам аудан қызмет көрсету объектілердің учаскелері	-	0,4-тен артық емес	0,4-тен артық емес	-	0,6-дан артық емес	0,6-дан артық емес	-	0,6-дан артық емес	-	0,9-дан артық емес	0,9-дан артық емес	-	0,9-дан артық емес

6.4 - *кестенің соңы*

	Қала аумағында орналастыру	100 га кем аумақтар, магистраларалық аумақтар			100 - 500 га магистраль маңы аумақтары					500 га артық магистраларалық аумақтар				
	Тұрғын құрылыс салужың құрылымдық ђлементтері	Топ, ықшамаудан			Ықшамаудан, тұрғын аудан					Ықшамаудан, тұрғын аудан				
	Аумақтар													
I	Ортақ пайдалану аумақтары ($м^2$аум./адам) барлығы,	Топ бойынша барлығы	Ық-аудан	Ық-аудан бойынша барлығы	Топ	Ық-аудан	Ық-аудан бойынша барлығы	Тұрғын аудан	Тұрғын аудан бойынша барлығы	Топ	Ық-аудан	Ық-аудан бойынша барлығы	Тұрғын аудан	Тұрғын аудан бойынша барлығы
	оның ішінде:	1,2-ден кем емес	2,4-тен кем емес	3,6-дан кем емес	2,2-ден кем емес	2,9-дан кем емес	5,1-ден кем емес	14,0-ден артық емес	20,2-ден артық емес	2,7-ден кем емес	3,5-тен кем емес	6,2-ден кем емес	16,0-ден артық емес	23,6-дан артық емес
9	Аудандық қызмет көрсету объектілерінің учаскелері, көшелер, алаңдар, тұрақтар	-	-	-	-	-	-	0,8-дан артық емес	0,8-дан артық емес	-	-	-	8,8-ден артық емес	8,8-ден артық емес
II	Тұрғын учаске аумақтары (тұрғын құрылыст ауданының $м^2$аум/20$м^2$) барлығы,	10,7 - 13,3			13,4 - 17,6					17,7 - 33,3				
	оның ішінде:													
	көгалдандырылған	5,0-ден кем емес			6,0-ден кем емес					7,0-ден кем емес				
	Қонақжай автотұрақтары	0,7			0,8					0,9				
III	Топтың, ықшамауданның, тұрғын ауданның тұрғын құрылыс салудың тығыздығы мың $м^2$/га[2)]	22,4 - 17,2		18,7 - 14,5	17,1 - 13,1		14,4 - 11,3		8,2 - 7,0	13,0 - 7,4		11,2 - 6,8		6,9 - 4,7
	Тұрғын құрылыс салудың құрамындағы тұрғын емес кордың үлесі (%)	40-тан артық емес			10-20					10-нан артық емес				

Ескертулер

*) - Балалардың аз уақытқа келетін топтары және ұзартылған күн топтары тұрғын үйлерге қосарлы-жапсарлас орналастырылған жағдайда олардың учаскелері үй айналасындағы аумақ құрамында есептелінеді.

**) - Топтың, ықшамауданның, тұрғын ауданның тұрғын құрылыс салу тығыздығы - топтың, ықшамауданның, тұрғын ауданның аумағына келетін, қабырғалар габариттеріндегі тұрғын ғимараттардың (оның ішінде қосарлы-жапсарлас бөлмелер) жерүсті бөлігінің қабат сайынғы сомалық ауданы.

6.5-к е с т е - Көгалдандырылған аумақтармен қамтамасыздығы

	Қала құрылыстық нормалау объектілеріндегі аумақтың көгаландырылған элементтер	Өлш. бірлігі	Көгалдандырылған аумақтармен минималды қамтамасыздығының көрсеткіштері, м²/адам.		
			Қала аумақтары		
			500 га-дан артық магистраларалық аумақтар	100-ден 500 га дейін магистраларалық аумақтар	Магистраль маңайындағы аумақтар, 100 га-дан кем магистраларалық аумақтар
Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс салу учаскесі					
1	Үй маңындағы көгаландырылған аумақ	м²/ адам	7,0-ден кем емес	6,0-ден кем емес	5,0-ден кем емес
	Көгаландырылған аймақтардың барлығы		7,0-ден кем емес	6,0-ден кем емес	5,0-ден кем емес
Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс салу тобы					
1	Үй айналасындағы көгаландырылған аумақтар	м²/ адам	7,0-ден кем емес	6,0-ден кем емес	5,0-ден кем емес
2	Мектепке дейінгі балалар мекемелері учаскелерінің көгаландырылған аумақтары (учаске аумағының 50 %)	-«-	0,9-дан кем емес	0,75-тен кем емес	0,3-тен кем емес
3	Топтың ортақ пайдалану жас көшеттер учаскелері (гүл бағы)	-«-	0,3-тен кем емес	0,3-тен кем емес	0,3-тен кем емес
Көгаландырылған аймақтардың барлығы			8,2-ден кем емес	7,05-тен кем емес	5,6-дан кем емес
Ықшамаудан					
1	Топтардың көгаландырылған аумақтары	м²/ адам	8,2-ден кем емес	7,05-тен кем емес	5,6-дан кем емес
2	Мектеп учаскелерінің көгаландырылған аумақтары (учаске аумағының 10 %)	-«-	0,96-дан кем емес	0,8-ден кем емес	0,6-дан ке емес
3	Ықшамауданның ортақ қолданыстағы жас көшеттер учаскелері (бақ)	-«-	0,3-тен кем емес	0,3-тен кем емес	0,4-тен кем емес
Көгаландырылған аймақтардың барлығы			9,46-дан кем емес	8,15-тен кем емес	6,6-дан кем емес
Тұрғын аудан					
1	Ықшамауданның		9,46-дан кем емес	8,15-тен кем емес	-

	көгаландырылған аумақтары	-«-			
2	Тұрғын ауданның ортақ қолданыстағы жас көшеттер учаскелері (саябақ және басқалары)		5,0-ден кем емес	4,0-ден кем емес	-
Көгаландырылған аймақтардың **барлығы**			14,5-тен кем емес	12,15-тен кем емес	-

Ескерту - Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс салу учаскелері үшін көгаландырудың минималды нормасы максималды мүмкін халыққа есептелінеді (яғни 1 адамға жалпы ауданның 20 $м^2$ қамтамасыздығымен), топтың, ықшамауданның, тұрғын ауданның көгаландырылған аумақтардың басқа көріністері жобалау процессінде белгіленген шынайы халыққа есептелінеді. Ерекшелік ретінде 6.1-кестесінің 3-қосымшасында көрсетілген жағдайлар болады.

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 28.09.2023ж. №144-НҚ бұйрық)

Үйлердің терезесінен демалу алаңшала-рының шекарасына дейінгі қашықтық 10 м-ден кем емес, ал ойын алаңшалары үшін 12 м-ден кем емес болуы тиіс. Үйалды аумақтарында көгалдандыру-дың минималды нормалары қамтамасыз етілген жағдайда ғимараттардың жапсарлай салынған және жапсарлай-қосарлы салынған бөліктеріндегі спорт алаңшаларының аудандарын 0,4-045 $м^2$/адам есе-бімен 0,8-0,9 $м^2$/адам нормасы бойынша спорт алаңшаларының орналасуын жобалау ұсынылады.

Тұрғын үйлер терезелерінен спорт алаң-шаларының шекараларына дейінгі қашықтықты шудың сипаттамаларына байланысты 20-дан 40 м-ге дейін қабылдау керек.

6.1.10 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс салу учаскесінің аумағындағы автотұрақтар (жапсарлас, қосарлы-жапсарлас, жерасты) осы учаскеде тұра-тын халықтың автомобильдерін сақтауға арналған.

Автотұрақтарға келетін кіру жолдары үй маңы аумағын пайдалануды бұзбауы тиіс, демалыс және балалар ойыны алаңшаларынан, спорттық алаңшалардан оқшауланған болуы тиіс.

Үй маңы аумағында бөлек тұратын автотұ-рақтардың орналасуына және оларға келетін кіру жолдарының орналасуына жол берілмейді.

Тұрғын үйлерден автотұрақтарға дейінгі арақашықтықты 13.25-кестесіне сәйкес қабылдау керек.

6.2 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс салу тобы аумағының қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыру

6.2.1 Тұрғын топ, аралас тұрғын топ - ереже бойынша, ауданы 10 га-ға дейінгі тұрғын бірлік-терге, аралас тұрғын бірліктерге және өз аумағының шегінде жақындатылған қызмет көрсету объекті-лерімен, ал 11.1 және 11.2 кестелері бойынша нормативтік рұқсат етілгендердің шегінде күнделікті және мерзімдік қызмет көрсету объектілерімен қамтамасыз етілген топтың көпшілік қолданыстағы аумағына арналған тұрғын аумақ.

6.2.2 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс тобы-ның аумағы тұрғын, аралас тұрғын құрылыс учас-келерін және топтың ортақ қолданыстағы аумағын қамтиды: көгалдандырылған аумақтар (гүл бағы, желекжол), балабақшалар, жақындатылған қызмет көрсету объектілерінің, автотұрақтардың учаске-лері, өту жолдары мен ашық типті автотұрақтар. Аумақ балансының нысаны және топ аумағының ɒлементтері 3-қосымшаның Қ3.1.3-кестесінде келті-рілген. Қ3.1.4 кестесінде тұрғын, аралас тұрғын құ-рылыс топтары объектілерінің аумақтарын қамта-масыз етудің салыстырмалы нормалары келті-ріледі.

6.2.3 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс тобының қала аумағында орналасуына байланысты ықшамаудан аумағының немесе қоғамдық аймақ-тың бөлігі ретінде, 500 м қолжетерлік шегінде және 500 га кем емес магистраралық аумақтарда дербес тұрғын құрылым ретінде қала түйіндерінің бөлігі ретінде қалыптастыру керек, сонда төмендегілерге жол беріледі:

үй маңы аумақтарында қалалық қызмет көрсету объектілерін орналастыру;

топ аумағы арқылы аудандық және қалалық мақсаттағы объектілерге кіру жолдары мен жақындау жолдарын трассалау.

Тұрғын топ аумағының шекарасын бекіту, тұйықталған немесе жартылай тұйықталған аула кеңістіктерін ұйымдастыру үшін жас көшеттерді пайдалану ұсынылады.

6.2.4 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс тобы аумағында топ халқына қызмет көрсетумен бай-ланысты емес, ауданы 0,05 га-дан артық учаскелері бар бөлек тұрған тұрғын емес объектілердің орна-ласуына тыйым салынады. Тұрғын тобының құрылыс қорының көлеміндегі тұрғын емес қордың үлесі 25 %-дан, аралас тұрғын құрылыс топтың үлесі 65 %-дан аспауы тиіс.

6.2.5 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыстар салу топтары квартал немесе квартал бөлігі ретінде қалыптасады. Топ шекаралары жол-көше желісінің қызыл сызықтары бойына және (немесе) өту жолының жақын шеті бойынша, сондай-ақ - жанасу жағдайында - жер пайдалану шекаралары бойынша белгіленеді.

6.2.6 Мектепке дейінгі мекемелер қажеттілігін шынайы демографиялық жағдайлара сәйкес, жобалау алдындағы зерттеулердің көрсеткіштері бойынша анықтау керек, бақылау және шамалау демографиялық көрсеткіштері 4-қосымшаның Қ4.1, Қ4.3-кестелерінде келтірілген. Мектепке дейінгі мекемелердің жобалануы ҚР ҚНжЕ 3.02-24 сәйкес жүргізіледі. Учаскелер өлшемін 6.4-кестесі бойынша қабылдау керек.

6.2.7 Тұрғын учаскелерде құрылыс салудың 20 мың $м^2$/га артық нормативтік тығыздықтағы қала аумақтарында балалардың қысқа уақытқа келу топтарын 6 топтан артық емес сыйымдылығымен, ерекше жағдайларда 4 топқа дейін сыйымдылы-ғымен - тұрғын үйлерге жапсарланған жеке шығу жолдары мен серуендеу алаңшаларын ұйымдас-тырумен жобалау керек.

6.2.8 Тұрғын учаскелерде құрылыс салудың 15-20 мың $м^2$/га нормативтік тығыздықтағы қала ау-мақтарында сыйымдылығы 10-12 топ, ерекше жағдайларда тұрғын үйлер шет жағына қосарлы салынған, бөлмелер бөлігі тұрғын үйдің габарит-терінен тыс шығарылған 6 топқа дейінгі балалар-дың қысқа мерзімге келу топтарын және ұзартылған күн топтарын орналастыруға жол беріледі. Бала-лардың серуендеуіне және ойнауына арналған алаңшалар балабақша ғимаратына кіру жолынан 30 м-ден аспайтын, ал тұрғын үй терезелерінен -15 м-ден кем емес қашықтықта болуы тиіс

6.2.9 Тұрғын топ, аралас тұрғын құрылыс топ, ықшамаудандар, кварталдар және ғимараттарға шектес өткелдер аумағына кіру жолдарын басқасынан 300 м-ден артық емес қадаммен, ал қайтақұрылымданатын аудандарда периметрлі құрылыс салу кезінде 180 м-ден артық емес орналастыру керек.

Тұрғын топтың аумағына өту жолдарын жоба-лау кезінде өрт қауіпсіздігінің талаптарын және 13.1-тараушаның талаптарының сақталуын ескеру керек.

6.2.10 Тұрғын топтың, аралас тұрғын құрылыс тобының аумақтарында жерасты, жерүсті және құрама (жерасты мен жерүсті автотұрақтарының үйлесуі) автотұрақтарды 13.24 және 13.27 кестелерінің талаптарын ескеріп, объект маңы тұрақтарын 13.25-кестесіне сәйкес жобалау керек.

6.2.11 Қоқыс контейнері бар алаңшалардан тұрғын үйлердің терезелеріне, балалар, емдеу мекемелерінің, демалыс орындары учаскелерінің шекараларына дейінгі арақашықтықты 20 м-ден кем емес және 100 м-ден артық емес болуы тиіс. Салы-

натын құрылыстар жағдайларында тиісінше негіз-делгенде көрсетілген арақашықтықты қысқартуға жол беріледі. Қоқыс контейнерлеріне арналған алаңшаларды қамтамасыз етудің нормасының есеп-тік көрсеткішін 0,03 м^2/адам етіп қабылдау керек.

Қоқыс шығаратын машиналардың айналуын болдырмау үшін алаңшаларды шектес кіре беріс-терге жанастырып салу керек.

Тұрғын аумақтарда инженерлік желілер мен имараттардың орналасуын 14-тарауға сәйкес жүргізу керек.

6.3 Ықшамаудан аумағының қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыру

6.3.1 **Тұрғын ықшамаудан (квартал жіне кварталдар)** - ауданы 10-нан 100 га дейін, тұрғын топтарға, аралас тұрғын топтарға және өзінің ау-мағы шегінде жақындатылған және ықшамауданның күнделікті қызмет көрсететін ортақ қолданыстағы объектілеріне арналған аумақ.

Ықшамаудан аумағының шекаралары, ереже бойынша, жалпықалалық, аудандық мақсаттағы және тұрғын көшелер магистральдарының қызыл сызықтары, сондай-ақ басқа қызметтік мақсаттағы аумақтарының шекаралары және табиғи шекаралар болып табылады.

6.3.2 Ықшамауданның есептік аумағы тұрғын, аралас тұрғын құрылыс топтарын және ықшам-ауданның ортақ қолданыстағы аумақтарын (мектеп, күнделікті қызмет көрсету мекемелері, коммуналды объектілер, автотұрақтар учаскелері, жас көшеттер, соның ішінде бақтар, гүл бақтары, жолжелектер, көшелер, өту жолдары, ашық типті автотұрақтар) қамтиды.

Аумақ балансының нысаны және ықшамау-дан аумағының нормаланатын ƒлементтері 3-қосымшаның Қ3.1.5-кестесінде келтірілген . Қ3.1.6 т-нда ықшамаудан объектілері аумағының қамтама-сыз етілуінің меншікті нормалары келтіріледі.

6.3.3 Тұрғын ықшамауданды тұрғын аудандар құрамындағы тұрғын мақсаттағы аумақтарда, дербес тұрғын құрылым ретінде - 500 га дейін магистраларалық аумақтарда қалалық қала құры-лысы түйіндерінің 1,5 км қол жетерлік шегінде қалыптастыру керек.

Ықшамаудан бірнеше кварталдардың жерін алады және қалалық және аудандық мақсаттағы магистральдармен бөлшектенбейді.

Ықшамауданның шекаралары, жалпықалалық, аудандық мақсаттағы және тұрғын көшелер магистральдарының қызыл сызықтары, сондай-ақ басқа бекітілген қызметтік мақсаттағы аумақтардың шекаралары және табиғи шекаралары болып табылады.

6.3.4 Ықшамаудан аумағында ықшамаудан халқына қызмет көрсетуге байланысты емес, ауданы 0,05 га-дан артық учаскелері бар бөлек тұрған тұрғын емес объектілердің орналасуына тыйым салынады.

Кіші бизнес объектілерін және ƒкологиялық қауіпсіз міндетті қызмет көрсету мекемелерінің кешендерін толықтыратын, аз қуатты өндірістік кәсіпорындарды орналастыруға жол беріледі.

Ықшамаудан қорының көлеміндегі тұрғын емес қордың үлесі 25 %-дан аспауы тиіс.

6.3.5 Жалпы білім беретін мектеп меке-мелерін ҚР ҚНжЕ 3.02-25 сәйкес жобалау керек, қажеттілігін шынайы демографиялық жағдайлар бойынша осы мекемелердегі әр түрлі жастағы балалардың қажеттілігінің белгіленген көрсеткіш-терімен қабылдау керек.

Балалардың мектептермен қамтамасызды-ғының бақылау және шамалау көрсеткіштері 4-қо-сымшаның Қ4.2 Қ4.3-кестелерінде келтірілген.

Аумақ ауданын 6.4-кестесіне сәйкес қабылдау керек.

6.3.6 Тұрғын учаскелерде құрылыс салудың мың.м^2/га жоғары нормативтік тығыздықтағы Астана қаласының аумағында жаңа мектептерді жо-балау кезінде сыйымдылығы 240 адамға дейінгі балалардың қысқа мерзімге келу топтары мен ұзартылған күн топтарының блок-бөлмелерін тұр-ғын үйлерге жапсарлас немесе қосарлы-жапсарлас салып орналастыруға жол беріледі.

Қосарлы-жапсарлас блогқа жанасатын жер учаскесінің ауданы 150 м^2 -ден кем болмауы тиіс. Жеке орналасқан алаңшалар кезінде олардың ау-даны бір топқа 100 м^2-ден кем емес болуы, ал мек-теп ғимаратынан алыстығы 50 м-ден аспауы тиіс.

Толық орта білім беретін жалпы білім беру мектептерімен қатар лицейлер қызмет етуі мүмкін. Лицейлердің қолжетерлік радиусы мөлшерлен-бейді.

6.3.7 Ықшамаудандағы көшелер мен өту жол-дарының ұйымдастырылуын 13-тарауға сәйкес қабылдау керек.

Көпқабаттық автотұрақтарды орналастыру 13-тараудың 13.25 және 13.28-кестелерінің талапта-рын жетекшілікке алып жүргізілуі керек.

Ықшамаудан аумағында автотұрақтарды 13.26-кестесіне сәйкес жобалау керек.

6.4 Тұрғын аудан аумағының қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыру

6.4.1 **Тұрғын аудан** - ауданы 100 га-дан артық ықшамаудандарды, кварталдарды және тұрғын ауданның ортақ қолданыстағы объектілерін орналастыруға арналған қоныстық аумақтың бөлігі.

6.4.2 Тұрғын ауданның есептік аумағын ықша-маудандар, кварталдар және тұрғын ауданның ортақ қолданыстағы объектілері (маусымдық қызмет көрсету объектілері, спорттық және коммуналдық имараттар, автотұрақтар учаскелері, соның ішінде саябақтар, жолжелектер және басқалары, көшелер, алаңдар және с.с.) құрайды.

Аумақ балансының нысаны және тұрғын аудан аумағының ƒлементтері 3-қосымшаның Қ3.1.7-кестесінде келтірілген. Қ3.1.8 т-нда тұрғын аудан объектілері аумағының қамтамасыздығының салыстырмалы нормалары келтіріледі.

6.4.3 Тұрғын ауданды қалалық ауданның шекаралары шегінде ауданы 100 га-дан артық магистраларалық аумақтардың тұрғын мақсаттағы аумақтарында қалыптастыру керек.

Тұрғын аудан аумақтарының шекаралары, жалпықалалық мақсаттағы магистральдардың қызыл сызықтары, ал түйісу жағдайында - аудандық мақсаттағы магистральдар, басқа қызметтік мақсаттағы бекітілген аумақтардың шекаралары, табиғи және жасанды шекаралар болып табылады.

6.4.4 Тұрғын аудан аумағының балансы:

- инженерлік коммуникациялардың техника-лық аймақтары мен ЭБЖ және жоғары қысымды газөткізгіш техникалық дәліздерін;

тұрғын ауданның коммуналды объектілерін орналастыруға пайдаланбайтын өндірістік кәсіпорындарының, теміржолдар мен жылдам жолдары-ның санитарлық-гигиеналық аймақтарын;

ерекше қорғалатын табиғат аумақтарды,

өндірістік аймақтарды қамтиды.

6.4.5 Тұрғын ауданның аумағында ауданы 2 га-дан асатын тұрғын емес объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

Қоғамдық, өндірістік, қалалық деңгейдегі табиғат-тынысжайлық мақстаттағы учаскелерді орналастыруға жол беріледі, бұл кезде тұрғын аудан құрылысының жалпы қорында тұрғын емес қордың үлесі 35%-дан аспауы тиіс.

Өндірістік мақсаттағы объектілерді орналас-тырған кезде 7-тараудың талаптарын басшылыққа алу қажет.

6.4.6 Қызмет көрсету объектілерінің міндетті кешенін орналастыру (6.4.1-т) және қоғамдық және өндірістік мақсаттағы объектілерін орналастыруға қарастырылатын (6.4.5-т) нормативтік талаптарды орындау тұрғын аудан аумағында еңбекке қабілетті халықтың 40 %-ына дейінгісі еңбек ету орын-дарымен қамтамасыз етуі тиіс.

6.4.7 Тұрғын ауданның қоғамдық орталығын қалалық көлік аялдамаларымен біріктірілуі тиіс, бұл жерде оған қол жеткізудің нормативтік уақытын тұрғындар үшін 15 минуттан аспайтындай етіп қамтамасыз ету керек.

Тұрғын ауданның қоғамдық орталығын қоғамдық құрылыс учаскелерінде, аралас тұрғын құрылыс учаскелері мен топтарында орналас-тырылатын, маусымдық қызмет көрсету объек-тілерімен қалыптастыру керек.

Орталық құрамына сауда, мәдениет, өнер мекемелерінен басқа, саябақты және спорттық кешенді қосу керек.

6.4.8 Тұрғын аудандардың жайғастыру құрылымын қалыптастыру кезінде қоғамдық орталық-тардың әсерлі аймақтарында және магистарль кө-шелерінің бойында, қаланың осы аумағы үшін 6.1-кестеде нормативті келтірілгеннен пайдалану қар-қындылығы едәуір жоғары тұрғын және қоғамдық құрылыс салу типтерін қолдануға жол беріледі.

6.4.9 Тұрғын аудан жалпықалалық жасыл сі-лемдермен жанасқан жағдайда халықтың тұрғын ауданның жас көшеттер аумақтарымен қамтама-сыздық нормасы 25 %-ға дейін қысқартылуы мүмкін.

Тұрғын құрылыстың жобаланатын сызығы мен орман саябақ сілемі арасындағы қашықтықты 30 м-ден кем болмайтындай етіп қабылдау керек.

6.4.10 Жалпықалалық мақсаттағы магистраль көшелерінің жүру бөлігінің шетінен тұрғын құрылыс салу сызығына дейінгі арақашықтық шу деңгейін есептеу негізінде МҚН 2.04-03 талаптарына сәйкес белгіленеді.

Шу жайсыздығы аумағында жас көшеттерді (оқшаулағыш типті екпелері бар аймақ аумағының енінің 70 %-ынан кем емесі), автотұрақтарды, ашық тұрақтарды, басқа коммуналдық имараттарды орналастыру керек.

6.4.11 Тұрғын құрылыс темір жолмен жа-насатын жағдайда тұрғын үйлерден жақын рельске дейінгі арақашықтық шу деңгейлерінің есебімен МҚН 2.04-03 талаптарына сәйкес сәйкес бел-гіленеді.

Жайғастыру үзігімен нормативтік шу деңгейін қамтамасыз ету мүмкіндігі болмағанда көрсетілген нормативтерге сәйкес шудан қорғаудың басқа шараларын қолдану керек.

6.4.12 Аудандық көшелердің негізгі жүру бөліктерінің шетінен құрылыс салу сызығына дейінгі арақашықтықты 25 м-ден кем болмайтындай етіп қабылдау керек, басқа жағдайларда өрт маши-налары өту үшін ені 6 м, бірақ құрылыс сызығынан 5 м-ден жақын болмайтын жолақты қарастыру керек.

6.4.13 Аудандық мақсаттағы көшелерден тұр-ғын кварталдардың аумақтарына кіру жолдарын
м-ден артық емес қадаммен жобалау керек.

6.4.14 Тұрғын аудан аумағындағы автотұ-рақтарды және объект маңайындағы тұрақтарды 13-тараудың 13.24, 13.25 және 13.27 кестелеріне сәйкес орналастыру керек.

6.4.15 Инженерлік жүйелерді орналастыру және аумақты инженерлік дайындауды орындау кезінде 12 және 14-тараулардың талаптарын жетекшілікке алу керек.

6.4.16 Әкімшілік ауданның аумағында тұрғын-коммуналдық шаруашылық кеңселерін, сондай-ақ суғару, қар жинау, жинау машиналарын сақтауға арналған өндірістік аумақтар мен алаңшаларды қарастыру керек.

6.5 Қаланы жайғастыру және құрылысын салудағы тұрғын ғимараттардың типтері

Осы тарауда Астана қаласын жайғастыру және құрылысын салуда пайдалануы мүмкін тұрғын үйлердің негізгі сипаттамалары келтірілген.

6.5.1 Тұрғын құрылыста тұрғын имараттарды қабаттардың саны бойынша топтастыру керек:

аз қабатты (1-3 қабат);
қабаттылығы орташа (5 қабатқа дейін);
көп қабатты (6 және одан көп қабат);
қабаттылығы жоғарылатылған (10-25 қабат);
зәулім (25 қабаттан артық).

6.5.2 Аз қабатты тұрғын құрылыс - бұл пәтер-лердің жер учаскелерімен тікелей байланысын қамтамасыз ететін жердің жайғастыру белгісінен есептегенде 112 м-ге дейінгі биіктікте тұрғын ғима-раттар салынған тұрғын құрылыс.

Қалақұрылыстық сипаты бойынша ол жоғары тығыздықты, төмен тығыздықты, сызықты және мекенді құрылысты болып болжанады.

6.5.3 Зәулім құрылыс - бұл қала құрылысын салудағы ғимараттардың негізгі типі. Астана орталықтарында ол тұрғын ғимараттары үшін 25-30 қабатқа дейін құралуы мүмкін.

Қала құрылыстық сипаты бойынша зәулім құрылыс төмен тығыздықты, жоғары тығыздықты, сызықты, нүктелі, сондай-ақ акцентті болуы мүмкін

6.5.4 Тұрғын ғимараттар үйлердің келесі типтері бойынша жіктеледі:

үй-жайлық типті бір пәтерлі тұрғын үй, оның жайғастыру пішіні құрылыс салуға бөлінген учаскенің ауданына және композициялық түпкі ойына байланысты сыртқы қабырғалары кішігірім тікбұрыштыдан күрделі қисықсызықты пішіндерге дейін әртүрлі және учаскенің бөлінбейтін мини-малды ауданы 1000 $м^2$, бір отбасының тұруына арналған болуы мүмкін.

блокталған тұрғын үй оны блоктаудың әр түрлі мүмкіндігімен, осы үйдің әрбір пәтерінен үй маңы (пәтер) учаскесіне тікелей шығатын жолы болуымен ерекшеленеді;

бірбөлікті тұрғын үй - бір баспалдақты не-месе баспалдақты-лифтті түйінді және конфигу-рациясы әр түрлі жинақы жоспарлы ғимарат түрі.

көпбөлікті тұрғын үй - блок-бөліктерінен (қатарлы, шет жақты, бұрышты, бұрылысты) қалып-тасқан және пәтерлердің әр түрлі номенклатурасын қарастыратын ғимарат түрі.

7 Өндірістік аймақтар

7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 Өндірістік аймақтар өндірістік имарат-тарды және олармен байланысқан қосалқы және қызмет көрсету объектілерін, ғылыми-өндірістік, коммерциялық-іскерлік, кәсіптік, коммуналдық-қой-малық, сондай-ақ энергетика объектілерін, ірі ав-токөлік, теміржол және инженерлік кешендерін ор-наластыруға арналған және өндірістік құрылыс учас-келері және өндірістік кластерлері түрінде қалыптасады.

7.1.2 Өндірістік аймақтың қайта құрылымда-нуы және дамуы Астана қаласы аумақтарының қала құрылыстық шарттарына сәйкес, аумақтардың эко-логиялық қауіпсіздігі, ауданы және пайдалану қар-қындылығы бойынша, еңбек, инженерлік, көліктік ресурстары мен басқа факторлардың болуына сәй-кес жүргізіледі. Өндірістік объектілерді жобалау ҚНжЕ II 89-80* сәйкес жүргізілуі тиіс.

Өндірістік аймақтың дамуы қолданыстағы өндірістік аумақтарды пайдалану тиімділігін келесі жолмен қарастырады:

жаңа құрылыс салу;
қайтақұрылымдау;
қоршаған ортаға зиянды әсер тигізетін қол-даныстағы өнеркәсіп кәсіпорындарын бөлшектеп немесе толық қайта салаландыру;
қызметтік мақсаттары бойынша аумақты ай-мақтандыру;
табиғатты қорғау шараларын ұйымдастыру;
қызметтік кластерлердің өзара техноло-гиялық байланысын қамтамасыз ету;
қаланың және қала маңайындағы қоныстану аумағының негізгі қызметтік аймақтарымен тиімді көліктік байланысын ұйымдастыру.

7.1.3 Өндірістік аймақтың құрамында зиянды-лық класы I, II және одан төмен кәсіпорындары бар келесі өндірістік кластерлер қарастырылады:

өндірістік кластер (тамақ және жеңіл өнеркәсібі, құрал жасау, машина жасау, құрылыс материалдарын өндіру, т.б.);

ғылыми-өндірістік кластер (ғылыми-зерттеу институттары, тәжірибелік-þкспериментaлдық және технологиялық қызмет көрсету цехтары бар техно-парктар, баспа-типографиялық бөлімі бар ақпарат-тық орталықтар т. б.);

коммуналдық-қоймалық кластер (ЖЭО, стан-циялар, аþрациялар, қосалқы þлектр станциялары, газтаратқыш түйіндер және қалалық инженерлік инфрақұрылымының басқа имараттары, қойма има-раттары, аумақты механикалық жинау машинала-рының тұрақтары, зираттар) және басқа қажетті аумақтар.

7.1.4 Қала халқын тіршілік қаматамасыздығы-мен, тікелей ғылыми сферасымен қызмет көрсеті-летін, қазіргі жоғары технологиялық ғылымы маңыз-ды өндірістерін енгізумен, сондай-ақ кіші кәсіпкерлік өнімінің өндірісін де қарастыратын сервис сфера-сымен байланысты өнеркәсіп салалары басымды дамуды алу тиіс.

7.1.5 Өндірістік аумақтардың шекараларын қала құрылыс құжаттамасы негізінде кәсіпорында-ры және басқа объектілері үшін талап етілетін сани-тарлық-қорғау аймақтарын ескеруімен, аумақты максималды тиімді пайдалануды қамтамасыз етіп белгілеу керек.

7.1.6 Өндірістік аймақтары және кәсіпорын-дардың санитарлық-гигиеналық аймақтары шегінде тұрғын ғимараттарды, мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелерін, денсаулық сақтау және демалыс мекемелерін, спорттық имараттарды, өндіріске қызмет көрсетумен байланысты емес басқа тұрғын ғимараттарды, сондай-ақ бақ-саяжай құрылысын орналастыруға жол беріледі.

Санитарлық-қорғау аймақтарының аумағы тынысжайлық мақсатта және ауылшаруашылық өнімін өндіру үшін пайдаланылмауы тиіс.

7.1.7 Қоғамдық және тұрғын аймақтардың аумақтарында төменде көрсетілген өндірістік объек-тілердің орналасуына жол берілмейді:

оларда орналасқан өндірістердің зияндылық класы бойынша өзінің қызметімен тұрғын және қоғамдық аймақтардың þкологиялық қауіпсіздігін бұзатын немесе бұзуы мүмкін;

жұмыс істейтін жұмысшылардың саны бойынша көпқызметтік және арнайы қоғамдық орталықтардың тұрғын аумақтарының қызметіне қайшы келетін;

аумақтардың ауданы бойынша тұрғын және қоғамдық аймақтардың қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастыруды бұзатын объектілер.

Өндірістік қызметтегі объектілердің өндірістік кластерлер бойынша орналасуы технологиялық және қызметтік өзара байланыстарды, олардың қоршаған ортаға кері әсер ету деңгейін және өндірістік аймақтың шектелуіне әсер ететін басқа да факторлар немесе шартты таза және шартты лас өндірістерді орналастыруға арналған аумаққа өндірістік қосалқы аймақты шектеуді ескереді.

Таза өндірістер (фармацептикалық, ет-сүт өне-рқәсібі кәсіпорындары, þлектронды техниканы өндіру және жинау және басқалары), шартты лас өнідірістер (жылу þнергетикасы және құрылыс индустриясы кәсіпорындары, гальваникалық және құю цехтары).

7.1.8 Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс учас-келерінде ауданы 200 м^2-ден артық þкологиялық жағынан қауіпсіз, жапсарлас салынған немесе өндірістік аумақсыз үйдің бір бөлігін алатын өндірістік кәсіпорындар орналасуы мүмкін.

Қаладағы өндірістік аумақтардың орналасуын шектеу 7.1-кестеде келтірілген.

Өндірістік аумақтарды орналастыру шарт-тары 7.2-кестеде келтірілген.

7.1.9 Тұрғын және қоғамдық аймақтар құра-мында орналастыруға жол берілмейтін, зияндылы-ғы III және IV класты өндірістері бар өндірістік аумақтардың учаскелерін өндірістік аймақтар құра-мында орналастыру керек.

7.1.10 Санитарлық-қорғау аймақтарының (әрі қарай СҚА) ұйымдастырылуы Өндірістік объекті-лердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-þпидемиологиялық талап-тарға сәйкес іске асырылады. **(Түзету)**.

СҚА шегінде өніміне қалдықтар мен жағымсыз физикалық факторлардың кері әсері тиюі мүмкін кәсіп-орындар учаскелерін орналастыруға жол берілмейді.

Өндірістік аймақ аумағында орналасқан СҚА объектілері (өнеркәсіп кәсіпорындары) санитарлық þпидемиологиялық бақылау органдарының келісуімен анықталады, бірақ өндірістік аймақтың шекараларынан 50 м-ден артық шықпауы тиіс. СҚА әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі қолданыстағы санитарлық нормалармен белгіленеді.

7.1 к е с т е - Өндірістік учаскелер мен аймақтардың орналасуына қойылатын шектеулер

Қала аумақтары	Орталық аудан	Қалалық түйін	Магистраль маңайындағы аумақтар	Магистраларалық аумақтар		
				500 га дейін	500 -1000 га	>1000 га
Аумақ ауданы, га.	барлық аумақтарда 0,5-ке дейін					
	-	-	-	0,5-5,0		
	-	-	-	-	5,0-25,0	
	-	-	-	-	-	25,0-50,0
Құрылыс салу тығыздығы мың $м^2$/га	20-30					-
	-	-	-	10-20		
	-	-	-	-	-	10

7.2 к е с т е - Қала құрылыстық нормалау объектілерінде өндірістік аумақтарды орналастыру шарттары

Қала құрылыстық нормалау объектілері	Ықшамаудан	Көпқызметтік орталық	Арнайы бағыттағы орталық	Қоғамдық аймақ	Тұрғын аудан	Өндірістік аймақ
Аумақ ауданы, га.	0,5-ке дейін					
	-	-	-	0,5-5.0		
	-	-	-	-	-	5,0-200,0
Кәсіпорындардың зияндылық класы	V					
	-	-	-	-	-	IV
	-	-	-	-	-	III
Іскерлер саны, мың адам	0,05-ке дейін					
	-	0,05-0,5				
	-	-	-	0,5-5,0		
	-	-	-	-	-	5-тен артық

7.1.11 Өндірістік аумақтарды басқа қызметтік мақсаттағы аймақтар мен аумақтарға жанасуын ескеріп түрлендіру керек:

- өндірістік аймақтардың қоғамдық аймақтарға жанасу жолағында өндірістік аумақтардың әкімшілік-қоғамдық бөліктерін, оларды қоғамдық орталықтардың және аймақтардың қалыптасуына қосып орналастыру керек;

тұрғын аумақтармен жанасу жолағында- өндірістік учаскенің шекараларын тұйық дуалмен қоршамау керек, СҚА құрамына кіретін жанасу жолақтарын тұрғын ауданның коммуналдық объектілерін, әр түрлі типті көпқабатты автотұрақтарды, жасыл екпелерді орналастыру үшін пайдалану ұсынылады.

- өндірістік аумақтардың магистраль маңы жолағында қалалық ортаға бейімделген шағын құрылыс учаскесін, үлкен қоймалық аудандарды, ірігабаритті кіру жолдарын, бұрылыс алаңшаларын талап ететін сауда және қызмет көрсету кәсіпорындары бар аралас өндірістік-қоғамдық құрылыс учаскелерін орналастыру ұсынылады.

Магистраль маңы жолағында өндірістік құрылыстың жерүсті бөлігі көлемінің 20%-ынан кем емесін жер асты деңгейінде орналастыру керек (су құбыры, канализациялық апат қызметтерін, аумақты механикалық жинайтын кіші габаритті машиналарын жөндеу учаскелері мен тұрақтары).

7.1.12 Қалалық аумақтарды көліктік ұйымдастыру шарттары олардың қайта ұйымдастырылуы және келешекте кеңеюі кезінде өндірістік аумақтардың қажеттіліктеріне сәйкес болуы тиіс.

7.1.13 Жүк көлігі саласында қажетті және жеткілікті шарттар:

- жүк алмасуы аз өндірістік аумақ учаскесі үшін - тәулігіне 2 автомашина немесе жылына 40 тоннаға дейін - аудандық мақсаттағы көшеге жанасу және шығу;
- жүк алмасуы тәулігіне 40 машина немесе жыл ішінде 100 мың тоннаға дейінгі учаскелер үшін - қалалық магистральға жанасу және шығу;
- жүк алмасуы тәулігіне 40 машинадан немесе жыл ішінде 100 мың тоннадан артық учаскелер үшін - теміржол магистраліне жанасу және шығу және қалалық магистральға шығу (өнеркәсіптік аймақтың арнайы ішкі көшелерімен) болып табылады.

7.1.14 Жұмыс істеушілер саны 50 адамнан аспайтын өндірістік кәсіпорындар қоғамдық көлік қызмет көрсететін кез келген аумақта санитарлық нормаларды сақтап орналастырылуы мүмкін.

Жолаушылар көлігі саласында қажетті және жеткілікті шарттар:

- жұмыс істеушілер саны 50-ден 500 адамға дейінгі өндірістік аумақтар үшін - аудандық мақсаттағы көшеге жанасу;
- жұмыс істеушілер саны 500 адамнан асатын өндірістік аумақтар үшін - қалалық магистральға жанасу болып табылады .

7.1.15 Жұмыс істеушілерге арналған объект маңы тұрақтары максималды ауысымда 1000 жұмыс істеушіге 170 автомашина есебінде қарастырылуы тиіс.

Жұмыс істеушілер саны 500 адамнан асатын жағдайда жерүсті деңгейде 25 %-дан аспайтын есептік машина орындарын орналастыруға жол беріледі.

Өндірістік аймақтарына арналған объект маңы тұрақтары зауыт алды аумағында орналасуы тиіс.

7.1.16 Инженерлік қамтамасыз етудің басты көздерінен өндірістік аумақтардың алыстығы инже-

нерлік коммуникациялардың (су құбырлары, газ-, мұнай-, су-, өнімөткізгіштері) ұзындығына және тұтынылатын ресурстардың шамасына қарай қабылданады.

Қуаттылығы 1000 гкал/сағ.-тан артық ЖЭО немесе жылу магистралінің жылутұтынушылығы төмендегідей болатын өндірістік аумақтарға дейінгі арақашықтығын:

5-тен 20 гкал/сағ. дейін -10 км-ден артық емес,

20 гкал/сағ. артық - 5 км-ден артық емес

қабылдау керек.

Сумен жабдықтау көздерінен: қуаттылығы 200 мың.м^3/тәулік су құбыры түйінінен немесе станцияларынан немесе қуаттылығы 100 мың м^3/тәулік кәсіпорындық су құбырынан сутұтынушылығы төменде келтірілген өндірістік аумақтарға дейінгі арақашықтықты:

5-тен 20 мың.м^3/тәулік дейін -10 км-ден артық емес,

20 мың.м^3/тәулік артық - 5 км-ден артық емес

қабылдау керек.

7.1.17 Жұмыс істеушілер саны 2,5 мың адамға дейінгі, ауданы 5 га-ға дейінгі өндірістік аймақтар-дың көгалдандырылатын үчаскелерінің ауданы 1 жұмысшыға 3 м^2 есебінен анықталады.

Магистраль маңы аумақтарында және қала-лық түйін аумақтарында осы көрсеткіш 1 м^2-ге дейін қысқартылуы және оның орны ғимарат ішінде «қысқы» бақтарды құру есебінен толтырылуы мүмкін.

Жұмыс істеушілер саны 2,5 мың адамнан асатын және (немесе) ауданы 5 га артық аумақ үшін көгалдандырылған үчаскелер өлшемдері өндірістік аумақтың 10 %-ынан кем емесін құрауы керек.

Санитарлық-қорғау орман екпелерін орнату кезінде жекелеген өндірістік объектілер арасында ағаштарды ғимараттар мен имараттардан 5 м-ден артық қашықтықта орналастыру керек.

7.1.18 Зираттарды жобалау және олардың санитарлық-қорғау аймақтарын (СҚА) ұйымдастыру ҚР ҚБҚ 1.04-05 талаптарына сәйкес және Астана қаласында жерлеу және зираттарды күтіп-ұстау ережесін ескеріп орындалуы керек. **(Түзету)**.

Жасыл екпелер (ағаштар мен бұталар) ауда-ны зират көлемінің 20 %-ынан кем болмауы тиіс.

7.2 Өнеркәсіптік кластер

7.2.1 Өнеркәсіптік кластерде өнеркәсіп кәсіпорындары және олармен байланысты қосымша және қызмет көрсететін объектілер, сондай-ақ энергетика объектілері, тамақ, ет-сүт өнеркәсібі, кондитер фаб-рикалары, балық және теңіз өнімдерін өңдеу кәсіпо-рындары, гараждар, автобаздар, қоймалар, теміржол кіру жолдары, жүк станциялары және басқа да көлік және инженерлік имараттар орналастырылады.

7.2.2 Өнеркәсіп аймақтары қосалқы аймақтар-ға өнеркәсіп кәсіпорындарының зияндылық класы бойынша санитарлық нормаларға, жайғастыру және қызметтік ерекшеліктеріне (теміржол көлігіне қажет-тілік, жүк алмасу сипаты т.б.) сәйкес бөлінуі мүмкін.

Өнеркәсіп аймақтары (қосалқы аймақтар) құрамында кәсіпорындарды және басқа объектілерді орналастыру кезінде:

- санитарлық сипаттамаларды, жұмыс істеу-шілер санын, жүк алмасу мөлшерін, ұйымдас-тырудың сәулеттік-кеңістік ерекшеліктерін және құрылыс салу кезегін ескеріп жүргізілетін негізгі өндірістер аумақтарын;

жөндеу, құрылыс-пайдалану объектілерін, энергетика объектілерін және басқа инженерлік имараттарды орналастыруға арналған қосалқы өндірістердің аумақтарын;

біріктірілген қоймалық шаруашылықтарды, тауар аулаларын, контейнерлік алаңшаларды, сырт-қы және зауыт ішіндегі көлік объектілерін орналас-тыруға арналған қоймалар және көлік аумақтарын бөліп шығарып, едәуір бөлшектенген аймақтандыру белгіленуі мүмкін.

7.2.3 Өнеркәсіп аймақтарын жайғастыру жобалары мен сұлбаларында уақытша құрылымдар алып жатқан резервті аумақтарды бөлу керек.

7.2.4 Өндірістік объекті аумағына кіру жолы көше жағынан қарастырылуы тиіс, кіру жолының минималды ені 6,0 м-ден кем емес етіп алынады, ені толықтай қатты жабыннан болуы тиіс.

7.2.5 Жүк көтеру-жүк түсіру алаңшаларын ғимарат ішінде немесе биіктігі 1,8 м дуалмен қоршал-ған өндірістік объекті аумағында орналастыру керек.

7.3 Ғылыми-өндірістік кластер

7.3.1 Ғылыми-өндірістік кластердің құрамына терең ғылыми және жоғары технологиялық өнді-рістері бар кешенді кәсіпорындарды енгізу ұсыны-лады: технопарктер, қолданбалы саланың конструк-торлық және жобалау бюролары, тәжірбиелік өндірістері бар, салалық өндіріс негізінде кадрлар-ды дайындайтын оқу орталықтары бар ғылыми мекемелер және санитарлық, экологиялық және өртке қарсы талаптарды сақтап орналастырыла-тын, кәсіпорындарға ғылыми-техникалық (техноло-гиялық) қызмет көрсетумен байланысты басқа да объектілер.

7.3.2 Технопарктің құрамында мына сектор-лар (орталықтар) белгіленеді:

ғылыми - инновациялық жобаларды жасау жөніндегі ғылыми мекемелердің аумақтарын, зерт-теу орталықтары мен конструкторлық бюроларды орналастыруға арналған, олардың құрылыс тығыз-дығының нормативтері 7.3-кестесінде берілген;

оқу - инновациялық жобаларды әзірлеу және іс жүзіне асыру үшін мамандарды дайындайтын оқу орталықтарын орналастыруға арналған;

инновациялар инкубаторы - инновациялық жобалардың басым бағыттарын іздестіруді (зерт-теулерін) жүргізетін және олардың бастапқы дамуын қамтамасыз ететін кіші кәсіпорындар мен фирмалар аймағы;

бизнес - зерттеулер мен әзірлемелердің жемісті дамуына және олардың қысқа мерзімде іс жүзіне асуына мүмкіндік туғызатын іскерлік, қаржылық, ақпараттық, коммерциялық және басқа кәсіпорындарды орналастыруға арналған;

тұрғын - технопарк жұмыскерлері мен олардың отбасыларының тұруына арналған секторлар.

Технопарк осы элементтердің толық жиынты-ғын немесе қызметтік қажеттіліктеріне қарай олар-дың бөліктерін қамтуы мүмкін.

7.3.3 Қаланың қоныстық аумағында, ірі ин-тегралданған ғылыми-өндірістік кластерлерден (бі-лім беру) басқа, ауданы бойынша 5 га-дан ас-пайтын, санитарлық қорғау аймақтарының өлшемі 50 м-ден аспауын талап ететін жергілікті ғылыми-өндірістік аймақтар орналасуы мүмкін.

7.3 к е с т е - Ғылыми мекемелер аумақтарының құрылыс тығыздығының нормативтері

Ғылыми мекемелердің бағыты	Қызметкерлер саны, адам	Учаскелердің құрылыс тығыздығының коэффициенті
Жаратылыстану және техникалық ғылымдар	300 адамға дейін	0,6 - 0,7
	300-ден 1000 адамға дейін	0,7 - 0,8
	1000-нан 2000 адамға дейін	0,8 - 0,9
	2000 адамнан артық	1,2
Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар	600 адамға дейін	1,0
	600 адамнан артық	1,2

Ескертулер

1 Кестенің көрсеткіштері жұмыстың арнайы жағдайларын және тәртібін талап етпейтін (ботаникалық бақтар, обсерваториялар, элементарды бөлшектерді жылдамдатқыштар т. б.) объектілерге қолданылмайды.

2 Полигон, тәжірибелік өрістердің, арнайы қорғау аймақтарының жер учаскелерінің аудандары кестеде көрсетілген құрылыс тығыздығының көрсеткіштері бойынша есептелінетін ғылыми мекемелердің жер учаскелерінің жалпы нормала-рына кірмейді.

3 Зерттеудің табиғи объектілері негізінде қалыптасатын ғылыми және ғылыми-зерттеу аймақтары, технологиялық және санитарлық-гигиеналық шектеулері болмағанда ландшафты-тынысжай аумақтары жүйесіне кіруі мүмкін.

*Учаскелердегі құрылыс тығыздығының коэффициенті – ғимараттың жалпы ауданының олардың аумақтарының ауданына қатынасы

7.4 Коммуналдық-қоймалық кластерлер

7.4.1 Коммуналдық-қоймалық кластер (аймақ) қалалық шаруашылықтың және халықтың қойма-ларға, коммуналды және тұрмыстық қызметтерге және олармен байланысты қызмет көрсететін және қосалқы мекемелеріне қажеттіліктерін қамтамасыз ететін кәсіпорындар топтарын және жеке объектілерді орналастыруға арналған.

Коммуналдық-қоймалық кластердің (аймақ-тың) аумағында жалпытауарлық және арнайы қой-маларды, коммуналдық, көліктік және халыққа тұр-мыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын, сондай-ақ көтерме және ұсақ сауда кәсіпорындарын орналастыру керек.

Халыққа тікелей қызмет көрсетумен байла-нысты емес қойма кешендерінің жүйесін қаланың сыртында, олардың сыртқы, теміржол көлігінің басым түйіндеріне жақындатып орналастыру керек.

Қаланың сыртында, қала маңындағы жасыл аймақтардың ерекше қорғалатын аумақтарында санитарлық, өртке қарсы және арнайы нормаларды сақтап, мемлекеттік резервтер қоймаларын, мұнай және мұнай өнімдерінің қоймаларын, сұйытылған газдар, жарылғыш материалдар қоймасын және қатты әсер ететін улы заттардың базистік қойма-ларын, азық-түлік, фураж және өнеркәсіп шикізат, базистік қоймаларын, ағаш тасымалдау базаларын, ағаш және құрылыс материалдарының базистік қоймаларын бөліп жайғастыруды қарастыру керек.

7.4.2 Коммуналды-қоймалық кластердің құра-мына кіретін кәсіпорындар мен объектілер топтарын технологиялық және санитарлық-гигиеналық талап-тарды, ортақ объектілерді қосылып пайдалануды, қуаттарды бірте-бірте қосуды қамтамасыз етуді ескеріп орналастыру керек.

7.4.3 Кәсіпорындар топтарының алаңшалары: - әкімшілік-техникалық және тұрмыстық объекті-лерін (қосалқы ғимараттар, қоғамдық және жеке көлік тұрақтары, зауыт алдындағы алаңшалар, демалыс және спортпен шұғылдану алаңшалары және басқалары);

негізгі өндірістердің ғимараттар мен имараттарын;

көмекші мақсаттағы объектілерді (тоңазытқыш компрессорлы, үйлестіргіш құрылғылар, материалдық қоймалар, қаптауды қоймалауға арналған алаңшалар, тазарту имараттары т. б.);

ерекше санитарлық режімдегі объектілерді (артезиандық ұңғымалар және су тарқыш, өндіріс қалдықтарын жинау) орналастыруға арналған учаскелерге бөлінеді.

7.4.4 Қасалған учаскелерде қоймаларды қай-тақұрылымдау және кеңейту кезінде жалпытауар-лық қоймалардың көп қабатты ғимараттарын сал-ған жөн.

Бір қабатты сауда-қоймалық ғимараттарды қызметтік жағынан ұқсас кәсіпорындармен (көкөніс-тер мен жемістерді сақтайтын, үйлестіргіш тоңа-зытқыштармен) блоктау ұсынылады, ол құрылыс-тың жоғары тығыздығын және коммуналдық-қойма-лық кластер аумағының салыстырмалы шығынын қамтамасыз етуі мүмкін.

7.4.5 Әр түрлі қызметтегі қоймалардың жер учаскелерінің аданы мен көлемдерін бір адамға 2 $м^2$ есебімен көп қабатты қоймалардың құрылысын ескеріп қабылдауға жол беріледі.

Жер учаскелерінің көлемдерін, аудандарын, жемістер мен жидектерді, отын мен құрылыс материалдарын сақтауға арналған жалпытауарлық және арнайы қоймалардың сыйымдылығын ұсынылған 7.4, 7.5, 7.6-кестелеріне сәйкес қабылдау ұсынылады.

с к е р т у - Картоп, жеміс және жидек сақ-тағыштарға арналған санитарлық-қорғау аймақтарының көлемдерін 50 м етіп алу керек.

7.4 к е с т е - 1 мың адамға шаққандағы жалпытауарлар қоймалары жер учаскелерінің ауданы және өлшемдері

Жалпытауарлар қоймалары	Қоймалар ауданы, $м^2$	Жер учаскелерінің аудандары, $м^2$
Азық-түлік тауарлардың	77	310 210
Азық-түлік емес 217 490 тауарлардың		740

Алымында бір қабатты қомалар үшін, алымында көп қабатты қоймалар үшін нормалар келтірілген

Ескертулер

1 Арнайы топтар құрамындағы жалпы тауарар қоймаларын орналастыру кезінде жер учаскелерінің өлшемдерін 30 %-ға қысқарту ұсынылады.

2 Мерзімінен бұрын тауарлар жеткізетін аймақтар-да жер учаскелерінің өлшемдерін 40 %-ға дейін үлкейту керек.

7.4.6 Уақытша ғимараттар мен имараттар (құрылыс материалдарын және жабдықты сақтау, құ-рылыс мақсатындағы уақытша имараттар, салынып жатқан жылжымайтын мүлікті сату кеңселері) белсенді құрылыс ұзақтығынан, бірақ 1 жылдан аспайтын іске асыру қызметтерін жүзеге асыру кезеңінен кейінгі кезеңдерде пайдаланылады.

7.5 к е с т е - 1 мың адамға шаққандағы арнайы қоймалардың жер учаскелерінің сыйымды-лығы мен өлшемдері.

Арнайы қоймалар	Қоймалар дың сыйым-дылығы, т	Жер учаскелері нің аудан-дары, м^2
Үлестіргіш тоңазытқыштар (ет және ет тағамдарын, балық және балық тағамдарын, май, жануар майын, сүт тағамдарын және жұмыр-қаларды сақтау үшін)	27	190 70
Жеміс сақтағыштар	17	
Көкөніс сақтағыштар	54	1300 610
Картоп сақтағыштар	57	

* Алымында бір қабатты қоймалар үшін, бөлімінде көп қабатты қоймалар үшін нормалар келтірілген

Е с к е р т у - Картоп, жеміс және жидек өсіретін және дайындайтын аудандардағы қоймалардың сыйым-дылығы және тиісінше жер учаскелері аудандарының өл-шемдері 0,8 коэффициентімен қабылданады.

7.4.7 Өндірістік объектілер қоршауларының биіктігі бас қабет жағынан және көшелер жағынан - 1,0 м, бүйірлі және артқы қасбеттерден -1,8 м.

7.6 к е с т е - 1 мың адамға шаққандағы құрылыс материалдары мен қатты отын қоймала-рының жер учаскелерінің аудандары

Қоймалар	Жер учаскелерінің аудандары, м^2
Құрылыс материалдарының қоймалары (тұтынушылық)	300
Қатты отын қоймалары көбінесе төмендегілерді пайдаланып:	
көмір	300
ағаш	300

Ескертулер

1 IV климаттық аудан үшін қатты отын қоймала-рының жер учаскелерінің аудандарын 0,6 коэффициен-тімен қабылдау керек.

2 Қоймалардан және коммуналды объектілерден санитарлық-қорғау аймақтарының өлшемдерді Өндірістік объектерін жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемио-логиялық талаптарына сәйкес қабылдау керек.

7.5 Өндірістік аймақтың қала құрылыстық жіктелуі

Өндірістік аумақтардың қалақұрылыстық жіктелуі келесі сипаттамалар және параметрлер бойынша жүргізіледі:

7.5. I, II, III, IV, V класты аумақтарда орналасқан өндірістердің зияндылық класы бойынша (зияндылықтың азаюына қарай). Зияндылық класы және оған сәйкес келетін өндірістік аймақтардың санитарлық-қорғау аймағының өлшемі Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық та-лаптар бойынша белгіленеді. (**Түзету**)

7.5.2 Алып тұрған аумақ ауданы бойынша:

25,0 га-ға дейін - учаске;

25,0 га-дан артық - аймақ.

7.5.3 Аумақты пайдалану қарқындылығы бойынша:

Құрылыс тығыздығы, мың м^2/га	25 - 30;	10 - 20;	10 т. м^2/га кем
Құрылыспен толтыру пайызы (%)	30-40	40-50	-

7.5.4 Жұмыс істеушілер саны бойынша:

50 адамға дейін;

50-ден 500 адамға дейін;

500 адамнан артық.

7.5.5 Екі жүк ағынының үлкеніне қарай жүк алмасу көлемі бойынша - келу немесе кету:

Автомобильдер/ тәулік	2-ге дейін;	2-ден 40-қа дейін;	40-тан артық.
Жыл ішінде мың тонна	40-қа дейін	40-тан 100 мыңға дейін.	100 мыңнан артық.

7.5.6 Тұтынылатын ресурстар шамасы бойынша:

Су тұтыну 1000 м^3/тәулік)	5-ке дейін;	5-тен 20-ға дейін;	20-дан артық
Жылу тұтыну (Гкал/сағ)	5-ке дейін	5-тен 20-ға дейін;	20-дан артық

8 Тынысжай және қала маңы аймақтары

8.1 Қала және қала маңы аумақтарының тынысжай аймақтары

8.1.1 Тынысжайлық қызмет Астана қаласы-ның табиғи кешені (ТК) аумақтарында атқарылуы мүмкін.

Тынысжай аумақтарының шекарасы ТК аумақтарын сақтау және дамыту сұлбасы, бекітілген Астана қаласының аумақтық аймақтарын дамыту-дың қала құрылыстық жоспары негізінде белгіленеді.

Астана қаласының ТК-нің барлық аумақ-тарында орналасқан жасыл көшеттерді қорғауды жүзеге асыру қажет.

8.1.2 ТК-нің ерекше қорғалатын табиғи аумақ-тарында (дендрологиялық саяжай, ботографиялық-мемориалдық саябақ, экологиялық дәліз, шабын-дықтар, су қоймалары, су қорғау аймақтары және т.б.) кез келген жобалау қызметі аумақ дәрежесіне және қала құрылысы қызметін қорғау мен реттеудің ерекше тәртібіне сәйкес атқарылады.

8.1.3 ТК-нің көгалдандырылған аумақтары - қала құрылыстық нормалау объектілері - тұрғын, қоғамдық, өнеркәсіптік құрылыстың құрамындағы саябақтар, баулар, шағынгүлбақтар, желекжолдар, жасыл көшеттер аумақтары түрінде көрсетілген.

8.1.4 Саябақтар - көпқызметті немесе маман-дандырылған бағыттағы көркейту жүйесі дамытыл-ған тынысжайлық қызметтің көгалдандырылған аумақтары, халықтың мезгіл-мезгіл жаппай демалуына арналады.

Саябақ аумағының шамасы қайта құрылым-дау жағдайында қолданыстағы қала құрылыстық жағдаймен анықталады.

8.1.5 Саябақтар мен бақтарды орналастыру барысында жасыл көшеттері және су қоймалары бар учаскелерде барынша сақтау керек.

8.1.6 Аумақтық белгілеріне қарай саябақтар келесі топтарға бөлінеді:

қалалық (қала аумағында орналасқандар);

қала маңы (қала маңы аймағы аумағында орналасқандар).

8.1.7 Қоғамдық маңызына қарай саябақтар қаланы көгалдандыру жүйесінің басты þлементі болып табылады және келесілерге бөлінеді:

қалалық маңызды саябақтар;

аудандық маңызды саябақтар.

8.1.8 Қызметтік мақсаттағы қала саябақтары келесі топтарға бөлінеді:

көпқызметтік және мамандандырылған (серуендік, тыныш демалыс, спорттық, ойын-сауық, балалар саябағы және т. б.) болып бөлінетін тынысжай саябақтары;

ғылыми-танымдық саябақтары (зоология-лық, ботаникалық, тәлімбақ саябақтар, көрмелік, þтнографиялық);

мемориалдық саябақтар - тарихи, әскери-тарихи;

қорықтық саябақтар (тарихи, бақ-саябақ өнері ескерткіштері және т. б.).

емдеу мекемелерінің саябақтары.

8.1.9 Бақ - ауданы, ереже бойынша, 2 га-дан 5 га аралығында құрауы тиіс тынысжайлық қызмет түрлерінің шектелген жиынтығы, негізінен, ха-лықтың қыдыруына және күнделікті тыныш дем-алуына арналған көгалдандырылған аумақ.

Бақтың аумағының ауданы қайта құрылымдау жағдайларында қолданыстағы қала құрылыстық ахуалмен анықталады.

8.1.10 Желекжол - көшелер мен өзендер бойында орналасқан, транзиттік жүргіншілер қозға-лысына, қыдыруға, күнделікті демалысқа арналған, ені 15 м-ден кем емес сызықтық пішінді көгалдан-дырылған аумақ.

Желекжолдың ені мен ұзындығы арасындағы минималды қатынасты 1:3-тен кем емес етіп алу қажет.

8.1.11 Шағынгүлбақ - ауданы 0,5 га-дан 2,0 га-ға дейін құрайтын күнделікті азуақытты демалысқа және транзиттік жүргіншілер қозғалысына арналған көгалдандырылған шағын аумақ.

8.1.12 Жағалау жолақтары (спортпен шұғылдану мен демалысқа мүмкіндіктер тудыратын өзендер және басқа су қоймаларынікі) тынысжай-лық-көңіл көтеру мақсатындағы қайық павильон-дарымен және шағын жүзу құралдары жинағымен, сондай-ақ, балық аулауға арналған пирстермен жабдықталуы тиіс.

8.1.13 Айналма алаңша - қарқынды жүргін-шілер ағыны бар көшелерге және/немесе көліктік ауысып мінетін түйіндерге тікелей жанасатын қоғам-дық мақсаттағы көгалдандырылған ашық алаңша.

8.1.14 Иттерді қыдыртуға арналған аумақтар - дене тәрбиесін дамытуға және жаттығуларға арналған оқшауланған және көгалдандырылған аумақтар.

8.1.15 Саябақтар аумағының аудандары 1 келушіге шаққанда 60 м² есебінен алу керек , бірақ төмендегіден кем болмауы тиіс:

қалалық саябақтар - 15 га;

жоспарланған аудандардың саябақтары - га:

-тұрғын аудандардың саябақтары- 5 га.

Тұрғындардың жалпы санынан алынған қала саябақтарына келу пайызы қала үшін жазғы дема-лыс күнінде 14-15 %-ды құрайды, жазғы мерзімнің 30 %-ы қысқы және көктемгі маусымдарды құрайды, бірақ төмендегіден кем болмауы тиіс:

қалалық саябақтар - 15 га;

жоспарланған аудандардың саябақтары - 10 га:

тұрғын аудандардың саябақтары- 5 га.

8.1.16 ТК-нің көгалдандырылған аумақтарында:

- жасыл көшеттер, көркейту элементтері, имараттар мен құрылыс орналасқан аумақтардың арақатынасы;

рұқсат етілетін құрылыс габариттері мен оның мақсаты;

жасыл көшеттерден ғимараттарға, имарат-тарға, коммуникацияларға дейінгі ара қашықтық мөлшерленеді.

8.1.17 Қалалардың құрылысы шеңберіндегі көгалдандырылған және басқа ашық кеңістіктер аумақтарының меншікті салмағы 40 %-дан, ал тұрғын ауданы аумағы шекарасында 25 %-дан кем болмауы (ықшамаудан мен кварталдардың көгалдандырылған аумақтарының қосылған ауда-нын қоса) тиіс және бір адамға шаққанда 19 $м^2$-ден кем болмауы тиіс

8.1.18 Тұрғын және қоғамдық аймақтарда орналасатын жалпы қолданыстағы көгалданды-рылған аумақтардың (саябақтардың, бақтардың, шағынгүлбақтардың, желекжолдардың және т. б.) ауданын төмендегідей есеппен қабылдау қажет:

жалпықалалық саябақтар - бір адамға шаққанда10 $м^2$

тұрғын аудандардың саябақтары - бір адам-ға шаққанда 6 $м^2$.

желекжолдар, шағынгүлбақтар, плазалар, қысқы жабық бақтар - бір адамға шаққанда 2,5 $м^2$

балалар саябақтарын бір адамға шаққанда 0,5 $м^2$ есебінен қабылдауға жол беріледі.

8.1.19 Жалпы қолданыстағы көгалдандырыл-ған аумақтар көркейтілген және шағын сәулет пішіндерімен (субұрқақтармен және хәуіздермен, баспалдақтармен, еңістермен, тіреуіш қабырғалар-мен, сұхбатжайлармен, шамдармен және т.б.) жабдықталуы тиіс. Шамдар санын аумақтарды жа-рықтандыру нормаларына сәйкес анықтау қажет.

8.1.20 Ландшафтық-тынысжайлық аумақтардың жол торабын (жолдар, аллеялар, соқпақ жолдар) жүргіншілердің негізгі қозғалу жолдарына сәйкес және тоқтау орындарына, ойын, спорттық алаңшаларға, газет, кәдесый, гүл және басқа сататын жылжымалы сауда нүктелеріне дейінгі ең қысқа арақашық-тықтарды анықтауды ескере отырып, мүмкіндігінше минималды еңіспен трассалау қажет.

Соқпақ жолдың ені халықтың аз әрекетті топтарының мұқтаждықтарын ескере отырып, 0,75 м-ге (бір адамның қозғалу жолағының ені) еселі болуы тиіс.

Ландшафтық-тынысжайлық аумақтың шеңберіндегі демалыс алаңшаларының, қыдыру жолдарының жамылғысы ретінде жалпы ауданы аумақтың 30 %-ынан кем емес болатын тақтайшаларды, қиыршықтасты және басқа берік минералды материалдарды, соның ішінде көгалды-керегеторлық жабылғыларды қолдану қажет.

8.1.21 Саябақ аумағында келушілерге қызмет көрсетуге және саябақты пайдалануға арналған биіктігі 8 м-ден аспайтын ғимараттарды салуға рұқсат етіледі; саябақтық имараттар-аттракциондардың биіктігі шектелмейді.

Құрылыс ауданы саябақтардың аумағының 7 %-ынан аспауы тиіс.

8.1.22 Ғимараттардан, имараттардан, сондайақ, инженерлік коммунукация объектілерінен ағаштар мен көшеттерге дейінгі ара қашықтықты 8.1-кестесіне сәйкес қабылдау қажет.

8.1.23 Саябақ аумағы ўлементтерінің ара қатынасын 8.2-кестесіне сәйкес қабылдау қажет.

8.1.24 Көпқызметті саябақ аумағын қызметтік ұйымдастыру пайдалану түрі басым келесі аймақтарды қамтиды:

- көпшіліктік және мәдени-ағарту шаралары;
- денешынықтыру-сауықтыру;
- балалар демалысы;
- қыдыруға арналған;
- шаруашылықтық.

Саябақ аумағындағы аймақтардың пайыздық қатынасын 8.3-кестеге сәйкес қабылдау қажет.

8.1 кесте - Құрылыс объектілерінен жасыл көшеттерге дейінгі минималды ара қашықтықтар

Имараттар, ғимараттар, коммуникациялар	Өсімдіктің осіне дейінгі қашықтық, м	
	ағаштың	көшеттің
1 Ғимараттар мен имараттардың сыртқы қабырғаларынан	5,0	1,5
2 Мектеп ғимараты немесе бала бақшасы ғимаратының сыртқы қабырғаларынынан	10,0	1,5
3 Трамвай жолдарының осьтерінен	5,0	3,0
4 Жаяужолдар мен бақ сүрлеулерінен	0,7	0,5
5 Жүру бөлігінің, көшенің, бекітілген жолақтардың жиегінен; жол жағасы мен арналар жиегінен	2,0	1,0
6 Трамвайдың, галереялар мен ўстакадалар бағанасынан, жарықтандыру желі діңгектері мен тіректерінен	4,0	-
7 Құламалар, террасалар және т.б. табандарынан	1,0	0,5
8 Тіреуіш қабырғалардың табаны және ішкі қырынан	3,0	1,0
9 Жер асты тораптарынан:		
- газөткізгіштен, канализациядан	1,5	-
- жылуқұбыры торабынан	2,0	1,0
- су құбырынан, құрғатқыш тораптан	2,0	-
- күш кабелінен және байланыс кабелдерінен	2,0	0,7

Ескертулер

1 Келтірілген нормативтер сұлба диаметрі 5 м-ден үлкен емес ағаштарға қатысты және тиісінше сұлбасы үлкен диаметр иеленген ағаштар үшін арттырылуы тиіс.

2 Ғимараттардың, имараттардың, балалар мекемелерінің сыртқы қабырғалары жанында жасыл көшеттерді отырғызу кезінде инсоляция мен табиғи жарықтандырудың нормативтік деңгейлерін ескеру және сақтау қажет.

3 Электрберілістерінің әуе жолдарынан ағаштарға дейінгі қашықтықты ўлектр қондырғыларын орнату ережелеріне сәйкес қабылдау қажет.

8.2 к е с т е - Саябақ аумағы ўлементтерінің ара қатынасы

Нормалау объектісі	Аумақ ўлементтері, жалпы ауданның %		
	Жасыл көшеттер мен су қоймалары	Аллеялар, сүрлеу жолдар, алаңшалар	Имараттар мен құрылыс
Саябақ	65- 70	28-25	7 - 5

Е с к е р т у - Су қоймаларының ауданын саябақтың жалпы аумағынан 1 - 2 %-дай қабылдау қажет.

8.3 к е с т е - Көпқызметті саябақ аумағын қызметтік ұйымдастыру

Саябақтың қызметтік аймақтары	Саябақ аумақтары, саябақтың жалпы ауданының %	Аудан нормасы, келуші басына м^2
1 Мәдени-ағарту шаралары	3 - 8	10-20
2 Балалар демалысы	5-10	80 - 170
3 Көпшіліктік шаралар (көріністер, аттракциондар және басқа)	5-17	30-40
4 Денешынықтыру-сауықтыру шаралары	10-20	75 - 100
5 Қыдыруға арналған	75-40	200
6 Шаруашылықтық	2 - 5	-

8.1.25 Қысқы мерзімде саябақтарды жақсы-рақ пайдалану үшін жыл бойы қызмет көрсету ме-кемелерін (мәдени-ағартушылық, көріністік, жалға беру және тамақтану орындарын) негізгі кірулердің жанында орналастыру қажет.

Саябаққа кіретін орынның ара қашықтығын м-ден ұзын болмайтындай етіп қабылдау қажет.

8.1.26 Тынысжайлық аймақтар аумақтарында уақытша авто-бар, авто-бейне және т.б. қозғалмалы көңіл көтеруге арналған, танымдық объектілерді қарастыру қажет.

8.1.27 Саябаққа келушілерге арналған автотұрақтарды оның аумағынан тыс, бірақ кіретін жерден 400 м-ден алыс емес жерде қарастыру қажет және бір уақытта келген 100 келушіге 7 - 10 машина-орыннан кем емес есебінен алдын ала жобалау қажет.

Бір орынға шаққандағы автотұрақтардың жер учаскелерінің аудандарын:

жеңіл автомобильдер үшін - 25 $м^2$;

автобустар үшін - 40 $м^2$;

велосипедтер үшін - 0,9 $м^2$ етіп алу қажет.

Көрсетілген шектерге кіре беріс және жасыл көшеттер жолақтарының аудандары кірмейді.

Эстетикалық және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес автотұрақтарды көгалдық керегетордан жасау және жасыл көшеттер жолақ-тарымен бөліктерге бөлу ұсынылады.

8.1.28 Саябақтың шаруашылықтық ауласы-ның ауданы саябаққа бір уақытта түсетін ауыртпа-лыққа сәйкес бір келушіге 0,2 $м^2$ есебімен анық-талады. Ауданы 100 га-дан жоғары саябақтарда гүлдік-өсімдікжайлық шаруашылықты ұйымдасты-руға болады.

8.1.29 Тұрғын аудан саябағын жобалау кезінде одан 1200 м ара қашықтықтан аспайтын жердегі аудан тұрғындарының келуіне мүмкіндікті қамтамасыз ету қажет. Тұрғын құрылысы мен саябақ массивінің жақын жиегі арасындағы ара қашықтықты 30 м-ден кем емес етіп алу қажет.

Тұрғын аудан саябақтары мен ықшамаудан-ның іргелес аумақтарында өлшемдерін қаланың 20000 тұрғынына 0,4 га есебінен алынатын иттер мен басқа үй жануарларына қызмет көрсететін және оларды қыдыртатын алаңшалардың болуын қарастыру керек.

8.1.30 Табиғи кешендерде қалалық және аудандық маңыздары бар саябақтармен қатар өлшемдері жобалау тапсырмасына сәйкес қабыл-данатын мамандандырылған (балалар, спорттық, су, көрмелік, зоологиялық және басқа) саябақтардың, ботаникалық саябақтардың, гүлдік-өсімдікжайлық шаруашылықтардың болуын қарастыру қажет.

Арнайы саябақ аумағын қызметтік және жайғастыру бойынша ұйымдастыру оның пайда-лану мақсатына сәйкес жүргізіледі.

8.1.31 «Боз оқ» қаласының (ұтно-мемориал-дық саябақтың) ауданында және басқа табиғи ланд-шафтардың сақталу деңгейі жоғары ұстетикалық және танымдық құндылығы бар аумақтарда ұлттық және табиғи саябақтар қалыптастыру қажет.

Этно-мемориалдық саябақтың және ТК-нің сәулеттік-кеңістігін ұйымдастыруда олардың аумақ-тарын қорықтық-тынысжайлық және тынысжайлық аймақтарды бөліп, ғылыми, мәдени-ағарту және ты-нысжайлық мақсаттарда пайдалануды ескеру қажет.

8.1.32 Бақ аумағында келушілерге және бақ аумағына қызмет көрсетуге қажетті биіктігі 6 - 8 м-ден аспайтын, ал жалпы құрылыс ауданы бақ аума-ғының 5 %-ынан аспайтын ғимараттарды (кафе, павильондар, шаруашылық құрылыстарын) салуға болады.

8.1.33 Қалалық бақ аумағының ұлементтері арақатынастарын 8.3-кестесіне сәйкес қабылдау қажет.

Қалалық бақ аумағын ұйымдастырудың қызметтік бағытын жанында орналасқан қоғамдық аумақтардың, ғимараттардың, кешендердің, объек-тілердің мақсаттарына сәйкес қабылдау ұсыны-лады. Барлық жағдайда бақ аумағында серуендеуге арналған қызмет басым болуы тиіс.

Ықшамауданды жобалау кезінде жалпы қолданыстағы көгалдандырылған аумақтарын 400 м ара қашықтықты құрайтын ықшамаудан тұрғын-дарының келуіне мүмкіндікті қамтамасыз ете отырып, ықшамаудан бағы ретінде қалыптастыру ұсынылады.

Ықшамаудан бағы үшін тұрғын құрылысы учаскелерінің нормативтік тығыздығы 20 мың $м^2$/га жағдайында 8.4-кестесінде келтірілген бақ аумағы-ның ұлементтері қатынасының көгалдандыру пайызының төмендеу және сүрлеу жолдар мен алаңдардың ауданының көбею жағына қарай өзгеруіне жол беріледі, бірақ 20 %-дан көп емес.

8.4 к е с т е - Бақ аумағы ұлементтерінің арақатынастары.

Нормалау объектісі	Аумақ ұлементтері жалпы ауданның %		
	Жасыл көшеттер мен су қоймалары	Аллеялар, сүрлеу жолдар, алаңшалар	Имараттар мен құрылыс
Бақ	80-90	15-8	5 - 2
Ескерту - Су қоймаларының аудандарын бақтың жалпы аумағының 1 %-ынан кем емес етіп қабылдау қажет.			

8.1.34 Желекжол. Желекжолдың ені 25 м-ден кем болғанда ені 3 - 6 м бір аллеяны орналас-тыруды, ені 25 м-ден ұзын желекжолдарда негізгі аллеяға қосымша ені 1,5 - 3 м сүрлеу жолдар жасауды, ені 50 м-ден ұзын желекжолдарда қоршаған ортаның сапасы параметрлерінің гигиена талаптарына сәйкес болған жағдайда спорт алаң-дарын, су қоймаларын, тынысжайлық қызмет көрсе-ту объектілерін (павильондар, кафе), балалардың ойын кешендерін, веложолдарды және шаңғы трасса-ларын орналастыруға болады. Құрылыс биіктігі 6 м-ден жоғары болмауы тиіс.

8.1.35 Желекжолға кіру жүйесі оның ұзын жақтарынын 250 м-ден аспайтын қадаммен жасала-ды, ал қарқынды қозғалысты көшелерде - жүргінші-лер өткелімен үйлестіріледі.

Тұрғын көшелердің бойымен желекжол жола-ғы енін 15 м-ден 30 м-ге дейін болатындай жобалау қажет

Желекжол аумағы ұлементтерінің арақатына-старын 8.5-кестеге сәйкес еніне байланысты қабылдау қажет.

8.1.36 Желекжолдар мен жаяу жүргіншілер аллеяларын жаяу жүргіншілердің жаппай қозғалыс ағысы бағытында алдын ала ескеру қажет.

Жележолдың орналасуын, оның ұзындығы мен енін, сондай-ақ, көшенің көлденең пішініндегі орнын көше мен оның құрылысының сәулеттік-жоспарлық шешімін ескере отырып анықтау қажет.

Желекжолдар мен жаяу жүргіншілер аллеяларында азуақытты демалысқа арналған алаңшалар қарастыру қажет.

8.5 к е с т е - Желекжол аумағы ұлементтері-нің арақатынастары

Нормалау объектісі	Аумақ ұлементтері , жалпы ауданның %		
	Жасыл көшеттер мен су қоймалары	Аллеялар, сүрлеу жолдар, алаңшалар	Имараттар мен құрылыс
Желекжол ені:			
15 -25м	70-75	30-25	-
25 -50м	75-80	23-17	2 - 3
50 м ұзын	65-70	30-25	5 көп емес

Бір ұзына бойына аллеялары бар желек-жолдардың ені төмендегіден кем болмауы тиіс:

көше осі бойынша -18 м;

көшенің бір жағындағы жүру бөлігі мен құрылыс арасындағы -10 м.

8.1.37 Шағынгүлбақ. Шағынгүлбақ аумағында құрылыс салуға тыйым салынады.

Шағынгүлбақ аумағы ұлементтерінің арақатынастарын 8.6-кестесіне сәйкес қабылдау қажет.

8.6 к е с т е - Шағынгүлбақ аумағы ұлементте-рінің арақатынастары

Нормалау объектісі	Аумақ ұлементтері, (жалпы ауданнан %)	
	Жасыл көшеттер мен су қоймалары	Аллеялар, сүрлеу жолдар, алаңшалар, шағын сәулет пішіндері
Шағынгүлбақ: - қала көшелері мен алаңдарда	60-75	40-25
- тұрғын аудандарында, тұрғын көшелерде, үйлер арасында, бөлек ғимараттардың алдында	70-80	30-20

8.1.38 Жағалау жолақтары. Жағалау жолақтарының аудандары қала құрылыстық нормалар-дың талаптарына сай аллеялармен, қоршаулармен, ұлектржарықтандыру құралдарымен, орындықтар-мен, дүңгіршектермен, ландшафттық сәулетпен және қала құрылыстық нормалар талаптарына сәйкес басқа мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілермен абаттандырылуы қажет.

8.1.39 Жағалау жолағының құрылысы мына-ларды:

Есіл өзені үшін 35,0 м-ден кем емеске және Ақбұлақ және Сарыбұлақ өзендері үшін 20,0 м-ден кем емеске тең минималды шегіністі және басқа су қоймаларынан шегіністі су қорғау жолағы жобасына сәйкес болуын;

жағалау жолағының жайғастырушы көркейту ұлементтерінің іргелес құрылыстың жоспарлық құрылымымен байланысын алдын ала ескеруді;

ландшафттық қалқандау әдісімен жағалау жолағы бойында орналасқан гидротехникалық имараттардың ұстетикалық қабылдау көрінісін қамтамасыз етуді ;

жағалау жолағын көгалдандыру жолымен халықты көшкіндерден қорғау қауіпсіздік шара-ларын қарастыру қажет..

8.1.40 Айналма алаңша келесілерді иеленуі тиіс:

қалың көпшіліктің кез келген уақытта келу мүмкіндігін:

алаңшаның бүкіл ені бойына келушілерге кедергісіз кіруін;

400,0 м^2-ден кем емес ауданды;

аумақты көгалдандыру немесе аква-ұлемент-терді құрайтын жалпы ауданның 30%-нан кем болмауын;

төмендегідей есептен шыға отырып, жасыл көшеттердің тығыздығын былай қарастыру керек:

1) ауданы 400,0 м^2-ден 1200,0 м^2-ге дейін болған жағдайда 100,0 м^2-ге 1 ағаштан кем болмауы керек;

2) ауданы 1200,0 м^2-ден көп болған жағдайда 200,0 м^2-ге 1 ағаштан кем болмауы тиіс.

Айналма алаңша аумақтары ашық кеңістік-терде көркемсурет өнері шығармалары ұкспози-цияларын, сауда нүктелерін және т. б. орналастыру мүмкіндігімен көркейтілуі және көгалдандырылуы тиіс.

8.1.41 Айналма алаңшаларда жүргіншілер байланыстары болуы керек және көшеге пери-метрінің 25 %-нан кем болмайтындай жанасуы тиіс.

Ұзын және тар кеңістіктер болмауы үшін айналма алаңшаның ұзындығы оның енінің ұзын-дығынан 3 еседен аспауы тиіс.

Айналма алаңшалар халықтың аз әрекетті топтарына арналған нормалар талаптарын ескеріп жобалануы тиіс.

Айналма алаңшаның орналасу деңгейі жанасатын жаяужолдардың деңгейімен салыстыр-ғанда 1 м-ден аспауы тиіс.

Айналма алаңшалар күнгей жақтарға (оңтүс-тікке, шығысқа немесе батысқа) бағытталуы тиіс.

8.1.42 Тұрғын ауданда қарастырылатын ит-терге арналған аумақтар алаңшалармен және тәрбиелік-жаттығу сабақтарын өткізуге арналып жабдықталған, оқшауланған, көгалдандырылған учаскелер болып табылады.

Ықшамауданда (кварталдарда) қарастырыла-тын иттерді қыдырту үшін қызмет көрсететін аумақтар оқшауланған, көгалдандырылған, серуен-дейтін жолдары бар алаңшалармен жабдықталған аумақ болып табылады.

8.1.43 Иттерді қыдыртуға арналған алаңша-лармен қамтамасыз етілу нормалары 8.7-кестеде берілген.

8.1.44 Тұрғын, қоғамдық, өндірістік құрылыс учаскелеріндегі көгалдандырылған аумақтарды 5.1.3, 6.1.9, 7.1.17-тармақтары және 6-тармақтың 6.5-кестесіне сәйкес жобалау керек.

8.2 Қала маңы аймақтары

8.2.1 Қала маңының аймақтары Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен қабылдан-ған Астана қаласын әлеуметтік-þкономикалық дамы-тудың 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қалыптасады.

Қала маңы аймағын жайғастыру құрылымымен ажырамай байланысқан және ортаны қорғау, þкологиялық, санитарлық-қорғау, тынысжайлық қызмет-терді және шаруашылық қызметті атқаратын түрлі қызметтік қолданыстағы аумақтарды қамтитын бүтін үздіксіз қала құрылысы жүйесі ретінде қарастыры-лады.

8.7 к е с т е - Иттерге қызмет көрсетуге және оларды қыдыртуға арналған алаңшалармен қамта-масыз етілу нормалары.

№№ р/с	Аумақ атауы	Құрылыс тығыздығы төмендегідей кезіндегі (кв.м) иттерді қыдыртуға арналған алаңшалар (га)					
		20 000 - 30 000		10 000 - 20 000		5000- 10 000	
		Объект	Ауданы	Объект	Ауданы	Объект	Ауданы
1	Тұрғын аудан	*	0,1-1,0	*	0,4-0,6	*	0,03-0,28
2	Ықшам аудан (кварталдар)	-	0,1-1,0	-	0,4-0,6	-	0,02-0,2
3	Тұрғын топтар (кварталдар)	-		-		-	0,02-0,08

8.2.2 Астана қаласының қала маңы аймақтары қала құрылысы қызметін реттеудің ерекше аймақ-тарына жатады. Қала маңы аймақтарының шекара-лары, сондай-ақ олардың құрамындағы ерекше қорғалатын аумақтар Астана қаласының қала маңы аймақтарын жайғастыру жобасымен анықталады.

8.2.3 Қала маңы аймақтарының аумақтарын-да ерекше қала құрылыстық реттеуге мыналар жатады:

облысқа бағынатын қалалар мен мекендер;

қаланың жасыл қорының жерлері (орман саябағы аймағы түріндегі жасыл белдеу), сондай-ақ, азаматтар мен заңды тұлғаларға, жалға, ақысыз пайдалануға және аз уақытқа пайдалануға, соның ішінде ауылшаруашылық кәсіпорындарына берілген жасыл қордың учаскелері;

су қоймалары, батпақтар, елдің ауызсу, сауықтыру, мемлекеттік және қоғамдық табиғатты қорғау қажеттерін өтеуге пайдаланылатын су қоймаларының су бұру жолақтарына (жағажайларда) берілген жерлер алып жатқан су қоры жерлерінің бөлігі, сондай-ақ, қала құрылыстық маңызы бар аймақтардан тыс жерлердегі барлық су объектілері;

- табиғи-қорықтық, табиғатты қорғау, тыныс-жайлық, сауықтыру мақсатындағы жерлер;

ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер;

көптеген тарих және мәдениет ескерт-кіштерін қамтитын, тарихи орнығу жүйесін сақтап қалған ауылдық елді мекендер (аудандар);

қалалық елді мекендерден тыс тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер;

жасыл қорға енетін және енбейтін, жасыл массив учаскелері бар өнеркәсіп, көлік, байланыс, радиохабар, теледидар, информатика, және космостық қамтамасыз ету, қорғаныс кәсіпорындары және басқа мақсаттағы жерлер, сондай-ақ, су қойма-лары, ағын сулар, ағаш-көшеттік өсімдіктер учаскелері;

мемлекеттік қор жерлері.

8.2.4 Қала маңының жасыл аймақтарын пай-далану режімдері Астана қаласының табиғи кешенін қалыптастыратын оның негізгі аймақтары мен аумақтарын қамтитын қала құрылыстық аймақ-тандыруын және жайғастырылуын ұйымдастыруды ескеріп анықталады:

табиғатты қорғау аймақтары;

тарихи-сәулет ескерткіштері аумақтары және оларды қорғау аймақтары;

тынысжайлық аймақтар;

қорықтар;

азқабатты құрылысты орналастыру ареалдары;

бағалы ландшафтарды қорғау аймақтары;

су қорғау аймақтары және ауызсуды қамта-масыз ету көздерін санитарлық қорғау аймақтары;

бағалы тарихи ауылдық орнығу жүйелері;

ауылшаруашылыққа пайдаланылатын жер.

8.2.5 Қала маңының жасыл аймақтары аумақтарындағы шаруашылық, қала құрылыстық және табиғатты қорғау қызметтері режімдерін анық-тау кезінде қала маңының жасыл аймақтары шекаралары шеңберінде орналаспаған, бірақ олар-дың аумақтарын пайдалануға әсер ететін ерекше және арнайы реттеу объектілерінің аймақтарын ескеру қажет.

8.2.6 Қала маңы аймақтарында ағаш және бұта өсімдіктерінің көшеттігі және гүл-гүлзар шаруа-шылықтарын Астана қаласының екпе материал-дарымен қамтамасыз етуді ескере отырып, ауданы 750 га-дан кем болмайтын қала маңы аймағын қарастыру керек.

Көшеттіктердің ауданын 4,6 $м^2$/адам, гүл-гүлзар шаруашылығы ауданы 0,4 $м^2$/адам есебінен алу керек.

8.2.7 Қала маңы жасыл аймақтары аумақ-тарын пайдаланудың ең қатаң тәртіптері қалалан-дырылған және жасыл аймақтардың "жанасатын" учаскелерінде қамтамасыз етілуі тиіс.

8.2.8 Жағдайды бағалауға байланысты кейбір қала маңының жасыл аймақтары аумақтарында азқабатты құрылыс пен бақшашылықпен қоса қала инфрақұрылымы объектілерін әрі қарай дамыту және салуға арналған учаскелерді сақтап қалуға жол берілмейді.

8.2.9 Астаналық агломерацияның қалалық елді мекендерін дамыту және резервтік аумақтарды анықтау кезінде қала маңының жасыл аймақтары аумақтарын пайдалануға рұқсат етілмейді.

8.2.10 Тынысжайлық аумақтарды және қала маңы аймағын жобалауды Астана қаласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдар-ламасына сәйкес жасау қажет. **(Түзету)**

9 Қорғалатын аумақтар

9.1 Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау, тарихи аймақтарды сақтау және дамыту

9.1.1 Қаланы жайғастыру және құрылысын салу кезінде Қазақстан Республикасының «Мәде-ниет туралы», «Ерекше қорғалатын табиғат аумақ-тары туралы», «Тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану туралы», «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңдарының талаптарын, сондай-ақ Үкімет, қаланың (астананың) жергілікті өкілдік және атқарушы органдары, тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органдар, қаланың (астананың) мұрағаттарын және құжаттамасын басқару мемлекеттік органдары қа-былдайтын нормативтік құқықтық актілері талап-тарын ескеру керек.

Сонымен қатар тарихи және мәдени ескерт-кіштер келесі объектілерге бөлінеді:

ЮНЕСКО Бүкіләлемдік Мәдени және Табиғат Мұрасының Тізіміне кіретін тарихи, ғылыми, сәулет, көркем және мемориалдық құндылығы бар, халықаралық мақсаттағы;

барлық ел тарихы және мәдениеті үшін ерекше маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көр-кем және мемориалдық құндылығы бар, республи-калық мақсаттағы;

қаланың (астананың) тарихы және мәдениеті үшін ерекше маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көркем және мемориалдық құндылығы бар, жергі-лікті мақсаттағы.

Арнайы зерттеулер мен жобалық әзірлемелер негізінде тарихи және мәдени ескерткіштердінің келесі сақтау аймақтары белгіленеді:

ескерткіш аумағы;

қорғалатын аймақ;

құрылысты реттеу аймағы;

қорғалатын табиғат ландшафты аймағы.

Ескерткіштерді қорғау аймақтарының шекаралары тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайда-лану жөніндегі уәкілетті органмен келісілген жоба-лар негізінде жергілікті атқарушы органдарының шешімдерімен анықталады.

Осы аймақтарда жер, құрылыс және басқа жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады. Осы аймақтарда жөндеу, қалпына келтіру, қайта құрылым-дау, жаңғырту, консервация, қайта өңдеу бойынша, инженерлік құрылғылау және абаттандыру жұмыс-тары, сондай-ақ арнайы ғылыми-жаңғырту ұйым-дары, тиісті әрекет жасау құқығына лицензиясы және (немесе) тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган беретін арнайы рұқсаты бар басқа ұйымдар мен азаматтар ескерт-кіштердің табиғи сақталуын қамтамасыз ететін және ҚР ҚБҚ 1.02-01 талаптарына сәйкес орындалатын жұмыстар жүргізілуі мүмкін. (Түзету).

Осы аумақтарда рұқсат етілген қала құры-лыстық әрекет жылжымайтын мүліктің - тарихи-мә-дени мұра объектілерінің құнды ƀлементтерінің не-месе тарихи-мәдени мұра объектілерінің өздерін пайдалану үшін қажетті техникалық мақсаттағы ин-женерлік имараттар құрылысының барын қайта құрылымдау (жаңғырту) және жойылғандарын қайта қалпына келтіру (қайта жасау) шегінде жүргізілуі мүмкін.

9.1.2 Ескерткіштерді қорғау аймақтары жеке тұрған тарихи және мәдени ескерткішер үшін де жә- не олардың ансамбльдері мен кешендері үшін де, сондай-ақ ерекше негіздеме болғанда - қала құры-лыстық тұтас ескерткіштер (қаланың тарихи ай-мақтары және басқа объектілері) үшін белгіленеді.

9.1.3 Ерекше тарихи, мәдени, көркем немесе басқа құндылығы бар ескерткіштердің ансамбль-дері мен кешендері, қызметін қорықтар және қорықты жерлер Ережесі негізінде қарастыруын керек ететін қорықтар және қорықты жерлер деп жариялануы мүмкін.

9.1.4 Тарихи, мәдени, көркем немесе басқа құндылығы бар жаңадан анықталған объектілері бойынша, тарихи мәне мәдени ескерткіштері ретінде мемлекеттік тіркеуге қабылдау мәселесінің шешімі алдында, ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіміне кірген тарихи және мәдени ескерткіштері бойынша қарастырылған шаралар жүргізі-леді.

9.1.5 Қала құрылыс қызметінің аясына тари-хи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану туралы қолданыстағы заңнама талаптары орындалған жағ-дайда тарихи-мәдени мұраның келесі объектілері қосылуы мүмкін:

тарихи және мәдени ескертіштер - жеке құрылыстар, көрсетілген құрылыстардың тарихи құрылған аумақтары бар ғимараттар мен имарат-тар, мемориалдық үйлер, кварталдар, некрополь-дар, кесенелер, халықтың және қала (астана) өміріндегі маңызды тарихи жағдайлармен, ғылым мен техниканың дамуымен, халықтың мәдениеті-мен, тұрмысымен, әдебиет және өнер көрнекті қай-раткерлер, мемлекеттік және әскери қараткерлер-мен байланысты естелік жерлер;

қала құрылысы және сәулет ескерткіштері - сәулет ансамбльдері мен кешендері, тарихи орта-лықтар, кварталдар, алаңдар, көшелер, жаға-лаулар, қаланы тарихи жайғастыру және тарихи құрылыс қалдықтары, азаматтық, өнеркәсіптік, әскери, діни сәулет ғимараттары мен имараттары және олармен байланысты монумент, бейнелеу, әшекейлеу-қолданбалы, бақ-саябақ өнерінің шығар-малары, табиғат ландшафттары.

9.1.6 Тарихи-мәдени мұра объектілерінің аумақтары материалдық, кеңістік, заң жағынан жылжымалы мүлік ретінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің маңызды негізі болып табылатын, бөлінбейтін учаскелер болып табылады. Тарихи-мәдени мұра тарихи және мәдени ескерткіштері мен тарихи-мәдени мұраның басқа объектілері бар елді мекеннің немесе аумақтың бастапқы жоспарының міндетті ƀлементіі болып табылады.

9.1.7 Тарихи-мәдени мұра объектілердің аумақтарында уақытша жиналмалы-құрастырмалы имараттардың орналасуы әрбір жағдайда уәкілетті органдардың тек арнайы рұқсаты бойынша жүр-гізіледі.

9.1.8 Қаланың тарихи аймақтарында қайта құрылымдау кезінде қайта құрылымдау тәртібі:

құрылыс салудың жалпы сипаттамасын сақтауды;

қоныстанудың бас ансамбльдері мен ескерткіштеріне шығатын көріністік дәліздерін сақтауды;

нақты жердің тарихи дәстүріне тән емес сәулет қалыптарын пайдаланудан бас тартуды;

әдеттегі материалдарды пайдалануды;

қаланың нақты аймағы үшін қайта құрылымданатын немесе қолданыстан шыққандарының орнына қайта салып жатқан жаңа ғимараттар үшін шекті жол берілетін биіктігін сақтауды;

қызыл сызыққа қатысты жойылған үйлердің орнына бұрын қалыптасқан құрылыс салу жалпы сипатына сәйкес болуы тиіс жаңа құрылыстың орналасуын;

осы ортадағы жаңа құрылыс белгіленген тәртіп бойынша келісілген жобалар бойынша жүргі-зілуі тиіс екендігін ескеріп белгіленуі тиіс.

9.1.9 Қала аумағында мәдени мұра объектіле-рінің аумақтарына жанасатын жайғастыру және құ-рылысты жобалауды мәдени мұра объектілерін қор-ғау аймақтарын күту мен пайдаланудың белгіленген режимдеріне сәйкес жүргізу керек:

тарихи және мәдени ескертіштің қорғалатын (біріктірілген қорғалатын) аумақ - тарихи және мәде-ни ескертіштің табиғи сақталуының бұзылуына және оның қабылдау жағдайларының және құнды қала құрылыстық ортаның дәстүрлі биктік пара-метрлерінің бүлінуіне әкелетін құрылыстық және шаруашылық әрекетіне тыйым салатын жерлерді ерекше қатал пайдалану режімі белгіленген аумақ. Қорғалатын аймақты күтудің басым режімі тарихи және мәдени ескеркіштің қала құрылыстық ортасын қайта өңдеу болып табылады (мүлдем өзгертілген учаскелер үшін реновация режімі - құрылыстың дәстүрлі морфотип масштабындағы жаңа құрылыс салу белгіленген);

қала құрылыстық мұралары объектілерін - қорықтық аймақтар және қалалық ландшафт құрылымына жанасатын құнды қала құрылыстық ортаның сақталуын, қалпына келтірілуін және үйле-сімді қабылдауын қамтамасыз етуді қарастыратын қала құрылыстық реттеудің қатаң режімі белгілен-ген құрылыс салуды қатал реттеу аймағы;

қалалық ландшафтта тарихи және мәдени ескерткіштердің жалпы композициялық рөлін сақ-тауды қамтамасыз ететін және жобаланатын ғимараттардың биіктік параметрлерін реттеп, қайта құрылымдау және жаңа құрылыс әдістерімен іс жүзіне асырылатын қала құрылыстық реттеу режімі белгіленген құрылысты реттеу аймағы;

табиғи және антропогендік ландшафттың өзара үйлесімді әрекетін, бақ-саябақ өнерінің ес-керткіштерін, бақ-саябақ өнері ескерткіштерін қор-шайтын негізгі табиғат компоненттерін, құнды таби-ғат рельефінің және көгалдандыру үзіктерін көрі-ністік қабылдауға жағымды жағдайлардың қалып-тастырылуын, сондай-ақ тынысжай аумақтардың дамуын және қала ортасының сипаттарының жақ-сартылуын қамтамасыз етуді қарастыратын қала құрылыстық реттеудің қатал режимімен қорғалатын ландшафттар аймағы;

күту тәртібі тарихи-археологиялық ескерт-кіштерді зерттеу, консервациялау және мұражайлау мақсатында қорғалатын археологиялық қазбалар-дың жүргізілуін, сонымен қатар тарихи-археология-лық ескерткіштердің мәдени жағын тану және анықтау мақсатында археологиялық бақылау жұ-мыстарын жүргізуді қарастыратын қорғалатын мә-дени қабатының аймағы.

9.1.10 Тарихи қала құрылыс морфотиптері (әрі қарай морфотиптер) XX ғасырдың ортасына дейін құрылған және қалыптасқан құрылыс типінің тарихи-мәдени құндылығы болып табылады, типтердің әр қайсысына жайғастыру және құрылыс салудың өзіндік жайғастыру, көлемдік-кеңістік, сәулет-композициялық нысандары тән.

9.1.11 Тарихи құрылыс морфотип кварталын-да көгалдандырудың жиынтық ауданы кварталдың құрылыспен толтырылмаған ауданының 20 %-ынан кем емесін құрауы тиіс.

9.1.12 Жобаланатын аумақта тарихи және мәдени ескерткіштердің болуын анықтау үшін бүкіл әлемдік мұра ескерткіштерінің, республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерінің, жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерт-кіштердің тізімдерін пайдалану керек.

9.1.13 Қала (астана) аумағындағы іздестіру жұмыстарын барлық сатылы тарихи-мәдени ес-керткіштерін міндетті түрде ескеріп жүргізу керек.

9.1.14 Қаланы (астананы) жайғастыру және құрылысын салу кезінде тарихи және мәдени ес-керткіштерді құлатуды, жылжытуды қарастыруға, сондай-ақ олардың қалпына кез келген өзгерістер әкелетін жобалық шешімдерді қабылдауға жол берілмейді. Ерекше жағдайларда, апаттық жағдайлар, қауіпті физикалық-геологиялық және басқа процестердің пайда болу нәтижелерінде тарихи және мәдени ескерткіштердің бұзылуына қатер келтіргенде, ескерткіштерді сақтау органда-рымен келісілген, құрамына тарихи-мәдени мұра объектілерінің жылжуы кіретін, оларды сақтау шаралары қарастырылады.

9.1.15 Жобаланатын аумақтағы бүкіл әлемдік және республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерді жылжыту немесе олардың өзгеруіне байланысты қажеттілігі туралы ұсыныст-арды алдын ала Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жіберіледі.

9.1.16 Қаланы жайғастыру және салу кезінде көліктік және инженерлік коммуникацияларды тари-хи және мәдени ескерткіштердің қорғалатын ай-мақтары шегінен тыс қарастыру керек.

Сонымен қатар құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде ортаны қорғайтын арнайы техникалық шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ету қажет.

Ескерткіштерге жанасатын немесе қорғала-тын аймақтардан өтетін қала жолдарында көліктің қозғалысына кедергі туғызатын болса, осындай көліктік коммуникациялары бойынша қозғалыстың шектелуін немесе тоқтатуын қарастыру керек.

9.1.17 Астана қаласының қорғалатын аумақ-тарында сәулет кешендерінің және жеке ескерткіш-тердің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін жер асты кеңістігіне рұқсатсыз кіру шектеулері және құ-рылыс, барлау бұрғылау жұмыстары, суды төмен-дету, имараттарды және инженерлік желілерді пай-далану режімдері анықталатын жер асты қорғау аймақтарының шекараларын белгілеу керек.

9.2 Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары

9.2.1 Табиғат кешендерінің аумақтарында жо-балау кезінде «Астана қаласының 2006-2010 жыл-дарға арналған әлеуметтік þкономикалық дамуының Мемлекеттік бағдарламасын» басшылыққа алу керек.

Осы аумақтардың шекаралары қала құры-лыстық реттеу сызықтарымен бекітіледі. Табиғат кешендерінің аумақтары нормалау шарттары бойынша бөлінеді:

ерекше қорғалатын табиғат аумақтары:

көгалдандырылған аумақтар.

9.2.2 Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары» туралы Заңының талаптарына сәйкес қала құрылыс қызметінің белгіленген тәртібі-не сай арнайы нормаларды пайдаланып және қажетті зерттеулерді орындап жобаланады.

9.2.3 Көгалдандырылған аумақтар қалақұры-лысы қызметінің белгіленген режімдеріне сәйкес осы нормалардың және ережелердің 8-тарауына сай жобаланады.

10 Қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау

10.1 Жалпы ережелер

10.1.1 Жобалау құжаттамасын әзірлеу барысында қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану, адам денсаулығын сақтау және халықтың қауіпсіз қоныстану ортасын қалыптастыру басымдылығын қамтамасыз ету керек.

Қала құрылыстық жобалау барысында сақталуы міндетті болып табылатын þкологиялық және санитарлық-þпидемиологиялық талаптар Экологиялық кодекс, жоспар алдындағы, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу барысында қоршаған ортаға болжанатын шаруа-шылық және басқа қызметтің әсерін бағалауды жүргізу Нұсқаулығының, Қазақстан

Республикасы-ның «Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары» туралы Заңының және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да нормативтік құжаттардың талаптары негізінде белгіленеді.

Тарауды әзірлеу мақсаты қоршаған ортаның негізгі құрауыштары - атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ, өсімдік және жануар әлемін қорғау жөніндегі ұсыныстар мен шаралардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

10.1.2 Қала құрылыстық құжаттаманы әзірлеу барысында Астана қаласының дамуы бойынша жобалық-жайғастыру, әлеуметтік-þкономикалық, ин-женерлік-техникалық және басқа шешімдерді қала-да қалыптасқан þкологиялық жағдайды ескеріп қабылдау керек.

Сонымен бірге жобалау шешімдерінде:

- болжанатын шаруашылық-құрылыс жұмыс-тарының ықтимал әсерлердің;

осы әсерлердің нәтижелері ретіндегі қоршаған ортадағы өзгерістердің;

қоғам үшін қоршаған ортаның өзгерістері әкелетін нәтижелерінің пайда болуын, талдауын жә-не есебін қамтитын шаруашылық қызметінің қорша-ған ортаға қазіргі және болжалды әсерін бағалау (ҚОӘБ) нәтижелерін басшылыққа алу керек.

10.1.3 Жобалау қала құрылыстық құжаттама-сындағы þкологиялық негіздеме Астана қаласының аумағының қазіргі және болжанған þкологиялық күйі және қала құрылыстық жобалау дың кезеңділігіне сәйкес және ҚР ҚНжЕ 1.02-18 талаптары ескеріліп орындалады.

10.1.4 Жаңа құрылыс аумағын гидрогеоло-гиялық және топырақ факторларын, қаланың жасыл аймақтарын барынша сақтау мүмкіндігін ескеріп, бірегейлігі мен ерекше табиғат қорғау құндылығы жағынан бағалау керек.

10.1.5 Тұрғын құрылыстардың жаңа аумақта-рын кешенді бағалауға медициналық-þкологиялық зерттеулер, мәліметтер негізінде санитарлық-þпидемиологиялық бақылау органдарымен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы органдармен орындалған алаңшаның санитарлық-гигиеналық сипаттамасын, қажет болған жағдайда, халық денсаулығына төнетін қауіптің бағасын қоса отырып, енгізу керек.

10.1.6 Астана қаласын жайғастыру және құрылыс салу жобаларындағы ҚОӘБ орындау тәртібі, нысаны, құрамы және мазмұны белгіленген тәртіпте бекітілген және қолданысқа енгізілген нұс-қаулық-әдістемелік құжаттамалармен анықталады.

10.2 Атмосфералық ауаны қорғау

10.2.1 Қала құрылысы құжаттамасын әзірлеу барысында аþрациялық режімді қоса алғанда, жер бедерін, аумақтың жайғастырылуын ұйымдастыру және микроклиматтық жағдайларды ескеріп, атмос-фералық ауаның жағдайын бағалау және сапасы-ның өзгеру болжамы ҚР Үкіметінің 25.01.2012 жылғы №168 Қаулысымен бекітілген санитариялық ережелерге сәйкес жүргізілуі тиіс. **(Түзету)**.

Атмосфералық ауаның ластануын бағалау қала құрылысы органдары мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы органдардың қолданыстағы нұсқаулық құжаттарына сәйкес бекітілген бағдар-ламалар бойынша орындалатын автоматтанды-рылған есептер нәтижелері бойынша жүргізіледі.

10.2.2 Өндірістік аймақтар үшін, сондай-ақ атмосфералық ауаға лас заттарды тастайтын көздері бар жеке орналасқан объектілер үшін өндірістік объектілерді жобалауға қойылатын сани-тарлық-þпидемиологиялық талаптарға және басқа нормативтік актілерге сәйкес санитарлық-қорғау аймақтарын (СҚА) қарастыру керек.

10.2.3 Осы нормалардың 7-тарауының санитарлық-гигиеналық, þкологиялық және қала құрылыстық талаптарын қамтамасыз ету мақсатын-да өндірістік кәсіпорындарды жобалау кезінде едәуір жетілдірілген технологиялар мен жабдық-тарды енгізуді, аса тиімді шаң және газ ұстағыш құрылғылардың қолданылуын қарастыру керек.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындауға мүмкіндік болмаса, ауа бассейнінің жағдайына теріс әсер келтіретін объектілер үшін өндірістер салаларын өзгертіп, олардың қайта негізделуі немесе жойылуы қарастырылуы тиіс.

10.2.4 Магистраль бойында газдану аймақ-тарының қалыптасуын болдырмау мақсатында және оларды жою үшін магистраль арасындағы аумақтардың, соның ішінде аула ішілік кеңістік-тердің аþрация жағдайларын ескеретін және қаланың әр түрлі аумақтары, емдеу-профилакти-калық мекемелері және демалыс объектілері үшін атмосфералық ауа сапасының санитарлық-гигиена-лық нормативтерін қамтамасыз ететін жайғастыру шаралары әзірленеді.

10.2.5 Санитарлық-қорғау аймақтар атмос-фералық ауаны ластау көздері болып табылатын және оларға белгіленген ШЖҚ нормаларын қамта-масыз етпейтін объектілердің барлығына қарас-тырылуы тиіс.

Осы аймақтардың өлшемдері қоршаған ортаны шудан, дірілден, þлектрмагниттік толқын-дардан және басқа зиянды факторлардан қорғау та-лаптарын ескеріп, атмосфералық ауа ластануының болжанатын деңгейлерінің есебімен дәлелденуі тиіс.

Өнеркәсіптік объектілердің алаңшалары тұр-ғын құрылыс пен тынысжай аумақтарына қатысты ық жағынан орналасуы тиіс.

10.2.6 Тұрғын аумақтардың шегінде зиянды заттарды бөліп шығармайтын, өрт қаупі және жарылыс қаупі жоқ процесстер жүретін, белгіленген нормалардан аспайтын шу тудырмайтын, теміржол

кіріс жолдарын салуды талап етпейтін өнеркәсіптік кәсіпорындарды орналастыруға жол беріледі.

10.2.7 Қоршаған ортаға зиянды немесе иісі жағымсыз заттарды шығару көздері, сондай-ақ шу-дың, дірілдің, ультрадыбыстың, радиожиілігі þлектр-магниттік толқындарының, статикалық þлектрдің және иондайтын сәулендіру көзі болып табылатын технологиялық процесстер жүретін кәсіпорындарды немесе олардың жеке тұратын ғимараттары мен имараттарын тұрғын құрылыс тан санитарлық-қорғау аймақтарымен қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес айырып бөлу керек.

10.3 Шудан қорғау

10.3.1 Қаланы жайғастыру және салу бары-сында көшелер мен жолдардағы көлік ағындары, әуе және теміржол көлігі, трансформаторлар және тұрғын үйлер тобының ішіндегі шу көздері сияқты негізгі шу көздерін ескеру керек.

Қаладағы сыртқы шу көздерінен қорғау объектілері тұрғын және қоғамдық ғимараттар, спорттық және емдеу мекемелері, тынысжайлық және курорттық аймақтар мен оларға іргелес аумақтар болып табылады.

Сыртқы шу көздерінің шу сипаттамаларын, тұрғын және қоғамдық ғимараттарға өтетін дыбыс деңгейлері мен құрылыс аумақтарындағы шу деңгейлерін, оларды төмендетудің талап етілетін шамасын, шудан қорғау шаралары мен әдістерін таңдауды МҚН 2.04-03 және 6-қосымшаның талаптарына сәйкес анықтау керек.

10.3.2 Әзірленетін сақтау шараларына төмендегідей қала құрылыстық, сәулет-жайғасым-дық, құрылыс-акустикалық шараларды енгізу керек:

- Астана қаласының қызметтік аймақтанды-руын жүзеге асыру және аумақтың акустикалық бағасының негізінде шудың жайлы деңгейін қамтамасыз етіп, құрылыс салуды қалыптастыру;

қаланың тұрғын құрылысы мен өнеркәсіптік, коммуналды-көліктік кәсіпорындар, коммуналдық-көлік кәсіпорындары және шудың басқа кеңістік көз-дері арасында санитарлық-қорғау аймақтарын салу;

қалада құрылыс салу барысында қоршаған ор-таның шудан қорғау қасиеттерін пайдаланатын жайғас-тыру және объектілі-кеңістік шешімдерін қолдану;

шу көздері мен одан қорғау объектілеріі арасында орналасатын шудан қорғайтын қалқа-кедергілерді пайдалану;

жерасты кеңістікті көліктік және белсенді сыртқы шудың басқа көздерін орналастыру үшін пайдалану;

тұрғын және қоғамдық ғимараттардың және басқаларының сыртқы қоршау құрылымдарының дыбысоқшаулауын күшейту.

10.3.3 Көше-жол желілері шуының картасын жа-сау МСТ 20444 және Қалалардың көше-жол шулары-ның карталарын жасау нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

Жобаланатын аþродромдардың, әуежайлар-дың айналасындағы қаланың қоныстану аумақта-рында ұшақтар мен тікұшақтардың көтерілуі, ұшуы және қону кезінде пайда болатын авиациялық шуды өлшеудің рұқсаттық әдістері МСТ 22283-ге және (ҚР ҚНжЕ 3.01-01-2002*)-ге сәйкес жүргізу керек.

10.4 Гоелогиялық ортаны қорғау

10.4.1 Қала аумағын жайғастыру және құрылысын салу аумақты инженерлік-геологиялық аудандастыру және қала құрылысын игеруге арналған қолайлылық дәрежесі бойынша қала аумағын салыстырмалы бағалау негізінде объекті-лерді салу және пайдалану процесінде геологиялық ортаның өзгеру болжамын ескеріп жүргізілуі тиіс.

Сонымен қатар:

аумақтың гидрогеологиялық режімінің өзгеру мүмкіндігі;

жерасты суларының ластанудан сақталуы;

техникалық сумен қамтамасыз етуге арнал-ған жерасты суларының ресурстары;

қауіпті инженерлік-геологиялық процестер-дің болуы және олардың жандану мүмкіндігі;

имарат негізігіндегі топырақтардың орнық-тылығы бағаланады.

Аумақты инженерлік қорғау және дайындау шаралары осы құжаттың 12 және 14-тарауларының талаптарына және МҚН 2.03-02, ҚР ҚНжЕ 1.02-18 нормативтік-техникалық құжаттарының талапта-рына сәйкес әзірленеді.

10.5 Топырақтарды қорғау

10.5.1 Қала құрылысы жобалаудың барлық сатыларына арналған жобалық құжаттаманы әзірлеу барысында жобаланатын объектінің әсер ету аймағындағы топырақ жамылғысының қазіргі жағдайының сипаттамасы келтіруі тиіс.

Топырақтардың ластану деңгейін бағалау химиялық, микробиологиялық және паразитология-лық зерттеулер кешені бойынша МСТ 17.4.3.03, МСТ 17.4.2.03, МСТ 17.5.3.06, МСТ 17.4.2.01, МСТ 17.5.3.04, МСТ 17.5.1.02 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Сонымен қатар топырақтар жағдайын бағалау кезінде:

топырақтың радиоактивтілігі (табиғи жағдайы және жасанды радиоактивтілігі);

топырақ ластануының жерасты және жерүсті суларының сапасына әсері;

топырақтың шаң жасау қасиеттері;

топырақтың өздігінен тазартылу қасиеті анықталады.

Топырақтарды қорғау шаралары оларды пайдаланудың, қолдану мақсатын өзгертудің және топырақты қалпына келтірудің арнайы режімін жүргізуді қарастырады және аумақты қызметтік пайдаланудың әр түрлі типтері үшін және объектілердің әр түрлі қызметтік мақсаттары үшін топырақтардың ластану қауіптілігінің дәрежесін анықтайтын белгілерде негізделуі тиіс.

10.5.2 Топырақ сапасын бағалау жобалау алдындағы құжаттаманың, құрылысқа арналған учаскені таңдау, жобалық құжаттаманы әзірлеу, құрылыс жұмыстарын орындау және құрылыс біткен соңғы кезеңдерде де жүргізіледі.

Бағалау нәтижелері бойынша топырақтардың ластануын болдырмау немесе азайту шаралары (ұсыныстары), сондай-ақ бүлінген немесе ластанған жерлерді қайта өңдеу шаралары әзірленеді.

10.6 Аумақты өнеркәсіптік және тұрмыстық қоқыстардан тазарту

10.6.1 Қала аумағын жайғастыру және салуды әзірлеу барысында құрамына аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар, өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың қауіпті қалдықтарын зарарсыздандыру және пайдаға асыру (қайта пайдалануды ескеріп) жататын өнеркәсіптік және тұтыну қалдықтарды жинау, жою, көму, қайта өңдеу, қауіпсіз жұмыс істеу шаралары ҚР ҚНжЕ 1.04-14 және ҚР ҚН 1.04-15 талаптары негізінде қарастырылуы тиіс.

Ғимараттар мен имараттарды салу және пайдалану барысында пайда болатын қалдықтарды жинайтын орындардың (алаңшалар) болуын және қалдықтарды жоюды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдар және халықтың санитарлық-þпидемиологиялық саулығы саласын-дағы мемлекеттік органдар белгілеген қалдықтарды ұқсату саласының ережелеріне, нормативтеріне және талаптарына сәйкес қарастыру керек.

10.6.2 Жобалық құжаттаманы әзілеген кезде келесі шаралар жүргізілуі керек:

қалдықтар пайда болуының анағұрлым қауіпті көздерін (кәсіпорындар, ұйымдар және ұйым-дастырылмаған қоқыс үйінділері) анықтап, қалдық-

тардың барлық түрлерінің пайда болу, заласыз-дандырылу және орналастыру талдамасын жасау;

қалдықтардың көлемін азайту, оларды зарарсыздандыру және қайта пайдалануы ескеріл-ген қайта өңдеу саласындағы ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік шамасын бағалау;

жобаны іске асыру кезеңінде қалдықтардың пайда болуын, зарарсыздандыру және пайдала-нуын жобалау.

10.6.3 Қалдықтарды орналастыру мен қайта өңдеудің þкологиялық қауіпсіз шарттарын жасау шаралары кешенді түрде (қалдықтарды жинау жүйесі мен олардың пайда болу көздерінен қайта өңдеу, көму орындарына дейін тасымалдау), қалдықтарды қайта өңдейтін (көметін) объектілерді орналастыру үшін жер ресурстарының қажеттілігін және осы қалдықтарды орналастыруға арналған аумақтардың геологиялық жағдайларын ескеріп әзірленеді.

Тез бұзылатын қалдықтар бақыланатын ортасы бар аймақтағы ғимараттың ішінде сақталуы тиіс, сондай-ақ прессконпакторларды пайдалану ұсынылады.

Сонымен қатар, улы қалдықтарды ҚТҚ полигондарына қалдықтарды бақылаусыз шығары-луын және рұқсатсыз қоқыс үйінділерінің пайда болуын болдырмау шараларын әзірлеу керек.

10.6.4 Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдық-тарды жинау, қайта өңдеу, зарарсыздандыру, жою және т. б. бойынша кәсіпорындарды салуға бөліне-тін учаскелерді таңдау барысында объектінің þколо-гиялық ерекшеліктерін ескеру керек және оларды елді мекендер аумақтарын күтуге қойылатын қолда-ныстағы Санитарлық-þпидемиологиялық талаптар-ға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

10.6.5 Жобалау кезінде қалдықтардың нақты орналасқан орындарын анықтап, оларды сұрыптау, жинау, сақтау және қайта өңдеу шараларын қарастыру керек.

Мүмкіндігінше қайта өңдеу орындарын орна-ластыру нұсқаларын қоқыс жинау орындарында (мысалы - бақтарда, саябақтардв т. б. корданы орнату) қарастыру қажет.

10.7 Су ресурстарын қорғау

10.7.1 Кәсіпорындарды, ғимараттарды, има-раттарды және басқа объектілерді салу (қайта құрылымдау) орындарын анықтау барысында және су ағындарында, су қоймаларында, су қорғау алқап-тарында (аймақтарында), су объектілерінің жаға-ларындағы ормандардың тыйым салынған алқапта-рында жұмыстың барлық түрлерін жоспарлау кезінде Қазақстан Республикасының су және таби-ғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтау керек.

10.7.2 Қала құрылысын жобалаудың барлық кезеңдеріне арналған жобалау құжаттамаларын әзірлеу барысында табиғи сулардың қазіргі жағдай-ын бағалау және ластану көздерінің толық жиынтығынан су объектілерінің ластану дәрежесін есептеу және талдау жолымен жобалық шешім-дерді жүзеге асыру нәтижесінде олардың сапасы-ның өзгеру болжамы Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасы мен нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жүргізі-луі тиіс.

10.7.3 Су қорғау шараларының кешені су қоймаларының қазіргі және болжанатын жағдайы негізінде су құрамына және қасиеттеріне қойылатын талаптарға және қолданыстағы жерүсті суларын ластанудан қорғау жөніндегі Санитарлық-þпидемио-логиялық талаптарға сай су объектілері суындағы зиянды заттар құрамының шектеулі-рұқсаттық шоғырлануының (ШРШ) нормативтік көрсеткіште-ріне, кіші өзендерді гигиеналық тұрғыдан бағалау және су пайдаланатын орындарда санитарлық бақылау жөніндегі Әдістемелік нұсқаулар, жер үсті су қоймаларының суларын санитарлық-микробиологиялық талдау жөніндегі Әдістемелік нұсқаулар және ҚН 496, ҚНжЕ 3.01-01- ге сәйкес әзірленуі керек.

10.7.4 Қолайлы гидрогеологиялық режімді сақтау, санитарлық жағдайды жақсарту, өзендер мен су қоймаларының су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында табиғи ресурстарды пайда-лану мен қорғаудың арнайы режімі белгіленуі қажет, сондай-ақ басқа шаруашылық қызметін жүргізілетін жағалаудағы су қорғау аймақтарын қалыптастыру керек.

Жаға үстінен шегініс шамасын 7,6 м етіп алу ұсынылады.

Барлық автотұрақтар, кіретін жолдар және жасыл көшеттер жолақтары су қоймасы сағасының шекарасынан 7,6 м-ден жақын болмауы керек.

Астана қаласын ауыз сумен қамту көздері болып табылатын су объектілерінің су қорғау аймақтары ерекше қорғалатын аумақтар болып табылады.

10.7.5 Тоған құрылғыларының түрлерін және оларды орналастыру орындарын анықтау бары-сында ҚР СТ МСТ Р 51232 және Ауыз суды фторлауды мемлекеттік санитарлық қадағалауды жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ауыз судың сапасына қойылатын талаптарды ескеру керек.

Кәсіпорындар, қоймалық шаруашылықтар, автошаруашылық және т. б. кәсіпорындар аумағын-дағы жерүсті сулары жергілікті немесе топтық тазарту имараттарында көбінесе өндірістік мұқтаж-дықтар үшін тазартылған суларды пайдаланып тазарту керек.

10.7.6 Қайту (ағынды) суларын ағызу кезінде немесе шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұр-мыстық мақсаттарда пайдаланылатын су объекті-лерінің жағдайларына әсер ететін шаруашылық қызметінің басқа түрлерінде (оның ішінде жобалау, құрылыс салу) су қоймаларының және су ағындарының суларының сапасының нормалары немесе олардың есептік табиғи құрамы мен қасиеті (осы нормалардан асқан жағдайларда) ағыс

бойынша су пайдаланатын ең жақын пункттен (шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етуге арналған тоған, шомылу, ұйымдастырылған демалыс орындары, елді мекен аумақтары және т. б.) бір километр жоғары учаскедегі су ағындарында, су қоймаларында - су пайдаланатын пункттен бір километр радиустағы акваторияларда сақталуы тиіс.

10.7.7 Балық шаруашылығы су пайдалану су объектілері ШЖШ (мг/л) нормативтері белгіленген тиісті балық шаруашылығы санатының объектілері үшін су құрамына және қасиетіне қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі тиіс.

10.7.8 Қайту (ағын) суларын ағызу барысында немесе балық шаруашылығы су ағындарының және су қоймаларының жағдайларына әсер ететін шаруашылық қызметінің басқа түрлерінде (оның ішінде жобалау, құрылыс салу) су объектілеріндегі сулар сапасының нормалары немесе олардың есептік табиғи құрамы мен қасиеті (осы нормалардан асқан жағдайларда) балық шаруа-шылығының барлық учаскесінің шегінде, Қоршаған ортаны қорғау уәкілетті орган әрбір жағдайға белгілейтін бақылау створынан бастап сақталуы тиіс, бірақ табиғи сулардың ластану көздерінен (ағынды суларды шығару, пайдалы қазбаларды шығару орындары, су объектісіндегі жұмыстарды істеу т. б.) 500 м-ден аспауы керек.

10.7.9 Қайту (ағын) суларын су объектілеріне түсіру арнайы су пайдалану түрлерінің бірі болып табылады және тиісті қадағалау және бақылау ведомстволары белгілеген тәртіпте берілетін рұқсат қағаздары негізінде жүзеге асырылады.

10.7.10 Жер үсті су объектілеріне тазартыл-маған су объектілерін және ШЖШ белгіленбеген заттарды тастауға жол берілмейді.

Қалада, шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету көздерін қорғайтын санитарлық аймақ шегінде ағын суларды ағызуға жол берілмейді.

10.7.11 Су объектілеріне ағызылатын өндірістік сулар саны шектеулі жол берілетін ағызу (ШЖА) нормативтерімен белгіленеді.

10.7.12 Жерасты сулары көздерінің аумақта-рында келесілерге тыйым салынады:

қатты қалдықтарды жерастына жинау;

жанар-жағармай материалдарының, улы химикаттардың, минералды тыңайтқыштардың, өнеркәсіптік ағындардың жинақтауыштардың қой-маларын және жерасты суларының сапасына теріс әсер ететін басқа обектілерді орналастыру.

10.7.13 Ағын суларын тазартуға қажетті көлем үшін жинақтауыштардың (ыдыстардың) мөлшерлі санын қамтамасыз ету қажет.

10.7.14 Астана қаласының әкімшілік шекара-ларының шегінде әрбір жағалауға, өзен жайылы-мын, топырақ үсті терассаларын, байырғы жағалау-дың тік беткейлерін, жыралар мен өзектерді қоса-нда, судың орташакөпжылдық деңгейінің кесіндісінен су қорғау аймағының минималды ені орнатылады:

Астана қаласының шегіндегі Есіл өзені үшін:

су жинау алабында шаруашылық пайдалану мен қолайлы рекологиялық ахуалдың қарапайым жағдайында - 500 метр;

су жинау алабында шаруашылық пайда-ланудың күрделі жағдайында және рекологиялық ахуалдың қолайсыз жағдайында - 1000 метр.

Ақбұлақ және Сарыбұлақ өзендері үшін - 500 метр Су қорғау жолағының минималды ені Астана қаласының шегіндегі Есіл өзені үшін - 35 метр, Ақбұлақ және Сарыбұлақ өзендері үшін - 20 метр.

Су қорғау аймақтары мен жолақтары шегінде шаруашылық жұмыстарын пайдаланудың ерекше шарттары мен шектеу режімі енгізіледі. Көрсетілген өзендердің су қорғау аймақтарында жер бөлу және жаңа объектілерді салу мүдделі мемлекеттік ұйымдардың келісімімен жүргізілуі керек.

Су қорғау аймақтарында:

- табиғат қорғау және сәулет-қала құрылысы органдарының келісімімен тұрғын ғимараттар мен демалыс базаларын салуға, инженерлік қатынас жолдарын жүргізуге рұхсат етіледі.

- минералды және органикалық тыңайтқыш-тарды, пестицидтерді және басқа улы химикаттар-ды, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды орналастыруға және салуға; автокөлікке техникалық қызмет көрсету мен автожуу бекеттерін, ауылша-руашылық техникасын және табиғи ортаны лас-тайтын басқа объектілерді салуға тыйым салынады.

10.8 Тұрғын аумақтарды электрмагнитті өрістердің әсерінен қорғау

10.8.1 Тұрғын аумақтарды рлектрмагнит өріс-терінің әсерінен қорғау үшін, сондай-ақ рлектр-магнит сәулелендіргіштердің СҚА өлшемдерін белгілеу кезінде қолданыстағы Радиорлектронды құралдарды пайдалану және рлектрмагнит сәуле-лендіргіштерімен жұмыс істеу жағдайларына қойы-латын санитарлық-рпидемиологиялық талаптарды жетекшілікке алу қажет:

Электрмагнитті сәулелену деңгейі шектеулі жеткілікті деңгейлерден асатын тұрғын құрылыс аумағында сәулеттік-жайғастыру және инженерлік-техникалық шараларды қарастыру қажет (радио-бергіш объектілердің қуатын шектеу, антенна қондырғысының биіктігін және сәуленану бұрышы-ның бағытын өзгерту, радиобергіш объектіні тұрғын жерлерден немесе радиобергіш объектінің әсер ету аймағынан шығару, кабель жүргізу).

10.9 Иондайтын сәулеленулерден тұрғын аумақтарды қорғау

10.9.1 Тұрғын құрылысқа арналған аумақ-тарды бөлу барысында болжанатын учаскеде гамма-фон жағдайы және радиоактивті сәуле-ленудің бары (жоғы) туралы ақпаратты алу керек.

Болжанатын тұрғын құрылыс учаскесіндегі радиоактивті сәулелену болғанда дезактивациялық жұмыстар, аумақты қайта өңдеу қолданыстағы талаптарды сақтап жүргізілуі тиіс.

10.9.2 Иондайтын сәулелену көздерімен жұмыс істеуге арналған объектілердің орналасуы «Радиа-циялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-рпидемиологиялық талаптар» гигиена-лық нормативтеріінің талаптарына сәйкес жүргізілуі керек. **(Түзету).**

10.10 Тұрғын аумақтарды дірілден және инфрадыбыстан сақтау

10.10.1 Тұрғын аумақтарды діріл және инфра-дыбыстардан қорғау және олардың параметрлерін МҚН 2.04-03, тұрғын бөлмелерде инфрадыбыстың жол берілетін деңгейлері, оларды өлшеу әдістері, дірілдің шектеулі-жол берілетін деңгейлері талаптарына және діріл көздерімен жұмыс істеу шарттарына қойылатын санитарлық-рпидемиоло-гиялық талаптарға сәйкес өлшеу керек.

10.11 Инсоляция және жарықтандыру

10.11.1 Жайғастыру және салуды жобалау кезінде аумақтар мен бөлмелердің инсоляция және жарықтандырылуын ҚР ҚНжЕ 3.01-01, ҚР ҚНжЕ 2.04-05 және 02.07.1982 жылғы № 2605-82 Санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес қамтамасыз ету керек.

10.12 Аумақты абаттандыру

10.12.1 Қаланың абаттандыру рқоқаланың қалыптасуын, қоршаған ортаға негативті әсердің төмендеуін, қалалану процесінің табиғатпен бірлесе дамуын қамтамасыз етуді және абаттандырылған қалалық ортаны жасауды қарастыратын «Астана қаласын

2030 жылға дейін тұрақты дамытудың стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасын Президентінің Жарлығының ережесіне сәйкес жүзеге асырылуы керек.

1 адамға шаққандағы жасыл көшеттер аудандарының нормаларын 19 м^2-ден кем болмай-тындай етіп қарастыру керек.

10.12.2 Астана қаласының аумағын көгалдандыруды, өсірілетін ағаш-бұталар жыныстарының үлкен ассортименті бар отырғызу материалдарынан әзірленген көгалдандырылған аумақтардың және басқа ашық кеңістіктердің үзіліссіз жүйесі ретінде қарастыру керек.

Магистраь маңылық және өндірістік аумақ-тарды көгалдандыру ағаштар мен бұталардың газға төзімді және шудан қорғағыш жыныстарын пайда-лану арқылы жүзеге асырылады.

10.12.3 Астана аумағының абаттандырылуын жақсарту үшін:

жас көшеттері бар тынысжай аумақтарын, қала шегінде жасыл ықшамаймақтар санын көбейту;

автомагистраль бойымен ландшафтты екпелерді, жол маңы кафелері мен қонақ үйлері, сондай-ақ келетін көліктік құралдарын жуу және санитарлық тазарту кешендері айналасында жас көшеттерді егу;

көшелерді жарықтандырудың арнайы техникасы мен автоматтандырылған басқару жүйесіне арналған өндірістік базаны дамыту;

Астана қаласының күрделі топырақтық-климаттық жағдайларын ескеріп, Қазақстан аста-насын көгалдандыруға қатысты ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және тынысжай сипаты бағытындағы мәселелер кешенін шешуді қамтамасыз ететін ботаникалық бақ жасау;

аумақты көгалдандыру жұмыстарын жүргізу барысында міндетті түрде «Астана қаласының жасыл көшеттерін жасау және күту жөніндегі ұсыныстар» талаптарын сақтау.

кварталішілік және аулаішілік көгалдандыру жобаларын әзірлеу керек.

11 Қоғамдық қызмет көрсету

11.1 Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорын-дары қоғамдық, тұрғын, өндірістік және тынысжай аймақтарында (қала аумақтарында) орналасады.

Қызмет көрсету жүйесі қаланың күндізгі халқына тұрғындары, мигранттары және уақытша халқы қосып есептеліледі.

11.2 Қызмет көрсету жүйесін қалыптастыру кезінде қалалық және жергілікті мақсаттағы деңгейлер қарастырылуы тиіс.

Қызмет көрсетудің жергілікті деңгейі тұрғын және өндірістік аймақтарда (аумақтарда) қалыптасады.

11.2.1* Тұрғын аймақтардағы (аумақтардағы) қызмет көрсетудің жергілікті деңгейіне: мектеп жа-сына дейінгі балалар мекемелері және мектептер, амбулаторлық-емханалық мекемелер, дәріханалар, сүт тарату пункттері, күнделікті сұраныс дүкендері, қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсе-ту кәсіпорындары, көпшілік мәдени және спорт мекеме-лері, байланыс және банк бөлімшелері, тұрақтар және паркингтер жатады.

Ғимараттардан алынған ара қашықтығын және мекемелердің және қызмет көрсету кәсіпорындары-ның жер учаскелерінің шекараларын 11.0-кестесінде келтірілгендерден кем емес қабылдау керек.

11.0 к е с т е - Ғимараттардан және жер учаскелерінің шекараларынан алынған ара қашықтығы

Мекемелер және қызмет көрсету кәсіпорындарының ғимараттары (жер учаскелері)	Ғимараттардан, мекемелерден және қызмет көрсету кәсіпорындарыннан (учаскелердің шекараларынан) алынған ара қашықтық, м		
	қызыл сызыққа дейін	Тұрғын үйлердің қабырғаларына дейін	Жалпы білім беру мектептерінің, мектепке дейінгі балалардың емделу мекемелерінің ғимараттарына дейін
Мектепке дейінгі балалардың мекемелері, жалпы білім беретін мектептер (ғимараттың қабырғалары)	25	Инсоляциялаудың және жарықтандырудың нормалары бойынша	
Қайталама шикізаттарды қабылдау пункттері	-	20*	50

Кіреберістерімен және терезелерімен.

Ескертулер:

1 Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің учас-келері, жаңадан орналастырылатын ауруханалар тікелей магистральды көшелерге жанаспауы тиіс.

2 Қайталама шикізаттарды қабылдау пункттерін жасыл көшеттердің жолағымен оқшаулау керек және оларға автомобиль көлігіне арналған кіру жолдарын қарастыру керек.

3 Ауруханалардың жер учаскелеріндегі шаруа-шылық аймағына және корпустар аймағына: инфек-циялық және инфекциялық емес ауруларға (жеке) сон-дай-ақ патологиялық-анатомиялық бөлімшелеріне жеке-ше кірулерді қарастыру қажет.

Жергілікті деңгейдегі объектілер жүргіншілер-дің қолдану радиусы бойынша орналасады: күнде-

лікті сұранысқа - 300-500 метр, кезеңдік сұраныс-қа -1200 метр.

Жергілікті деңгейдегі объектілермен қамта-масыз ету 11.1 және 11.2 кестелерінің тізіліміне және есептік көрсеткіштеріне сәйкес қабылданады.

Учаскелердің шамамен алынған өлшемдерін 11.4*-кестесіне сәйкес алу керек.

11.2.2 Өндірістік аумақтарда жергілікті деңгейдегі ашық және жабық торап объектілері қарастырылуы тиіс.

Жергілікті деңгейдегі жабық торап мекемелері өнеркәсіптік кәсіпорындарының аумақтарында орналасады және МҚН 3.02-03 және ҚР ҚНжЕ 3.02-04 сәйкес есептелінеді.

Жергілікті деңгейдегі ашық торап мекемелері өндірістік өнеркәсіп аумақтары мен тұрғын аудан-дардың түйіскен аймақтарында орналасады және 11.5 кестесі бойынша жұмыс істеушілер коҕффи-циентін ескергенде 11.1 кестесіне сәйкес іргелес аудандардың халқына арналады.

Түйісу аумақтарындағы жергілікті деңгейдегі торап құрамына сауда-тұрмыстық, спорт объек-тілері, банк, байланыс бөлімшілері, кеңселер, авто-сервис объектілері және басқалары жатады.

11.3 Халыққа қызмет көрсетудің толық кешені қоғамдық аумақтарда көпқызметтік және арнайы орталықтарда қалалық мақсаттағы мекемелердің да-муын қарастырады.

Жобалау негізі ретінде Астана қаласы да-муының Бас жоспары, әкімшілік (жайғасымдық) жә-не тұрғын аудандар аумақтары дамуының Қала құ-рылысы жоспарлары алынады.

Қалалық мекемелердің даму көлемдерін жоба-лау барысында қоғамдық аймақтар мен орталық-тардағы аумақтық ресурстарды және 11.6-кестесі бойынша ұсынылатын құрылыс салу тығыздығын ескере отырып анықталады.

Қаланың қызмет көрсету жүйесінің құрамына сауда-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерін, соның ішінде жаяу жүру аймақтарын қалыптастыратын объек-тілерді, мәдениет объектілерін, қонақ үйлерді, ден-саулық сақтау және білім беру мекемелерін, іскерлік кешендерін жатқызу керек.

Қаланың қоғамдық аймақтарының (аумақ-тарының) жерасты кеңістігінде автотұрақтар, көлік өткелдері, сауда-тұрмыстық және мәдени мақсат-тағы қалалық деңгейдегі мекемелер орналасты-рылуы мүмкін.

Тынысжай аймақтарында (аумақтарында) ор-наласқан қызмет көрсету мекемелері мен кәсіп-орындары жалпықалалық орталық жүйесіне кіреді.

11.1 к е с т е - Әлеуметтік маңызы бар объектілердің күнделікті және кезеңдік қызмет көрсетудің ең аз қамтамасыздығының міндетті тізбесі және есептік көрсеткіштері

Қызмет көрсету кәсіпорындары мен мекемелері	Өлшеу бірлігі	Минималды қамтамасыздығы	
		күнделікті қызмет көрсету	кезеңдік қызмет көрсету
1 Білім беру мекемелері, барлығы:	1 тұрғынға жалпы ауданның м^2	Демография бойынша есеп	Демография бойынша есеп
оның ішінде 1000 тұрғынға:			
- мектепке дейінгі мекемелер	орын	Демография бойынша есеп	Демография бойынша есеп
- жалпы білім беретін мектептер	орын	Демография бойынша есеп	Демография бойынша есеп
- мамандандырылған балалар мекемелері (музыкалық, өнер, көркем сурет)	орын	-	18,0
2 Сауда-тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары*, барлығы	1 тұрғынға жалпы ауданның м^2	0,6	0,07
оның ішінде 1000 тұрғынға:			
- Дүкендер:	сауда ауданының м^2	280	100
азық-түлік	сауда ауданының м^2	100	70
азық-түлік емес	сауда ауданының м^2	180	30
- Базар кешендері	сауда ауданының м^2	24-40	-
-Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары	отырғызу орындары	40	8
- Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары	жұмыс орындары	9	2
3 Мәдениет және көркемөнер мекемелері* барлығы,	1 тұрғынға жалпы ауданның м^2	0,18	0,18
оның ішінде 1000 тұрғынға:			
- Әмбебап залы	орын	12,0	8
- Көрме залы	жалпы ауданның м^2	-	12,0
- Кітапханалар	мың том	3,7	-
- Клубтық бөлмелер	жалпы ауданның м^2	108	-
- Өнер, ҕстетикалық білім беру орталықтары	оқушылар		10

11.1 кестенің соңы

Қызмет көрсету кәсіпорындары мен мекемелері	Өлшеу бірлігі	Минималды қамтамасыздығы	
		Күнделікті қызмет көрсету	Кезеңдік қызмет көрсету
4 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыздандыру мекемелері* барлығы, соның ішінде 1000 тұрғынға:	1 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	0,07	0,29
- Дәріханалар*	жалпы ауданның $м^2$	60	17
- Сүт тағамдарын тарату пункттері	-«-	12	-
- Аймақтық емханалар	келушілер/ ауысым		
ересектер үшін		-	16
балалар үшін		-	5.3
Ауруханалар, оның ішінде перзентханалар	кереуеттер	-	Қалаға есептеу бойынша
Арнайы емханалар мен диспансерлер:	келушілер/ ауысым		-«-
- ересектер үшін		-	-«-
- балалар үшін		-	-«-
Әлеуметтік қызмет көрсететін аумақтық кешендік орталық	жалпы ауданның $м^2$	-	48
Жылдам жәрдем беретін қосалқы станциялар	машина	-	0,12
Мүгедектер мен қарттарға арналған үй-интернаттары			Қалаға есептеу бойынша
5 Жабық спорттық имараттар	1 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	0,16	0,23
6 Басқа мекемелер, барлығы, оның ішінде:	1 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	0,11	0,19
- Полиция бөлімшелері	объект	-	50 мың тұрғынға 1
- Тәртіп сақтау тірек пункттері	1 ықшамауданға жалпы ауданның $м^2$	144	-
- Аудандық пайдалану басқармасы	объект		25 мың тұрғынға 1
- Халық банкі бөлімшелері	1000 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	24	-
- Байланыс бөлімшелері	объект	15 мың тұрғынға 1	
- Автоматтық телефон станциясы	1 объект 10-40 мың номерге	-	Есеп бойынша
7 Коммуналды шаруашылық объектілері, соның ішінде:		Есеп бойынша	
- Жинайтын машиналар тұрақтары	объект		1 - 2
- Газ тарату пункті	-«-	Есеп бойынша	-
- Трансформаторлық қосалқы бекеттер	-«-	3-4 мың тұрғынға	-
- Қоғамдық дәретханалар	1 құрал 1000 тұрғынға	0,3-1	0,7-1,7
- Өрт сөндіру депосы	1 объект 6 өрт сөндіру машинасына		
8 Еркін қолданыстағы бөлмелер	1 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	-	0,1

Ескертулер:

1 Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарын есептеу барысында * белгісімен қала аумақтары бойынша:

- жалпықалалық орталықта, магистраль маңайындағы аумақтарында және қалалық құрылыс тораптарында - 3,0; - көлемі 500 га-ға дейін магистраль аралық аумақтарда 2,0;

- көлемі 500 га-дан жоғары болатын тек аралас тұрғын үй құрылысы топтары үшін -1,5 есеп көрсеткішіне көбейткіш коэффициентін қолданып, күндізгі халықтың қосымша жүктемесі белгіленеді.

2 Мүгедектер мен қарттарға арналған үй-интернаттар, мүгедек балаларға арналған балалар үйлер, қала бойынша 1000 тұрғынға 2,1 орын көрсеткіштері бойынша есептелінеді.

3 Асүйлерді ұлектрплиталармен жабдықтау кезінде трансформаторлық қосалқы станциялардың саны 20 %-ға көбейеді.

4 Өрт сөндіру деполары қалалық мақсаттағы объектілер болып табылады, орналастыру кезінде олар есептік аумаққа кірмейді. Радиусы 2 км болатын аумаққа қызмет көрсетеді.

5 Жалпықалалық мақсаттағы объектілер болып табылатын ауруханалар, перзентханалар, арнайы емханалар және диспансерлер тұрғын аудан аумағының есебіне кірмейді.

6 Қызмет көрсету объектілерінің жалпы ауданының ауыспалы коэффициенті 11.3-кестесінде келтірілген.

11.2 к е с т е - Жақыннан қызмет көрсететін әлеуметтік маңызы бар объектілердің минималды қамтамасыздығының міндетті тізбесі және есептік көрсеткіштері

№	Жақыннан қызмет көрсету кәсіпорындары	Өлшеу бірлігі	Минималды қамтамасыздығы
1	Балабақшалар, бөбекжайлар	4000 тұрғынға орын	Демография бойынша есептеу
2	Азық-түлік, кулинариялық, тоқаш-кондитерлік дүкендер	1000 тұрғынға сауда ауданының $м^2$	100
3	Аса қажет заттардың өнеркәсіп тауарлары дүкені	1000 тұрғынға сауда ауданының $м^2$	180
4	Дәріханалық орыны	1000 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	12
5	Зейнеткерлер мен мүгедектерге қызмет көрсету клубтары	1000 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	36
6	Тәртіп сақтау орыны	тұрғын топқа/жалпы ауданның $м^2$	24
7	Жастар клубы	1000 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	36
8	Спорттық-жаттығу залы	1000 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	60-80
9	Автотұрақтар	1000 тұрғынға жалпы ауданның $м^2$	7000.0
10	Тұрмыстық қызмет көрсету шеберханасы	1000 тұрғынға жұмыс орыны	9
11	Кір жуу, химиялық тазарту қабылдау орындары	тұрғын топқа арналған объект	2
	Кір жуу,	1 ауысымда 1000 тұрғынға іш киім, кг	120
12	Соның ішінде:		
	өзіне өзі қызмет көрсететін кір жуу	объект 1 ауысымда 75 кг іш киім	
	кір жуу фабрикалары	1000 тұрғынға арналған объект	10(10) 110
13	Химиялық тазалаулар	1 ауысымдағы 1000 тұрғынға арналған заттар кг	11,4(4,0)
	Соның ішінде:		
	өзіне өзі қызмет көрсететін кір жуу,	1000 тұрғынға объект	4,0(4,0)
	химиялық тазалау фабрикалары	1000 тұрғынға объект	7,4
14	Моншалар	1000 тұрғынға	5 орын
15	Тұрғын-пайдалану ұйымдары:		
	- 20 000 адамға дейін халқы бар ықшамауданға	объект	1
	- 80 мың адамға дейін халқы бар тұрғын ауданға		1
16	Қайталама шикізатты қабылдау орыны:		
	20 000 адамға дейін халқы бар ықшам ауданға	объект	1
17	Қоғамдық дәретханалар	1000 тұрғынға - аспап	1
18	Жерлеуге қызмет көрсету бюросы	0,5-1 млн. адамға 1 объект	1

Ескертулер:

1 Жақыннан қызмет көрсету объектілерінің болуы ықшамаудан аумағынан тыс басқа қызметтік мақсаттағы аумақтар қоршауында орналасатын тұрғын тобын, аралас тұрғын тобын жобалау кезінде міндетті.

2 Тұрғын тобы ықшамаудан құрамында орналасқан жағдайда жақыннан қызмет көрсету объектілері мен олардың қамтамасыздығының көрсеткіштері 11.1-кестесіндегі күнделікті қызмет көрсету объектілері қамтамасыздығының жиынтық көрсеткіштеріне кіреді.

3 Ықшамауданда және тұрғын аудандағы қызмет көрсету жүйелерінің ұйымдары сәйкестендірілген жергілікті мақсаттағы кәсіпорындардың есептік нормалары жақшада келтірілген.

11.3 к е с т е - Өлшеу бірлігіне қызмет көрсету объектілерінің жалпы ауданмен қамтамасыздығының шамамен алынған көрсеткіштері

Қызмет көрсету кәсіпорындары мен мекемелері	Өлшеу бірлігі	Жалпы аудан көрсеткіштері, $м^2$
1 Білім беру мекемелері:		
- Мектепке дейінгі балалар мекемелері соның ішінде:	1 орын	9-12
мемлекеттік	1 орын	11-14
жеке меншік	1 орын	11-ден кем емес
келіп тұратын бала күтушілерінің қызмет көрсету орталықтары	1 орын	11-ден кем емес
- Жалпы білім беретін мектептер	1 орын	12
- Лицейлер, гимназиялар	1 орын	18
2 Сауда-тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары:		
- Дүкендер	сауда ауданының 1 $м^2$	2 - 3
- Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары	1 отыратын орны	7-10
- Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары	1 жұмыс орны	24
3 Мәдениет және өнер мекемелері:		
- кинотеатрлар	1 орын	4-6
- кітапханалар	1 мың.том	12
- клубтар	1 орын	3-6
4 Денсаулық сақтау мекемелері:		
- аумақтық емханалар	ауысымда1 келу	12-18

Е с к е р т у - Сыртқы қабырғалар габариттерінде қызмет көрсету объектілерінің әр қабатының жиынтық ауданынан алынған құрылыстың жалпы ауданының пайызы жобалауға берілген нұсқаумен анықталады; шамамен алынған көрсеткіштердің ауыспалы коэффициенті 0,7.

11.4* к е с т е - Мекемелердің жер учаскелерінің шамамен алынған өлшемдер

№/рс	Қызмет көрсету кәсіпорындары мен мекемелері	Жер учаскелерінің үлес өлшемдері
1	Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері	100 орынға дейін-1 орынға 40 $м^2$ 100 орыннан 500 орвнға дейін коса алғанда-1 орынға 35 $м^2$ **(Өзг.- ҚР ӨДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 07.04.2014 ж. №130-НҚ бұйрығы)**
2	Мектептер	бір орынға** 16 - 50 $м^2$
	- жапсарлас салынған	қысқарту: 5 %-ға
	- қосарлы-жапсарлас салынған	10 %-ға
	- жапсарлас салынған	15 %-ға
3	Ересектерге арналған ауруханалар:	
	- инфекциялық, туберкулезді, онкологиялық, диспансерлер стационарлары	1 төсекке 80 $м^2$
	- қайта қалпына келтіре емдеу ауруханалары	1 төсекке 144 $м^2$
	- хосписте р	1 төсекке 500 $м^2$
	- перзентханалар	1 төсекке 100 $м^2$
	- ауруханалардың, диспансерлер және стационарлардың басқа түрлері	1 төсекке 70 $м^2$
	Балаларға арналған стационарлар:	
	- балалардың инфекциялық және туберкулезді емдеу ауруханалары	1 төсекке 150 $м^2$
	- қайта қалпына келтіре емдейтін балалар ауруханалары	1 төсекке 180 $м^2$
	- ауруханалардың басқа түрлері	1 төсекке 120 $м^2$
4	Емханалар	1 ауысымда 100 келуге 0,1 га, бірақ 1 объектіге 0,6 га-дан кем болмауы керек
5	Дәріханалар	0,3 - 0,5 га 1 объектіге
6	Кинотеатрлар	5 $м^2$ бір орынға
7	Жапсарлас салынған немесе жеке тұратын клубтар: - жастарға арналған және	0,2 - 0,4 га 1 объектіге
	- әуесқойлық студиялар	0,5 - 0,6 га 1 объектіге
8	Дүкендер (сауда ауд. $м^2$):	
	250 - 650	4,8 - 5,5 $м^2$ /сауда ауданының 1 $м^2$
	1000 - 2000	0,1 - 0,4 га 1 объектіге
9	Қоғамдық тамақтану (отыру орындары)***	
	50	34 $м^2$ бір орынға
	100	28 $м^2$ бір орынға
	200	17 $м^2$ бір орынға

11.4 кестенің соңы*

10	Спорт	0,4-0,6 га 1 объектіге
	Күнделікті қызмет көрстеу - тұрғын үйге жақын имараттар (денешынықтыру-сауықтыру клубтары)	0,4 - 0,8 м 1 адамға
	Мерзімділік қызмет көрсету, барлығы	1,6 - 1,8 м^2/адам
	соның ішінде:	
	- аудандардың денешынықтыру-сауықтыру орталықтары, БЖСМ	1,2 - 1,4 м^2/адам
	- тынысжай имараттарының денещынықтыру кешендері	0,3 м^2/адам
11	Медициналық жедел көмек беру қосалқы станциялары	0,4 - 0,6 га 1 объектіге
12	Интернат үйлері (300 - 500 орын)	96 - 120 м^2 1 орынға
	Дене кемістігі бар мүгедектерге арналған интернат үйлер (50 - 200 орын)	96 - 144 м^2 1 орынға
	Психоневрологиялық интернаттар (200 - 600 орын)	96 - 144 м^2 1 орынға
13	Тұрмыстық қызмет көрсету (жұмыс орындары)	30 - 36 м^2 1 қызмет орнына
14	Өз өзіне қызмет көрсететін кір жуулар, Кір жуу фабрикалары,	0,1-0,2 га 1 объектіге 0,5 - 1,0 га 1 объектіге
15	Өз өзіне қызмет ететін химиялық тазалаулар, химиялық тазалау фабрикалары, объект -	0,1 - 0,2 га 0,5 - 1,0 га
16	Моншалар -	0,2 - 0,4 га 1 объектіге
17	Тұрғын үй-пайдалану ұйымдары: 20 мың адамға дейінгі халқы бар ықшамауданға 1 объект 80 мың адамға дейінгі халқы бар тұрғын үй ауданға 1 объект	0,3 га 1 объектіге
18	Қайталама шикізатты қабылдау орыны, объект – 20 мың адамға дейінгі халқы бар ықшамауданға 1 объект	0,01 1 объектіге
19	Дәстүрлі жерлеу зираттары	1 мың. адамға - 0,24 га
20	Мәйітті өртегеннен кейін урналық жерлеу зираттары	1 мың. адамға - 0,02 га

1 Зираттардың аумақтары, ҚТҚ-ны сақтау және пайдаға асыру санитариялық-қорғау нормаларын ескере отырып, белгіленген тәртіпте қаланың сыртына шығарылады.

2 Жерлеу үшін кесіп берілетін жер учаскелерінің өлшемдері жергілікті шарттар бойынша белгіленеді. Қалалық зираттарды орналастыруды олардың қоғамдық маңызы бар қалалардың дамуына байланысты дамуын ескере отырып, жерлеу учаскелерінің кішірейтілуіне жол беріледі.

**Хәуіз, спортзал , сауықтыру кешенін жапсарлас салудың есебінен мектептің учаскесінің кішірейтілуіне жол беріледі.

***Жапсарлас салынған кәсіпорындар үшін учаскенің аудандары - 25 %-ке, құрамына қосып салынған-жапсарлас салынған үшін - 50 %-ке кішірейтілуі тиіс.

11.5 кесте - Жұмыс істеушілерді есептегендегі есептеуге арналған коэффициенттер

Қатынасы: жұмыс істеушілер(мыңадам) / тұрғындар (мың адам)	Коэффициент	Есептік көрсеткіштер (1000 тұрғынға)		
		Сауда кәсіпорындары, сауда ауданының м^2	Жұмыс орындарына	
			Қоғамдық тамақтану орын	тұрмыстық қызмет көрсету орын
0,5	1	144	13	1,8
1	2	288	26	3,6
1,5	3	432	40	5,4

11.6 к е с т е - Қоғамдық орталықтары құрылысының ұсынылатын тығыздықтары

Орталықтар түрлері	Құрылыс тығыздығы (жалпы ауд.мың м^2 /га)	
	Бос аумақтарда	Жаңғырту кезінде
1 Жалпықалалық орталықтың көпқызметтік аймақтары	25-тен кем емес	15-тен кем емес
2 Іскерлік кешендер	25-тен кем емес	15-тен кем емес
3 Қонақ үй кешендері	25-тен кем емес	15-тен кем емес
4 Сауда кешендері	10-нан кем емес	5-тен кем емес
5 Мәдени-демалыс кешендері	5-тен кем емес	5-тен кем емес

11.4 Қызмет көрсету мекемелерін жобалауды 4-қосымшада айтылған талаптарға сәйкес жүргізу керек

11.5 Қоғамдық дәретханаларды:

орналасу жағдайына қарай - жерасты және жерүсті;

салу түрлері бойынша - құрылысқа жапсар-лас салынған және қала аумағында жеке орналас-қан;

күрделілігі бойынша - тұрақты (күрделі және модульді) және уақытша дәретханаларға бөлу керек.

11.5.1 Тұрақты типті имараттар болып қала-лық электрмен, сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелеріне қосылатын қоғамдық дә-ретханалар табылады. Уақытша түрдегі дәретхана-лар қалалық тораптарға қосылмайды.

Қала аумағында орналастырылатын тұрақты дәретханалар:

сәулет-құрылыстық, санитарлық-гигиеналық, эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға жауап беруі тиіс;

қазіргі заманға сай жабдықпен және автоматикамен жарақтандырылады;

Астана қаласының климаттық ерекшелік-теріне сай болуы қажет;

құрылымдардың және техникалық құрылғылардың берік және ұзақ уақытқа жарамды болуы керек;

қолданушылардың, сонымен бірге, халық-тың аз әрекетті топтарының қауіпсіздігі мен оларға қолайлылығын қамтамасыз етуі тиіс;

электрлік және өрт қауіпсіздігінің талаптарына жауап беріп, құрылымдардың «қылмыққа қарсы» тұра алатындай орындалуы қажет;

қолданыстағы ғимараттар мен ережелерге сәйкес келуі тиіс.

Күрделі типті тұрақты дәретханалар – терең-детіліген іргетастарда салынған, бірнеше сантех-никалық және жеке пайдалану үшін арналған құралдары бар имараттар.

Модульді түрдегі тұрақты дәретханалар - ірге-тассыз негізге қондырылатын, бірнеше немесе әртүр-лі мақсаттағы бірнеше модульді жинақтау мүмкіндігі бар бір құралмен жабдықталған имараттар.

Қала аумағында уақытша дәретханаларды жобалау кезінде санитарлық-гигиеналық, эпидемиоло-гиялық және экологиялық нормалардың талаптарын сақтау керек.

11.5.2 Жобалау кезінде қоғамдық дәретханаларды орналастыруды олардың қоғамдық мақсаттағы қолжетімділігін, жалпықалалық орталық-тар жүйелерінің тұрғын үйлер аудандары мен ықшамаудандардың және қаланың тынысжай аумақ-тарында құрамында сондай-ақ:

көпшілік шараларды өткізу орындарында;

түйіскен аумақтарда сауда-тұрмыстық желісін ірі сауда объектілері, қоғамдық тамақтану объектілері, мәдениет және спорт салаларындағы ойын-сауық объектілері орналасқан аймақтарында;

діни имараттар түйіскен аумақтарында;

тарихи және мәдени мұралар бар орындарында;

теміржол кәлігінің вокзалдары алаңдарында;

қала маңайына 20 минуттан артық ара-лықпен жүретін электричкалар мен қоғамдық көлік стансаларының аймақтарында;

қалалық АМҚС, техникалық қызмет көрсету стансалары орналасқан жерлерде және ірі авто-тұрақтар аймақтарында;

қаланың магистраль көшелеріне жанасатын аумақтарында 4 қосымшаға сәйкес қарастыру керек.

11.5.3 Қала аумағында тұрақты типті дәрет-ханаларды орналастыруды жобалау кезінде қалалық суқұбыры және канализация жүйелерін пайдалану талаптарын басшылыққа алу керек.

Жапсарлас типті қоғамдық дәретханаларды (қоғамдық құрылыс құрамында) МҚН 3.02-02-ге сәйкес жобалау керек (**Түзету**).

11.5.4 Қоғамдық дәретханалардың тұрған орны туралы ақпараттық белгілерді Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесіне сәйкес орналастыру керек. (**Түзету**)

12 Аумақты инженерлік дайындау

12.1 Жалпы ережелер

12.1.1 Аумақты инженерлік дайындау және инженерлік-құрылыс қорғау құрылыстың, инже-нерлік инфрақұрылым жүйесінің тиімді жұмыс істеуі, тарихи-мәдени, сәулеттік-ландшафтық және су объектілерінің, сондай-ақ жасыл сілемдердің сақта-луы үшін жағымды жағдайлар жасау мақсатында аумақтардың сапасын жақсарту және құрылыс салынатын (жаңғыртылатын) аумақтарға теріс әсерлерді болдырмау үшін жүргізіледі. Аумақтарды инженерлік дайындықтан өткізу және қорғау мәселелері қалақұрылысы құжаттамасын жасаудың барлық кезеңдерінде шешіледі.

12.1.2 Қаланың аумағындағы инженерлік қорғау құрамында жергілікті объект жанындағы қорғау имараттары болуы ықтимал кешенді аумақтық жүйе болуы тиіс.

Кешенді жүйе қала аумағының маусымды тербелістер және ғимараттарды, имараттар мен тораптарды пайдалану процестері барысында жер асты суларының деңгейінің көтерілу есебінен су тасқыны, су басудан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

12.1.3 Астана қаласын тасқын суларынан қор-ғау барысында жобалық толтырылуын және су қоймасы гидроторабының сақталуын қамтамасыз ететін шараларды ескеріп, тасқын толқынының трансформациясы үшін Вячеславский су қоймасы-ның реттеу қызметін максималды пайдалану қажет.

12.1.4 Аумақты инженерлік дайындықтан өткізу жөніндегі жобалық шешімдер инженерлік-құрылыстық, þпидемиологиялық, химиялық және радиациялық қауіпсіздігі бойынша тиісті инстан-циялардың қорытындыларына негізделуі тиіс.

Аумақтарды инженерлік дайындау бойынша жүргізілетін шаралардың ішінде геологиялық ортаның, топырақтар мен өсімдіктердің азуының біркелкіленуіне бағытталған техникалық құралдар-ды қолдану қажет.

Аумақтың вертикалды жоспарлануы, себілуі және жуылуы топырақпен және гигиеналық серти-фикаты бар басқа материалдармен іске асырылуы тиіс.

12.1.5 Жердің үстіңгі қабатының артып отырған антропогендік өзгерістеріне (механикалық бүліну, су басу, қайта сортаңдану және басқа да химиялық заттармен ластану) алып келетін Астана қаласының қарқынды дамуы жағдайында қаланың күрделі геологиялық және гидрологиялық жағдайын

құрылысты тиімді пайдалануға әсер ететін вертикалды жоспарлау;

жер беті суларын (жаңбыр канализация-сының) бұруды ұйымдастыру;

жер асты суының деңгейін төмендету үшін дренажды желіні ұйымдастыру сияқты инженерлік дайындық бойынша міндетті шаралар жиынтығы-ның негізінде қала құрылысын игеруге қолайлы жағдай туғызу керек.

12.1.6 Күрделі инженерлік-құрылыс жағдайын-дағы (қала аумағында судың тасуы және жер асты суының жоғары деңгейіне байланысты су басып қалуы) аумақтарда МҚН 2.03-02-ні басшылыққа алу керек, құрылыс салуға немесе игерудің басқа түрлеріне жоспарлық шектеулер енгізілуі не қалақұрылыстық және инженерлік-құрылыстық негіз-демелер болған жағдайда қала ортасының инженерлік-құрылыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы қорғау шараларын жүргізу керек.

Аумақты инженерлік дайындықтан өткізу және қорғау мәселелері қала құрылысы құжаттамасын жасаудың барлық кезеңдерінде де шешіле береді.

12.1.7 Вертикалды жоспарлауды жобалау барысында ҚР ҚНжЕ 3.01-01-нің негізгі ережелерін қала құрылысы жобаларын және жер массалары балансының талаптарын басшылыққа алу керек.

Олардың орындарын ауыстыруы әртүрлі қыз-меттік қолданыстағы аумақтар мен құрылыстың сипаты шегінде рұқсат етіледі.

12.1.8 Жер беті суларын бұру жүйесі 14.3 бөліміне, ҚР ҚНжЕ 3.01-01 және ҚР ҚН 4.01-03-тің талаптарына сәйкес Астана қаласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша сыртқы су ағарларды жобалаудың техникалық жағдайлары мен талаптарын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. **(Түзету)**.

12.1.9 Жер асты суларының деңгейі биік қала аумағында, батпақтанған учаскелерде, жабық дренаждарды орнату жолымен күрделі құрылыс салу аймағында ыза сулары деңгейінің төменде-тілуін қарастыру керек.

Қаланың үйжайлық құрылыс салу аумақта-рында және стадиондарда, саябақтар мен көпшілік пайдаланатын басқа да көгалдандырылған аумақ-тарында ашық құрғату желілерінің қойылуына рұқсат етіледі.

Көрсетілген шаралар ҚР ҚНжЕ 2.03-10-ге сәйкес аумақтарда жер асты сулары деңгейінің төмендеу мақсатымен қамтамасыз етілуі тиіс.

12.1.10 Тұрғын, қоғамдық-өндірістік және тынысжай аумақтарын инженерлік дайындықтан өткізу және қорғау бойынша жүргізілетін шараларды орындауды аумақты таңдау, Астана қаласы жоспар-лануының техникалық-экономикалық негіздерін, оның бас жоспарын жасау барысында анықтаған жөн.

Ғимараттар мен имараттардың салу үшін құ-рылыстың тиімді ұйымдастырылуына, сапаның жо-ғарылауына, мерзімдердің қысқартылуы мен құры-лыс құнының төмендеуіне ықпал ететін қолайлы жағдайлар жасау керек.

12.1.11 Аумақты инженерлік дайындау бойын-ша шараларды аумақтың инженерлік-геологиялық жағдайларының өзгеру, пайдалану сипатының және жоспарлық ұйымдастырылуының болжамын ескеріп белгілеу керек.

12.1.12 Вертикалды жоспарлауды жүргізген жағдайда аумақтың жобалық белгілерін табиғи бедердің, топырақ жабынының және екпе ағаштар-дың, топырақ мүжілуінің пайда болу мүмкіндігін болдырмайтындай жылдамдықтағы жер беті сула-рын бұрудың, құрылыс алаңынан шығарылатын топырақты ескергендегі жер қазу жұмыстарының ең аз көлемін барынша сақтау жағдайларына қарасты белгілеу қажет.

12.1.13 Жер беті суларын ҚР ҚНжЕ 2.03-10-ге сәйкес қалада ағынды алдын ала тазартатын жабық типті жаңбыр канализациясын қарастырып, Астана қаласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламамсының іс-шараларына сәйкес барлық хауіздерден (суқоймаларының орлары, суағарлар, жыралар және т.с.с.) бұрып әкетуді жүзеге асыру керек. (**Түзету**)

12.2 Тұрғын аумақтар

12.2.1 Көпқабатты үйлер салынатын аудан-дарда жабық типті жауын канализациясын қарас-тыру керек.

12.2.2 Тұрғын аумақтарда жер беті суларын бұрып әкету төмендетілген жерлерде және көшелер бойларында орнатылған жауынқабылдағыштарға өтетін науалар арқылы тұрғын кварталдардан және үйге іргелес аумақтардан жүргізілуі тиіс.

Жауынқабылдағыштардағы су көшелер бойы-мен жүргізілетін су ағарларға жиналуы қажет, ал бас су ағар коллекторын тұрғын аудан шекарасына кіргізу керек.

12.2.3 Ашық субұру құрылғыларын - қарық-тарды, астауларды, науаларды бір-, екі қабатты құрылыс салғанда, сондай-ақ көшелермен, жолдар-мен, өту жолдарымен және жаяужолдармен қиы-лыстарда көпіршелері немесе құбырлары бар сая-бақтардың аумақтарында қолдануға рұқсат етіледі.

12.2.4 Мүжілуге ұшыраған (еңістер мен топы-рақтың сипаттамалары бойынша) тұрғын үй құры-лысы салынған аумақтардың учаскелерінде су-бұрудың жалпы жүйесіне қосымша ғимараттардан жер беті суларының сол ауданнан бұрып әкетілуін қарастыру керек.

12.2.6 Беріктік қасиеттері төмен табиғи топырақтан құрылған және техногенді түзілімнен тұратын аумақтарда ықшамаудандар инфрақұры-лымының тұрғын ғимараттары мен имараттарды көбінесе негіздері арнайы дайындалған қадалы іргетастарға салу керек.

12.2.7 Жер асты суларының деңгейі жоғары тұрғын аудандардың аумақтарындағы құрғату те-реңдігі, жер бетінің жобалық белгілерінен 3 м-ге дейін, ал қызметтік немесе шаруашылық пайда-ланудағы жер асты бөлмелері болған жағдайда 3-4 м болып белгіленеді.

Жер асты суларының деңгейлерін құрғатудың қажетті тереңдігіне төмендету үшін су басатын ықшамаудандардың аумақтары жабық типті дренаж желілерімен жабдықталуы тиіс.

Жеке ғимараттар мен имараттардың жер-гілікті қорғалуы мүмкін. Бұл жағдайда іргелес аудандағы құрғату тереңдігі; жасыл екпе ағаштары бар стадиондарға, саябақтарға, гүлбақтарға және басқа аумақтарға арналған жерлердің бетінің жобалық белгілерінен 2 м-ге дейін - 1 м-ден кем емес етіп белгіленеді.

12.2.8 Жоспардағы құрғату тораптарының өлшемдері кварталдардың жоспарлық құрылыс модульдерімен келісілуі, ал олардың жоспардағы орналасуы сутұтқыш қабаттарының сүзгіштік сипаттамалары және қала құрылысы параметрлері туралы деректердің негізінде есептеу арқылы анықталуы тиіс. Есептеу нәтижелеріне байланысты дренаж желісі жалпы немесе жергілікті қорғаудың пішіндерін қабылдауы тиіс.

Алаңшаның құрғату торабын Астана қаласы-ның құрғату торабының Бас сұлбасына сәйкес әзірлеу қажет.

12.3 Қоғамдық аудандар

12.3.1 Қоғамдық орталықтарда жер беті суларын өту жолдарының науалары арқылы көше жауынқабылдағыштарына және олар арқылы - жауын канализациясының жалпы жүйесіне бұрып әкету керек.

12.3.2 Күрделі инженерлік-құрылыс жағдайын-дағы аудандарда сауда-тұрмыстық, мәдени, қоғам-дық, өндірістік және басқа қызметтерге арналған қоғамдық қала аймақтарында жер асты кеңістігінің тереңдетіліп (2, 3 және көпқабатты) пайдаланылуы имараттар мен құрылымдардың орнықтылығын қам-тамасыз ететін шаралармен қоса жүргізілуі тиіс.

Бұл үшін тиянақтаудың, негіз топырақтарын бекітудің, дренаждаудың, сүзгілеуге қарсы бүркеудің, күшейтілген гидрооқшаулаудың, желдетулер мен қабырғалардың әлектроосматикалық кептірілуінің арнайы тәсілдерін қолдану қажет.

12.3.3 Астана қаласының тарихи орталық-тарында сәулет кешендері мен жеке ескерткіш-тердің

орнықтылығын қамтамасыз ету үшін жер асты қорғау аймақтарының шекаралары орнатылуы тиіс, оларға арналып жер асты кеңістігіне енуге шектеулер және құрылыстың, барлау бұрғылауы өндірісінің, суды төмендетудің, имараттар мен инженерлік тораптарды пайдаланудың режімдері белгіленуі тиіс.

12.3.4 Қаланың қоғамдық аумақтарын жоба-лаған кезде Астана қаласы дамуының Бас жоспа-рының барлық негізгі тұжырымдарын ескеру қажет.

12.4 Өндірістік аумақтар

12.4.1 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың верти-калды жоспарлануының ерекшеліктері мыналар:

- биіктікте өзара орналасуын алын-ала анық-тайтын жеке корпустар мен өндірістік құрылғылар арасындағы технологиялық байланыстар;
- аумақта корпустармен, қоймалармен, тиеп-түсіру алаңдарымен байланысқан және рельс жолдарының бойлық еңісі шектелген темір жол тармақтары өнеркәсіптерінің болуы;
- темір жол жолдары мен автомобиль жолда-рының қиылысындағы қиындықтар, дәлірек айт-қанда, бұл қиылысулардағы су бұру мәселесін шешудегі қиындықтар.

12.4.2 Әрбір кәсіпорын аумағының вертикал-ды жоспарының бүтіндей бір ауданның көшелері және өтетін жолдарындағы жобалық белгілер мен еңістерді анықтайтын, сондай-ақ жекелеген кәсіпо-рындар аумақтарының шекаралары (қызыл сызық-тар) бойынша белгілерді тағайындайтын өнеркә-сіптік ауданның (аймақтың) вертикалды жоспарла-нуының өзіндік негізгі сұлбасы немесе жобасы бар.

12.4.3 Өнеркәсіптік кәсіпорын аудандары жос-парлануының вертикалды жобасына зауыттың ішкі жолдары бойынша бойлық пішіндердің құрылуы мен жобалануы және жалпы аумақтың жобалық (қызыл) горизонталі жатады.

12.4.4 Өнеркәсіптік кәсіпорындар аумағының вертикалды жайғастыруын Астана қаласы дамуы-ның Бас жоспарына, Астана қаласының өнеркәсіптік аймағының Бас жоспарына және ҚНжЕ II-89-ге сәйкес әзірлеу қажет.

12.4.6 Күрделі инженерлік-құрылыс жағда-йындағы аудандардағы өндірістік аймақтарда жер асты кеңістігінің тереңдетіліп (2, 3 және көпқабатты) пайдаланылуы имараттар мен құрылымдардың ор-нықтылығын қамтамасыз ететін шаралармен қоса жүргізілуі тиіс.

Бұл үшін тиянақтаудың, негіз топырақтарын бекітудің, құрғатудың, сүзгілеуге қарсы бүркеудің, күшейтілген гидрооқшаулаудың, желдетулер мен қабырғалардың ƒлктроосматикалық кептірілуінің ар-найы тәсілдерін қолдану қажет.

12.5 Тынысжай аумақтары

12.5.1 Тынысжай аумақтарында жер беті және ыза суларының, жауын канализациясының желілері және ашық типті құрғатулар түрінде су бұру жүйесін іске асыруға рұқсат етіледі.

12.5.2 Саябақтар, орманбақтар, гүлбақтар және басқа да көгалдандырылған аумақтар мен спорт алаңшаларының су басатын аумақтарында жер бетінен 1 м-ден кем болмайтын құрғату тереңдігінде жер асты сулары деңгейінің төмендетілуін қарастыру керек.

12.5.3 Мүжілу процестердің ықпалындағы жыра түзетін учаскелерде жер беті сулары ағыны-ның ретке келтірілуін, жыралар арнасының бекітілуін, беткейлерді ағаш-бұтасын өсімдіктерді отырғызып бастырмалауды қарастыру керек.

12.5.4 Қала аумағында қазбалармен және өндіріс қалдықтарының үйінділерімен бүлінген аумақтар, негізінен, тыныжайлық мақсаттарда пай-даланылуы үшін қайта өңделуі керек.

Бұл аумақтарда жоспарлау және топырақпен үйінділеу жолымен ерекше ландшафт, сондай-ақ құрылыстың басқа учаскелерінен алынған және қатталған құнарлы қабатты пайдаланып, топырақ жабыны жасалуы тиіс.

12.5.5 Тыныжай аймақтарын ұйымдастыру үшін ландшафтар мен кішкентай өзендерді көшіру барысында агротехникалық және агромелиора-тивтік әдістермен мүжілуге қарсы, сондай-ақ жағаларды бекіту және жағажайларды тұрғызу (жа-ғаларды бекіту бойынша жаңа технологияларды пайдалану: габиондар, Рено матрастары, терамин, макволл, макмат, биомат және т.б.) шараларын жүргізу керек.

12.5.6 Астана қаласының жағалаудағы учаскелерінде орналастырылған аумақтары су тасқынынан, суды желдің айдап әкелуінен және ыза суларының тасуынан, шайылудан (жуылуынан) немесе үйме жалдаудан қорғалуы тиіс.

Жел соққан кездегі толқынның биіктігін еске-ріп, шайылған аумақ жиегінің белгісін көтерілген судың есептік деңгейінен 0,5 метр биіктіктен кем емес шамада қабылдау керек.

Үйінді бөгеті қырқасының есептік деңгейден асып кетуін ҚР ҚНжЕ 2.03-10 және ҚР ҚНжЕ 3.04-01-ға сәйкес имараттардың класына қарай белгілеу керек. **(Түзету)**.

Көтерілген судың есептік деңгейі ретінде судың ең биік деңгейінің белгісін алу керек, олар-дың жиілігі: 100 жылда бір рет - құрылыс салынған немесе тұрғын және қоғамдық ғимараттар құры-лысы салынатын аумақтар үшін; 10 жылда бір рет - саябақтар және жазықтықтық спорт имараттарының аумақтары үшін.

12.5.7 Жағалауды бекіту және Астана қала-сын су тасқынынан қорғау жөніндегі аумақтардың жобасын жасау ҚР Үкіметінің Қаулысымен «Астана

қаласын Есіл өзенінің тасқын суларының басып қалуынан қорғау» жобасына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Мүжілу процестердің ықпалындағы жыра түзетін учаскелерде жер беті сулары ағынының ретке келтірілуін, жыралар арнасының бекітілуін, беткейлерді ағаш-бұтасын өсімдіктерді отырғызып бастырмалауды қарастыру керек.

Жекелеген жағдайларда жыраларды үстінен суағар және құрғату коллекторларын жүргізіп, үйінділеу жолымен толық немесе жартылай жоюға жол беріледі.

Жыралардың аумақтары көлік имараттарының, автотұрақтардың, қоймалардың және коммуналдық объектілердің, сондай-ақ саябақтарды және көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысына ыңғайлы еңіспен ұйымдастырылған саябақтардың, жолдар мен аллеялардың салынуы үшін пайдаланылуы мүмкін.

12.6 Астана қаласының су хәуіздері

Қала су қоймалары және олардың қала құрылысындағы мәні

12.6.1 Қала су қоймаларының жобалануын Астана қаласы дамуының Бас жоспарына және Астана қаласы аумағының суландырылуы бойынша жасалған Бас жобасына сәйкес жүзеге асыру қажет.

Астана қаласының аумағында орналасқан су қоймаларына Есіл өзені, ұсақ өзендер, өзен тармақ-тары мен жылғалар жатады.

12.6.2 Су қоймалары, жоспардың ком-позициялық шешімдерін және оның, соның ішінде әшекейлік, көліктік, шаруашылықтық (сумен қам-тамасыз етуді қоса алғанда), спорттық және санитарлық-гигиеналық жайғастыру құрылымдарын анықтайды және микроклиматтық жайлылық жағ-дайларын жасайды.

12.6.3 Қала шегінде өзен арнасы судың сабалық деңгейінің жаға беткейімен қиылысуын реттейтін сызықтарымен сипатталады.

Жаға жолақтарының шегінде кварталдардың немесе ықшамаудандардың және имараттардың шекараларын көрсететін қызыл сызықтар ерек-шеленіп көрсетіледі.

12.6.4 Реттеу сызығы мен қызыл сызықтың арасындағы жаға жолағының ені абаттандыру жобасымен белгіленеді.

12.6.5 Су қоймаларының жаға жолақтарын кейде магистралды болып табылатын, ал өзге жағдайда серуендеу жолдары, аллеялар, желек-жолдар немесе саябақтар болып табылатын көше-лерді жүргізу үшін қолданады.

12.6.6 Су қоймаларының қалақұрылыстық ба-ғасы келесі сапаларды зерттеу негізінде жасалады:

қала аумағының, бірінші кезекте жаға жолағының көктемгі су тасқыны кезіндегі таситын су шекараларының мүмкіндіктері, сипаты және таралу сапасы;

жоспардағы жаға жолағының оның кескіні бойынша сипатының сапасы (түзусызықты, қисық-сызықты, иректелген);

жағалардың қайта құрылуын және беткей-лердің беріктілігін есептегендегі жаға жолағының (арнасының) жоспардағы және су қоймасының табиғи қимасындағы өзгерістерінің сапасы;

тасқын болып өткеннен кейінгі суқоймалары мен жаға жолағының аумағындағы төмендетілген орындардағы саяз судың, ал өзендердегі ескірген арналардың сапасы;

су деңгейінің қабаттары мен олардың қала аумағына әсерін және су қоймасы бойынша басқа гидрогеологиялық деректерді анықтайтын су қоймасы режімінің сапасы;

жаға жолағына, жағаларға және су қоймалары мен ірі өзендер беткейлеріне толқын әсерлерінің сапасы.

12.6.7 Қала құрылысының шешімдері және қала аумағының инженерлік дайындығы үшін қала аумағының кейбір бөлігін су басуына әкеліп соғатын өзендердегі су тасқыны кезінде су деңгейі тұрақсыз болады.

12.6.8 Қала аумағының инженерлік дайын-дығы мыналар жатады:

иректі арналарды немесе жаға жолағын түзету;

судың есептік деңгейлерінің және шығын-дарының қамтамасыз етілуі;

аумақтардағы су тасқынымен күресу шараларын жобалау және орындау;

саяз суларды жою;

жаға беткейлерінің беріктігін қамтамасыз ету;

су алмасуды және судың тазалығын қамтамасыз ету, яғни ҚР Үкіметінің 18.01.2012 жылғы №104 Қаулысымен бекітілген Санитариялық ережесіне сәйкес тиісті санитарлық жағдайларды жасау. **(Түзету).**

12.6.9 Су алмасу мен тармақтардағы ағын жылдамдығының мәні ерекше.

Су алмасу 100 күн ішінде 3-4 реттен, ал алмасу кезіндегі су ағынының жылдамдығы 0,3-0,4 м/сек-тан кем болмауы тиіс.

12.6.10 Су шығыны біршама аз болғанда және аз ғана тереңдікте ұсақ су тармақтарын қаланың суағар желісінің жүйесіне қосылатын жер асты құбырларына немесе арналарына кіргізген жөн.

Қала тоғандары

12.6.11 Қалалардың жоспарлануы және қайта құрылуы кезінде жекелеген тоғандар жеке жағдайларда қала аумағының жоспарлық ƒлементі болып табылып, қала су қоймаларының жалпы жүйесіне қосылады.

12.6.12 Тоғандардың инженерлік жабдықта-луы мен абаттануына мына шаралар жатады:

су қоймасын пайдалану мақсатына жауап беретін қима пішінін беріп тоған шарасын жасау;

тоғандардың табиғи көздерден немесе қаланың суқұбыры желісінен тұрақты түрде толты-рылып тұруын қамтамасыз ету;

суға қойылатын санитарлық жағдайға жауап беретін тоғандардың ағындылығын немесе тұрақты су алмасуын қамтамасыз ету;

су қашыртқы және суағар имараттарын тұрғызу;

судың тоғаннан топыраққа сіңуін болдырмау үшін түбіне қалқан орнату;

жаға беткейлерінің шайылмауына кепілдік беретін бекіту шаралары.

12.6.13 Тоғандар мен көлдердегі санитарлық жағдайлар олардың ағындылығымен немесе судың тұрақты ауыстырылуымен қамтамасыз етіледі.

Су алмасудың ең аз нормасы деп жазғы маусым ішінде болған екі-үш мәрте алмасуды санау қажет. Шомылуға пайдаланылатын тоғандар үшін су алмасуды жүргізу 12.6.9-тармақшасына сәйкес ұсынылады.

12.6.14 Тоған шарасының негізгі сипаттамасы су мен айна ауданы көлемінің суқоймасындағы су деңгейіне байланыстылығы болып табылады.

Тоғанның қалыпты тежеу деңгейі іргелес аумақ-ты су баспайтын шарттарымен анықталады.

Жаз мезгілінде тоғандардағы судың тереңдігі ай-наның жалпы ауданы бойынша жағалаудағы аймақтар-ды есептемегенде 1,5-2,0 метрден кем болмауы тиіс.

12.6.15 Қалада су кеңістіктері жеткіліксіз болған жағдайда табиғи су аңғарларында бөгеттер салу арқылы жасанды сарқырамалар жасайды. Кейде су қоймалары белгілерінде көп немесе аз өзгешеліктері бар бірнеше тоғандардан тұратын сарқырамалар жасайды.

12.6.16 Тоған жағаларын нығайтудың верти-калды немесе еңісті тіреу қабырғаларын және басқа да бірегей құрылымдарын қолдану арқылы әртүрлі құрылымдық шешімдері болуы мүмкін.

Пайдалану барысында тоғандардың түбінде жи-наланатын лайдан, тұнбадан тұрақты тазарту міндетті.

Жағажай аумағын инженерлік қорғау

12.6.17 Жағажайлар қаланың аумағында неме-се маңында, арнайы бөлінген демалу аймақтарын-да, лас

орындардан алыс, сондай-ақ қатаң режім және сумен қамтамасыз ету көздерін санитарлық қорғауды шектеу аймақтарынан тысқары орналас-тырылады.

12.6.18 Жағажай ауданындағы өзендердегі су ағысының жылдамдығы 0,5-1,0 м/сек-тан аспауы тиіс.

12.6.19 Су қоймасының тереңдігі жүзе ала-тындар және жүзе алмайтындар үшін жеткілікті және қауіпсіз болуы тиіс, жазық еңісі бар суқоймасының түбі 1-1,5 %, 1,5-2,0 м тереңдігінің бар болуы осы талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

12.6.20 Жағажайдың және су бетінің есептік ауданы бір келушіге 8 $м^2$-тан кем емес есептен шыға отырып қабылданады.

12.6.21 Қала жағажайлары аумақтарының инженерлік дайындығы жағажай жолағының, түп бедерінің және жағажай бетінің толқын әсерінен өзгеріске ұшырамауын инженерлік қорғау жолымен (жағажай бетін нығайту) қамтамасыз ету болып табылады.

12.6.22 Қала маңы аймағындағы, ауылшаруашылықтық пайдалануға жарамды жерлердегі орналастырылатын көлдік және өзендік жағажайлардың аудандарын бір келушіге 5 $м^2$ есебінен шыға отырып, қабылдау керек.

Қозғалысы шектеулі тұлғалар үшін арнайы емделу жағажайлардың аумақтарының аудандарын бір келушіге 8-12 $м^2$-тан есебінен шыға отырып қабылдау керек.

12.6.23 Жағажайдың жағалау жолақтарының минимальды аралық ұзындығын бір келушіге 0,25 м-ден кем емес есебінен шыға отырып қабылдау керек.

12.6.24 Жағажайлардағы бір мезгілде келушілердің санын бір уақытта толтыру коэффициенттерінің есебін ескере отырып:

шипажайлар - 0,6-0,8;

дем алу және туристік мекемелер - 0,7-0,9;

жалпы қолданыстағы балалар лагерьлері - 0,5-1,0;

жергілікті халық -0,2;

жолдамасыз дем алушылар үшін - 0,5 етіп есептеу керек.

12.6.25. Желден туғызатын толқындарды жағажай материалының оның жаға бойымен жылжуы тудыруы мүмкін, бұл жағажай үшін қауіпті, не болмаса жаға бойынан жағажай түкпіріне не кері қарай жылжуы мүмкін, бұның қаупі аз.

12.6.26 Жағажайлардың қиратылуы көшкін-дердің әсерінен де болуы мүмкін. Жағажайды жоба-лауда, құрылыс жағдайларын зерттеп, бағалауда жағажай динамикасының күйі мен процестеріне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Сондықтан жағажайды қорғауға және сақтауға, оны қираудан қорғауға және қажет болған жағдайда, оның ауданының үлкей-тілуіне арналған инженерлік шараларды іске асыру керек.

13 Көліктік инфрақұрылым

13.0 Жалпы ережелер

13.0.1 Астана қаласының көліктік инфрақұрылымы оның қалалық, өңірлік, жалпымемлекеттік, халықаралық қызметтерін ықпалдастыратын аста-налық қала ретіндегі де және ірі көліктік торап ретіндегі де ерекшелігі ескеріліп жобалануы тиіс.

13.0.2 Астана қаласының, көшелік-жолдық торабы қоса кіретін, қалалық және сыртқы көлігінің барлық жүйелері мен қосалқы жүйелерін жолау-шылар мен жүктерді қажетті көлемдерде тасымалдау үшін сенімді, жедел және қауіпсіз байланыстарды, құрылыстың үнемділігін, қалалық аумақтарды пайдаланудың жоғары тиімділігін, көліктік құрылғыларды, имараттарды, көшелер мен қалалық жолдардың төсемдерін күтіп ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ете отырып, органикалық бірлікте жобалау тиіс.

13.0.3 Көліктік жүйенің тұтастығы дамыған көшелік-жолдық тораппен, көліктік-ауысып міну жолайрықтарымен, зияткерлік көлік тік жүйелердің инфрақұрылым торабымен қамтамасыз етілуі тиіс.

13.0.4 Қаланың кешенді көліктік сұлбасының әзірлемесі Бас жоспардың жайғасымдық құрылы-мына және қаланың орталық бөлігінің көлігінің қоғамдық және жеке түрлерінің қолжетімділігіне арналған теңдестірілген үйлесіміне, барлық қала-лық көлік жүйесінің тиімді қызмет етуіне және автотұрақтардың барлық типтерін үйлесімді ұйым-дастыруға қол жеткізуге арналған көлік жүйесі күйінің жыл сайынғы мониторингі материалдарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

13.0.5 Қаланың көліктік жүйесін ұйымдастыру кезінде қаланың орталық бөлігінде көліктің күнделікті қозғалысын азайту; оның қалған бөліктері шегінде қоғамдық көлікке қызмет көрсетуді белсендіру жолымен арттыруды оңтайландыру басым болып табылады.

13.0.6 Автотұрақтарды қаланың орталық бөлігінде ұйымдастыруды артықшылықты жалпы пайда-лану қажеттіліктерінің минимальды нормаларын ескеріп, мүгедектерге парктік орындарды міндетті ұсыну арқылы қарастыру керек.

13.0.7 Қала құрылыстық жобаларды әзірлеу кезінде жеке автомобильдерді қаланың орталық бөлігінен тысқары шектерінде көбірек пайдалану үрдісін ескеру керек.

13.0.8 Жүретін жолдың жол төсемдерінің бөліктері, жаяу және велосипед жолдарының конструкциясы ҚР ЕЖ 3.01-101, ҚР ЕЖ 3.03-101, ҚР ЕЖ 3.03-103, ҚР ЕЖ 3.03-104, МЕМСТ 33150 және МЕМСТ 32753 ережелеріне сәйкес жобаланады. *(Толықтырылды. – ҚТҰКШІК 08.09.2020 ж. №126-НҚ бұйрық)*

13.1 Көлік-жол торабы

13.1.1 Жолдар, көшелер, алаңдар және жүргіншілер жолдары торабын қаланың негізгі қыз-меттік-жайғастыру аймақтарын және құрылымдық ƀлементтерін өзара байланыстырушы біртұтас жал-пықалалық жүйе ретінде қалыптастыру керек.

Көшелердің, жолдардың және басқа жасанды көліктік имараттардың жалпы инженерлік және сәулеттік шешімдері қоршаған ландшафтпен үйлесімді байланыс жетістіктеріне бағытталуы және

осы құжаттың 10-тарауындағы қоршаған ортаны қорғау талаптарын ескеруі тиіс.

13.1.2 Көшелік тораптардың параметрлері, аз қабатты құрылыс аудандарынан басқа барлық аудандар үшін автомобильдерді сақтау орындарын-дағы қажеттіліктерді есептеу кезінде есепті кезеңге (2030 жылға дейін) арналған автомобиль көлігімен толтыру деңгейін автомобильдердің барлық санат-тары үшін былайша алу керек: 1000 тұрғынға - 600 бірлік, соның ішінде жеңіл автомобильдер - 1000 тұрғынға 540 бірлік, оның ішіндегі жеке меншіктегі жеңіл автомобильдер - 1000 тұрғынға 510 бірлік.

Аз қабатты құрылыс аудандары үшін есепті мерзімге жеңіл автомобильдермен толтыру деңгейін 1000 тұрғынға 660 бірлік етіп алу керек.

Өңірдің басқа елді мекендерінен және қалаларынан келген автомобильдердің саны арнайы есептермен анықталады.

Көшелік тораптарды жіктеу

13.1.3* Астана қаласының жолдары мен көшелерін 13.1-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес мақсатқа және көліктік сипаттамаларға дифференцирлеу керек. **(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 16.09.2008 ж. № 17-01-3-05-3075 хаты)**

13.1.4 Есептік мерзімге жобалау кезінде қала бойынша орташа көшелік торап тығыздығын көше-ден тыс кеңістікті пайдалануды ескеріп, 4,0 км/км^2.-ге тең етіп алу керек.

Тұрғын және қоғамдық құрылыстар аймақтарындағы көшелік тораптарды жобалау оның тығыздығын төменде көрсетілген аймақтар үшін белгіленгеннен кем болмауы тиіс:

орталық аймақта - 6,5 км/км²;

ортаңғы аймақта 5,5 км/км²;

шеткері аймақта - 4,5 км/км². Магистральдық көшелер тораптарының есептік кезеңдегі тығыздығын қала бойынша орташа 2,2 км/км² -тан кем емес етіп алу керек.

Ескертулер

1 Орталық аймақ - қаланың Бас жоспармен жалпықалалық орталық ретінде белгіленген аумағының бөлігі.

2 Ортаңғы аймақ - қаланың орталық және шеткері аймақтарының аралығында орналасқан аумақтың бөлігі.

3 Шеткері аймақ - қаланың Бас жоспармен жолақтың қала іргелес аймағымен шектес белгіленген аумағының бөлігі.

13.1.5 Көшелердің енін олардың санаттарын ескеріп және есепті мерзімге арналған көліктің және жүргіншілердің қозғалысының қарқындылығына байланысты белгілеу керек.

Магистральдардың есептік параметрлерін 13.2-кесте бойынша қабылдау керек.

Қала көшелерінің габариттері мен пішіндері (тарихи бөліктерде) тарихи жайғастыру және құрылыстарды сақтау шарттарымен анықталады.

13.1.6 Жалпықалалық, аудандық және жергілікті маңызды көшелер Дамудың Бас жоспары және басқа қала құрылыстық жобалар негізінде Құрылыс салудың аумақтық ережелерін әзірлеудің қаға-дасының талаптарын ескеріп, қызыл сызықтармен бекітіледі. **(Түзету).**

Жергілікті маңызды көшелер мен жолдар ауданның аумағын дамытудың қала құрылыстық жоспары және (немесе) жайғастыру жобасы негізінде қызыл сызықтармен бекітіледі.

13.1.7 Үзіліссіз қозғалысты жалпықалалық маңызды магистраль көшелердің негізгі жүру бөлігінің жиегінен тұрғын құрылыстарды реттеу сызығына дейінгі арақашықтықты МҚН 2.04-03 талаптарына сәйкес шу деңгейі есебі негізінде белгілеу қажет.

Тұрғын құрылыстар аумағында талап етілетін қашықтықты қамтамасыз ету мүмкін болмаса, тұрғын және қоғамдық ғимараттардың бөлмелерінде шудан қорғау шаралары қабылдануы тиіс.

с к е р т у - Үзіліссіз қозғалысты магистральдар өндірістік және коммунальдық-қоймалық аймақтарда жүргі-зілген жағдайларда, көшенің ені қызыл сызықтарда шудың деңгейіне байланысты болмайды, инженерлік имараттар мен коммуникацияларды қамтамасыз ету шартынан алынады.

13.1.8 Үзіліссіз қозғалысты жалпықалалық маңызы бар магистраль көшелерде мыналарды қарас-тыру керек:

Астана қаласын дамытудың Бас жоспарына сәйкес басқа санатты барлық көшелермен әр түрлі деңгейлерде қиылысулар;

аралығы 300-400 м көшеден тыс* жүргінші-лер өткелдері.

Қаланың көліктік түйіндерінің сұлбаларын әзірлеу кезінде көшеден өтетін жүргіншілер өткелдерінің орны мен сипатын және ішкі түйін кеңістігін белгілеу қажет.

Жүргіншілер өткелдерін қоғамдық көліктің аялдамалық орындарымен, көшелік те, көшеден тыс** үйлесімде де орналастыру керек.

Салынған аумақтардың шектеріндегі реттелме-лі қозғалысты магистраль көшелерде 300-400 м ара-лықпен бір деңгейде жүргіншілер өткелдерін қарасты-ру керек; жүру бөлігі арқылы өтетін жүргіншілер ағыны 1500 адам/сағ.-тан астам кезінде, жайғастыру шартта-рына сәйкес орналастыра отырып, көшеден тыс жүр-гіншілік өткелдер құру керек.

Көшеден тыс жүргіншілер өткелдерін темір жол бойында орналасқан құрылыстарға да байланысты жасау үшін 400-800 м аралықпен қарастыру керек.

Көшеден тыс жүргіншілер өткелдерін МҚН 3.02-05 талаптарын ескеріп, мүгедектер және балалар қолбалаларын пайдалануға жарамды құралдармен жабдықтау керек.

Ескертулер

1 *Көшеден тыс өткел - жүру бөлігінен оқшау орна-тылған жүргіншілер өткелі (жерүстілік немесе жерастылық).

2 **Көшеден тыс көлік - ауысуы көшелердің жүру бөлігінен тыс жүзеге асырылатын көлік құралы (жер бетілік, жер үстілік немесе жер астылық).

Көлденең пішін

13.1.9* Көшелердегі қозғалыс жолағының са-нын есеп бойынша және көлік қозғалысының есептік қарқындылығына байланысты, алайда 13.2*-кестеде көрсетілгеннен кем емес мөлшерде белгілеу керек. **(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 16.09.2008 ж. № 17-01-3-05-3075 хаты)**

Жолдар мен көшелердің ұсынылатын көлденең пішіндерін осы нормалардың 8-қосымшасынан қараңыз.

13.1.10 Үзіліссіз қозғалысты жалпықалалық маңызды магистраль көшелердің бойында іргелес құрылыстарға көліктік қызмет көрсету қажет болған жағдайда, сондай-ақ магистральдың өткізу қабілетін арттыру үшін жергілікті, бүйірлік және сервистік жүру жолдарын қарастыру керек.

Тиісті техникалық-экономикалық негіздеме бол-ған кезде реттелмелі қозғалысты жалпы қалалық маңызды магистраль көшелерідің бойында және ау-дандық маңызды магистраль көшелерде жергілікті және бүйірлік жүру жолдарын қарастыруға жол беріледі. **(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 16.09.2008 ж. № 17-01-3-05-3075 хаты)**

13.1* к е с т е - Қаланың көше-жол торабын жіктеу

Жолдар мен көшелер санаты	Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдар дың ұқсас санаттары	Жолдар мен көшелердің негізгі мақсаты
1 Магистральдық жолдар		
жылдам үздіксіз қозғалыс	I-II	Астаналық қоныстандыру жүйесін дамытуды қалыптастыратын жүрдек көлік коммуникациялары. Халықаралық, республикалық, аймақтық және қалалық байланыстарды қамтамасыз етеді. Сыртқы автомобиль жолдарына, әуежайларға, жаппай демалудың ірі аймақтарына және өңірдегі қоныстарға шығатын жолдары бар. Көліктің барлық түрлерін өткізу. Қозғалыс үздіксіз. Әртүрлі деңгейдегі магистральды көшелер мен жолдармен қиылыстар
реттелетін қозғалыс	I-II	Қаланың әртүрлі функционалдық-жоспарлау аудандары арасындағы көліктік байланыс. Сыртқы автомобиль жолдарына шығу. Көліктің барлық түрлерін өткізу. Қозғалыс тәртібі - үздіксіз және реттелетін. Бір және әртүрлі деңгейлердегі магистральды көшелер мен жолдармен қиылыстар
2 Жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелер		
үздіксіз қозғалыс	I-II	Тұрғын, өнеркәсіптік аудандар мен қоғамдық орталықтар арасындағы, сондай-ақ басқа да магистральды көшелер мен магистральды жолдар арасындағы көлік байланыстары. Әртүрлі деңгейлерде негізгі бағыттар бойынша көлік қозғалысын қамтамасыз ету
реттелетін қозғалыс	I-II	Қаланың орталығы, қала құрылысы тораптары арасындағы көлік байланыстары; магистральды көшелер мен жолдарға және сыртқы автомобиль жолдарына шығатын жолдар. Магистральды көшелермен және жолдармен қиылысу, бір деңгейде
3 Аудандық маңызы бар магистральды көшелер		
реттелетін қозғалыс	II	Көлік-жаяу жүргіншілер: Аудандар арасындағы көлік және жаяу жүргіншілер байланыстары, басқаларына шығу магистральды көшелер. Жаяу-көліктік Жаяу жүргіншілер және көлік байланыстары (көбінесе қоғамдық жолаушылар көлігі) жоспарлау ауданының шегінде.
4 Жергілікті маңызы бар көшелер		
тұрғын үй құрылысындағы көшелер	III	Тұрғын аудандар (шағын аудандар) шегіндегі көлік (жүк және қоғамдық көлікті өткізбей) және жаяу жүргіншілер байланыстары, магистральды көшелерге және реттелетін қозғалыс жолдарына шығу жолдары. Ауданға қызмет көрсететін көлік құралдарын өткізу қажет болған жағдайда қоғамдық жолаушылар көлігінің қозғалысын ұйымдастыруға жол беріледі.
ғылыми-өндірістік, өнеркәсіптік және коммуналдық-қоймалық аудандардағы көшелер мен жолдар	III	Негізінен бөлінген аудандар шегінде жеңіл және жүк көлігі, магистральды қалалық жолдарға шығуға арналған көлік байланысы.
саябақ жолдары	III	Парктер аумағы шегінде, көбінесе сервистік қызмет көрсету автокөлігінің қозғалысы үшін көліктер байланыстары.
өтпе жолдар	III	Тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және басқа да қалалық құрылыс объектілеріне, аудандар, шағын аудандар, орамдар ішіндегі көлік құралдарының өтуі.
велосипед жолдары	-	Велосипедтерде көлік қозғалысының басқа түрлерінен бос трассалар бойынша демалыс орындарына, қоғамдық орталықтарға өту жолы.
жергілікті өту жолы	III	Іргелес құрылыс объектілеріне қызмет көрсетуге арналған жеңіл немесе жүк көлігінің қозғалысы үшін магистральды көшелер бойымен өту жолдары.
бүйірлік өту жолы	III	Магистральдық көшелердің өткізу қабілетін ұлғайтуға арналған, көбінесе жеңіл және қоғамдық көліктің қозғалысы үшін магистральды көшелер бойындағы өту жолдары..

(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 08.09.2020 ж. №126-НҚ бұйрық)

13.2* к е с т е - Қаланың көше торабының негізгі есептік параметрлері

Жолдар мен көшелердің санаты	Қозғалыстың есептік жылдамдығы, км/сағ	Қызыл сызықтардағы ені, м	Қозғалыс жолағының ені, м	Қозғалыс жолағының саны	Жоспардағы қисықтың ең кіші радиусы, м	Ең үлкен бойлық еңіс, %	Жаяужолдың жүргіншілер бөлігінің ені, м
1 Магистраль жолдар							
жылдам үзіліссіз қозғалысты	120	100-120	3,75	6-8 (10)	600	27	-
реттелген қозғалысты	80	80-100	3,50-3,75	4-6 (8)	400	45	-
2 Жалпықалалық мақсаттағы	**магистраль**	**жолдар**					
үзіліссіз қозғалысты	100	100	3,75-4	8	500	36	Есеп бойынша бірақ 4,5-тен кем емес
реттелген қозғалысты	80	60-80	3,75-4	6-8	400	45	Есеп бойынша, бірақ 3,0-ден кем емес
3 Аудандық мақсаттағы магистральдық жолдар							
реттелген қозғалысты	60	40-55	3,75-4	4-6	250	54	Есеп бойынша, бірақ 3,0-ден кем емес
4 Жергілікті мақсаттағы көшелер							
өндірістік аймақтардағы көшелер	50	15-30	3,75	2-4	125	60	1,5-3,0
тұрғын құрылыстардағы көшелер	40 30	15-30 15-30	3,00-3,50 3,00-3,50	2-4 2-4	90 50	70 70	1,5 1,5
саябақ жолдары	40	-	3,00	2	75	80	
көліктің бір жақты қозғалысы кезіндегі және автомобильдердің тұруына арналған арнайы жолақ орнатылмаған кездегі жергілікті жүру жолы	40	-	3,5	2-ден кем емес	50	70	2,25
бір жақты қозғалыс кезіндегі және қоғамдық көлік қозғалысы ұйымдастырылған кездегі жергілікті қозғалыс	40	-	3,5	3	50	70	2,25
екі жақты қозғалыс кезіндегі және қоғамдық көлік қозғалысы ұйымдастырылған кездегі жергілікті қозғалыс	40	-	3,75	3	50	70	2,25
бүйірлік жүру жолы, ереже бойынша, бір жақты	40	-	3,75	2-ден кем емес	50	70	2,25
5 Жүру жолдары							
негізгі	40	9-12	3,0	2	50	70	2,25
қосалқы	40	7,5-9,5	3,0	2	50	70	1,5

13.2 к е с т е - Қаланың көше торабының негізгі есептік параметрлері*

Ескертулер

1 Қайтақұрылымдау аудандарында, сондай-ақ жоғары қала құрылыстық құндылығы бар аймақтарда 20 км/сағ үзіліссіз қозғалысты, 10 км/сағ реттелмелі қозғалысты жалпықалалық мақсаттағы магистраль көшелер үшін көлік қозғалысының есептік жылдамдығын магистральдардың көлік құралдары қозғалысының жылдамдығына байланысты параметрлерінің тиісті өзгерістерімен төмендетуге жол беріледі (кейіннен жаңбыр (нөсер) канализациясына тасталады).

2 Су бұруды қамтамасыз ету шартын есепке ала отырып, бойлық көлбеуді 4%-дан кем емес етіп алу керек (жаңбыр (нөсер) канализациясы болмаған жағдайда).

3 4 %-дан кем емес көлбеулі магистральдың учаскелерінде жүру жолы бөлігі науаларының ара тәрізді пішіні құрылады. Науаның бойлық пішіні 4 - 5%-ға тең етіп алынады.

4 Жүргіншілер жолының енін есеп бойынша 0,75 м-ге тең шамада, 50 %-дан астам емес бойлық көлбеулікпен алу керек.

5 Ең үлкен бойлық көлбеулер қалалық көліктің рұқсаттық талаптарына сәйкес белгіленген. 4-5%-дық ең кіші көлбеулер атфосфералық суларды беттік әкетудің нормалық шарттарына жауап беруі тиіс.

6 Қисықтар радиусының көрсеткіштері көше-жол торабының осі бойынша алынады.

7 Көшелердің ‰-бен берілген көлденең еңістерінің көрсеткіштері биіктік бірлігінің еңістердің 1000 ұзындық бірлігіне қатысына сәйкес келеді.

8 Қозғалыстың жақшада көрсетілген жолақтары сандарының көрсеткіштері астаналық қаланың және қалалық, өңірлік, жалпы мемлекеттік, халықаралық көлік қызметтеріне ықпал ететін ірі көлік түйінінің ерекшелігіне байланысты ерекше жағдайлар үшін қабылданған.

9. Тиісті техникалық-экономикалық негіздемеде құрылыс және инженерлік инфрақұрылымы бар аудандарда реттелетін қозғалыстың реконструкцияланылатын көшелері үшін көлденең бейіндегі нормативтік параметрлерді азайтуға жол беріледі.

10. Қатты және қатты емес жол киімдері төмендегідей жүктememен жобаланады:

- торапты көшелер – оське А3 тобы жүктememен (оське 130кН);
- аудандық маңызы бар көшелер, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдар – оське А1 тобы жүктememен(оське 100кН).

(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 16.09.2008 ж. № 17-01-3-05-3075 хаты)

(Толықтырылды. – ҚТҮКШІК 08.09.2020 ж. №126-НҚ бұйрық)

13.1.11 Жүргіншілер жолдарының автомобильдердің жүру жолдарымен қиылыстары жетілдірілген сапалы жол жабындарымен немесе белгі-лермен дәл айқындалуы тиіс.

Жүргіншілер жолдары көлік жүретін жолмен қиылысатын орындарда жүргіншілердің жаяужолмен өтуі үшін көлік құралдарының міндетті түрде тоқтатылуын талап ететін белгілерді қарастыру қажет.

Барлық көшелердің жүру бөлігінің бойында көшелердің шектерінде су бұруды тиісінше бақы-лауды қамтамасыз ету үшін биіктігі 0, 15 м жиек-тастарды және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтама-сыз ету үшін, сондай-ақ жолды жүргіншілердің ай-мағынан бөліп тұратын іргелес учаскелерге кіру жолдарын реттестіру үшін қажеттігі кезінде қоршау бағаншаларын немесе биіктігі 0,5-0,8 м болатын әшекей қоршауларын орнату құру талап етіледі.

Жаяужолдар көшелердің жүру бөлігінен жасыл екпелермен жасалған бөлгіш жолақпен, жиектастармен, шарбақтармен немесе басқа ƒлементтермен бөлінуі тиіс.

Жүру жолдарының бойында жолаушыларды түсіруге және отырғызуға арналған ені 0, 8 м-ден аспайтын қатты жабынды жолақ қарастыру керек.

13.1.12 Жалпықалалық мәндегі магистраль көшелерде жүру бөлігінің екі жағынан үзіліссіз қозғалыс кезінде - ені 0,75 м, реттелмелі қозғалыс кезінде -0,5 м қауіпсіздік жолағын құру керек.

Көшенің көлденең пішінін әзірлеу кезінде инженерлік жерасты коммуникацияларының орналасуын ескеру қажет.

Инженерлік тораптарды, коммуникацияларды, ереже бойынша, көшелердің жүру бөлігінен тыс орналастыру керек.

13.1.13 Көшенің жүру бөлігі қозғалысының бір жолағының өткізу қабілетін көліктің түрлеріне, қозғалыстың есептік жылдамдығына, бойлық көлбеуге, қозғалыс жолақтарының санына, бір жолақ бойынша қозғалыс қарқындылығына және оң және сол жаққа бұрылғанда орын алмасу санына байланысты есеппен анықтау керек.

Көшелер мен жолдардың жүру бөлігінің бір жолағының өткізу қабілетін алдын ала есептеу үшін қозғалыстың шеткі оң жолағындағы қиылыстар аралығындағы учаскелерде былай қабылдау керек:

үзіліссіз қозғалысты жалпықалалық маңызды магистралдар үшін - 1200 келтірілген бірлік/сағ.;

реттелмелі қозғалысты жалпықалалық ма-ңызды магистралдар үшін - 900 келтірілген бірлік/ сағ.;

аудандық маңызды көшелер үшін - 680 келтірілген бірлік/сағ.;

тұрғын құрылыстардағы көшелер үшін - 510 келтірілген бірлік/сағ.;

с к е р т у - Бір деңгейдегі қиылыстардың өткізу қабілеті солбұрылыстық қозғалыс болмаған жағдайда қиылыстардың реттегіш бағдаршамдары үшін белгіленген Қиылыста солбұрылыстық қозғалыс болса, қозғалыс жолағының өткізу қабілеті солбұрылыстық қозғалыс шамасына теңбе-тең түрде азайтылуы тиіс.

13.1.14 Әр түрлі көлік құралдарының аралық шама коƒƒициенттерін 13.3-кесте бойынша алу керек.

13.1.15* Қозғалыстың әр түрлі бағыттарын бөлу үшін бөлгіш қауіпсіздік аралшаларын қарастыру керек.

Жүрдек жолдарда бөлгіш жолақтарды құру барлық жағдайларда міндетті, магистралды көшелер-де бұл мәселе қозғалыс қарқындылығына және жергі-лікті жайғастыру шешімдеріне байланысты шешіледі.

Бөлгіш жолақтар жүру жолы науасынан 0,15 см-ге жоғары көтеріңкі болуы тиіс. Орталық бөлгіш жолақ-тарды ҚР СТ 1124 сәйкес белгімен көрсету арқылы жүру бөлігі бар бір деңгейде жобалауға жол беріледі.

Бөлгіш жолақтардың енін 13.4*-кесте бойын-ша алу керек. **(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 16.09.2008 ж. № 17-01-3-05-3075 хаты)**

Бөлгіш жолақтың ені 4 м-ден кем болған жағдайда қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысы жоқ имараттарды орнатуға жол беріл-мейді. Жолдың жалпы ені 30 м-ден астам болғанда қиылыстарда троллейбус және трамвай қозғалыс-тарында типтік бөгеулік қоршау қолданылған жағдайда, ені 4 м-ден кем бөлгіш жолақта түйіспелік тораптың тірегін орнатуға жол беріледі.

13.1.16 Тұйық көшелердің жүру жолдарының аяқ жағында айналымның 12-15 м-лік сыртқы радиусын қамтамасыз етуді ескере отырып, автомобильдердің айналымына арналған алаңшалар құру керек, қажет болған жағдайда 4.6 м-лік минимальды рұқсат етілген айналу радиусымен аралшалар құру қажет.

13.3 к е с т е - Аралық шама коƒƒициенттерінің мәндері

Көлік құралдарының түрлері	Аралық шама коƒƒициенті
Жеңіл автомобильдер	1
Арбалы мотоциклдер	0,75
Мотоциклдер мен мопедтер	0,5
Жүк көтерімділігі мынадай жүк автомобильдері, т:	
2-ге дейін	1,5
2-ден 6-ға дейін	2
6-дан 8-ге дейін	2,5
8-ден 14-ке дейін	3
14-тен жоғары	3,5
автопоездардың жүк көтерімділігі, т	
12-ге дейін	3,5
12-ден 20-ға дейін	4
20-дан 30-ға дейін	5
30-дан жоғары	6
Тіркемелі доңғалақты трактор, жүк көтерімділігі, т	
10-ға дейін	2,5
10-нан жоғары	3,5
Автобус	3,0
Қосарлы автобус	5,0

Ескертулер

1 Көлік құралдарының жүк көтерімділігінің аралық мәндерінде аралық шама коƒƒициенттерін интерполяциямен анықтау керек.

2 Арнайы автомобильдердің аралық шама коƒƒициентін тиісті көтерілімдіктегі базалық автомобильдердегідей алу керек.

Автобустарға және троллейбустарға арналған тұрақтық-айналмалық алаңшалар 15 м айналым сыртқы радиусымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Айналмалы алаңшаларды автомобильдердің тұрағы үшін пайдалануға жол берілмейді.

13.1.17 Тұрғын ғимараттар мен объектілер топтарына, сондай-ақ кварталдардағы жеке ғима-раттарға кіру жолдарын қамтамасыз ету үшін негізгі және қосалқы кіру жолдарын қарастыру керек. Не-гізгі кіру жолдарының жүру бөліктерінің енін 6,0 м, қосалқы жүру жолдарын - 5,5 м және жаяу-жолдардың енін 1,5 м етіп алу керек.

с к е р т у - Негізгі кіру жолдары тұрғын үйлердің топтарына қызмет көрсету үшін, ал қосалқы кіру жолдары жеке тұрған тұрғын үйге қызмет көрсету үшін қарастыры-лады.

Ықшамаудандар мен кварталдар, ереже бо-йынша, жүру жолдары. Ғимараттардың кіретін орындары бар қасбеттері шектерінде жүру жолдары
м енімен орнатылады.

Жеке тұрған трансформаторлық қосалқы стансаларға, газ үлестіруші орындарға, мектептер мен балабақшалардың учаскелеріне кіру үшін, сондай-ақ тұрғын аулалардың тар жағдайларында ені 6 м кіру жолдарын қарастыру керек.

Жеке тұрған ғимараттарға тұйық кіру жолда-ры 150 м-ден астам емес ұзындықта болуы тиіс және олары 15.2-кестеге сәйкес айналмалы алаңшамен аяқтау керек.

13.1.18 Кіру жолдары мен жүргіншілер жолдарын жобалау кезінде осы нормалардың 15.20 және 15.21-т.т. келтірілген өрт қауіпсіздігі талапта-рын қамтамасыз ету қажет.

Жүргіншілер жолдарына жаяужолдар, қолармбаларға арналған шығаберістер және түсіруге арналған алаңшалар кіреді.

13.1.19 Көшелер мен жолдардың санатына қарай Астана қаласының салынған бөлігінде 13.5.1-кестеде келтірілген есептік параметрлерге сәйкес 13.5-кестеде келтірілген веложолдар немесе веложолақ-тардың бір түрін жобалау қажет.

Қозғалысы реттелетін жаңа магистральдық көшелерде 13.5.1-кестеде келтірілген есептік пара-метрлерге сәйкес 13.5-кестеде келтірілген веложолдар немесе веложолақтардың бір түрін көздеуге болады.

Велосипед инфрақұрылымын жобалау пара-метрін 13.5-кестесіне сәйкес қабылдау қажет.

Өзг.ред.- ҚР ҰЭМ ҚжТКШ істері комитетінің 19.08.2016ж. №75-НҚ бұйрығы)

13.4* к е с т е - Бөлгіш жолақтардың параметрлері

Жолақтардың орналасу орны	Жолақтың ені, м			
	Магистраль көшелер			Жергілікті мақсаттағы көшелер Тұрғын құрылыстағы көшелер
	жалпықалалық мақсаттағы		аудандық мақсаттағы реттелмелі қозғалысты	
	үзіліссіз қозғалысты	Реттелмелі қозғалысты		
Орталық бөлгіш	4,0	4,0	3,0	-
Негізгі жүру бөлігі мен жергілікті жүру жолдары аралығындағы	3,0	3,0	-	2,0
Жүру бөлігі мен трамвай жолағы аралығындағы	6,0	3,0	3,0	-
Жүру бөлігі мен велосипедтік шағын жол аралығындағы	-	-	13 .1.19 т. сәйкес	-
Жүру бөлігі мен жаяужол аралығындағы	3,0	3,0	3,0	2,0
Жаяужол мен трамвай жолағы аралығындағы	-	3,0	2,0	-
Жаяужол мен велосипедтік шағын жол аралығындағы	-	-	13.1.19 т. сәйкес	-

Ескертулер

1 Қайта құрылымдау жағдайларында жалпықалалық мақсаттағы магистраль көшелерде негізгі жүру жолы мен жергілікті жүру жолы аралығында бөлгіш жолақтардың енін 2 м-ге дейін, трамвай жолының жүру бөлігі мен шеткі рельсі аралығындағы тік учаскеде 2,8 м-ге дейін және радиусы 250 м-ден кем болмайтын қисықсызықты учаскелерде 3,1 м-ге дейін азайтуға жол беріледі.

2 Астана қаласының қалыптасқан құрылыстары жағдайларында жалпықалалық мәнді магистралдық көшелерде орталық бөлгіш жолақтардың енін, оларда бөгеу қоршауларын міндетті түрде орната отырып, 2 м-ге дейін кішірейтуге жол беріледі. Орталық бөлгіш жолақтың 2-3 метрлік енінен 4 м жолақтың еніне өтуді ұзындығы 100 м-ден кем емес учаскеде жүзеге асыру керек.

3 Орталық бөлгіш жолақта ақпараттық көрсеткіштердің тіректері және жарықтандыру діңгектері орналасқан жағдайда орталық бөлгіш жолақтың ені 5,5 м-ге дейін көбейтілуі тиіс.

4. Тиісті техникалық-экономикалық негіздемеде құрылыс және инженерлік инфрақұрылымы бар аудандарда реттелетін қозғалыстың реконструкцияланылатын көшелері үшін көлденең бейіндегі нормативтік параметрлерді азайтуға жол беріледі.

(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 16.09.2008 ж. № 17-01-3-05-3075 хаты)

(Толықтырылды. – ҚТҮКШІК 08.09.2020 ж. №126-НҚ бұйрық)

13.5-кесте - Веложол инфрақұрылымының есептік параметрлері

Өзг.ред.- ҚР ҰЭМ ҚжТКШ істері комитетінің 19.08.2016ж. №75-НҚ бұйрығы)

Көшелер мен жолдардың ұсынылатын санаты	Велосипед инфрақұрылымымен жанасатын жолақ үшін автокөліктің қозғалысының есептік жылдамдығы км/сағ	Велосипедші қозғалысының есептік жылдамдығы км/сағ	Веложол инфрақұрылымының ұсынылатын ені	Қозғалыс жолақтарының саны	Веложол инфрақұрылымының ең төменгі ені	Жоспардағы қисықтардың ең кішкентай радиусы, м	Ең үлкен бойлық еңіс, %	Сурет
Стандартты велосипед жолағы								
Жергілікті маңызы бар көшелерде	40 км/сағ дейін	20	2.0м	1	1.5м	-	-	
Веложолдарды ұйымдастыру мүмкіндігі шектелген аудандық және жалпы қалалық маңызы бар магистральды көшелер мен жолдарда	50 км/сағ дейін	20	2.0м	1	1.5м	-	-	
Велосипед жолағы буферлік аймақпен қорғалған (критикалық жауап беру аймағы)								
Жергілікті маңызы бар көшелерде Оқшауланған веложолдарды ұйымдастыру шектелген көлік ағынының жоғары қарқындылығы мен рұқсат берілген автотұрағы бар көшелерде	50 км/сағ дейін	20	2.0м	1	1.5м	-	-	
Көтеріліп тұратын велосипед жолағы								
Оқшауланған веложолдарды ұйымдастыру шектелген көшелер мен жолдарда	50 км/сағ дейін	20	2.0м	1	1.5м	-	30	

Ескерту: *веложолақтардың бойында автокөлік тұрағы болуы мүмкін*

Көшелер мен жолдардың ұсынылатын санаты	Велосипед инфрақұрылымымен жанасатын жолақ үшін автокөліктің қозғалысының есептік жылдамдығы км/сағ	Велосипедші қозғалысының есептік жылдамдығы км/сағ	Веложол инфрақұрылымының ұсынылатын ені	Қозғалыс жолақтарының саны	Веложол инфрақұрылымының ең төменгі ені	Жоспардағы қисықтардың ең кішкентай радиусы, м	Ең үлкен бойлық еңіс, %	Сурет
Қоршаумен бөлінген, жүретін жолмен жанасатын бір жақты веложол								
Оқшауланған және жаяу жолдармен жанасатын веложолдарды ұйымдастыру мүмкіндігі шектелген жергілікті, аудандық және жалпы қалалық маңызы бар магистральды көшелер мен жолдарда	50 км/сағ дейін	20	2.0 м	1	1.5м	-	40	
Қоршаумен бөлінген, жүретін жолмен жанасатын екі жақты веложол								
Бір жақты веложолдарды көшелердің/жаяу жолдың әр жағында жобалау шектелген көшелерде, жолдарда және жаяу жолдарда Демалыс аймақтарында	50 км/сағ дейін	20	4.0 м (әр жолақ 2 м).	2	3.0 м (әр жолақ 1.5 м).	-	40	
Жаяу жолдармен жанасатын веложол (визуалды қоршау)								

Көшелер мен жолдардың барлық түрлерінде, әсіресе оқшауланған веложолдарды ұйымдастыру шектелген жерлерде	-	20	2.0 м	1	1.5м	-	50	
Жаяу жолмен жанасатын веложол (физикалық қоршау)								
Көшелер мен жолдардың барлық түрлерінде, әсіресе оқшауланған веложолдарды ұйымдастыру шектелген жерлерде	-	20	2.0 м	1	1.5м	-	50	
Оқшауланған веложол								
Көшелер мен жолдардың барлық түрлерінде, әсіресе жол қозғалысының жоғары тығыздығы және <50 км/сағ аспайтын жылдамдық рұқсат етілген жолдарда, оқу орындары, тұрғын аудандары аумақтарында, саябақтар мен орманбақтарда, қозғалысы реттелетін магистральды көшелерде, жалпы қалалық, аудандық және жергілікті маңызы бар магистральды көшелерде	-	30	2.0 м	1	1.5м	50	30	

Веложол инфрақұрылымының жиегінен қауіпсіздіктің ең төменгі қашықтығы етіп қабылдау қажет, м:

- гүлзарларға және төмен бордюрлерге дейін – 0.25
- жоғары бордюр тастарына дейін – 0.50
- жаяу жолдарға дейін – 0.50
- тік өсетін ағаштарға дейін – 0.75

13.5.1-кесте - Веложол инфрақұрылымын жіктеу

Өзг.ред.- ҚР ҰЭМ ҚжТКШ істері комитетінің 19.08.2016ж. №75-НҚ бұйрығы)

Велосипед инфрақұрылымының түрлері	Негізгі міндет
1. Көлік жүретін жолымен жанасатын велосипед жолағы	
Стандартты велосипед жолағы	Көлік жүретін жолмен жанасатын кеңістік **ҚР СТ 1124** сәйкес жол төсемінде үздіксіз немесе қос ақ сызықпен белгіленеді.
Буферлік аймақпен қорғалған велосипед жолағы (критикалық жауап қайтару аймағы)	Көлік жүретін жолмен жанасатын кеңістік ені 0.4 - 1.5м үздіксіз немесе қосарланған ақ сызықпен белгіленеді. Жолақтың ені 0.9 м болған кезде жолақты диагональ жолақтармен толтыру ұсынылады.
Көтеріліп тұрған велосипед жолағы	Жүретін жолдан 0.05-0.1 м көтеріліп тұратын көлік жүретін жолмен жанасатын кеңістік
2. Көлік жүретін жолмен жанасатын велосипед жолы	
Бір жақты веложол	Жүретін жолмен жанасатын, велосипедшілердің бір жақты қозғалысына арналған, жүретін жолдан жасыл қоршаумен, тік (таяныш) немесе бетон қоршаумен бөлінген кеңістік.
Екі жақты веложол	Жүретін жолмен жанасатын, велосипедшілердің екі жақты қозғалысына арналған, жүретін жолдан жасыл қоршаумен, тік (таяныш) немесе бетон қоршаумен (бордюр) бөлінген кеңістік. Көшенің бір жағында жобалау ұсынылады.
3. Жаяу жолмен жанасатын велосипед жолы	
Бір жақты веложол	Жаяу жолмен жанасатын, велосипедшілердің бір жақты қозғалысына арналған, жаяу жолдан бөлінген кеңістік. Визуалды бөлу **ҚР СТ 1124** сәйкес, жабындының түсі немесе бөлетін ақ сызықтың көмегімен жүзеге асырылады. Физикалық бөлу тік қоршаулардың, бордюрлердің көмегімен немесе жаяу жол веложолдардан 0.05-0.1 м жоғары орналасқан биіктіктегі айырмашылықпен жүзеге асырылады.
Екі жақты веложол	Жаяу жолмен жанасатын, велосипедшілердің екі жақты қозғалысына арналған, жаяу жолдан физикалық қоршаулармен бөлінген кеңістік. Қарама-қарсы бағыттарды бөлу ҚР СТ 1124 сәйкес қосарлы тұтас жолақпен жүзеге асырған жөн.
Оқшауланған веложол	
	Жүретін жолмен де, жаяу жолмен де жанаспайтын тек қана велокөлікке арналған дербес жол.

Мүгедектерге арналған жүргіншілер жолдары-ның параметрлерін МҚН 3.02-05-ке сәйкес алу керек.

13.1.21 Бір қозғалысты және ені 15 м-ге дейінгі көшелердің тік сызықты учаскелеріндегі жүру жолын бір еңістік көлденең пішінмен орнатады.

Барлық санаттағы көшелердің тік сызықты учаскеліндегі жолақтардың жұп саны бар, сондай-ақ жоспардағы радиусы 800 м және онан астам қисықтардағы жедел қозғалысты магистраль жолдар үшін және радиусы 600 м және онан астам қисықтардағы реттелмелі қозғалысты магистраль жолдар үшін жүру бөлігін көлік қозғалысы екіжақты болған жағдайда екі құламалы көлденең пішінде қарастыру керек.

13.1.22 Жоспардағы қисық радиусы 800 м-ден кем жедел қозғалысты магистраль жолдарда және радиусы 600 м-ден кем реттелмелі қозғалысты магис-траль жолдарда бұрылыс салуды қарастыру керек.

с к е р т у - Бұрылыс - көлденең пішінде автомо-бильдің берілген бұрылыс радиусындағы нормативтік жылдамдығының шегінде оның қозғалыстағы орнықты-лығын қамтамасыз ететін қисықтың ортасына бағытталған бір еңісті көлбеу жазықтықты білдіретін жүру бөлігінің қиындысы.

13.1.23 Жедел және реттелмелі қозғалысты магистраль жолдардың жүру бөлігінің көлденең көлбеулерін (бұрылыстар құрылғысы қарастыры-латын жоспарында қисық учаскелерден басқалары) 13.6-кесте бойынша қозғалыс жолағы санына бай-ланысты тағайындау керек.

13.1.24 Екі еңісті пішінде жағалардың көлденең көлбеулерін жүру бөлігінің көлденең көлбеулерінен 10-30 %-ға көбірек етіп алу керек.

Жағаларды бекіту типіне байланысты көлде-нең көлбеулердің мынадай шамаларына жолберіледі, %:

30-40 - тұтқырлаушыларды қолдану арқылы бекіту кезінде;

40-60 - малтатаспен, қиыршықтаспен, қож-бен бекіту немесе тас материалдар мен бетон тақталарын төсеу кезінде;

50-80 - құрғатып немесе шөп отырғызып бекіту кезінде.

Ортатүйірлік құмдардың, сондай-ақ ауыр топы-рақтардан және балшықтардан жасалған жер төсемін бекіту кезінде шөп отырғызып бекітілген жағалардың көлбеуін 40 %-ға тең етіп алуға жол беріледі.

13.1.25 Қаланың магистральдары мен көше-лерінде минимальды көлденең көлбеуін 10%, максимальдысын 30 % етіп алу керек.

Көшелердің көлденең қимасы ƒлементтерінің көлденең көлбеулері былай алынады:

жаяужолдарда негізгі - 20 %, минимальдысы 5 %, максимальдысы - 30 %;

газондарда, негізгі - 10 %, минимальдысы 5 %, максимальдысы - 50 %.

13.1.26 Учаскелердің жоспардағы қисықтар радиустарына байланысты жүру бөлігінің көлденең көлбеулерін қала жағдайында бұрылыстарда 20 %-тен 40 %-ға дейін алу керек. Бұрылыстардағы көлденең көлбеулердің аз мәндері қисықтардың үлкен радиустарына, үлкендері - кішілеріне сәйкес келеді.

13.1.27 Учаскелердің радиусы 800 м-ге дейінгі көлденең қисықтарындағы бір бағыттағы көліктің біржолақты және екжолақты қозғалысты көшелері мен жолдарының жүру бөлігі 13.7-кестеге сәйкес кеңейтілуі тиіс.

13.6 к е с т е - Көлденең көлбеулер

Жолдың санаты	Көлденең көлбеу, %
Жедел және реттелмелі қозғалысты магистраль жолдар: - әрбір жүру бөлігінің екі еңісті көлденең пішінінде;	25
- бір еңісті пішінде	25
- бөлгіш жолақтан алынатын бірінші және екінші жолақтар,	20
- үшінші және кейінгі жолақтар	25

с к е р т у - Малтатасты және қиыршықтасты жабындарда көлденең көлбеуді 25 - 30 %, ал жергілікті материалдармен бекітілген топырақтардан жасалған жабындарда және уатылған және жұмыртастардан жасалған көпірлерде - 30-40 % етіп алынады.

13.7 к е с т е - Қозғалыс жолағы кеңеюінің учаскелердің қисықтарының радиусына тәуелділік нормасы, м

Қисықтар радиустары, м	Қозғалыстың әрбір жолағына кеңейту, м
700 - 800	0,2
500 - 600	0,25
400	0,30
300	0,35
200	0,4
150	0,5
100	0,7
80	1,0
60	1,0
50	1,2
40	1,5
40	1,5

Жоспар және бойлық пішін

13.1.28 Көшелер мен алаңдардың көлденең және бойлық пішіндерінің барлық ƒлементтерін вертикальды жайғастыруды іргелес аумақты вертикальды жайғастырумен байластыру қажет.

Көшелердің жүру бөліктері учаскелерінің жоспардағы қисықтарының радиустары мен бойлық көлбеулерін 13.2-кесте бойынша алу керек.

13.1.29 Жалпықалалық мақсаттағы магист-раль көшелерде учаскелердің жоспардағы қисық-тарының кері түйіндесуінде олардың арасында тік ұзындығы 50 м-ден кем болмайтын қыстырма салу мүмкіндігі қамтамасыз етілуіі тиіс.

13.1.30 Жоспардағы бұрылыс бұрышының учаскелеріндегі жүру бөлігінің біркелкілігі қисық етіп қамтамасыз етіледі. Жалпықалалық мақсаттағы ма-гистраль жолдар мен көшелерде ауыспалы немесе клотоидты қисық түйіндесу кезінде трассалардың келесі ƒлементтерін қолдану керек:

тік учаскелер мен радиусы 2000 м және одан кіші дөңгелек қисық;

қисықтар радиустарының айырмашылығы 1,3 еседен асқан жағдайдағы жоспардағы біржақты дөңгелек қисық;

кері дөңгелек қисықтар.

Ауыспалы қисықтардың ең кіші ұзындықтарын 13.8-кесте бойынша алу керек.

13.1.31 Магистраль жолдар мен көшелердің трассаларын жобалау кезінде мыналар қажет:

жоспардағы қисық радиустарын трасса бұрылысының кіші бұрыштарында 13.9-кесте бойынша алу керек.

горизонталь қисықты майысқан вертикаль қисықпен олардың ортасын сәйкестендіріп, горизон-таль қисықтың ұзындығын вертикальдының үстінен шамалы арттыру арқылы біріктіру;

жоспардағы қисықтың басын дөңес вертикаль қисықтың ұшының үстіне 13.10-кестеде көрсетілген қашықтықтан кем болмайтындай етіп орналастыру керек.

13.1.32* Көшелерді реттелмейтін қиылыс-тарда жобалау кезінде 13.11-кестеде көрсетіл-геннен кем болмайтын жоспардағы және кескіндегі жол бойынша көру қамтамасыз етілуге тиіс.

Көшелерді реттелмейтін қиылыстарда салу қиылыста қауіпсіздікті қамтамасыз ететін көру үшбұрышын сақтай отырып жүргізілуге тиіс.

Көру үшбұрышы шегінде жол жүрісін реттейтін құралдардың көрінуі, сондай-ақ қиылысу сызығынан 50 м кем емес қашықтықта көшедегі қозғалыстың өзге қатысушыларының көру шарттарын бұзбайтын ғимараттар, дүңгіршектер, жарнама қалқандары, басқа да конструкциялар мен ағаштар, сондай-ақ 1 метрден биік бұталар болмауға тиіс.

(Өзг.ред.- ҚР ҰЭМ Құрылыс, ТКШ істері және ЖРБ комитетінің 12.04.2016 жылғы №101-НҚ бұйрығы)

13.1.33 Көтерілімдер учаскелерінде ең үлкен көлбеуі бар учаскелердің шекті ұзындығын 13.12-кесте бойынша алу қажет. Көтерілім учаскесінің ұзындығы үлкен болған жағдайда қозғалыстың бір жолағын қосу керек. Көтерілім сыртындағы қосым-ша жолақтың ұзындығы 50-ден 200 м-ге дейін құралуы керек.

13.1.34 Бойлық пішіннің сынықтарын радиусы 13.13-кесте бойынша көлбеулердің алгебралық айырмасына байланысты алынатын вертикаль қисықтармен түйіндестіру қажет.

13.8 к е с т е - Ауыспалы қисықтардың ұзындықтары

Дөңгелек қисық радиусы, м	150	200	250	300	400	500	600 - 1000	1000 - 2000
Ауыспалы қисықтың ұзындығы, м	60	70	80	90	100	110	120	100

Е с к е р т у - Күрделі қала құрылысы жағдайларында тиісті техникалық-ƒкономикалық негіздеме болған жағдайда тек дөңгелек қисықтарды қолдануға жол беріледі.

13.9 к е с т е - Магистраль жолдар мен көшелер учаскелері қисықтарының радиустары

Бұрылыстың бұрышы, град	1	2	3	4	5	6	8	10
Қисықтың ең аз радиусы, м	20000	10000	6000	5000	4000	4000	3000	3000

13.10 к е с т е - Қисықтар басының параметрлері

Көріну мүмкіндігі қашықтығы, м	Қисық басының жылжуы, жоспардағы радиусы, м				
	600	1000	1500	2000	2500
200	40	45	55	60	65
150	30	35	45	50	55
100	20	25	35	40	45

13.11 к е с т е - Көріну мүмкіндігі параметрлері

Көшелер мен магистральдардың санаттары	Көріну мүмкіндігі аймағы, м	
	Жүру бөлігінің беттері	Қарсы автомобильдің
Магистраль жолдар:		
жедел қозғалысты	200	-
реттелмелі қозғалысты	100	200
Магистраль көшелер:		
жалпықалалық мақсаттағы:		
үзіліссіз қозғалысты	200	-
реттелмелі қозғалысты	100	200
Аудандық мақсаттағы	100	200
Жергілікті мақсаттағы көшелер мен жолдар:		
тұрғын құрылыстағы көшелер	75	150
өндірістік аймақтардағы көшелер	75	150

13.12 к е с т е - Учаскелердің шекті ұзындығының параметрлері

Бойлық көлбеу, ‰	30	40	50	60
Учаскенің шекті ұзындығы, м	1200	600	400	300

13.13 к е с т е - Көлденең пішін сынықтарының параметрлері

Көшелер мен магистралдардың санаты	Көлбеулердің алгебралық айырмашылығы, %	Вертикалды қисықтар радиустары, м	
		Ең кішілері	
		Дөңестері	Имектері
Магистраль жолдар:			
Жедел қозғалысты	5 және одан астам	6000	2000
реттелмелі қозғалысты	7 және одан астам	4000 - 6000	1500 - 2000
Магистраль көшелер:			
жалпықалалық мақсаттағы:			
үзіліссіз қозғалысты	6 және одан астам	5000 - 6000	1700 - 2000
реттелмелі қозғалысты	7 және одан астам	4000 - 6000	1500 - 2000
Аудандық мақсаттағы	10 және одан астам	2500	1000
Жергілікті мақсаттағы көшелер мен жолдар:			
өндірістік аймақтардағы көшелер	15 және одан астам	2000	500
Тұрғын құрылыстағы көшелер	15 және одан астам	2000	500

Ескертулер

1 Реттелмелі қозғалысты жалпықалалық мақсаттағы магистраль көшелер үшін оларда үзіліссіз қозғалысты ұйымдастыру кезінде есептік параметрлер жедел қозғалысты магистральдағыдай алынады.

2 Күрделі жағдайларда тиісті техникалық-экономикалық негіздеме болған жағдайда көліктің үзіліссіз қозғалысы бар магистральдарда дөңес қисықтардың радиусын 5000 м-ға дейін азайтуға жол беріледі.

13.1.35 Жалпықалалық мақсаттағы магис-траль көшелерге арналған бойлық пішіннің екі сынығы (жобалау қадамы) аралығындағы қашықтық

м-ден кем болмауы керек.

Сынықтар аралығындағы қашықтық үзіліссіз қозғалысты жалпықалалық мақсаттағы магистраль көшелерде вертикаль қисық және тік қыстырма-ларды олардың аралығын 50 м-ден кем емес ұзындықта орналастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Қалған магистраль көшелерде дөңес және майысқан қисықтарды өзара тік қыстырмалар құрылғысынсыз түйіндестіруге жол беріледі.

Магистральдардың қиылысуы

13.1.36 Магистраль көшелердің қиылысуын соңғыларының санатына байланысты келесі кластарға жобалау керек:

1-класты көліктік жол айрығы - барлық бұры-лыстық бағыттарды ұйымдастырып, максимальды параметрлермен түрлі деңгейлердегі негізгі бағыт-тардың толық жол айрығы тармақтарын шешу; жедел қозғалысты магистраль жолдардың реттелмелі қозғалысты магистраль жолдармен қиылыстарында жобаланады.

2-класты көліктік жол айрығы - максимальды параметрлермен толық көпдеңгейлі жол айрығы тармағын шешу; жедел қозғалысты магистраль жол-дардың үзіліссіз қозғалысты магистраль көшелермен қиылыстарында жобаланады.

3-класты көліктік жол айрығы - әр түрлі деңгейдегі толық емес жол айрығы тармағын шешу; реттелмелі қозғалысты магистралды жолдардың үзілі-ссіз қозғалысты магистралды көшелермен қылыс-тарында бағдаршам реттеуінсіз жобаланады.

4-класты көліктік жол айрығы - әр түрлі деңгейлердегі толық емес жол айрығы тармағын шешу; үзіліссіз қозғалысты магистраль көшелердің реттелмелі қозғалысты магистраль көшелермен қиылыстарында жобаланады.

5-класты көліктік жол айрығы - реттелмелі қозғалысты магистраль көшелердің реттелмелі қозға-лысты магистраль көшелермен бір деңгейде қиылы-суы. Көшелік тораптың бағдаршамдық реттеуін ұйым-дастыру МСТ 23457 талаптарына сәйкес анықталады.

Жалпықалалық мақсаттағы магистраль жол-дар мен көшелердің темір жолдармен жол айрығы тармағын әр түрлі деңгейлерде қарастыру керек.

Тар болған жағдайларда жалпықалалық мақсаттағы магистраль көшелердің жүру бөлігін құруды екі деңгейде қарастыруға жол беріледі.

13.1.37 Қисықтардың әр түрлі деңгейлердегі қиылыстарының радиустарын оңбұрылыстық шығу кезінде 100 м-ге тең (қозғалыстың 50 км/сағ есептік жылдамдығынан есепке ала отырып), солбұрылыс-тық шығу кезінде - 30 м (30 км/сағ есептік жылдам-дық кезінде) етіп алу керек.

с к е р т у - Қайта құрылымдау жағдайларында тиісті техникалық-þкономикалық негіздемеде қозғалыстың есептік жылдамдығын 20-25 км/сағ.-қа кеміте отырып, оңбұрылыстық шығудағы радиусты 20-30 м-ге дейін азайтуға жол беріледі.

13.1.38 Магистраль көшелердің, жолдардың жүру бөліктерінің ернеулері дөңгелектерінің радиустарын орталық қисықтың радиусы 15 м-ден кем емес; кіреберістік қисықтікі - 30 м; шығаберістік қисықтікі - 45 м құрамды (қорапты) қабылдау керек.

Жергілікті мақсаттағы көшелер үшін:

кіреберістік радиус - 16 м;

орталық радиус - 8 м-ден кем емес;

шығаберістік радиус - 24 м.

Бөлгіш жолақтар үшін дөңгелектеу радиусы бөлгіш жолақтардың еніне байланысты, бірақ 3 м-ден кем емес етіп қабылданады. Қалыптасқан құрылыста орталық қисық дөңгелектеудің радиусын азайтуға, бірақ төмендегілерден кем емес қабыл-дауға жол беріледі:

реттелмелі қозғалысты магистраль көшелер үшін - 8 м;

жергілікті торап үшін - 5 м.

13.1.39 Магистраль көшелер әр түрлі деңгейде темір жолдармен қиылысқанда темір жол рельсі басының үстінен бастап жолөткізгіштің ара-лық құрылымының төменгі жағына дейінгі аралықты МемСТ 9238 талаптарына сәйкес қабылдау керек.

13.1.40 Бағдаршамдармен жабдықталмаған қалалық көшелер қиылыстарының өткізушілік қабілетін арттыру мақсатында оларға кіру жол-дарында қосымша жолақтар құру керек. Қосымша жолақтың ұзындығы 50 м-ден кем емес, ал қосымша жолақтың ені айырымының ұзындығы - 30 м болуы тиіс.

13.1.41 Әр түрлі деңгейдегі қиылыстардағы горизонталь және вертикаль қисықтардағы көшелер мен жолдарда жасанды имараттардың орналасуы магистраль көшелердің жоспары мен пішініне байланысты болуы тиіс.

13.1.42 Жасанды имараттар шектерінде магистраль көшелердің көлденең пішінін іргелес учаскелердегідей жобалау керек.

Қиылыстың жасанды имараттарындағы орта-лық бөлгіш жолақтардың енін 13.4-кестеде қарас-тырылған өлшемдерге дейін азайтуға жол беріледі.

13.1.43 Қала құрылыстық ахуалға сәйкес жүргін-шілер қозғалысына жол берілмейтін магистральдарда орналасқан тоннельдерде, þстакадаларда және жолөт-кізгіштерде тек ені 0,75 м қызметтік жаяужолдар қарастыру керек.

Қала құрылыстық ахуал жүргіншілер қозғалы-сын ұйымдастыруды талап ететін жолөткізгіштерде, көпірлерде және тоннельдерде ені 3 м-ден кем емес, жүру жолынан бөлінген жүргіншілер қозғалы-сына арналған жаяужолдардың салынуы қарасты-рылуы тиіс.

Имарат деңгейі асфальттік жабын деңгейінен (рельстердің қалпақшасы деңгейінен) имараттың төбелік бөлігінің төменгі жағына дейін 5,25 м-ден кем болмауы тиіс.

с к е р т у - Қайта құрылымдау кезінде имарат-тың габаритін асфальттік жабын деңгейінен (рельстер басының деңгейінен) 5,0 м-ге дейін кішірейтуге жол беріледі.

Магистраль көшелердің қиылыстарында жүргіншілер өткелдерін þскалатор салып, әр түрлі деңгейлерде қарастыру ұсынылады.

13.1.44 Көліктік қиылыстар шектеріндегі шығу және кіру кезіндегі есептік жылдамдықты қиылы-сатын магистральдардың санатына байланысты 13.14-кесте деректері бойынша (оң жақтан түйісу жағдайында) алу керек.

13.1.45 Шығу кезіндегі қисық ауыстырмалар þлементтері ретінде қисықтардың минимальды радиустары негізгі бағыттағы қозғалыстың есептік жылдамдығына байланысты 13.15-кестеге сәйкес бұрылысты ескеріп алынуы тиіс.

13.1.46 Дөңгелек қисықтар радиустарын және ауыспалы қисықтар ұзындығын 13.16-кестеге сәйкес алу керек.

13.14 к е с т е - Көліктік қиыстар шектерінде шығу және кіру кезіндегі есептік жылдамдық

Негізгі бағыт	Қиылысатын бағыт	Шығу және кіру жолдарындағы есептік жылдамдық, км/сағ		
		Магистраль көшелер		
		Жалпықалалық мақсаттағы, қозғалыс		аудандық мақсаттағы реттелмелі қозғалысты
		Үзіліссіз	Реттелмелі	
Жалпықалалық мақсаттағы үзіліссіз қозғалысты магистраль көшелер	Шығу	50	40	40
	Кіру	50	50	50

с к е р т у - Көліктік жол айрығында шығу және кіру жолдарын қайта құрылымдау жағдайларында тиісті негіздеме жасалған жағдайда есептік жылдамдық кішірейтілуі мүмкін, бірақ 20 км/сағ-тан аспауы тиіс.

13.15 к е с т е - Қисықтардың минималды радиустары

Есептік жылдамдық, км/сағ (негізгі бағытта)	Дөңгелек қисықтың минимальды радиусы, бұрылыс көлбеуі м	
	20 ‰	40 ‰
90	375	350
80	300	275
70	225	200
60	175	150
50	100	100
40	75	75
30	40	40

Е с к е р т у – Бұрылыстардағы қисықтардың радиустары көлденең күштердің коэффициенті 0,15-ке тең кезінде алынған.

13.16 к е с т е - Дөңгелек қисықтардың ради-устары және ауыспалы қисықтардың ұзындықтары

Шығу және кіру кезіндегі есептік жылдам-дық , км/сағ	Бұрылыс, ‰	Дөңгелек қисықтардың радиустары, м	Ауыспалы қисықтардың ұзындығы, м
40	20	75	35
	40	75	35
50	20	100	55
	40	100	55
60	20	175	55
	40	150	60

Е с к е р т у - тығыздалған жағдайларда клото-идтық қисықты қолдануға жол беріледі.

13.1.47 Үздіксіз қозғалысты магистралды көшелердің қиылысындағы шығу және кіру кезінде өтпелі-жылдамдықты жолақтар болуын қарастыру қажет. Горизонталь учаскелер үшін айдаудың және тежеудің өтпелі-жылдамдықты жолағының ұзынды-ғын 13.17-кестеге сәйкес алу керек.

Учаскелердің жоспардағы қисықтарындағы шығу және кіру жолдарының жүру бөліктерінің енін қосымша кеңейтулерді есепке алмай, мыналардан кем емес етіп алу керек:

бір бағытты қозғалыста: бір жолақты жүру жолында - 5,0 м, екі жолақты жүру жолында - 8,0 м;

екі жақты қозғалыс кезінде: үш жолақты жүру жолында - 11,0 м, төрт жолақты жүру жолында 14,0 м.

Өтпелі-жылдамдықты жолақтардың енін және кемерді құруды ҚР ҚНжЕ 3.03-09 талаптарына сәйкес қабылдау керек.

Жалпықалалық және аудандық мақсаттағы магистральдарда қиылыстарда және түйістерде жеке салынған қосымша жолақтар бойынша оң бұрылысты қозғалысты жүзеге асыру мүмкіндігі бар көліктердің қоғамдық жолаушылар және арнайы түріне арналған жолақтар қарастыру керек.

13.1.48 Кеңейтудің шамасын учаскелердің жоспардағы қисықтарының радиусына байланысты 13.17-кестеге сәйкес алу керек.

13.17 к е с т е - Айдау мен тежеудің ауыс-палы-жылдамдықты жолағының ұзындығы

Қозғалыстың есептік жылдамдығы, км/сағ		Ауыспалы-жылдамдықты жолақтар ұзындығы, м	
негізгі бағытта	шығуда	тежеу үшін	айдау үшін
60	20	130	175
	40	110	140
80	30	175	260
	40	160	230
	50	150	185
100	20	250	390
	30	240	380
	40	230	345
	50	210	320

Ескертулер

1 Айдаудың ауыспалы жылдамдықты жолағының ұзындығы автомобильдердің негізгі бағыттың шеткі оң жолағына еркін енуі жағдайында және тежеу жолағының ұзындығы автомобильдердің тежеу жолағына еркін енуі жағдайында анықталған.

2 Автомобильдердің негізгі бағыт бойынша қозғалысының жылдамдығын негізгі бағыттың шеткі оң жолағы бойынша қозғалыс режиміне байланысты алады.

3 Түсу кезіндегі бойлық көлбеуді 0-ден 40‰-ға дейін арттыру кезінде айдау жолағының ұзындығы 10 - %-ға азайтылады, тежеу 10-15 %-ға көбейтіледі. Көтерілу кезінде бойлық көлбеуді 0-ден 40 %-ға арттыруда айдау жолағының ұзындығы 15-30 %-ға арттырылады, тежеу 10-15 %-ға азайтылады.

13.2 Қалалық көпшілік жолаушылар көлігі Жалпы ережелер

13.2.1 Қалалық көпшілік жолаушылар көлігі жүйесі қаланы және өңірді дамыту келешегін ескере отырып, қала аумағының барлық негізгі құрылымдарының қызметтік тұтастығын және өзара байланыстылығын қамтамасыз етуі тиіс.

Халыққа көлік қызметін көрсетуді ұйымдас-тыру жобасын әзірлеу барысында қаланың тұрақты және уақытша тұрғындарының, сондай-ақ қала іргесінен келетін күн сайынғы келушілердің көліктік жылжуының шапшаңдығын, жайлылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек.

Қалалық көпшілік жолаушылар көлігі қалалық жолаушылар тасымалының жалпы қалалық көле-мінен 85 %, орталық аудандарда - 90 %-дан кем түспейтін мөлшерін игеруі тиіс.

13.2.2 Тұрғын аудандардан жұмыс орында-рына дейін жүру уақытының орташа шығынын 25-30 минутты құрауы керек, қаланың орталығына дейін минуттан аспауы керек.

13.2.3 Астана қаласы көлік жүйесін құрылым-дық құраушы негіз ретінде жерүстілік көлік торабы жүйесіне кіретін желілік жүрдек жолаушылар көлігі болуы керек.

Қаланың көлік жүйесінің тұтастығы көліктің әр алуан түрлерін ықпалдастыру орталықтарын құрумен қамтамасыз етілуі тиіс.

13.2.4 Халықты көлікпен қамтамасыз ету ұйымдарының сұлбаларын әзірлеуді техникалық-экономикалық көрсеткіштер, әлеуметтік-қала құры-лысы және экологиялық сипаттамалары, көшелер мен түйіндердің көлік ағынымен қазіргі кездегі және болжалды жүктелуі, қазіргі және болжалды эколо-гиялық жағдайлар, тарихи және мәдени ескерткіш-терді сақтауға қойылатын талаптар бойынша нұсқаларды салыстыру негізінде «қарбалас» саға-тында максималды жүктелген айдау кезіндегі жолау-шылар ағынының және әртүрлі көлік жүйелерінің негізгі параметрлерінің есептік шамасын негізге алып, көпшілік көлігінің қолданыстағы торабын ескере отырып, Астана қаласын дамытудың Бас жоспары және Қала көлігін дамытудың кешендік сұлбалары негізінде орындау керек. Әзірленудегі сұлба бойынша шешімдерді қабылдау көшелер мен түйіндердің көлік ағындарымен қазіргі және болжалды жүктелуінің, қазіргі және болжалды экологиялық жағдайдың, тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтауға қойылатын талаптардың техникалық-экономикалық көрсеткіштері, әлеуметтік-қала құрылыстық және экологиялық сипаттамалары бойынша нұсқаларды салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

13.2.5 Жылжымалы құрамның есептік орташа сыйымдылығын орташа «қарбалас» сағаты ішінде жолаушыларды тасымалдау жайлылығы шарттары-нан алу керек:

- жүрдек рельстік көлік және көпшілік жолаушылар көлігінің жерүсті түрлері үшін - жолаушылар салоны еденінің 1 $м^2$ - 4 жолаушылардан аспауы керек (отыруға арналған орындардың барлығы бос болмағанда).

Жолаушылар көлігінің таяудағы бес жыл ішіндегі жұмысын бағалау мен жоспарлау бары-сында жылжымалы құрамның толтырылуын тиісін-ше 4,5-тен аспайтындай етіп қабылдау керек.

13.2.6 Көліктің әртүрлі түрінің тасымалдау қабілеттері мен қатынау жылдамдықтарын 13.18-кестені жетекшілікке алып анықтайды және көлік байланысының қалалық кешенді сұлбасының жоба-сымен айқындайды.

13.2.7 Көшеден тыс жүретін жүрдек көліктің жаңа түрлерінің желілеріне жол тарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу кезінде 13.19-кестеде келті-рілген негізгі параметрлерді ескеру керек.

Дарарельсті жүрдек көлік

13.2.8 Қала ортасының экологиялық жағ-дайын жақсарту, шу аясын азайту, көлік тығынын болдырмау және автомобиль жолдары мен көшелерін жеңілдету үшін қалада көліктің көше-лерден тыс жүретін жаңа түрлерін - көшеден тыс рельсті жүрдек түріне жататын және жоспарлы ұйымдастырудың әр түрлі сұлбаларымен айрықшаланатын электрлендірілген темір жолы мен дарарельсті жолды және жүрдек трамвайларды енгізу ұсынылады.

13.2.9 Магнитті аспалы көлікті 3 аймаққа дейін пайдалану ұсынылады: әуежайға жергілікті қатынау, ішкі қалалық орташа қашықтықтарға қатынау және қалааралық қатынас ретінде ұзақ қашықтықтарға қатынау.

13.18 к е с т е - Жолаушылар көлік құралдарының техникалық көрсеткіштері

№№ р/н	Көлік түрі	Қозғалыстың максималды жиілігі, «қарбалас» сағаттағы поезд жұптары / жылжымалы құрам бірлігі	Құрамдағы вагондар саны	Шамамен алынған өткізу қабілеті, мың жолаушы «қарбалас» сағатта	Қатынау жылдамдығы км/сағ
1	Қала маңы-қала темір жолы, 2-4-жолды	14-28	10-12	20,0 - 50,0	45-55
2	Көшеден тыс жүретін қалалық жүрдек рельстік	14-30	4 - 6	15,0 - 30,0	25-35
3	Қала-әуежай жүрдек көлік жүйесі	14	6	20,0	70-80
4	Трамвай	30	1 - 2	3,4 - 6,8	15-20
5	Автобус экспресс жай	Жол қозғалысын ұйымдастыру жағдайларымен анықталады	 1 1	 - -	 25-35 18-20
6	Троллейбус	40	1	3,5 - 4,7	18-20
7	Кіші габаритті жер үсті көлігі Микроавтобус	Жол қозғалысын ұйымдастыру жағдайларымен анықталады	1	-	ағында

13.19 к е с т е - Жолаушылардың көшеден тыс жүрдек көлік құралдарының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Қалалық темір жол	Жүрдек көлік жүйесі
Төсемдер сипаты	жерүсті	жерүсті, ұстакадалық
Жоспардағы минимальды радиус, м	600	300
Максимальды бойлық еңіс ‰,	9	40
Аялдамалар арасындағы орташа қашықтық, м	1700	1500 - 4000

13.2.10 Дарарельсті трассаларды сақиналы-түрде, ілмек тәрізді немесе желілердің өзара қиылысы және ауысып мінуді ұйымдастыру түрінде құру керек. Дарарельсті көлік аялдамалары арасындағы арақашықтық үлкен болған кезде және өнеркәсіптік және қоныстану құрылымдары арасындағы алшақтық аймақтары үлкен болған жағдайда жобалау керек. Көліктің осы түрін көшелердің жүру бөлігінен және қозғалыстың жаяу жүру жолдарынан оқшаулау керек.

13.2.11 Жоғары жылдамдықты көлікті тек аялдама бекеттері арасындағы арақашықтықтық үлкен болған кезде ғана пайдалану керек. Іс жүзінде 0,8-1,5 км сәйкес жолаушылардың қоғамдық жүрдек көлігінің жалпы қабылданған қашықтықтар кезінде қатынау жылдамдығы 100-120 км/сағ.-тан жоғары болмауы тиіс.

Жер үсті жолаушылар көлігі

13.2.12 Жер үсті қоғамдық көлігінің дамуын, сондай-ақ оның инфрақұрылымы объектілерінің орналастырылуын Жолаушылардың жер үсті көлігі дамуының кешенді сұлбасы негізінде жүргізу керек.

Жер үсті көлігінің жобаланатын желісі:

жолаушыларды көшеден тыс жүретін жүрдек көлік бекеттеріне жеткізуді;

ауданаралық жолаушы қатынастарын;

аудан ішіндегі жолаушы қатынастарын қамтамасыз етуі керек.

13.2.13 Қаланың құрылыс салынған аумағындағы жолаушылардың жер үсті қоғамдық көлігі жүйесінің тығыздығын қалалық құрылыс аумағының 2,6 км/км^2-ден кем емес шамасында қарастыру керек.

Қаланың орталық ауданының аумағындағы жолаушылардың жерүстілік қоғамдық көлігі торабы тығыздығын кейінірек бас жоспар жобасы бойынша немесе жолаушылардың жерүсті қоғамдық көлігін дамытудың кешенді сұлбасы бойынша айқындап, 4,0 км/км^2 етіп алу ұсынылады.

13.2.14 Жолаушылардың жерүстілік көлігінің аялдама бекеттері арасындағы арақашықтықтарын:

автобус, троллейбус үшін - 400 м, қаланың орталық ауданының шегінде - 300 м;

трамвай үшін - 400 ÷ 1500 м;

ұкспресс-автобус үшін - 800 м-ден кем емес (көпшілік құрылыс аудандарында - 400 м) етіп қабылдау керек.

Жерүсті көлігінің желілері

13.2.15 Жерүсті көлігінің желілерін магис-тралды көшелерде (жалпықалалық және аудандық мақсаттағы), орталық ауданда және жергілікті торапта қарастыру керек.

13.2.16 Трамвай және тролейбус желілерін жобалауды ҚР ҚНжЕ 2.05.09 талаптарына сәйкес жүргізу керек.

Көше желісінің өткізу қабілеті шектеулі аудандарында және табиғат кешенінің аумақтары-нан өтетін жағдайда кіші тоннельдерде немесе көпірлерде трамвай желілерінің көшеден тыс учаскелерін қарастыруға болады.

13.2.17 Жолаушылардың жер үсті көлігінің қозғалысы үшін дербес жолақтарды бір бағыттағы қозғалыс жолақтарының саны 3-тен кем болмайтын көшелік-жол желісіндегі көлік құралдары қозғалысы кезінде жол тығыны жағдайларында белгілеу керек.

Реттелетін қиылыстарда жолаушылардың жер үсті көлігінің қозғалысына арналған дербес жолақтарды магистральдың қозғалыс жолағының өткізу қабілетінің мөлшерінен 0,7-ден кем болмай-тын көліктік жүктеме барысында қарастыру керек.

Аялдама бекеттері

13.2.18 Жерүсті көлігінің аялдама бекетте-рінен жүргіншілер өткелдерінің ұзындығы:

тұратын жерлеріне немесе еңбек ететін жерлерге дейін - 400 м-ден;

сауда орталықтары, әмбебап дүкендер, қонақ үйлері, емханаларға дейін - 150 м-ден;

басқа объектілерге дейін - 400 м-ден аспауы тиіс;

көліктің басқа түрлерінің станциялары мен аялдама бекеттеріне дейін 13.2.39 т. талаптарына сәйкес болуы керек.

13.2.19 Жерүсті көлігінің аялдама бекеттерін келесі талаптарға жауап беретіндей етіп орналастыру керек:

реттелетін жылдам қозғалысты магистраль жолдарда, үзіліссіз және реттелмелі қозғалысты жалпықалалық мақсаттағы магистраль көшелерде және қажетті жағдайда аудандық мақсаттағы магистраль көшелерде - қауіпсіздіктің көліктік алаңшаларымен;

жүру бөлігінің габариттерінен тыс, көшелер-ден тыс жүргіншілер өткелдерінде - «қалталарда»;

көліктік жол айрығы мен қиылыстар аймақ-тарында - жол айрығы ұлементтерінен тыс (түсу жолдары, кіру жолдары, ауыспалы-жылдамдықты жолақтар т. б.) жерлерде.

13.2.20 Аялдама бекеттерін «қалтада» орналастырған кезде қозғалысты баяулату және жылдамдату үшін аялдама алаңын қоса-нда жалпы ұзындығы мынадай ауыспалы-жылдамдықты жолақтарды құру керек:

40-60 м - қозғалыстың жиілігі сағатына 40 бірл/сағ. астам емес кезде.

80-100 м - қозғалыстың жиілігі сағатына 50 - 80 бірл/сағ. астам емес кезде.

Баяулату және жылдамдату жолақтарын қозғалыстың негізгі жолақтарынан ені 0,75 м-ден кем болмайтын бөлгіш жолақпен немесе белгімен айырып бөлу қажет.

13.2.21 «Қалталарды» (жүру бөлігін кеңейту) жүру бөлігі мен жаяужол арасындағы бөлгіш

жолақтардың (көгалдандырылған) енін кішірейту есебінен қарастыру керек.

13.2.22 Реттелетін қозғалыстағы жалпықалалық мақсаттағы магистраль жолдардағы және аудандық мақсаттағы магистральдарда троллейбус және автобус желілеріндегі аялдама бекеттерін жол қиылысынан кейін, одан 35 м-ден кем болмайтын арақашықтықта орналастыру керек.

Троллейбус және автобус аялдама бекеттерін жол қиылысына дейін 50 м-ден кем емес арақа-шықтықта, мынадай жағдайларда орналастыруға болады:

жол қиылысына дейін жолаушылар жиналатын ірі бекет немес жерасты өткеліне кіретін жер орналасқанда;

жол қиылысына дейінгі көшенің өткізу қабілеті жол қиылысынан кейінгіге қарағанда жоғары болған жағдайда;

жол қиылысынан кейін бірден көліктік ин-женерлік имаратына (көпірге, тоннельге, жолөт-кізгішке) кіретін жол басталғанда немесе темір жол өткелі болғанда.

Аялдама бекетіне дейінгі қашықтық «тоқта-сызықтарынан» бастап есептеледі.

13.2.23 Автобус және троллейбус бағдарлары аялдамаларына арналған отыратын алаңшалардың ұзындығын қозғалыстың жалпы жиілігі 40 бір. сағ аспайтын жағдайда - 30 м, қозғалыс жиілігі 40 -дан 80 бір/сағ. дейін болған жағдайда - ерекше үлкен сыйымдылықты жылжымалы құрамның екі бірлігі іұзындығынан 15 м-ден астам; қозғалыстың жиілігі 50 бір. сағ. болғанда - ерекше үлкен сыйымдылық-ты жылжымалы құрамның үш бірлігі ұзындығынан 20 м-ден астам етіп алу керек.

Отыратын алаңшаның енін 2,0 м-ден кем болмайтындай етіп алу керек, күту павильонын орнату үшін 5,0 м-ге дейін кеңейту керек. Күту павильоны қозғалыс бөлігінің ернеуінен 3 м-ден кем болмайтын аралықта орнатылады.

13.2.24 Трамвайлардың аялдама бекеттерін, ереже бойынша, қиылысқа дейін (жүріс бағыты бойынша) былай алынады:

Трамвайлардың отырғызу алаңшаларының ұзындығын жүру жиілігі сағатына 30 пойыздан аспайтын болса - бір вагонды құрамда - есептік құрам ұзындығынан 5 м. артық; екі вагонды құрамда - оның ұзындығын 40 м; жүру жиілігі сағатына 30 пойыздан асатын болса - екі вагондық пойыздардың ұзындығынан 10 м артық ұзындықта алу керек.

Отыратын алаңшаның енін болжалды жолаушы айналымына қарап алу керек, бірақ жүргіншілер тоннельдеріне түсетін баспалдақ болған жағдайда 5 м-ден кем емес, ал түсетін баспалдақ болмаған жағдайда 3 м ұзындықта болуы керек.

Аялдама бекеттерін және айрықтарды бойлық еңісі 30 %-дан аспайтын түзу жол учаскелерінде орналастыру керек. Тарлау жағдайларда аялдама бекеттерін радиусы 100 м-ден кем емес қисықтардың ішкі учаскелерінде, сондай-ақ бойлық еңістері 40%-дан аспайтын жолдарда орналастыруға жол беріледі.

13.2.25 Жерүсті жолаушы көлігінің аялдама бекеттерін ЭБЖ-ң шеткі сымдарынан 20 кВ - 10 м, 35кВ-15м,110кВ-20м,220кВ-25м,500кВ-30 м, 750 кВ - 40 м, 1150 кВ - 50 м. дейін құрайтын жоғары вольттық ұлектр беру желістерін қорғау аймақтарында орналастыруға тыйым салынады.

13.2.26 Мектепке іргелес аймақтарда оқушы-ларды түсіруге/жинауға қауіпсіз орындар қарасты-рылуы қажет.

13.2.27 Аялдама бекеттерінде желден қорғау қалқалары болуы қажет.

Тұру-керібұрылу алаңдары және соңғы бекеттер

13.2.28 Жерүсті жолаушы көлігінің бағдар желісінің соңғы бекетінде тұру-керібұрылу алаңдарын қарбалас сағаттары арасында желіден қозғалыс құрамының 30%-ын алып тастау қажеттілігін ескере отырып қарастыру керек.

13.2.29 Автобустар мен троллейбустар үшін тұру-керібұрылу алаңдары маршрут саны мен жүріс жиілігіне байланысты

жай автобус - бір машина-орынға -100 м²;

тіркемелі автобус - бір машина-орынға -170 м²;

жай троллейбус - бір машина-орынға -100 м²;

тіркемелі троллейбус - бір машина-орынға - 170 м²; нормативтеріне сүйене отырып есептелініп анықталады.

Трамвай үшін тұру-керібұрылу алаңдары бағдар саны мен жүріс жиілігіне байланысты -1-3 бағдарға - 0,55-0,8 га нормативіне сүйеніп есептеледі.

Тұру-керібұрылу алаңдарының енін:

автобустар үшін - 36 м-ден кем емес;

троллейбустар үшін - 48 м-ден кем емес;

трамвайлар үшін - 50 м-ден кем емес

өлшемдерде қарастыру керек.

Тұру-керібұрылу алаңдарының шекаралары қызыл сызықтардың жоспарында бекітілуі қажет.

13.2.30 Қалалық жолаушылар көлігінің тұру-керібұрылу алаңдары олардың сыйымдылығына қарай тұрғын үй құрылыстарынан 50 м-ден кем болмайтын қашықтықта орналасуы қажет.

13.2.31 Қалалық және қаламаңы-қалалық бағыттардағы жолаушылардың жерүсті көлігінің соңғы бекеттерінде жүргізушілерге және қызмет көрсету қызметкерлеріне бөлмелер салынуы қажет.

Қызметтік бөлмелерді салуға арналған учаске-лер алаңдары 13.20-кестеге сәйкес анықталады.

13.20 к е с т е - Қызметтік бөлмелерді салуға арналған учаскелердің аудандары

Көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	Бағыттар саны			
		2	3-4	5-6	6-дан артық
Учаскенің ауданы	$м^2$	225	256	375	1296
Қызмет көрсететін персоналға арналған бөлмелері бар объектіні орналастыруға арналған учаскенің пішін үйлесімі	М	15 15	16 16	15 25	36 36
Ғимараттың қабаттылығы	қабат	1	1	2	2

Кіші габаритті жекешелендірген көлік бағыттарының соңғы бекеттерін «Ұ+Ұ» тұрақтарын қамтитын көпшілік келетін объектілерге (теміржол, жүрдек, дарарельсті көлік станциялары) жақын осы объектілерге кіретін тұстан 40 м-ден аспайтын арақашықтықта орналастыру керек.

с к е р т у - Үстап қалатын (Ұ+Ұ) тұрақтар - көліктердің шектейтін қызметтік-жайғастыру аймақтарына кіруді болдырмау мақсатында көлік құралдарын уақытша сақтауға арналған автотұрақтар.

13.2.32 Қоғамдық аумақтардағы жүк көліктерінің қозғалыс ағындары жеңіл автомобильдер мен жүргіншілердің қозғалыс ағындарымен түйіспеуі тиіс.

Жүк автомобильдері тоқтайтын орындар мен жүк көтеру-түсіру платформасының параметрлері жүк автомобильдерінің габариттеріне байланысты және ені 3,0 м, ұзындығы 12,0-18,3 м болуы тиіс. Айналып жүруге қажетті аймақтың ұзындығы жүк көлігі ұзындығының екіге көбейтілген мәніне тең болады.

Жылжымалы құрамды сақтау және техникалық қызмет көрсету

13.2.33 Жылжымалы құрамды сақтау және техникалық қызмет көрсетуді жолаушылардың жерүсті көлігін дамытудың кешенді сұлбасының негізінде тек көліктік кәсіпорындар аумақтарында немесе арнайы бөлінген орындарда жүргізу керек.

Жолаушылар жерүсті көлігін пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында қызыл сызықтар жоспарында учаскелер шекараларын белгілеп, материалдық-техникалық базалар объектілерін (депо, парктер, жөндеу зауыттары және басқа объектілер) орналастыруға арналған аумақтарды қарастыру керек.

Қалалық көліктің пайдалану-техникалық құрылғыларын орналастыру барысында олардың келешектегі дамуын, санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарды ескеру қажет.

13.2.34 Парктер мен гараждарды орналас-тыру кезінде алаңшаның бойлық еңістері трамвай-лар үшін - 25 %-дан, троллейбус пен автобус үшін -
%-дан аспауы тиіс. Алаңшаның көлденең еңісте-рі 25 %-дан аспауы керек.

13.2.35 Автобус көлігінің жылжымалы құра-мын сақтауды жабық түрде қарастыру керек.

Жабық түрдегі автобус гараждарына арналған жер учаскелерінің ауданын 13.21-кестеге сәйкес алу керек.

13.21 к е с т е - Автобусты жабық сақтау гараждарына арналған жер учаскелерінің аудандары

Автобус паркінің сыйымдылығы (машиналар саны)	Өлшеу бірлігі	Жылжымалы құрам бірлігі ауданының нормасы	
		Сыйымдылығы 80 - 140 орын	Сыйымдылығы 141 - 400 орын
100	га	0,035	0,055
200	-"-	0,030	0,043
300	-"-	0,025	0,040
400	-"-	0,022	0,037
500	-"-	0,02	0,036

Автобус парктерін сыйымдылығы 400 машина-орын қабылдайтын есеппен орналастыру ұсынылады.

Автобус көлігін сақтауға арналған имарат-тардың сыйымдылығы деподағы машиналарды байқау және жөндеу орындарының барлығының санын және жоспар бойынша басқа кәсіпорындарда жөндеуде тұрған жылжымалы құрамның санын алып тастағанда, толық жылжымалы көліктің орналасу мүмкіндігін ескеруі тиіс.

Қаладағы жер тапшылығы жағдайында автобус парктерін жобалау кезінде оларды екі және одан да артық деңгейде салуға жол беріледі.

13.2.36 Электр көлігінің жылжымалы құрамын сақтау үшін депоға тіркелген жылжымалы құрамның парк бойына жабық бөлмелер қарастыру керек.

Троллейбус парктерін орналастыру кезінде олардың сыйымдылығын 100 машина-орынға тең етіп алу керек. Сыйымдылық деподағы барлық байқау және жөндеу аймақтарын алып тастағанда, барлық жылжымалы құрамның бөліп орналастыру мүмкіндігін ескеруі тиіс.

Жылжымалы құрамды сақтауға арналған депо, жөндеу шеберханалары, парктер мен тұрақ-тар бір жер учаскеде орналастырылады.

Трамвай мен троллейбустың пайдалану-техникалық құрылғыларына арналған жер учаскесінің ауданын 13.22 және 13.23-кестелерге сәйкес алу керек.

13.22 к е с т е - Трамвайдың пайдалану-техникалық құрылғыларына арналған жер учаскесінің ауданы

Трамвай депосының сыйымдылығы (машиналар саны)	Өлшеу бірлігі	Жылжымалы құрамның бірлігі ауданының нормасы
100	га	0,06
150	-"-	0,05
200	-"-	0,04

13.2.37 Депо аумағында трамвай вагондары мен троллейбустардың жеке кіру және шығу жолдарын (негізгі және резервті) қарастыру керек.

13.23 к е с т е - Троллейбустың пайдалану-техникалық құрылғыларына арналған жер учаскелерінің аудандары

Троллейбус депосының сыйымдылығы (машиналар саны)	Өлшеу бірлгі	Жылжымалы құрам бірлігі ауданының нормасы	
		Сыйымдылығы 80 - 140 орын	Сыйымдылығы 141 - 250 орын
100	га	0,04	0,045
150	-"-	0,039	0,044
250	-"-	0,035	0,037

Депо аумағына кіру немесе одан шығу қақпалары трамвай вагоны кузовының немесе троллейбустың ұзындығынан кем емес шамада «қызыл сызыққа» жетпейтін қашықтықта орналасуы тиіс.

13.2.38 Тарту қосалқы стансаларының саны мен қуаты ғлектр желісі есебімен анықталады.

Қосалқы тарту стансасын орналастыруға арналған жер учаскелерінің ауданы 0,15 - 0,25 га шегінде алынады.

Көліктік-ауысып міну түйіндері

13.2.39 Көшеден тыс жүретін жүрдек көлік станциялары негізінде қалыптасқан қалалық мәні бар көліктік-ауысып міну түйіндеріндегі жүргіншілер жолының ұзындығы жерүсті көлігінің аялдама бекеттерінен:

жүрдек рельс көлігіне және қалалық темір жолға дейін -100 м-ден аспайтын;

қала маңы-қалалық темір жол станциялары мен аялдама бекеттеріне дейін - 150 м-ден аспайтын болуы керек.

«Жүрдек-рельсті - қала маңы-қалалық және қалалық темір жол» ауысып міну түйіндерінің шегінде жүргіншілер жолдарының ұзақтығы 150 м-ден аспауы тиіс.

«Жерүсті көлік - жерүсті көлік» типті көліктік-ауысып міну түйіндерінде жүргіншілер өткелдерінің алыстығы 120 м-ден аспайтындай болуы керек.

Ескертулер

1 Жүргіншілер жолының ұзақтығын жер үсті көлігінің аялдамасынан көшеден тыс жүретін жүрдек көлік станцияларының кіре берісіне кіретін есікке дейін есептеу керек.

2 Көліктік-ауысып міну түйіндеріндегі негізгі жүргінші-лер жолдарын жабық түрде, айнала жақсы көрінетін мөлдір материалдардан жасау керек.

13.2.40 "Ұ+Ұ" тұрақтарынан (ағындарды ұс-тайтын тұрақтар) көшелерден тыс жүретін жүрдек көлікке ауысып міну кезінде жүргіншілер жолдарының алыстығын 13.27 тармағының 13.3.10-кестеге сәйкес алу керек.

13.2.41 Отырғызуға жұмсалатын уақытты қыс-қарту үшін жүргіншілер қозғалысын жылдамдататын жергілікті көліктік жүйеледі қолдану ұсынылады.

13.3 Жеке көлік

13.3.1 Жеңіл автокөлікті сақтауды, қоюды және оған техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін объектілерді орналастыруға арналған аумақтарға деген қажеттілікті қаланың барлық санаттағы жеңіл автокөлікпен молығуының болжалды деңгейін, қала аумағын тиімді пайдалану талаптарын және þкологиялық қауіпсіздігін ескере отырып анықтау керек.

Қала, жайғастыру (әкімшілік) ауданы, тұрғын аудан, ықшамаудан аумақтары үшін жеке тұлғалардың жеңіл автомобильдерін сақтауға арналған машина-орындарға деген жалпы қажеттілігін 1000* тұрғынға 540 машина-орыннан кем емес шамада алу керек.

*Тұрғындар - Астана қаласындағы тұрғын ауданда тұрақты тіркелген жеке тұлғалар.

Заңды тұлғалардың жеңіл автомобильдерін сақтау үшін - 1000 тұрғынға 30 машина-орын қарас-тыру керек, олардың барлығын көпдеңгейлі, жерастылық, жерүстілік және қиыстырылған автотұ-рақтарда орналастыру керек.

Тұрғын үй көптеп салынып жатқан аудандар аумақтарында, сондай-ақ қаланың қалыптасқан құрылыс аудандарында автотұрақ объектілерін орналастыру кезінде оларды қолдануды осы нормалардың 13.3.4 және 13.3.10 тармақшала-рының талаптарына сәйкес қамтамасыз ету керек.

Жаңа құрылыс салынып жатқан және қайта құрылымданатын жеке объектілер (тұрғын, қоғам-дық, өндірістік мақсаттағы) үшін жеңіл автомо-бильдерін сақтауға арналған машина-орындардың талап етілетін саны осы нормалардың 13.3.3 және 13.3.9 тармақшаларына сәйкес анықталу керек.

Объекті үшін талап етілетін, есеппен белгіленген машина-орын санын осы объектіні салуға берілген учаскенің шегінде орналастыру керек. Осы мақсатта көше-жол жүйесін (жүру бөлігін, жаяужол-дарды, көгалдандыру алқаптарын және басқа þле-менттерді қоскқанда), сондай-ақ, өтемдік абаттандыру* үшін құрылыс салушыға берілген учаскелерді пайдалануға жол берілмейді.

13.3.2 Жеңіл автомобильдерді сақтауға арнал-ған автотұрақтарды (оның ішінде аумақтардың қала құрылыстық жоспарларының құрамындағы) орна-ластыру сұлбасын тұтас қала үшін және жеке әкім-шілік-аумақтық құрылымдар үшін қарастыру керек.

Тұрғын аумақтарды жоспарлау, құрылыс салу және қайта құрылымдау жобаларындағы әзірленген сұлбалар негізінде жеңіл автомобильдерді сақтауға арналған атотұрақтарды аумақтың қызметтік-жайғасымдау шешімдерін және тұрғын ауданның, ықшамауданның, тұрғын топтың, тұрғын бірліктің салыну (бар және жобаланатын) ерекшеліктерін ескере отырып орналастыру керек.

13.3.3* ***(Алынып тасталды – ҚТҮКШІК 27.04.2021ж. №54-НҚ бұйрық)***

13.3.4 Қаланың тұрақты халқының жеңіл автомобильдерін сақтауға арналған имараттарды автомобиль иелерінің тұрғылықты орындарынан 200-250 м қол жетерлік радиусында, бірақ 500 м-ден аспайтын, аз қабатты құрылыс салу аумақтарында 200 м-ден аспайтын радиуста орналастыру керек. Жеңіл автомобильдерді сақтау имараттарына алыстығын сақталатын құрылысы бар квартал тұрғындары үшін 800 м-ге дейін үлкейтуге болады.

13.3.5 Қаланың тұрақты халқының жеңіл автомобильдерін сақтауға арналған имараттар үшін талап етілетін аумақтың үлес көрсеткішін автотұрақ объектілерін орналастыру бойынша алынған норма-тивтік көрсеткіштерге - тұрғын топ, ықшамаудан, тұрғын аудан бойынша осы құжаттың 6-тарауына сәйкес алу керек.

13.3.6 Барлық санаттағы жеңіл автомобиль-дерді сақтауға арналған автотұрақтарды:

коммуналды-қоймалық және өндірістік аймақтар аумақтарында, темір жолдарын бұру жолақтары мен құрылыс салу сызықтары арасындағы қорғау аймақтары аумақтарында, рельефтің күрт ауысатын учаскелерінде, жыралы аумақтарда, өндірістік кәсіпорындардың және теміржолдардың санитарлық қорғау аймақтарында (СҚА нормаға сәйкес келгенде және өндірістік объектілерге қойылатын санитарлық-þпидемиологиялық талап-тарға сәйкес абаттандырылған болса). Автотұ-рақтардан шығарылатын жиынтық қалдықтар өнеркәсіптік алаңшаларды белгіленген норматив-терден жоғары концентрацияларда ластамауы тиіс;- тұрғын аудандарда - коммуналды және қо-ғамдық мақсаттағы аумақтарда, рельеф күрт ау-ысатын учаскелерде, жыралы аумақтарда, көліктік имараттар аумақтарында, жерасты кеңістігінде - газондар, спорттық имараттар, өткелдер, автотұ-рақтар учаскелерінің астында орналастыру қажет.

Қаланың тұрақты халқының жеңіл автомобиль-дерін сақтауға арналған имараттарды (сыйымдылығы, 500 машина-орыннан аспайтын) тұрғын кварталдарда - олардың шекарасына жақын аумақтарда орналастыруға болады.

Тұрғын кварталдардағы және үй маңайындағы аумақтардағы жер асты автотұрақтарын қоғамдық және тұрғын ғимараттар, жасыл екпелер учаскелері, спорттық имараттар астында, шаруашылық, спорттық және ойын алаңшалары астында, жүру жолдары, қонақжай автотұрақтары, мектеп учаскелері астында (13.3.8 т. талаптарына сәйкес олардан кіру және шығу ұйымдастырылған, ал сондай-ақ зиянды заттардың шығарындыларын арналған құрылғыларды мектеп учаскелерінен тысқары орналастырған жағдайда) орналастыруға жол беріледі.

Қаланың тұрақты халқының жеңіл автомобиль-дерін сақтауға арналған ашық типті автотұрақтарды көп қабатты автотұрақтарды қоса әр түрлі қызметтік мақсаттағы объектілер мен имараттарды келешекте салу үшін сақтап қойған учаскелерде уақытша орналастыру ұсынылады.

13.3.7* Мүгедектердің жеңіл автомобильдерін сақтауға арналған орындарды МҚН 3.02-05 сәйкес, автомобиль иесінің тұрғылықты орнынан 50 м-ден аспайтын аралықта орналасқан автотұрақтардан беру керек. Егер қолда бар ғимараттардың қол жетерлік қашықтығы 50 м-ден асатын болса, 13.25*-кестеге сәйкес тұрғын имараттарынан алыстатылған жанбайтын жиналатын-бөлшектелетін құрылымдардан инвентарлық уақытша гараждарды құрастырады. Мүгедектерге арналған гараждардың орналасуы тұрғын құрылыс аумақтарындағы жүргіншілер мен көлік құралдары қозғалысының қауіпсіздік жағдайларын бұзбай жүргізілуі тиіс.

Тұрғын құрылыст салуда сыйымдылығы 300 машина-орын болатын көп қабатты автотұрақтарды, сондай-ақ сыртқы қабырғалы қоршаусыз немесе толық емес сыртқы қабырғалы қоршауы бар автотұ-рақтарды орналастыру Астана қаласының қоршаған ортасын санитарлық-ғпидемиологиялық қадағалау және қорғау жөніндегі мемлекеттік органдармен келі-сілген жағдайда зиянды заттардың қалдықтарын жою-дың тиісті есептері мен шудан қорғау есептеріне негіз-делген қолданыстағы санитарлық нормалар мен ғколо-гиялық талаптарды сақтап орналастыруға жол беріледі.

(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 28.10.2008 ж. № 17-01-3-05-3646 хаты)

13.3.8 Автотұрақтардан және рампалы жерүсті гараж-тұрақтардан әр түрлі мақсаттағы ғимараттарға дейінгі арақашықтықтарды 13.25*-кестесінде және МҚН 2.02-05-нің 4.6-т-да келтірілгендерден кем емес, оның соңғы абзацын алып тастап қабылдау керек.

Автотұрақтарды орналастыру тәртібі МҚН 2.02-05-нің 4.5 т. ескере отырып орындалуы керек.

Жанармай мен жағармай материалдарын кәсіпорындардың ғимараттары мен имараттарына дейін тасымалдау үшін автомобильдерді сақтайтын алаңшаларынан арақашықтықты ғимараттар мен имараттардың қоймаларына сәйкес, ал осы кәсі-порынның әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарына дейін - 50 м-ден кем емес ҚНжЕ II-89 бойынша қабылдау керек.

(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 28.10.2008 ж. № 17-01-3-05-3646 хаты)

Жеңіл автомобильдерді қою

13.3.9 Жаңа құрылыс және қайтақұрылым-данатын қоғамдық және өндірістік мақсаттағы объектілер үшін, сондай-ақ объектілердің қызметтік мақсатын өзгерткен жағдайда - жеңіл автокөлікті қоюға арналған машина-орынның қажетті санын (жұмыс істеушілер мен келіп кетушілер үшін) 13.26-кестесінде келтірілген нормативтерге сәйкес есептеп анықтау керек.

Ашық типті автотұрақтарда және автотұ-рақтарда әр түрлі қызметтік мақсаттағы объектілерге қызмет көрсететін мүгедектердің жеке автокөлік құ-ралдарын қоюға арналған орындар МҚН 3.02-05 талаптарына сәйкес берілуі тиіс.

13.3.10 Астана қаласы үшін қызмет көрсету радиусы 13.27-кестеге сәйкес қабылданатын, объект маңайындағы, бірлескен, "Ұ+Ұ" типті тоқау-ыл тұрақтарынан тұратын жеңіл автомобильді қоюға арналған имараттарды орналастырудың құрама сұлбасын ұйымдастыру керек.

13.24* кесте – Тұрғын құрылыстағы көлік қою орындарымен қамтамасыз етілу нормалары ***(Алынып тасталды – ҚТҮКШІК 27.04.2021ж. №54-НҚ бұйрық)***

13.25* к е с т е - Рампа типті автотұрақтардан және жерүсті гараж-тұрақтардан әр түрлі мақсаттағы ғимараттарға дейінгі арақашықтықтар

Арақашықтығы есептелетін объектілер	Арақашықтық, м				
	Автотұрақтар (ашық алаңшалар) және жерүсті рампалы гараж-тұрақтарының сыйымдылығы, машина-орын				
	10 және одан кем	11-50	51 - 100	101 - 300	300-ден артық
Тұрғын үйлердің терезелері бар қабырғалары	10**	15	25	35	50
Тұрғын үйлердің терезелері жоқ шетжақтары	10**	10**	15	25	35
Мектепке дейінгі балалар мекемелері мен мектептер	15	25	25	50	50
Стационарлық типті емдеу мекемелері	25	50	50*	50*	50

Халықтың санитарлық-ғпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы Уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша анықталады.

Отқа төзімді III-V дәрежедегі гараждар ғимараттары үшін арақашықтықтарды 12 м-ден кем емес етіп қабылдау керек.

Ескертулер

1 Арақашықтықтарды автотұрақтардың (ашық алаңшалардың), гараж-тұрақтардың қабырғаларының шекараларынан бастап - мектепке дейінгі балалар мекемелері, мектептер, тұрақты типті емдеу мекемелері учаскелерінің шекараларына дейін анықтау керек.

Қатарлас учаскелерде аралары 25 м-ден аспайтындай етіп бірнеше автотұрақтар (ашық алаңшалар) орналастырылған жағдайда, осы автотұрақтардан тұрғын үйлерге және басқа ғимараттарға дейінгі арақашықтықты барлық автотұрақтардағы машина-орындардың жалпы санын ескере отырып алу керек, бірақ барлық жағдайда квартал ішіндегі тұрғын құрылыста сыйымдылығы 300 машина-орыннан асатын ашық автотұрақтарды орналастыруға болмайды.

Егер гаражға кіретін жер тұрғын және қоғамдық имараттарға қарай бағытталмаған болса, кестеде келтірілген арақашықтықтарды келесі жағдайларда 25 %-ға қысқартуға болады:

- гараждарда ашылатын терезелер болмаған жағдайда - отқа төзімді I-II, IIIа дәрежелі жабық типті гараждар-тұрақтар үшін;
- тұтас қабырғалы қоршауды (тұйық қабырғаны) салу кезінде - отқа төзімді барлық дәрежелі жабық типті гараждар-тұрақтар үшін;

Ішінде градациялар кестесінде келтірілген шамада, бірақ 10 машина-орыннан кем болмайтын машина-орны бар рампалы автотұрақтардан және гараждар-тұрақтардан арақашықтықтарды интерполяция бойынша алуға жол беріледі.

Автомобильдерді сақтайтын ашық алаңша деп араларындағы арақашықтықтары МҚН 2.02-05-2000*-ға сәйкес келетін автомобильдердің есептік санымен толтырылған, габариттері периметр бойынша 1 м-ге артық алаңды есептеу керек.

(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 28.10.2008 ж. № 17-01-3-05-3646 хаты)

13.26 к е с т е - Тұрақтық орындармен қамтамасыз ету нормалары

т/б №№	Баратын объектілер	Есептеу бірліктері	Есептеу бірліктерінің саны, машина-орын	
			Орталық аудан аумақтары үшін	Қаланың басқа аумақтары үшін
1	**Әкімшіліктік-іскерлік мақсаттағы объектілер**			
1.1	Басқару мекемелері, несие-қаржылық және заң мекемелері, маңыздылығы:			
1.1.1	республикалық	100 жұмыс істеуші	40-60	40-60
1.1.2	жергілікті	100 жұмыс істеуші	30-50	20-40
1.2	Коммерциялық-іскерлік орталықтар, кеңселік ғимараттар мен бөлмелер	жалпы ауданның $м^2$	60-70	40-50
1.3	Банктер және банктік мекемелер	қызметкерлер және жалпы ауданның м²	Қызметкерлер: әрбір басқарушыға + 4 қызметкерге 1 машина-орын Клиенттер: банк залының таза қоғамдық аумағының 10 м² -не 1	Қызметкерлер: әрбір басқарушыға + 3 қызметкерге 1 машина-орын. Клиенттер: банк залының таза қоғамдық аумағының 10 м² -не 1
2	**Ғылым және оқу-ағарту мақсатындағы объектілер**			
2.1	Ғылыми-зерттеу және жобалау институттары	жалпы ауданның м²	120-150	90-120
2.2	Жоғарғы оқу орындары	бір ауысымда болатын оқытушылар, қызметкерлер, студенттер	3-5 оқытушы мен қызметкерлер + күндіз оқитын 15 студентке 1 машина-орын	2-3 оқытушы мен қызметкерлер + күндіз оқитын 6-10 студентке 1 машина-орын

13.2б кестенің жалғасы

т/б №№	Баратын объектілер	Есептеу бірліктері	Есептеу бірліктерінің саны, машина-орын	
			Орталық аудан аумақтары үшін	Қаланың басқа аумақтары үшін
2.3	Қалалық маңызы бар арнайы орта білім мекемелері, колледждер, арнайы және жеке меншік мектептер, көркемсурет және музыка мектептері	бір ауысымда болатын оқытушылар мен оқушылар	4-5 оқытушы мен қызметкерге + 10 оқушыға 1 машина-орын және мектеп автобусы тоқтайтын орынмен қамтамасыз ету	3-4 оқытушы мен қызметкерге + 8 оқушыға 1 машина-орын және мектеп автобусы тоқтайтын орынмен қамтамасыз ету
2.4	Мектепке дейінгі балалар мекемелері	Қызметкерлер, келушулер, м²	3 қызметкерге және келушілер үшін 2-ден 6-ға дейін машина-орын, 50 м²-ден көп емес және автобус тоқтайтын орынмен қамтамасыз ету	2 қызметкерге және келушілер үшін 4-тен 8-ге дейін машина-орын, 50 м²-ден көп емес және автобус тоқтайтын орынмен қамтамасыз ету
3	**Сауда-тұрмыстық және коммуналдық мақсаттағы объектілер**			
3.1	Өнеркәсіптік ғимараттар және коммуналдық қоймалық объектілер			
3.1.1	Тігін өнеркәсібі	жұмыс істеушілер	басқарушыға және + 20 жұмыс істеушіге 1 машина-орын	басқарушыға және + 20 жұмыс істеушіге 1 машина-орын
3.1.2	Нанпісіру өнеркәсібі және бөтелкелерге құю кәсіпорындары	жұмыс істеушілер	басқарушыға және + 20 жұмыс істеушіге 1 машина-орын	басқарушыға және + 20 жұмыс істеушіге 1 машина-орын
3.1.3	Консерві жасау зауыты	жұмыс істеушілер, жалпы ауданның м²	-	басқарушыға және 600 м² ауданға 1 машина-орын
3.1.4	Сатусыз механизмдерді жөндеу	жалпы ауданның м²	24	18,6
3.1.5	Басқа өнеркәсіп	жалпы ауданның м²	55,0 + басқарушыға 1 машина-орын	55,0 + басқарушыға 1 машина-орын
3.1.6	Полиграфия		4 қызметкерге	3 қызметкерге
3.1.7	Қоймалық ғимараттар	жалпы ауданның м²	320	278,7
3.1.8	Тауарлық қоймалар	жалпы ауданның м²	320	278,7
4	**Сауда-тұрмыстық және коммуналдық мақсаттағы объектілер**			
4.1	Дүкен-қоймалар (шағынкөтерме және бөлшек сауда, гипермаркеттер	жалпы ауданның м²	есептелмейді	30
4.2	Мерзімдік сұраныстық азық-түліктік және (немесе) азық-түлікке жатпайтын топтар тауарларының кең ассортименті бар сауда объектілері (сауда орталықтары, сауда кешендері, супермаркеттер, әмбебап, әмбебап дүкендері және т.б.)	жалпы ауданның м²	Қызметкерлер: жалпы ауданының әрбір 100 м² -не 1 машина-орын (мүмкіндігінше дүкен артындағы ашық аулада), басқарушы қызметкерлерге 1 машина-орыннан + 5 қызметкерге 1 машина-орын. Келушілер: жалпы ауданының әрбір 30,0 м² -не 1 машина-орын. Жалпы ауданы 2000 м²-ден асатын супермаркеттерде әрбір 15 м²-ге 1 орын рұқсат етіледі	Қызметкерлер: жалпы ауданының әрбір 100 м² -не 1 машина-орын (мүмкіндігінше дүкен артындағы ашық аулада), басқарушы қызметкерлерге 1 машина-орыннан + 4 қызметкерге 1 машина-орын. Келушілер: жалпы ауданының әрбір 25,0 м² -ге 1 машина-орын. Жалпы ауданы 2000 м²-ден асатын супермаркеттерде әрбір 10 м²-ге 1 орын рұқсат етіледі

13.26 кестенің жалғасы

т/б №№	Баратын объектілер	Есептеу бірліктері	Есептеу бірліктерінің саны, машина-орын	
			Орталық аудан аумақтары үшін	Қаланың басқа аумақтары үшін
4.3	мерзімді сұраныс болатын азық-түлікке жатпайтын тауарларды сататын арнайы дүкендер (спорттық, автосалондар, жиһаздық, тұрмыстық техника, музыка аспаптары, зергерлік, кітап және т.б.)	жалпы ауданның м²	70	40
4.4	Тұрақты базарлар			
4.4.1	Әмбебап және азық-түлікке жатпайтын базар	жалпы ауданның м²	есептелмейді	30-40
4.4.2	Азық-түлік және ауылша-руашылық базары	жалпы ауданның м²	есептелмейді	20-30
4.5	Қалалық маңызы бар мейрамханалар, кафелер	Отыратын орындар, қызметкерлер	4 отыратын орын + басқарушыға 1 машина-орын, + 4 қызметкерге 1 машина-орын	3 отыратын орын + басқарушыға 1 машина-орын, + 3 қызметкерге 1 машина-орын, + автомобильдегі клиенттерге қызмет көрсету мекемелері үшін 1 машина-орын
4.6	Коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері			
4.6.1	Моншалар	бір уақыттағы келушілер	7-10	5-6
4.6.2	Қалалық маңызы бар ательелер, фотосалондар, шаштараз салондары, сұлулық салондары, солярийлер, сән салондары, той салондары	жалпы ауданның м²	20-25	10-15
4.6.3	Рәсімдік қызмет салондары	жалпы ауданның м²	25-30	20-25
4.6.4	Химиялық тазалау, кір жуу, жөндеу шеберханалары, күрделі тұрмыс техникасына қызмет көрсететін арнайы орталықтар және т.б.	қабылдаушының жұмыс орны	1-2	1-2
4.7	Қонақ үйлер			
4.7.1	Жоғары категориялы (4-5*)	жұмысшылар, тұтынушылар	Қызметкерлер: 3 жұмысшыға 1 машина-орын. Тұрып жатқан қонақтар: 3-4 нөмірге 1 машина-орын. Бар клиенттері: бардың қоғамдық ауданының әрбір 4 м²-не 1 машина-орын. Конференциялар өткізгенде әрбір 5 орынға 1 машина-орын есебінен бөлек тұрақтар қамтамасыз ету	Қызметкерлер: 3 жұмысшыға 1 машина-орын. Тұрып жатқан қонақтар: 3-4 нөмірге 1 машина-орын. Бар клиенттері: бардың қоғамдық ауданының әрбір 4 м²-не 1 машина-орын. Конференциялар өткізгенде әрбір 5 орынға 1 машина-орын есебінен бөлек тұрақтар қамтамасыз ету

13.26 кестенің жалғасы

т/б №№	Баратын объектілер	Есептеу бірліктері	Есептеу бірліктерінің саны, машина-орын	
			Орталық аудан аумақтары үшін	Қаланың басқа аумақтары үшін
4.7.2	Басқалары		6-8	5-6
4.7.3	транзиттік қонақүйлер, мотельдер		есептелмейді	Егер бір ғана кіру жолы болған жағдайда бас көшеден тыс 150 қосымша машина-орын және егер екі және одан көп кіру жолдары болған жағдайда 225 қосымша машина-орын. Машина-орындардың саны еш жағдайда транзиттік отельдің бөлме санының 50%-нен аспауы тиіс. Бұндай машина-орындардың барлығы жабық ғимараттар ішінде орналасуы қажет және ең алдымен қызметкерлер, қонақтар және транзиттік қонақүйдің тұрғындары үшін пайдаланылуы тиіс.
4.8	Зираттар, соның ішінде	Бір уақыттағы келушілер		5-7, бірақ 50 м/орыннан кем емес
5	**Мәдениет және бос уақыт өткізу объектілері**			
5.1	Көрме-мұражай кешендері, мұражай-қорықтар, мұражайлар, галереялар, көрме залдары	қызметкерлер, бір уақыттағы келушілер, м²	қызметкерлер: 2 қызметкерге 1 машина-орын. келушілер: þкспозиция ауданының 30 м² 1 машина-орын.	қызметкерлер: 2 қызметкерге 1 машина-орын. келушілер: þкспозиция ауданының 20 м² 1 машина-орын.
5.2	Театрлар, концерт Залдары	қызметкерлер, көрермен орындары	3 қызметкерге 1 машина-орын 8-10 отыратын орынға 1 машина-орын	2 қызметкерге 1 машина-орын 5-7 отыратын орынға 1 машина-орын
5.3	Киноорталықтар мен кинотеатрлар	қызметкерлер, көрермен орындары	5 қызметкерге 1 машина-орын 20-30 отыратын орынға 1 машина-орын	5 қызметкерге 1 машина-орын 10-20 отыратын орынға 1 машина-орын
5.4	Қалалық кітапханалар	отыру орындары	10-12	6-8
5.5	Діни конфессиялар объектілері (шіркеулер, костелдер, мешіттер, синагогалар и др.) (8-қосымшаны қара)	бір уақыттағы келушілер	10-12, бірақ объектіге 10 машина-орыннан кем емес	8-10, бірақ объектіге 10 машина-орыннан кем емес
5.6	Ойын-сауық орталықтары, би алаңдары	бір уақыттағы келушілер	8-10	4-7
5.7	Бильярд, кегельбан	бір уақыттағы келушілер	5-6	3-4
6	**Емдеу мекемелері**			
6.1	Мамандандырылған емханалар	бір ауысымдағы келу	80-100	50-70
6.2	Көпсалалы кеңес беру-диагностикалық орталықтар.	бір ауысымдағы келу	50-60	35-45

13.26 кестенің соңы

т/б №№	Баратын объектілер	Есептеу бірліктері	Есептеу бірліктерінің саны, машина-орын	
			Орталық аудан аумақтары үшін	Қаланың басқа аумақтары үшін
6.3	Ауруханалар	төсек-орындар	10 төсек-орынға 1 машина-орын + дәрігерлерді қосқанда 5 қызметкерге 1 машина-орын. 8 машина-орынның 1-ден кем емесін жедел жәрдемге бейімдеу қажет	10 төсек-орынға 1 машина-орын + дәрігерлерді қосқанда 4 қызметкерге 1 машина-орын. 8 машина-орынның 1-ден кем емесін жедел жәрдемге бейімдеу қажет
6.4	Демалыс үйлері, шипажайлар, профилакторийлер		-	4 төсек-орынға 1 машина-орын + штаттағы дәрігерлерді қоса 3 қызметкерге 1 машина-орын
6.5	Арнайыландырылған емханалар, еңбекке қайта жарамды ету орталықтары	төсек-орындар	10-15	8-10
6.6	Қарттар мен мүгедектерге арналған интернаттар мен пансионаттар	төсек-орындар	н.р.	3 қызметкерге 1 машина-орын + 20-30 төсек-орынға1 машина-орын
7	**Спорттық-сауықтыру объектілері**			
7.1	Спорттық кешендер және мінберлі стадиондар	мінбердегі орындар	әрбір 20-25 отыратын орынға 1 машина-орын	әрбір 15-20 отыратын орынға 1 машина-орын
7.2	Сауықтыру кешендері (фитнес-клубтары, дене шынықтыру-сауықтыру клубтары, спорттық және жаттығу залдары)	қызметкерлер, бір уақыттағы келушілер	Қызметкерлер: 3 қызметкерге 1 машина-орын + 5 клиентке 1 машина-орын	Қызметкерлер: 3 қызметкерге 1 машина-орын + 4 клиентке 1 машина-орын
7.3	Арнайы спорт клубтары мен кешендері (теннис, ат спорты, тау шаңғысы орталықтарыжәне т.б.)	бір уақыттағы келушілер	4-6	3-4
7.4	Аквасаяжайлар, хәуіздер	қызметкерлер, бір уақыттағы келушілер, м²	Қызметкерлер: 3 қызметкерге 1 машина-орын Клиенттер: хәуіз ауданының 10 м²-не 1 машина-орын	Қызметкерлер: 2 қызметкерге 1 машина-орын Клиенттер: хәуіз ауданының 10 м²-не 1 машина-орын
8	**Көліктік қызмет көрсету объектілері**			
8.1	Теміржол вокзалдары	«қарбалас» сағатындағы алысқа баратын жолаушылар	есептелмейді	6-8
8.2	Автовокзалдар	«қарбалас» сағатындағы жолаушылар	есептелмейді	8-12
8.3	Әуровокзалдар	«қарбалас» сағатындағы жолаушылар	есептелмейді	5-7

Ескерту

Осы түрдің объектісі орталық аудан аумағында орналаспайтындығын 4-бағандағы «н.р.» белгісі білдіреді.

13.27 к е с т е - Автотұрақтарға қызмет көрсету радиустары

Автотұрақтар түрлері	Мақсаты мен орналасуы	Қызмет көрсету объектілеріне дейінгі ара қашықтық
Объектілер жанындағы	Жекелеген объектілерге қызмет көрсету автотұрақтары; тікелей қызмет көрсету объектілерінің жанында орналасады	Сауда орталықтарына, әмбебап дүкен-дерге, қонақ үйлерге, емханаларға, вокзалдардың жолаушыларға арналған бөлмелеріне дейін - 150 м-ден қашық емес; басқа объектілерге дейін - 400 м-ден қашық емес
Бірлестірлендірілген	Объектілер топтарына қызмет көрсететін ірілендірілген автотұрақтар; қолдану радиустерінің үлкейтілуі бойынша орналасады	қызмет көрсетілетін топтардың ең алыс жерде орналасқан объектісіне дейін - 1200 м-ден қашық емес
Ұстап қалатын	Қала орталығына бара жатқан жеңіл транспорт ағымдарын тоқтатын автотұрақтар; қала орталығына жақын жерлерде жүрдек көпшілік көлік станциялары жанында: радиалды бағыттарда; қала шетінде; қалаға жақын жерлерде	жүрдек көпшілік көлікке ауысып отыру станцияларына дейін - 120 м-ден қашық емес

13.3.11 Өндірістік және мәдени-сауықтық мақсаттағы объектілер топтары үшін біріккен тұрақтарды ұйымдастыру кезінде қажетті машина-орындардың жиынтық санын орталық аудан аумағында 20-25 %-ға, басқа аймақтарда 10-15 %-ға төмендетуге жол беріледі.

13.3.12 Объектілер жанындағы және біріккен тұрақтардағы қажетті машина-орын санын есептеу кезінде жеңіл автомобильдердің тұру уақыты ұзақтығын орталық аудан аумағында 2,5 сағаттан аспайтын және одан тыс жерлерде 5 сағаттан аспайтын етіп алу қажет.

13.3.13 Басқа қалалар мен елді мекендерден келетін жеңіл автомобильдер ағынын тосқауыл-дауға арналған Астана қаласының сырттан келетін жерлеріндегі «Ұ+Ұ» типті тұрақтарды ұйымдастыру барысында олардың сыйымдылығын еңбек мақсатында жол жүретін автомобильдерді қою үшін қажетті машина-орын санының 50 %-ынан аспайтындай, қаланың шеткері аудандарына мәдени-тұрмыстық мақсатта жол жүрген жағдайда

% машина-орын етіп есептеу керек.

Қаланың автокөлік жолына сырттан келетін жерлердегі "Ұ+Ұ" тұрақтарын теміржол станция-ларының, þкспресс-автобустар, маршруттық такси аялдамаларының жанына 13.27-кестеге сәйкес орналастыру қажет.

13.3.14 Орталық қалалық ауданға сырттан келетін жерлердегі тосқауыл тұрақтарын ұйым-дастыру кезінде (қаланың орталық аудандарындағы автокөлікті азайту мақсатында) олардың сыйымдылығын автомобильдерді қоюға арналған машина-орындар санын қала орталығы шеңбе-ріндегі тұрақтар сыйымдылығына сәйкестендіре төмендете отырып, қала орталығында орналасқан еңбек ету объектілеріне бара жатқан автомо-бильдер үшін талап етілетіннің 80 %-ынан аспай-тындай етіп, ал мәдени-тұрмыстық объектілерге қызмет көрсететін машина-орындарды 60 %-дан аспайтындай етіп есептеу қажет.

13.3.15 Көпқызметті ғимарат-кешендер салу кезінде осы объектілердің төменгі жерүсті немесе жерасты қабаттарында кешенде жұмыс істеушілер мен оған келушілердің жеңіл автомобильдерін қоюға арналған машина-орындардың қажеттілігін өтейтін автотұрақтарды қарастырылып отырған аумаққа арнайы жасалған жеңіл автомобильдерді тұраққа қоюды ұйымдастыру сұлбасымен қарама-қайшы келмейтіндей етіп қарастыру қажет.

Жеңіл автомобильдерді сақтауға және тұраққа қоюға арналған автотұрақтардың типтері және оларды орналастыру әдістері

13.3.16* Жеңіл автомобильдерді сақтау және тұраққа қою автотұрақтардың типін жалпы сәулеттік-қалақұрылыстық шешімге сәйкес таңдау қажет.

Жеңіл автомобильдерді сақтау және тұраққа қоюға арналған автотұрақтарды автомобильдердің кіруі үшін түзусызықты немесе қисықсызықты рампаларды, жартылай рампаларды, еңіс еден-дерді, лифттік көтермелерді, механикаландырылған және автоматтандырылған көтермелер мен манипуляторлар тұрғызып, жеке тұрған, қосарлы-жапсарлай салынған, жапсарлай салынған етіп қарастыруға болады.

Түрлі типтегі жеке тұрған автотұрақтарын 4-6 қабатты жер үсті етіп, 6-9 қабатты құрама (қабаттары жер деңгейінен биік және төмен) етіп, 2-4 қабатты жер асты етіп МҚН 2.02-05 талаптарына жауап беретіндей ете отырып қарастыру ұсынылады.

Қосарлы, жапсарлай және қосарлы-жапсарлай салынған тұрғындардың жеңіл автомобильдерін сақтауға арналған автотұрақтарды тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың (соңғы жағдайда бір көлемде автомобильдерді сақтау және тұраққа қоюды біріктіру ұсынылады) жерасты және шығыңқы қабаттарында орналастыруға болады. Жоғары қарқынды құрылыс аумағында екі қабаттан кем болмайтын қосарлы салынған жерасты автотұрақтарын қарастыру қажет.

Рампалық үлгідегі жабық автотұрақтарды (жерүсті 9 қабатқа дейін) «Автомобиль тұрақтары» МҚН 2.02-05-2000, «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті талапта-рын, санитариялық-þпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ете отырып, өндірістік, әкімшілік-қоғамдық (емдеу және мектепке дейінгі балалар мекемелерін, мектептерді қоспағанда), тұрғын үй ғимараттарының шеткі қабырғаларына жапсарлас салуға жол беріледі.

(Толықтырылды - ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 15.05.2019 жылғы №72-НҚ бұйрығы)

13.3.17 Имараттар ішінде автомобильдер жай жүретін (өшірілген двигателімен) көпқабатты механи-каландырылған және автоматтандырылған жабық типтегі автотұрақтарды:

жеке тұрғызуға;

бар өртке қарсы қабырларға ойықсыз жапсарлас салуға, жеке ғимараттарда қосып салып (қосып-жапсарлас салып) құруға, сондай-ақ өнеркә-сіптік, әкімшіліктік-қоғамдық тұрғын ғимараттарының екі қатарлы бітеу шетжақ қабырғалары аралығында

сыйымдылықты шектеусіз қосып салуға;

қазіргі жағдайдағы өртке қарсы қабырға-ларға жапсарлай салуға, бөлек ғимараттардың ішіне салуға, сондай-ақ, қатар тұрған екі өнеркәсіптік, әкімшіліктік-қоғамдық мақсаттағы ғимараттардың бітеу шетжақ қабырғалары арасына сыйымдылығын шектеусіз етіп жасауға;

егер автотұрақты тұрғын ғимараттардың ендік габаритінен шықпайтындай, сыйымдылығы, әдетте 150 машина-орыннан аспайтындай етіп орналастырған жағдайда қатар тұрған екі тұрғын ғимараттың бітеу шетжақ қабырғалары арасына орналастыруға болады.

Қосарлы, жапсарлай, қосарлы-жапсарлай салын-ған механикаландырылған және автоматтан-дырылған автотұрақтарды пайдаланудың міндетті шарты - тұрғын құрылысы аумағындағы шу-вибро-қорғауды, атмосфералық ауадағы зиянды заттардың қалдықтарын ШРШ-ға дейін таратуды қамтамасыз ете отырып, негізгі ғимарттан тәуелсіз көтергіш құрылым-дарды салу болып табылады.

13.3.18 Жеке тұрған автотұрақтардың құры-лыс ауданы мен жер учаскелерінің өлшемдерін шамамен 13.28-кестеге сәйкес алу қажет.

Автотұрақтардағы бір автомобильге бөлінген учаске ауданын 13.29-кестеге сәйкес алу қажет; тұраққа арналған учаскелер көшелер мен жүретін жерлерге жанасқан жағдайда - бір автомобильге 18,0 м^2.

13.3.19 Автомобиль қозғалысы қарқынының өсуі автомобиль қозғалысы жолақтарын тұрақ орындарынан анық бөлуді талап етеді.

Автомобильдердің ұзақ тоқтауына арналған алаңшаның шекаралары да анық белгіленуі тиіс, алаңша жүру және тұрақтар жолақтарына бөлінуі тиіс.

Автомобильдердің келуі мен кетуіне жаяу жүргіншілердің өтуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті орын қалдыру қажет.

Мүмкіндігінше автомобильдерді көлденең қоймау қажет, өйткені бұл өтіп бара жатқан көлік үшін қауіпті. Автомобильдерге арналған тұрақ жолағы мен көшенің жүру бөлігі арасында ені 0,5 м қорғау жолақтарын жасаған жөн.

13.3.20 Жүк автомобильдері мен автобустарға арналған тұрақтың ауданын бөлек орындарға бөліп белгілеу автомобильдердің габариттеріндегі үлкен айырмашылықтарға байланысты тиімсіз. Тіркемесі бар жүк автомобильдері үшін өтпелі жүрулер мүмкіндігін қарастыру қажет, жартылай тіркемесі бар тартқыштар үшін олардың артпен жүру мүмкіндігін ескеру қажет.

13.28 к е с т е - Жеке тұрған автотұрақтардың құрылыс ауданы мен жер учаскелерінің өлшемдері

Автотұрақтардың қабаттылығы	Жарыққалқандық* автотұрақтардың типтері					
	Жерүсті		құрама		жерасты	
	Аудан, 1 автомобильге м²					
	құрылыс ауданының	учаскенің	құрылыс ауданының	учаскенің	құрылыс ауданының	учаскенің **
1	2	3	4	5	6	7
1	27	30,0	-	-	25	5
2	15	19,2	15	18,0	15	4,1
3	10	13,0	10	11,6	10	3,3
4	8	10,0	8	8,8	8	2,4
5	6	8,0	6	6,5	6	1,8
6 - 8	4	5,5	4	4,8	-	-
9 және одан көп	-	-	3	3,5	-	-

Ескертулер:

1 * - көпқабатты жартылай механикаландырылған автотұрақтар үшін (лифттік көтермелермен жабдықталған) 2-7 бағаналар көрсеткіштері 1,2 есе, механикаландырылған және автоматтандырылған автотұрақтар үшін 1,3-1,5 есе азаяды;

2 ** - жерасты автотұрақтардың ауданына жинақтау алаңшасының, қорғаныш көғалдарының өлшемдері, автомобильдердің кіруіне және шығуына арналған сырткы еңістердің өлшемдері енеді.

3 Механикаландырылған және автоматтандырылған гараждар - автомобильдерді механикаландырылған және автоматтандырылған түрде көтеретін және орналастыратын имараттар.

13.29 к е с т е - Автотұрақтардағы бір автомобильге бөлінген учаскелердің аудандары

Тұрақтық имарат	Бір орынның жалпы шаршы метрі
Жерүсті тұрағы	25-30
Көпқабатты/жерасты	30-37

13.30 к е с т е - Тұрақтағы автомобильдер қатарлары арасында жүрудің ұсынылатын минималды ені

Тұраққа қою бұрышы, градус	Көліктік ағым	Жүру ені, м	Тұраққа қою орнының ені, м
90	Екіжақты	6,95	3,0
90	Біржақты	6,0	3,0
60	Біржақты	4,2	3,0
45	Біржақты	3,6	3,0

Алыс жүк тасымалына арналған жылжымалы құрамға қызмет көрсету үшін елді мекендерге кіру кезінде ірі автомобиль тұрақтарын, жөндеу шеберханаларын, жанармай құю стансаларын, тамақтану және жүргізушілердің демалуына арналған бекет-терді қарастыру қажет.

13.3.21 Автокөлік құралдарының жылдамдығы автотұрақ шеңберінде 8 км/сағ.-тан аспауы тиіс.

13.3.22 Автомобильдерді көлденең немесе қиғаш қою үшін жаяужол бойындағы ашық типті автотұрақ жолақтары көшенің еніне байланысты ұйымдастыруға жол беріледі. Бұндай тұрақтардағы автомобильдер қиылыстардағы көшелерді шолуға кедергі жасамауы тиіс, сондықтан қиылыс қасындағы автомобильдердің тұрақ жолақтары мен құрылыс сызықтары (ықшамбақ болған жағдайда - көлденең көшенің құрылыс сызығына дейін) арасындағы ара қашықтық 10 м-ден кем болмауы тиіс.

13.3.23 Бұрышы 60 градус болатын авто-тұрақтар үшін алаңшаның көлбеуі 4-5‰-дан аспауы тиіс. Бұрышы 90 градус болатын автотұрақтар үшін алаңшаның көлбеуі 6 ‰-дан аспауы тиіс.

Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көтеруші құрылымдардың (ұстындар мен қабырғалардың) беткі жақтарының арасындағы арақашықтық 7,3 м-ден кем болмауы тиіс.

Еңістердің (рампалардың) жоғарғы жағында ұзындығы 6,1 м-ден кем емес тегіс алаңша қарастырылуы қажет. Тиісті өту қисықтары еңістердің (рампалардың) жоғарғы және төмен жақтарынан қарастырылуы қажет.

Автомобильдерге арналған тұрақтардың өту жолдарының ұсынылатын енін 13.30-кестеге сәйкес алу керек.

13.3.24 Қаланың жекеменшіктегі бөліктерінде үй алдында гараждарды тұрғызуға учаскеде және тұрғын құрылысының шектерінде машиналарды тұрғын құрылымдардың қапталына немесе артына қоюға мүмкіндік болмаған жағдайда рұқсат етіледі.

Гараж құрылымын қоғамдық жаяужолдың ішкі шетінен 6,0 м-ге шегініспен орналастыру қажет. Тар жағдайларда бұр арақашықтық жаяу жүргіншіге, сондай-ақ, гараждан артпен шығып келе жатқан жүргізушіге артқы дөңгелек жаяужол шекарасын кесіп өтпей тұрып шолу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін 1,50 м-ден кем болмауы тиіс.

Жеке меншіктегі бөліктерге өту жолдары 13.1.17 т. сәйкес қарастырылуы тиіс.

13.3.25 Тұраққа қою орындарының бетоннан, қиыршықтастан, асфальттен, төсемтастан, кірпіштен және ағаш газонды торлардан жасалған кірленбейтін беті болуы тиіс

Бет көлік құралдары ағынының есептік жүктемелеріне төзімді болуы қажет.

Беттік құрғатқыш қоғамдық көшелерге, төсел-ген аллеяларға немесе басқа бекітілген суағар-ларды есептемегенде жанасатын басқа учаскенің немесе жаяужолдың шекарасын кеспеуі тиіс.

Автомобильдердің тұрақ алаңшалары ҚР ҚНжЕ 2.04-05-ге сәйкес сырттан жарықтандырылуы керек.

13.3.26 Ашық тұраққа қою орындарын металл немесе тастан жасалады және бекітілген, берік қоршаулар болуы тиіс. Тастан жасалған қоршаулар топырақ деңгейінен 0,6 м биік болуы тиіс. Қабырға металдан немесе тастан жасалған бағаналардан тұрғызылған жағдайда бағаналардың диаметрі 0,1 м-ден кем және 0,15 м-ден артық болмауы тиіс, бағаналар бір-бірінен 1,5 м арақашықтықта және топырақ деңгейінен 0,75 м биік жерде болуы тиіс, бір-бірімен металл құбырлармен, шыбықтармен, қоршаумен немесе шынжырлармен біріктірілуі қажет.

Тұраққа қою орындарының шетжақ бұрыш-тарында қар жинауға арналған тиісті орындарды қарастыру қажет. Жиналған қар шолуға бөгет болмауы және жасыл көшеттерді зақымдамауы қажет.

Арнайы топтар

13.3.27 Халықтың аз әрекетті топтарының көлік құралдарына арналған орындары мүмкін-дігінше ғимаратқа кіретін жерге едәуір жақын орна-ласуы тиіс. Халықтың аз әрекетті топтарының көлік құралдарын қою орындарының санын қою орын-дарының жалпы қарастырылған орындар негізінде 13.31-кесте бойынша қарастыру керек.

13.31 к е с т е - Халықтың аз әрекетті топта-рын көлік құралдарына арналған орындармен қамтамасыз ету нормасы

Қою орындарының жалпы қарастырылған саны	Халықтың аз әрекетті топтарына арналған көлік құралдарын қою орындарының қажетті минималды саны
1-25	1
26- 50	2
51- 75	3
76 - 100	4
101- 150	5
151- 200	6
201- 300	7
301- 400	8
401- 500	9
501 - 1000	жалпы санынан 2 %
1001 және одан артық	20 плюс әрбір келесі 100-ге біреу, егер жалпы саны 1000-нан асатын болса

Халықтың аз әрекетті топтарының көліктік құралдары арналған орындардың ені 2,4 м болуы тиіс, автомобиль үшін қосымша 1,5 м және микро-автобус үшін 2,4 м болуы тиіс. Халықтың аз әрекетті топтар үшін қою орындарының еңісі 2 %-дан аспауы тиіс.

13.3.28 Ауруханалық амбулаторлық мекемелердегі - келушілердің көліктік құралдары және осы мекемелерге қызмет ететін автомобильдер үшін арналған қою орындарының 10 %-ы халықтың аз әрекетті топтарының көліктері үшін қолжетімді болуы тиіс.

Реабилитациялық және амбулаторлық физиотерапевтік мекемелердегі - 20 %, бірақ аз әрекетті топтардың көлік құралдары үшін бір орын-нан кем емес қою орындары қолжетімді болуы тиіс.

Автофургондарға арналған қою орындарында әрбір алты немесе аз әрекетті топтарының көлік құралдарына арналған алты қою орнының үлесі, бірақ автофургондар үшін бір орыннан кем емес қою орны қарастырылуы тиіс.

13.3.29 Аз әрекетті топтардың көлік құрал-дарына арналған қою орындарын автотұрақтан ғимаратқа кіре алатын ең қысқа арақашықтықта орналастыру керек.

Жолаушыларды отырғызу аймақтарында отырғызу аймағы кеңістігінің әрбір үзіліссіз 30,4 м-іне аз әрекетті топтарға арналған бір отырғызу аймағы қарастырылуы тиіс.

13.3.30 Автотұрақтардың көпдеңгейлі құрылымдарында автофургондарды қоюға болатын қою орын-дарын бір деңгейде орналастыруға рұхсат етіледі.

Мүгедек арбаларымен жүретін халықтың аз әрекетті топтары үшін көлік қою орындарының санын халық жиналатын жерлерде 13.32-кесте бойынша есептеу керек.

13.32 к е с т е - Халықтың аз әрекетті топта-рын орындармен қамтамасыз ету нормалары

Халық жиналатын жерлерде отыру орындарының саны	Мүгедек арбаларға арналған орындарының қажетті минималды саны
4-25	1
26-50	2
51 - 100	4
101 - 300	5
301 - 500	6
501 - 5000	6 плюс әрбір 150-ге, немесе олардың үлесіне 1, егер жалпы саны 501-ден 5000-ға дейін болса
5001 және артық	6 плюс әрбір 200-ге, немесе олардың үлесіне 1, егер жалпы саны 5000-нан артық болса
Ескерту - Мүгедек арбаларға арналған кеңістіктер отыру орындарын орналастыру жоспарының ажырамайтын бөлігі болуы тиіс.	

Кіру жолдары, шығу жолдары және автотұрақтарға өту

13.3.31 Сыйымдылығы 100 автомобильден көп автотұрақтарға кіретін және шығатын есіктер бөлек орналасуы қажет. Кіретін және шығатын есіктерді жүрісті ұйымдастыру жағдайлары мен пайдалану қауіпсіздігінің мүмкіндігіне қарай гараж-дың әр жағына орналастыру керек. Автомобиль-дердің уақытша тұрақтары үшін орындар қарастыру керек.

Кіретін және шығатын жерлерде биіктігі 0,15 м-ден кем емес көтеріңкі жаяужолдарын орналас-тыру керек.

13.3.32 Сыйымдылығы 300 машина-орынға дейінгі (автотұрақтар) жеңіл автокөліктерді сақтауға арналған жеке тұрған, қосарлы және қосарлы-жапсарлай салынған имараттардан тұрғын ауданның жергілікті көше-жол желісінен, екінші дәрежелі жүретін жолдардан шығуын қамтамасыз ету қажет.

Гараждар мен автотұрақтарға апаратын жол-дар негізгі жүргіншілер жолдарымен қиылыспауы қажет және демалыс алаңдарынан, ойын және спорт алаңдарынан оқшаулау болуы керек

13.3.33 Сыйымдылығы 300 машина-орыннан жоғары автотұрақтардан негізгі шығу жүргізілетін көшелер немесе жүретін жерлерден ең аз қашықтығын:

магистраль жолдардың ("тоқта-сызығы) жол қиылыстарына дейін - 50 м-ден кем емес;

- жергілікті мәні бар көшелердің жол қиылыстарына дейін - 20 м-ден кем емес;

- көпшілік қоғамдық көліктің аялдама бекет-теріне дейін 30 м-ден кем емес ара қашықтықта алу керек.

13.3.34 Автотұрақтардағы жарық қалқанда-рының типтері мен санын МҚН 2.02-05 талаптарына сәйкес анықтау керек.

Автотұраққа кіретін негізгі қақпалар алдынан сыйымдылығы автомобильдердің ең көп сағат санының 10 %-ынан кем болмайтын жинақтау алаңын, бірақ 2 өрт автомашинасын қоюға арналған алаңшадан кем емес қарастыру керек.

13.3.35 Автотұрақтардағы жүру жолағының қажетті саны әр жолақтың өткізу мүмкіндігіне негізделіп, 13.33-кесте бойынша есептелінуі қажет.

13.33 к е с т е - Бақылау жүйесі құралдарын орнату арқылы автотұраққа кіру және одан шығу кезіндегі өткізу мүмкіншіліктері

Кіру және шығу жүріс жолақтарын қамтамасыз ету құралдары		
Жүріс жолағының түрі	Бақылау жүйесі	Ең үлкен өткізу мүмкіншілігі, сағатына
Кіретін	Басқарылатын госпамен	450
	Басқарылмайтын госпамен	550
Шығатын	Қолмен басқарылатын шығу	240
	Шығу кезінде автоматты төлеу	270
	Автоматты түрде алдын-ала төлеу	400

13.3.36 Кіру мен шығуды бақылау құралдары автокөлік құралдарын аппаратқа қажетті жақын-дықта қою қиындығына байланысты тікелей келу жолағында орналасуы қажет.

Талон бергіш/ есептегіш автоматтарын тоспа алдынан 3 м-ден аспайтын және 1,5 м-ден кем емес аралықта орналасуы қажет.

13.3.37 Әртүрлі жарыққалқандардың (көлбеушелердің) ең үлкен өткізу мүмкіншіліктері бойынша нормалар 13.34-кестеде келтірілген.

13.3.38 Автокөлік жарыққалқандарының максималды еңісі бойынша нормалары 13.35-кестеде келтірілген.

13.3.39 Автокөлік жарыққалқандарының минималды ені бойынша нормалар 13.36-кестеде келтірілген.

13.34 к е с т е - Автокөлік жарыққалқандары-ның өткізу мүмкіншіліктері

Жарыққалқандардың (көлбеушелердің) өткізу мүмкіншіліктері		
Жарыққалқан-дардың (көлбеушелердің) типтері	Радиусы, м	Өткізу мүмкіншілігі, 1 сағаттағы машиналар саны
Түзу жарыққалқан	-	1850
Иілген жарыққалқан	7,5	1200
	9	1460
	12	1700

13.35 к е с т е - Автокөлік жарыққалқандары-ның еңістері.

Жабық автокөліктік жарыққалқандардың максималды еңістері		
Жарыққалқандардың (көлбеушелердің) типтері	Тік көтерілім, м	Максималды еңіс
Түзу жарыққалқан	< 1,5	1:6
	> 1,5	1:10
Иілген жарыққалқан	< 3	1:10
	> 3	1:12

13.36 к е с т е - Автокөлік жарыққалқандары-ның ені

Адамдар өтпегендегі (техникалық бақылау схемасы) жарыққалқандардың минималды ені			
Жарыққалқандар типтері		Жарыққалқан ені, м	Жарықтағы қосымша арақашықтық, м
Түзу жарық-қалқан	Біржақты	3	0,3
	Екіжақты	5,5	0,3
Иілген жарық-қалқан	Біржақты	3,65	0,6 метрлік сыртқы жиектеме тасы, 0,3 метрлік ішкі жиектеме тасы
	Екіжақты	7 (ортасында тұрған 0,5 метрлі жиектеме тасын қоса)	0,6 метрлік сыртқы жиектеме тасы, 0,3 метрлік ішкі жиектеме тасы

13.3.40 Сыйымдылығы 100 машина-орынға дейінгі автотұрақтар (ашық алаңдар) мен авто-тұрақтардың ені 6м-ден аз болмайтын біріктірілген кіретін-шығатын сыртқы есіктері болуы мүмкін.

13.3.41 Жеңіл автомобильдердің жеке тұрған жерасты автотұрақтарына кіретін және олардан шығатын жерлері тұрғын үй терезелерінен, мектеп учаскелерінен, балалар және емдеу мекемелерінен 15м-ден кем болмайтын жерге алыстатылуы қажет.

Кіретін және шығатын жерлер мен терезесіз және есік ойықтарынсыз тұрғын үйлердің және қо-ғамдық ғимараттардың қабырғаларына дейінгі қашықтық шектелмейді.

Тарихи мәні бар құрылыстар аймақтарында қажетті өрт қауіпсіздігі (МҚН 2.02-05 бойынша күн-қағардың құрылғысы, өртке төзімді құрылғыларды қолдану, қызмет ету режімін реттеу және т.б) жағдайларын орындаған жағдайда тұрғын үйлердің астында автотұрақтарды орналастыру кезінде оларға кіретін жерден бөлме терезесіне дейін мөлшер-ленбеген алшақтатуға рұқсат етіледі.

13.3.42 Барлық рұқсат етілген қосалқы қою алаңдарына кіретін және шығатын жерлері тұрғын ауданның екі көшесінің жолқилысынан 15,0 м аралық мөлшерінде орналасуы қажет.

13.3.43 Гараждарды автомобиль иелерінің жаяу жүріп жетуі бес минуттан көп болмайтын қашықтықта, қарқынды көлік жүрісі орындарына (вокзалдар, сауда орталықтары, театрлар, кинотеатрлар, әкімшілік ғимараттары, тұрғын үйлер және т.б) жақын орналас-тырады.

Көлік құралдарын сақтау объектілерінің түр-лері 8-қосымшада келтірілген.

13.3.44 Сыртқы жарыққалқандардың (көлбеушелердің) еңісі 10 %-дан аспайтын, ішкі жарыққалқандардікі - 18 %-дан аспайтын болуы керек.

Автосервис

13.3.45 Техникалық қызмет көрсету станса-ларын қаланың жеңіл автокөлігінің жалпы паркінен әр 250 жеңіл автомобильге бір пост есебінен жобалау керек, олардың жер учаскелерінің өлшем-дерін 13.37-кесте бойынша алу қажет.

13.37 кесте - ТҚО-ның жер учаскелерінің нормалары

Постылар саны	10	15	25	40
ТҚКС-ына арналған жер учаскелерінің өлшемдері, га	1,0	1,5	2,0	3,5

с к е р т у - ТҚКС үшін жер учаскелерінің өлшем-дері қосымша бағыттағы объектілердің (су қорының резервуарлары, қосалқы стансалары ж.т.б) есебінсіз берілген

13.3.46 Техникалық қызмет көрсету стан-саларын стансаға қарсы бағытталған автомобиль ағымының стансаға бағытталған автомобильмен жол қақтығысын болдырмау үшін қозғалыстың бағытындағы оң жақтан қалаға кіретін жақта орна-ластыру ұсынылады. Егер қызмет көрсету станса-сын қаладан шығатын жерде де орналастыру қажет болса, онда жолдың екі жағынан екі станса ор-наластыру керек немесе бір станса болған жағдайда оған келетін айырым жолдар автомагистрал бойынша өтетін қарсы автокөліктер ағымының жол қақтығысын болдырмау үшін автомагистралмен әртүрлі деңгейде орналастыру қажет.

13.3.47 Техникалық қызмет көрсету станса-ларының тұрғын үйлерден және қоғамдық ғимараттардан, сондай-ақ құрылыс салынып жатқан аймақтарда орналасқан мектеп, бала-бақша және станционарлық типтегі емдеу мекемелерінен қашықтығын 13.38 кестесінде келтірілген шамадан аз болмайтын көлемде алу керек

13.3.48 Автомобильдерге жанармай құю стансаларын (АЖС) қала жеңіл автомобилі жалпы паркінің әр 1200 жеңіл автомобильге бір отын-таратушы бағана есебінен, олардың жер учаскелері өлшемдерін 13.39-кесте бойынша ала отырып жобалау керек.

13.3.49 ҚР ҚН 3.03-01 бойынша анықталатын сұйық отынды, автомобильдік газтолтырғыш компрессорлы стансаларды (сығылған газ түрінде), автокөліктік газтолтырғыш стансаларды (сұйытыл-ған газ түрінде) сақтауға арналған резервуарлары бар тұрақты типтегі АЖС-нан мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, жалпы білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың, стационар-лы емдеу мекемелерінің жер учаскелерінің шекарасына дейінгі немесе тұрғын және қоғамдық ғимараттар мен имараттардың қабырғаларына

дейінгі арқашықтықты: 1-2 отын-таратқыш бағана болғанда - 25 м-ден аз болмайтын; 3 және одан көп кезінде - 50 м. аз болмайтын аралықта алу керек.

Ескерту

1 Көрсетілген арақашықтықтарды отын-таратқыш бағаналар мен емдеу және оқыту мекемелері үшін сұйық отынды сақтауға арналған жерасты резервуарларынан учаскелер шекарасына дейін есептеу керек.

2 Астана қаласының аумағында жерүстілік резервуарлары бар АЖС-сын орналастыруға жол берілмейді.

13.38 кесте - Ғимараттардан техникалық қызмет көрсету стансаларына дейінгі қашықтық

Арақашықтығы анықталынатын ғимараттар	Постылар саны төмендегіден аз емес кезіндегі техникалық қызмет көрсету стансаларынан арақашықтығы, м.	
	10 және одан аз	11-30
Тұрғын үйлер	25	50
Қоғамдық ғимараттар	25	50
Жалпы білім беретін мектептер және мектепке дейінгі балалар мекемелері	50	60
Стационарлы емдеу мекемелері	50	60

Ескерту

1 Арақашықтар тұрғын және қоғамдық үйлердің терезелерінен және жалпы білім беретін мектептердің, балалардың мектепке дейінгі мекемелері мен стационарлы емдеу мекемелерінің жер учаскелері шекараларынан техникалық қызмет көрсету стансасы шекарасына дейін есептелінеді.

2 Постылар саны 30-дан көп болса, техникалық қызмет көрсету стансасын тұрғын аудандардан тысқары өндірістік аймақтарға орналастыру қажет. Арақашықтық Мемлекеттік санитарлық-ϸпидемиологиялық бақылау органдарының келісімімен, алайда тұрғын үйлерден 100 м. аз емес қашықтықта белгіленеді

13.39 к есте - АЖС-ының жер учаскелерінің нормалары

Отын-таратушы бағаналардың саны	2	5	7	9	11
АМҚС-ына арналған жер учаскелерінің өлшемдері, га	0,1	0,2	0,3	0,35	0,4

13.3.50 Автомай құю және газтолтырғыш стансаларын басқа аса қауіпті стансаларды отыратын, жолаушы транспортының кері айналатын және тұру-кері айналу алаңынан, жүргіншілер өткелдерінен 25 м-ден кем болатын арақашықтықта орналастыруға тыйым салынады.

13.3.51 Жеке тұрған 1-2 постық жуу пунктіле-рін тұрғын үйлерден, қоғамдық ғимараттар мен имараттардан, мектепке дейінгі балалар мекемеле-рінің, жалпы білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың, тұрақты емдеу мекемелерінің жер учаскелерінің шекарасына дейін 25 м-ден кем болмайтын арақашықтықта орналастыру қажет.

13.3.52 АЖС-сын магистарлдық көшелерде орналастыру және жобалау барысында машина-лардың кіріп-шығуын қамтамасыз ететін қосымша жолақтар болуын қарастыру керек.

13.3.53 Қала сыртынан келетін көлікке қызмет көрсету үшін техникалық қызмет көрсету станса-лары мен қонақ үйлерді республикалық және облыстық мәні бар автомобиль жолдарының бойына қалаға кіру жолдарына орналастыра отырып қарастыру керек.

Пост саны 10-ға дейінгі техникалық қызмет көрсету және жөндеу бекеттерін орнату кезінде келесі талаптарды орындау қажет:

- ашық автожууларға жол берілмейді. Өзі-өзіне қызмет көрсетіп автожууды және автоматты жууды оларды бөлмелерде орналастыру кезінде орнатуға жол беріледі.

техникалық қызмет көрсету ғимаратында қай уақытта болмасын 2 машинадан артық орналаспауы қажет;

көлік құралының орналасу алаңының максималды көлемі 3,0 7,6 м. болуы қажет.

максималды жалпы алаңы 185,8 м² құрауы тиіс;

ТҚ ғимаратына кіреберістерді қарастыру тұрғын аймақ жағынан тыйым салынады.

объект бөлімге шықпайтын бір кіре берісі бар жабық ғимарат болуы қажет.

Қол түйіспе жабдығын қолданатын саны 6-дан аспайтын бөлімнің және конвейерлік автоматты жабдықты қолданатын саны бірден аспайтын бөлімнің болуына рұхсат етіледі, ал вакуумдық жабдық кез келген тұрғын аумақтан 30,0 м-ден кем болмайтын арақашықтықта орналасуы қажет.

13.3.54 Техникалық қызмет көрсету (СТҚ) және жөндеу стансаларына кірулер және шығулар көшенің жергілікті және қосымша негізгі жүру бөліктерінде ғана жол беріледі.

Техникалық қызмет көрсету және жөндеу стансаларына шығу (кіру) жолдың жақын қиылы-сынан 50 м-ден кем емес ара қашықтықта орналастырылуы тиіс.

13.3.55 АЖС арасындағы арақашықтық 100 м-ден, ал жүрісі көп жолдарда 250 м-ден кем емес болуы тиіс.

АЖС шеткері өндірістік аймақтарда және магистральды жолдарда орналастыру керек.

Қаланың қоныстық аумақтары шектерінде сақталатын мұнай өнімінің көлемі 100 м³-ден аспайтын және отынды сақтаудың жерастылық резервуары бар автомайқұю стансаларын орна-ластыруға жол беріледі.

13.3.56 Жүргіншілердің қозғалысы қарқынды болмаған кезде стансаларға басты қисықсызықпен кіріп-шығуға болады.

Жүргіншілердің қарқынды қозғалысы кезінде автомобильдердің стансаға кіріп-шығуы жаяужол-дың бойлық осіне перпендикуляр болуы қажет.

Жанармай құю стансасының бұрыштық орналасуы жағдайында жаяужол арқылы жүріп өту жақын маңдағы жолдар шекарасын қию нүктесінен 10 м-ден аз болмайтын шамада кейін басталуы қажет.

Автомобиль жолдарында автомайқұю стансаларының жолдың екі жағынан да орналасқаны дұрыс, өйткені келетін және кететін автомобиль-дердің жүрістері қиылыспауы керек.

Автокөлікте отырған клиенттерге қызмет көрсету объектілері

13.3.57 Клиенттерге олар автомобильден шықпай қызмет көрсету объектілерін «қабылда-ғыштарды» - автобарларды, автокафелерді (5-қо-сымша), авто-кино, авто-банктерді және т. б. - қала маңы аймақтарында орналастыру ұсынылады.

Клиенттерге автомобильден шықпай қызмет көрсету объектілерін - химиялық тазалау, мейрам-ханаларды, кафелерді, банктерді, қаржы мекеме-мелері мен дәріханаларды - қала шеңберінде қала орталығынан өзге бөліктерінде орналастыру ұсыны-лады.

Жолдарда автомобильдердің тұрып қалуын болдырмау үшін клиенттерге автомобильден шықпай қызмет көрсету объектілерін тұрғын аймақтары немесе аралас мақсаттағы аймақтарда орналастыруға тыйым салынады.

Берілген объектілерді орналастыру кезінде жолдарда кептелістердің пайда болу мүмкіндіктері алынып тасталуы тиіс.

13.3.58 Клиенттерге автомобильден шықпай қызмет көрсету объектілерін келесі факторларды ескере отырып жобалау қажет:

жол қозғалысының қауіпсіздігі;

шу деңгейін төмендету;

мөлшерлі жарықтандыруды қамтамасыз ету;

ауа сапасын жақсарту;

қоршаған ортаны қорғау;

қоқыс пен қалдықтарды әкетуді ұйым-дастыру;

учаскеге кешенді қызмет көрсету;

объектінің жұмыс тәртібін анықтау және т.б.

13.3.59 Клиенттерге автомобильден шықпай қызмет көрсету объектілерінің жаңа алаңшала-рында қалалық құрылыстың іргелес ғлементте-рімен үйлесетін ғкологиялық қауіпсіздікті және жағымды ландшафтық ортаны қамтамасыз ететін автотұрақтарды, жүретін жолдар мен имараттарды қарастыру қажет.

Автотұрақтарды, жүретін жолдарды және автомобиль кезегі жолағын ұйымдастыру жүру бөлігінен бөлек ықшам орналасқан алаңшаларда, іргелес ғимараттардан шығатын жүргіншілер үшін үздіксіз қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету мүмкіндігін ескере отырып жасалуы тиіс.

13.3.60 Автомобильдегі клиенттерге қызмет көрсету объектілерін орналастыруды көшелер құрылысы сызығында жүзеге асыру қажет.

13.3.61 Автомобильдегі клиенттерге қызмет көрсету объектілерін жобалау кезінде:

қаланың қоғамдық көлігінің аялдама павильоны жанынан жүргіншілер жаяужолына тіке-лей шығатын басты жолды қарастыру;

жобаланатын учаске көшелер қиылысында орналасқан жағдайда оған кіретін басты жолды қиылыстан немесе бас көше жағынан жүзеге асыру;

объектілерді (мейрамханалар немесе кеңсе-лерді) қызметтік мақсатына сәйкес көшенің толық қызметін қамтамасыз ететін жүргіншілер жаяужол-дары бойында орналастыру;

интерьер мен ғкстерьердің жағымды көріні-сін қаматамасыз ету үшін жобаланатын ғимарат-тардың қабырғаларын мөлдір терезелерден, есік-терден және басқа ғимараттың ішінен және сыртынан шолып қарау аймағын үлкейтуге көмекте-сетін ғлементтерден көше құрылысы сызығы бойымен орналастыру қажет.

13.3.62 Клиенттерге автомобильден шықпай қызмет көрсету объектілерін жобалау кезінде:

автомобиль кезегі жолдарын ғимарат пен көше аралығында орналастырмау;

автомобиль кезегі жолдары мен автотұрақ-тарды жаяужолмен жүретін жүргіншілердің көру аймағынан тыс жерде, яғни ғимараттың артына немесе қасына орналастыру;

мейрамханалар мен тамақ өнімдерін сату нүктелері үшін ең кемі 10 автокөлік тұра алатын автомобиль кезегі жолдарын ұйымдастыру мүм-кіндігін қарастыру;

учаскеде автомобильден шықпай қызмет көрсетілетін клиенттерге арналған банктерге, аптекаларға және тамақ өнімдерін сатумен байла-ныссыз сол сияқты объектілерге кезекке тұру мақсатымен кемінде 4 автомобильді орналастыруға ұзындығы жағынан қолайлы жол қарастыру;

автомобиль кезегі қозғалысы жолындағы бір автомобильге арналған алаңшалардың өлшемдерін ені жағынан 3,5 м және ұзындығы жағынан 6,5 м есебінен шыға отырып, қабылдау;

клиенттерге автомобильден шықпай қызмет көрсететін объектілерде көгалдандырылған аумақ-тардың аудандарын көбейту;

автокөліктердің кезекке тұратын жолақтарын ұйымдастыруды пайдаланушылардың ең көп саны-на қарай қарастыру;

қажетті жерлерде көлік қозғалысы бағытын, аялдама орындарын немесе тыйым салынатын аймақтарды көрсетуге арналған белгілердің жеткі-лікті санын қарастыру;

тұрақтық «қалталарының» шектелген санын қарастыру;

квартал ортасында бір тұрақтық «қалта» немесе қиылыс учаскесінде екеуден көп емес тұрақтық «қалталарды» қарастыру;

үлкенірек көшенің жаяу жүргіншілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қиылысатын көшелердің маңызы төменірек жағынан жүру жол-дарын қарастыру;

автомобиль кезегінің қозғалыс жолдары мен автомобильмен келіп, кіретін қосымша жолға бағыт алып бара жатқан жүргіншілер жолының қиылыспау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында объек-тіге кіретін қосымша жолға іргелес автотұрақтар болуын қарастыру;

13.3.63 Объектінің қызмет көрсету жағ-дайын жақсарту үшін және клиенттерге, іргелес жалпы пайдалану объектілері қызметкелеріне және жүргіншілерге қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету үшін жоба:

аумақтың түнгі уақытта лайықты шолуын және жарықтандырылуын қамтамасыз етуі қажет;

жүргіншілердің жерүсті өткелдерін жасау, автомобиль кезегі жолынан және басқа жүру жолдарын бөліп тұратын қысқа бағаналар мен көгалдандырылған жол жабындарын өзгерту арқылы жүргіншілердің бөлектенген және қауіпсіз қозғалыс маршруттарын қарастыру қажет;

жаяужолдардың енін 1,5 м-ден кем болмайтындай етіп қарастыру қажет;

ғимаратқа кіретін бас есік алдында, қоғамдық көлік аялдамаларында, демалыс алаң-шаларында және т.б.-ларда жағымсыз климаттық әсерлерден қорғайтын имараттарды (аспалар, мөлдір материалдардан жасалған өткелдер) қарастыру қажет;

- бас жоспарға сәйкес демалысқа, тамақта-нуға арналған алаңшалар қарастыру қажет.

13.3.64 Клиенттерге автомобильден шықпай қызмет көрсететін объектінің бас жоспарын жасау кезінде:

бас жоспарға сәйкес ғимарат пен көше аралығында жасыл аймақтардың болуын қарас-тыру;

ғимаратқа кіретін бас есік пен учаскеге кіретін жер аралығында жасыл аймақтардың болуын қарастыру;

автомобильдердің тұру жолақтарын шектеу үшін ені 2,4 м-ден кем емес үздіксіз көгалдан-дыруды қарастыру;

суғару жүйесін қарастыру қажет.

13.3.65 Көшелер бойында жасыл көшеттер-ден тұрғызылған бөлгіш-қоршау жолақтары көпте-ген жағдайда көшенің шеткі сызығын құрауы қажет.

Көшелер мен автомобильдердің кезекке тұратын жолағы, жүретін жолдар, автотұрақтар аралығында жасыл көшеттерден тұрғызылған бөлгіш жолақтардың болуын қарастыру қажет.

Көгалдандырылған өту аймағы және жасыл қоршаулар автомобильге қызмет көрсету объектісі мен қоғамдық пайдаланудың ашық кеңістігі аралығында қарастырылуы қажет.

Клиенттерге автомобильден шықпай қызмет көрсету объектілерін жобалау кезінде:

- жолақтарға, жүретін жолдарға, автотұрақ-тарға, жүк тиеу платформаларына, трансформа-торларды, газөлшеуіштерді қамтитын инженерлік имараттарға оларды көше, жаяужол және іргелес объект жағынан көзден тасалау үшін жасыл көшет-терден қоршау жолақтарын;

төмен сәндік қоршауларды қоса алғанда, биіктігі 0,08 м-ден 1,1 м-ге дейін жасыл екпелердің қоршау жолақтарын;

жаяужолдардың шетінен 1,0 м-ден кем емес арақашықтықта жасыл көшеттерден қоршау жолақ-тарын;

ғимараттың арты мен жанында ені 3,0 м-ден кем болмайтын жасыл аймақты;

объект периметрі бойымен 7,5 м-ден кем емес ағаштарды отырғызу;

қоятын қалтадан немесе автотұрақтан 0,6 м-ден кем емес ара қашықтықта ағаштар отырғызу;

қажет болған жағдайда учаскенің артқы және жанындағы шекараларында шуды бәсеңде-тетін қоршаулар қарастыру қажет.

13.3.66 Жүргіншілердің ғимаратқа тікелей кіруін қамтамасыз ету үшін объектілерге жанасатын жаяужолдардың еңістігі 4 %-тен аспауы тиіс. Инженерлік тораптарды төсеуді жерастылық етіп қарастыру керек.

13.4 Сыртқы көлік

Теміржол көлігі

13.4.1 Темір жолдарды жобалауды қаланы дамытудың бас жоспары және қалалық темір жолы торабын дамытудың кешенді сұлбасы негізінде жасау қажет.

13.4.2 Өнеркәсіп кәсіпорындары мен қойма-лық аумақтарға кіретін қала аумағындағы теміржол жолдарының жаңасын салуға және қазіргі барын сақтауға тасымалдауды көліктің басқа түрлерімен жүргізу тиімсіз болғанда, жүк айналымы тәулігіне 5 және одан көп вагонды құрайтын жағдайда жол беріледі.

Одан аз жүк айналымында кіру жолдарын салуға тиісті техникалық-экономикалық және санитарлық-экологиялық негіздеме болған жағдай-да жүк тасымалдауға арнайы талаптармен шартталған ерекше жағдайда жол беріледі.

13.4.3 Қолданыстағы және жаңа теміржол желісі мен қосымша жолдар құрылыс салынған аумақтардан өткен жағдайда жаңа құрылысты және қазіргі барын қайта құрылымдауды жобалау кезінде МҚН 2.04-03 нормаларына сәйкес шу деңгейі есебін жүргізу және шудан қорғау шараларын қарастыру, сондай-ақ, пайдаланудың қалыпты режіміндегі және ықтимал апаттар кезінде қоршаған орта құрауыштарының (әуе бассейнінің, топырақ жабыны-ның, беттік және топырақ суларының) ластану деңгейі мен аймақтарын есептеуді жүргізу қажет.

Іргелес тұрғын құрылысына жайлы жағдай жасауға бағытталған табиғатты қорғау шараларын қарастыру қажет.

13.4.4 Теміржол көлігінің жанасатын құрылыс аумақтарына зиянды әсер әрекетін бәсеңдету және теміржол жолдары орналасқан қала жерлерін неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында ҚР ҚНжЕ 3.03-01 талаптарын ескере отырып, жолүсті кеңістігінде түрлі қызметтік мақсаттағы қала құрылысы объектілерін орналастыру үшін олардың кейбір учаскелерін жабуға жол беріледі.

13.4.5 Жоғарыжылдамдықты және жүрдек теміржол магистральдары учаскелерін салуды элек-трленген теміржолдар желілеріне қойылатын та-лаптарға сәйкес қазіргі теміржолдарға кесіп бе-рілген жолақтар аумақтарын пайдаланып жобалау қажет.

13.4.6 Қала ішінде теміржол көлігіне кесіп берілген жолақтар шеңберіндегі жерлер Астана қаласының қалақұрылыстық реттеу сызықтарын белгілеу тәртібі талаптарына сәйкес келісілген және бекітілген қалақұрылыстық реттеу сызықтарының бөлу сызу-актісімен бекітіледі.

13.4.7 Жолаушылар станциялары және вокзалдар мүмкіндігінше транзитті болуы тиіс.

13.4.8 Тауар станцияларын жолаушылар станцияларынан бөлек орналастыру қажет.

Вокзалдарға теміржол жолдарын:

- шлагбаумы бар өтпелер құру арқылы қауіп-сіздігі қамтамасыз етілген қала көшелері деңгейінде;

астында қала көшелері өтетін үйінділер үстімен;

рельс жолдары үстінен көшелерді өткізуге арналған жолөткелдері бар терең шұңқырларда төсеу қажет.

Терең шұңқырларды жасау жер асты сулары деңгейін төмендету шараларын өткізіп жасалуы тиіс.

Әуе көлігі

13.4.9 Әуежайлар мен тікұшақ станцияларын орналастыруды және Астана авиация торабын дамытудың бас жоспары және кешендік сұлбасы негізінде ҚР ҚНжЕ 3.03-03 және МСТ 22283 талаптарына сәйкес жүргізу қажет.

13.4.10 Әуежайлар көпшілік жолаушылар көлігінің жүрдек түрлерімен, ішкі көліктің басқа объектілерімен және басқа қалалық қызметтік аймақтармен өзара байланысты болуы тиіс.

Бұл жағдайда жолаушыларды көшеден тыс жүрдек көлік станцияларынан әуежайларға тікелей

жеткізуді қамтамасыз ету қажет, ауысып міну кезінде жүргіншілер жолының ұзындығы 100 м-ден аспауы тиіс.

13.4.11 Әуежайларды қала маңы аймақта-рында қала шекарасынан 30-35 км-ден кем емес қашықтықта орналастыру керек, ұшып жатқан ұшақтардан болатын шуының рұқсат етілген дәрежесінің белгіленген санитарлық нормалар орындалуы тиіс.

13.4.12 Жолаушыларды, жүктерді жедел тасымалдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және жедел дәрігерлік көмек көрсету, сондай-ақ төтенше сипатты шараларды жүзеге асыру мақсатында қалалық аумақ және қала маңы аймақтары шек-терінде тіқұшақтық көлікті пайдалану ұсынылады.

Тікұшақтар, сондай-ақ қаланың қала маңы аймағымен және әуежайлармен қатынасында пайда-ланылуы мүмкін. Тікұшақ алаңшасын қалада орна-ластырған кезде, іргелес тұрғын аудандардың шу және вибрация режимдерінде де, тікұшақтар ұшатын әуе трассаларына да қатысты алғанда, санитарлық-гигиеналық талаптарды орындалу қажет.

Тікұшақтардың өлшемдері мен орналасуын 15-тарауға сәйкес қабылдау керек.

Автомобильдік көлік

13.4.13 Жолаушылар автовокзалдары мен ірі автостанцияларды қаланың көшелік-жолдық магис-тральдары желісінің қала сырты автомобиль жол-дарына шығатын жерлерінде, көшеден тыс жүрдек көлік станциялары, басқа қалалардан келушілердің жаппай ағыны келетін объектілер жанында орна-ластыру қажет.

Автовокзал және автостанция аумағындағы көлік қозғалысының сұлбасы автобус (қалааралық және қала ішіндегі) және автомобиль қозғалысының ағымдылығын қамтамасыз етуі қажет. Сонымен қатар, аумақта автобустар мен автомобильдерге арналған тұрақтар, ал жеке жағдайларда жанар май құю стансалары қарастырылуы тиіс.

13.4.14 Жаңа жүк автостанциялары мен контейнер алаңшаларын өнеркәсіптік аумақтарда қаланың негізгі магистраль желісімен байланыста орналастыру қажет.

13.4.15 Басқа қалалардан келген көліктерге қызмет көрсету үшін қалаға кіру жолдарында республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында техникалық қызмет көрсету стансаларын және қонақ үйлер болуын қарастыру қажет.

14 Инженерлік қамтамасыз ету

Астана қаласы құрылыстарын инженерлік қамтамасыз ету жүйелерін қаланы дамытудың бас жоспары және қала шаруашылығының инженерлік инфрақұрылымын дамытудың бас сұлбалары негізінде әзірлеу керек.

Сумен қамтамасыз етудің, канализациялар-дың, жаңбыр канализациясының, суды төмен-детудің, жылумен қамтамасыз етудің, газбен қамтамасыз етудің, ɵлектрмен қамтамасыз етудің және байланыстың жаңа және қайта қалпына келтірілген жүйелерін қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып жобалау керек.

Есептік көрсеткіштер мен ережелер тұтастай қалаға да, оның әр түрлі аудандары үшін де келітірілген.

Жеке көрсеткіштер салынатын құрылыстардың аумақта-рына байланысты дәлденуі мүмкін.

14.1 Сумен қамтамасыз ету

14.1.1 Астана қаласының аумақтарындағы тұрғын үй-азаматтық және өндірістік мақсаттағы барлық объектілер сумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйелерімен қамтамасыз етілуі тиіс және ауыз суларын ұтымды пайдалану және су шығыны мен судың нәтижесіз шығынын барынша қысқарту шараларын ескере отырып, ҚР ҚНжЕ 4.01-02, ҚР ҚНжЕ 4.01-41-ның талаптарына сәйкес жобалануы керек.

Кәсіпорындардың техникалық қажеттілігіне ауыз суды қалалық су құбырларынан беруге тек техникалық-ɵкономикалық негіздеменің негізінде ғана жол беріледі.

Жеке құрылыстарды, соның ішінде бір пәтерлі тұрғын үйлерді (аз қабатты құрылыстарды) жобалауда ҚР ҚНжЕ 4.01-41, ҚР ЕЖ 4.02-16 және ҚР ҚНжЕ 3.02-27-ті басшылыққа алу керек.

14.1.2* Қаланың есептік орташа тәуліктік су тұтынуын шаруашылықтық-тұрмыстық қажеттілік-терге және кәсіпорындардың қажеттіліктеріне кеткен су шығындарының жиынтығы ретінде анықтау керек. Шаруашылықтық-тұрмыстық қажеттіліктерге кеткен су шығыны тәуліктегі (Астана бойынша орташа алынған) 428,0 л/адамға тең болатын 2030 жылға дейінгі су тұтынудың салыстырмалы шамасына сәйкес анықталуы керек.

Салыстырмалы су тұтыну шаруашылық-тұр-мыстық қажеттіліктерге және кәсіпорындардың қа-жеттіліктеріне жұмсалған судың барлық шығындарын есепке алады және 14.1.1*-кестеде келтірілген.

(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 04.06.2008 ж. № 17-01-3-05-1820 хаты)

Әртүрлі санатты тұтынушылардың жеке объектілері бойынша судың шығыны ҚР ҚНжЕ 4.01-41-ның 3-қосымшасы бойынша анықталуы керек.

14.1.3 Қаланың жеке құрылымдық-жайғас-тыру бөліктері бойынша сумен қамту жүйелерін жобалау кезінде 14.1.2-кестеде келтірілген көр-сеткіштерді басшылыққа алу керек.

14.1.4 Өрт сөндіру шарттарына қатысты сақиналық суөткізгіш тораптардың минимальды диаметрі ғимараттардағы өртті сөндіруге жұмсалған судың есептік шығындарына сүйене отырып алынған есебі бойынша ҚР ҚНжЕ 4.01-02 және ҚР ҚНжЕ 4.01-41-ға сәйкес қабылданады.

Өрт сөндіру гидранттары өрт сөндіргіш өткелдер бойындағы су құбырлары тораптарына нормативтік есептерге сәйкес орналастырылуы тиіс.

Су құбырлары тораптарына өрт сөндіру гидранттарын орналастыру осы желі қызмет кеөрсететін кез келген ғимаратта, имаратта немесе оның бір бөлігінде болатын өртті сыртқы өрт сөндіруге кеткен судың шығыны 15 л/с және астам болған кезінде кем дегенде екі гидранттан және су шығыны 15 л/с кем болғанда қатты жабыны бар жолдар бойына жеңдік желілердің ұзындығын ҚР ҚНжЕ 4.01-02-дің 9.30-тармақшасында белгілен-геннен аспайтындай етіп жүргізілуін ескеріп бір гидранттан сөндіруді қамтамасыз етуі керек.

Өртке қарсы мақсаттарға арналған сумен қамтамасыз етудің көздері ретінде тораптан өрт сөндіруді қаматамасыз ету мүмкіндігі болмағанда, ҚР ҚНжЕ 4.01-02 және ҚР ҚНжЕ 4.01-41-ға сәйкес судың өртке қарсы көлемін сақтауға арналған ыдыстарды пайдалану керек.

14.1.1* к е с т е - Тұтынушылар санаттары бойынша судың шығыны

Тұтынушылар санаттары	Астана қаласының 1 тұрғынына арналған салыстырмалы сутұтынудың тәуліктегі адамға шаққандағы литр есептік шамасы
1 Тұрғын ғимараттар, соның ішінде мейрамханалар және жатақханалар	225,0
2 Мекемелер және ұйымдар ғимараттары	44,0
3 Сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары	55,0
4 Тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындары	40,0
5 Денсаулық сақтау мекемелері	10,0
6 Білім беру мекемелері	22,0
7 Спорт мекемелері	23,0
8 Мәдениет мекемелері	7,0
9 Басқа есептелмеген шығындар (Мемлекетаралық орталықтар, уақытша тұрғындар және т. б.)	24,0
СУДЫҢ ЖАЛПЫ ШЫҒЫНЫ	428,0
Е с к е р т у - Көшелерге және жасыл екпелерге су құюға жұмсалатын судың шығындарын ҚР ҚНжЕ 4.01-02-ге сәйкес алу керек.	

(Түзету, ҚР ИСМ Құрылыс және ТКШІК 04.06.2008 ж. № 17-01-3-05-1820 хаты)

14.1.2 кесте - Жайғастыру ƒлементтерінің сумен қамтамасыз ету көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Қала аумақтары				
		Қалалық түйін	Магистраль айналасындағы аумақ	Квартал ауданымен магистраларалық аумақтар		
				5 га	5-тен 10га дейін	10-нан артық
Тұрғын учаскелері құрылысының тығыздығы	мың.м^2 га	6.1-кестесінің 6-тарауының 2, 3-ескертулеріне сәйкес	20-дан 30-ға дейін	20-дан 30-ға дейін	10-нан 20-ға дейін	5-10
Тұрғындардың тығыздығы	адам/га	833-1000	666-833	666-1000	333-666	166-333
Шаруаш.-тұрмыс. қажеттіліктерге 1 тұрғынға жұмсалатын су шығынын қайта есептеу (әлеуметтік ортаны ескере отырып)	л/тәуліктегі адам	530	435	260 - 340	260 - 300	315 - 280
Тұрғын ықшамаудандағы халыққа арналған сутұтыну	тәулігіне мың м^3/га	133	131	120 - 170	90 - 135	95 - 112
Ескертулер 1 Әрбір нақты жағдайда сумен қамту жүйелерін жобалау кезінде екпе ағаштарды суару үшін техникалық сападағы суды пайдалану мүмкіндігін ескеру қажет. 2 Басқа тұтынушыларды шамамен есептеу үшін салыстырмалы көрсеткіш есебіне «ескерілмеген шығындар» енгізілеі. 3 Есептік көрсеткіштер толық тұтынылмаған су көлемін алдын ала есептеу үшін қолданылады. 4 Толық тұтынылмау өнеркәсіптік мұқтаждықтары ескерусіз берілген. 5 Әрбір нақты жағдайда өнеркәсіптік кәсіпорындардың мұқтаждықтарына жұмсалған судың шығыны суды ұтымды пайдалануды ескеріп, оның технологиялық деректеріне, РК ҚНжЕ 4.01-02-дің талаптарына сәйкес жеке анықталады.						

14.1.5 Ғимараттардың әрқайсысына ҚР ҚНжЕ4.01-41-ға сәйкес су шығынын есептейтін жеке түйіндерді орналастыруды қарастыру қажет.

14.1.6 Суды жеткізу және суөткізгіш торабына арналған құбырлардың материалын және беріктік класын таңдау статикалық есептеу, топырақтың жегілігі, құбыр жүргізу шарттары, сондай-ақ ҚР ҚНжЕ 4.01-02-ге сәйкес судың сапасына қойылатын талаптарды негізге алып қабылдануы керек.

14.1.7 Су құбырлары тораптарында көбінесе ысырмалары бар арматураның құдықтық құрылғысын қарастыру керек.

14.1.8 Су құбырларының сыртқы тораптарын жер астынан жүргізу керек, негіздемелері болған жағдайда жеңілтұтанантын жанғыш сұйықтар мен жанғыш газдарды тасымалдайтын құбырлардан басқаларын басқа коммуникациялармен бірге туннельдерде жүргізуге жол беріледі.

Арнайы өтпелі арналарда су құбырларын транзитті түрде жүргізуге жол беріледі.

Жаңа және қайта қалпына келтірілетін су құбырлары тораптарын жүргізу кезінде құбыр-лардың ажыратылатын учаскелері бөлшектеледі немесе барлық ұзындығы бойына тығындалады.

14.1.9 Тоған құрылғыларының түрлері және олардың орналасатын орындары ауыз суларына қойылатын талаптармен анықталады және оларды ҚР Санитарлық-ғпидемиологиялық бақылау жөнін-дегі нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жобалайды.

Тоғандардың сыртында орналасқан су жүргізетін имараттардың санитарлық қорғау аймағы (СҚА) ҚР ҚНжЕ 4.01-02-ге сәйкес сутартқыштардың бірінші (қатаң режимде) белдеуі - санитарлық-қорғаныс жолағымен көрсетілген.

Су имараттардың СҚА-ның бірінші белдеуінің шекарасы:

запастағы және реттеуші ыдыстардың, сүзгілерідің, түйіскен тұндырғыштардың қабырғаларынан

30 м-ден кем емес;

басқа имараттардың қабырғаларынан және су айдайтын мұнаралардың ұңғымаларынан - 15 м-ден кем емес ара қашықтықта алынады.

14.1.10 Сутартықштардың санитарлық-қор-ғаныс жолақтарының ені ҚР ҚНжЕ 4.01-02-ге сәйкес топырақтардың және сутартқыштардың диаметр-леріне байланысты, бірақ екі жағындағы сутарт-қыштардың осінен 1000 мм-ге дейінгі диаметрде 10 м-ден кем емес және диаметрлер үлкен болған жағдайда 20 м-ден кем болмайтын шамада белгіленеді.

Құрылыс салынған аумақтарда су құбырла-рын жүргізген жағдайда санитралық-ғпидемиоло-гиялық қызмет органдарының келісімімен жолақ енін азайтуға жол беріледі.

14.1.11 Суды тазарту стансаларына арналған жер учаскелерінің көлемдерін олардың өнімділігіне қарай, мың.м^3/тәу., жоба бойынша, бірақ төменгі көрсеткіштерден кем болмайтындай етіп алу керек, га:

0,8-ге дейін.....1
0,8-ден 12-ге дейін.....2
12-ден 32-ге дейін.....3
32-ден 80-ге дейін.....4
80-нен 125-ке дейін.....6
125-тен 250-ге дейін..... 12
250-ден 400-ге дейін.....18
400-ден 800-ге дейін.....24

Ескерту - Тәулігіне өнімділігі 800 мың.куб-тен жоғары ауыз су тазарту стансаларына, қалалық су жіберуді реттеуші түйіндеріне, су айдау сорғылау стансаларына арналған жер учаскелерінің өлшемдері ұқсас имараттар үшін белгіленген тәртіпте әзірленген жобамен немесе ҚР санитарлық-ғпидемиологиялық бақылау жөніндегі уәкілеттік органмен келісілген жағдайда мамандандырылған ұйымдардың мәліметтері бойынша анықталады.

14.2 Канализация

14.2.1 Тұрғын-азаматтық және өндірістік мақсаттағы барлық объектілер канализациялаудың орталықтандырылған жүйелерімен қамтамасыз етілуі тиіс және ҚНжЕ 2.04-03, ҚР ҚНжЕ 4.01-41 мен Астананың қалалық су жеткізу және канали-зациялау жүйелерін пайдалану ережелерінің осы нормалар мен ережелерге қайшы келмейтін бөлімдерінің талаптарына сәйкес жобаланады.

Жеке құрылыстарды, соның ішінде бірпәтерлі тұрғын үйлерді (азқабатты құрылыстар) жобалау кезінде ҚР ҚНЖЕ 4.01-41, ҚР ЕЖ 4.02-16 және ҚР ҚНжЕ 3.02-27-лерді басшылыққа алу керек.

14.2.2 Сыртқы канализациялау жүйелерін жобалау кезінде ағын сулардың келесі есептік шығындары басшылыққа алынуы тиіс:

реагенттердегі, техникалық-ғкономикалық есептеулердегі қажеттілік анықталғанда бір жылға ағынды судың орташа тәуліктік (м^3/тәулік) шығыны;

канализациялау коммуникацияларының гид-равликалық есебін шығару және сорғылау жаб-дықтарын таңдау кезінде максимальды су бұрудың (л/сек) бір сағатындағы ағын судың секундтық шығыны.

14.2.3 Су бұрудың салыстырмалы сандық шамасы 14.2.1-кестесінде келтірілген су бұру коғффициентінің нормативтік мәнін пайдаланып анықталуы тиіс.

14.2.1 кесте - Су бұру коғффициенттерінің нормативтік мәні

Құрылыс типі	Су бұру коғффициенті
Қала бойынша орташа	0,98
Көпқабатты құрылыс	1,0
Азқабатты қосымша құрылыс	0,95
- жергілікті өнеркәсіптің бар болған жағдайда	0,8 - 0,85 - 0,9

14.2.4 Су бұрудың бірқалыпсыздығының жалпы коғффициенті ағын судың орташа шығы-нына (бір жылға) сәйкес анықталады және 14.2.2-кестесі бойынша алынады.

14.2.5 Қолданыстағы және жобаланатын имараттарға арналған есептік шығынның шамасын азайту үшін канализациялық сорғылау стансала-рына тікелей жақын қондырылатын апаттық-реттеуші резервуарлардың (АРР) канализациялық жүйелерін қосу керек.

АРР-ға ағын суларды қабылдау сутарт-қыштардың сорғылау стансаларынан АРР-ға суды бөліп беретін, ғжекторлары мен конустық сапта-малары бар құбырлар жүйесі арқылы жүзеге асырылуы тиіс. АРР құрылымы мөлшерлі босату-мен қамтамасыз етілуі тиіс және босатудың соңғы кезеңінде оны сорғылау стансасының каналына әкелетін өздігінен босату кезіндегі өздігінен тазартқыш жылдамдығымен қамтамасыз етіледі.

АРР-ның реттелетін көлемін алдын ала бағалау үшін сорғылау стансаларына құйылатын тәуліктік ағын сулардың максималды құйылуының 15 %-тік есебінен алынған АРР-ның көлеміне сүйену керек. АРР салуға қажеттілік нұсқалардың техни-

калық-экономикалық салыстырмаларына негізделуі тиіс.

АРР-ға бөлінетін жер учаскесінің ауданы еңіс құрылғыларын және оны қамтамасыз етуге арналған ені 4,5 м-ден кем болмайтын жолдарды ескере отырып, реттеуші қабатын (резервуардың биіктігін) негізге ала анықталады. Газ-ауа қоспаларын тазарту үшін 1-3 мың куб.м көлеміндегі АРР-ға 1 қондырғы есебінен сіңіргіш сүзгілер орнату қажет.

резервуардың $W = 15\ \% Q_{max}$,

мұндағы Q_{max} - ағындардың ең көп тәуліктік шығыны;

$$Q_{max} = Q_{ср.сут.} К_с,$$

мұндағы $Q_{ср.сут.}$ - ағынды сулардың орташа тәуліктік шығыны;

$К_с$ - бірқалыпсыздықтың тәуліктік коэффициенті.

14.2.6 Аудандық жүйелердің канализациялық ағын суларды тазартқыш имараттарына арналған жер учаскелерінің өлшемдерін 14.2.3-кестесі бойынша алу керек.

14.2.7 Санитарлық-қорғаныстық аймақтардың өлшемдерін канализациялау имараттары үшін 14.2.4-кесте бойынша алу керек.

14.2.8 Шамамен алынған ағынды сулардың көлемін анықтауға арналған канализациялау жобасы болмаған жағдайда құрылыстың 4.2.5-кестеде келтірілген тығыздығына байланысты су бұрудың салыстырмалы көрсеткіштерін пайдалану керек.

14.2.9 Жаңа аудандық канализация жүйелерін жобалау кезінде канализация тораптарының және аудандық коллекторлардың ұзақтығын тұрғын құрылыстың 1000 кв.м-іне тораптың 20 ұзына бойлық метр есебінен қабылдау керек.

Канализациялық құбырлардың диаметрі 200 мм-ден кем болмайтындай етіп алынуы тиіс.

Су бұру нормаларын қаланың құрылымдық бөліктерін пайдалану қарқындылығына байланысты 14.2.5-кестесі бойынша қабылдау керек.

14.2.10 Су объектілеріне құйылған ағын суларды тазалау дәрежесі ҚР Жоғарғы су қорғау ережелерінің, ҚР Су кодексінің және Жер асты суларын қорғау Ережелерінің талаптарына жауап беруі тиіс.

Қалалық канализация жүйелеріне бұратын ағын сулардың тасталуы ҚР Үкіметінің 28.05.2009 жылғы № 788 Қаулысымен бекітілген қолданыстағы Елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау ережесіне сәйкес қабылдау керек. **(Түзету)**

14.2.2 кесте- Бірқалыпсыз су бұрудың жалпы коэффициенті

Ағын сулардың (жылдық) орташа шығыны, л/сек	5-тен аз	5	10	20	50	100	300	500	1000	5000 және одан артық
Бірқалыпсыздық-тың жалпы коэффициенті	6	4,6	3,5	2,9	2,3	2,0	1,85	1,81	1,75	1,52

14.2.3 к е с т е - Канализациялық тазарту имараттарына арналған жер учаскелерінің аудандары

Канализациялық тазарту имараттарының өнімділігі, мың.м^3/тәул.	Жер учаскелерінің аудандары (га)		
	Тазартқыш имараттардың	Лай алаңшалардың	Ағынды суларды терең тазартатын биологиялық тоғандардың
0,7-ге дейін	0,5	0,2	-
0,7-ден 17-ге дейін	4	3	3
17-ден 40-қа дейін	6	9	6
40-тан 130-ға дейін	12	25	20
130-дан175-ке дейін	14	30	30
175-тен 280-ге дейін	18	55	-

Ескертулер

1 Өнімділігі 280 мың.м^3/тәул.-нен жоғары тазартқыш имараттардың жер учаскелерінің аудандарын ұқсас имараттарға арналған белгіленген тәртіпте әзірленген жоба бойынша немесе ҚР санитарлық-эпидемиологиялық бақылау жөніндегі Уәкілетті органымен келісілген арнайы ұйымдардың мәліметтері бойынша қабылдау керек.

2 АРР-ға бөлінген жер учаскелерінің ауданы жоспардағы резервуарлардың пішіндемесін, оның жұмыс көлемін, суды жеткізетін және бұратын құбырлардың өту трассаларын негізге ала отырып, сондай-ақ автокөліктің жүруіне арналған еңістер мен жолдарды ескере отырып анықталуы тиіс.

14.2.4 к ес т е - Канализациялық имараттарға арналған санитарлық-қорғау аймақтарының өлшемдері

Имараттардың атауы	Имараттардың өнімділігі (мың $м^3$/тәул.) кезіндегі санитарлық-қорғау аймағы (м)				
	0,2 дейін	0,2-ден 5-ке дейін	5,0-ден 50,0-ге дейін	50,0-ден 100,0-ге дейін	200,0-ден артық
1 Апат-реттеуші резервуарлары бар сорғы стансалары	15	15	20	30	30
2 Механикалық және биологиялық тазартқыш имараттар	200	270	530	670	1400
3 Лай алаңшалары бар механикалық және биологиялық тазартқыш имараттары	300	400	800	1000	2000
4 Тұнбаны механикалық құрғататын механикалық және биологиялық тазарту имараттары	100	200	300	400	-
5 Механикалық құрғатылған тұнбаны сақтау алаңшалары бар механикалық және биологиялық тазарту имараттары	300	400	800	1000	2000

Е с к е р т у. Апат-реттеуші түйіндері бар сорғы стансалары үшін өнімділігі 50-ден 280 мың.$м^3$/тәул. дейін болған жағдайда СҚА-ның көлемі 30 м-ге теңестіріледі; өнімділігі 280 мың.$м^3$/тәул.-тен артық болған жағдайда СҚА көлемі Мемлекеттік санитарлық-epидемиялық бақылау органдарының келісімімен анықталады.

Өнімділігі 200 мың.$м^3$/тәул. асатын канализациялық тазартқыш имараттарының, сондай-ақ ағынды суларды тазарту және тұнбаны өңдеудің қабылданған технологияларынан ауытқыған жағдайдағы санитарлық-қорғау аймақтарын ҚР санитарлық-epидемиялық бақылау жөніндегі Уәкілетті органдар қабылдаған нормативті-техникалық құжаттар бойынша белгілеу керек.

Ауданы 0,5 га дейінгі сүзгілеу өрістері үшін, ауданы 1,0 га дейін коммуналды типті суару өрістері үшін, өнімділігі 50 $м^3$/тәул. дейінгі ағынды сулардың механикалық және биологиялық тазарту имараттары үшін СҚА-ны 200 м радиуста алу керек;

Өткізгіштік қабілеті 15 $м^3$/тәул. дейінгі жерасты сүзгілеу өрістері үшін 50 м радиуста алу керек; СҚА көлемдері есептеу жолымен белгіленеді, бірақ бекітілген нормативтерден аспау керек;

Кестеде көрсетілген СҚА-ны тазарту имараттарына қатысты тұрғын құрылыстың ық жағында орналасқан жағдайда, шынайы аэроклиматикалық жағдайды ескеріп, мемлекеттік санитарлық-epидемиялық қызмет органдары мен мекемелерінің келісуімен үлкейтуге жол беріледі;

14.2.4-кестеде көрсетілмеген канализация имараттары үшін СҚА-ны қолданыстағы нормалар мен ережелер бойынша алу керек.

1 4 .2.5 кесте - Аумақты пайдалану қарқындылығына қарай су бұру нормалары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Қаланың аумақтары				
		Қалалық түйін	Магистраль маңындағы аумақ	Магистраладағы аумақтар квартал көлемімен		
				до5га	от5до10 га	более 10
Тұрғын учаскелердің құрылыс тығыздығы	мың..$м^2$ га	6-тараудың 6.1-кестесінің 2, 3-ескертпелеріне сәйкес	20-30	20-30	10-20	5-10
Тұрғындардың тығыздығы	адам/га	833-1000	666-833	666-1000	333-666	166 - 333
Бір тұрғынға су бұру (әлеуметтік ортаны ескеруімен)	л/тәул.	525	430	255 - 335	255 - 295	310 - 275
Тұрғын ықшамауданының тұрғындары үшін су бұру	мың. $м^3$/тәул. га	130	129	115 - 168	89 - 133	93 - 110

14.3 Жаңбыр канализациясы

14.3.1 Астана қаласының жаңбыр канализа-циясын жобалау қолданыстағы ҚР ҚН 4.01-03, ҚН 496 нормативтік құжаттарының, ҚР Су кодексінің талаптарына және ҚР санитарлық-þпидемио-логиялық бақылау жөніндегі Уәкілетті органының нормативтік-техникалық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

14.3.2 Жаңбыр канализациясының жүйесі жердің бетіне мұздың пайда болуын болдырмайтын шараларды ескере отырып, аққан суды жер бетінен тез әкетуге арналып жасалуы қажет.

Жер үсті суларын бұру Астана қ. аумағындағы судың барлық бассейнінен жаңбыр канализациясы желісінен су объектілеріне жиналу арқылы жүзеге асырылуы керек. Жер үсті ағынының ағынсыз су қоймаларына, шайылатын жыраларға, тұйық қолаттарға, батпақ аумақтарға шығарылуына жол берілмейді.

Жер үсті суларының су объектілеріне шығатын орындары ҚР Санитарлық-þпидемиоло-гиялық бақылау жөніндегі Уәкілетті органмен, ҚР өзен флотын басқару огандарымен және ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісілуі қажет.

с к е р т у - Шомылуға арналған су қоймаларына үстіңгі пайдаланылған сулар тек олардың терең тазартылғанынан кейін ғана құйылуы мүмкін.

14.3.3 Өндірістік кәсіпорындардан шығатын үстіңгі жаңбыр суларын қоспаларының құрамына қарай жаңбыр коллекторына құймас бұрын жергілікті тазарту имараттарында тазарту керек. Өндірістік өнеркәсіптерден шығатын жаңбырдың ағынды суларын тазарту дәрежесі су объектілеріне құйылу шарттарына байланысты болады және «Жер_үсті суларын ағын сулардың ластауынан қорғау ережелеріне» сәйкес болуы керек.

14.3.4 Астана қаласы аумағында су бұрудың жабық жүйесі пайдаланылуы тиіс.

Ашық су бұру құрылғыларын саяжай аумақтарында, автомагистральдарда және аз қабатты құрылыс аудандарында пайдалануға жол беріледі.

14.3.5 Жер үсті суларын бұру жүйесі жылыту желілерінің дренаждарынан және жер асты коммуникацияларының ортақ коллекторларынан дренаж-ды суларды қабылдау мүмкіндігін ескеруі тиіс.

Техникалық мүмкіндігі және табиғатты қорғау ұйымдарымен келісім болған жағдайда осы суларды сәндік су қоймаларына бөлек жүргізілетін құбыр арқылы жеткізіп пайдалануға жол беріледі.

14.3.6 Су бұру торабының есебін шектік қарқындылық әдісі бойынша ҚР ҚН 4.01-03 және ҚН 496-ге сәйкес жүргізу керек.

14.3.7 Қаланың құрылымдық бөлігіне және аумақтың қызметтік-жайғастыру ұйымдастыры-луына байланысты ағынның орташа коэффициен-ттерін 14.3.1-кесте бойынша алу керек.

14.3.8 Өндірістік кәсіпорындар, қойма шаруашылықтары, автошаруашылықтар мен басқа аумақтардан, сондай-ақ қоныстық аумақтарда орналасқан қатты ластанған учаскелерден (органикалық және органикалық емес текті улы заттармен ластанған) жер үсті суларын жеке тазарту имараттарында тазарту керек. Тазартылған суларды өндірістік қажеттіліктерге, екпе ағаштарды суғаруға және асфальт жабындарды суғаруға пайдалануды қарастыру қажет.

14.3.9 Су қоймасына өз бетімен шығатын, сужинағыш ауданы 20 га дейінгі қоныстық аумақтан, сондай-ақ қалалық орман саябақтарынан жер үсті суларын þкологиялық негіздемесі және барлық бақылаушы ұйымдармен келісімдері болған жағдайда су қоймасына тазартпай құюға жол беріледі. Осы талаптар ауыз сумен қамту көзі болып табылатын су қоймаларына өз бетімен шығу жағдайларында қолданылмайды.

14.3.1 к е с т е - Аумақты қызметтік пайда-лануға қарай ағын коэффициенті

№ р/с	Қаланың құрылымдық бөліктері	Тұрғын аумақтардың қызметтік-жайғастырылуын ұйымдастырудың басым түрі	Zmid
1	Орталық аудан	Қоғамдық аймақтағы тұрғын топтар	0,17 - 0,18
2	Қалалық қалақұрылыс түйіні	Көпқызметтік ор-талық құрамындағы тұрғын үй қоры	0,16-0,17
3	Аз қабатты құрылыс аумағы		0,10-0,11

Ескерту - гүлбақтардың, желекжолдардың, бақтардың, саябақтардың және орманбақтардың ауданы ағынның орташа коэффициенттерін анықтау барысында тиісті тұрғын аумақ түрлерінен алынып тасталады.

14.3.10 Үстіңгі ағын суларын тиісті жобалық негіздеме болған жағдайда қалалық жаңбыр канализациясы желісіне келесі аумақтарды тазарт-пай жіберуге рұқсат етіледі:

тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар, осы уческелерде орналасқан жеңіл автомобильді сақтайтын автожуу және жөндеу аймағы жоқ ашық алаңшаларды қоса алғанда (жаңбыр канализа-циясы ашық су қоймасына шығатын жері болған жағдайлардан басқасы);

көпшілік пайдаланатын көгалдандырылған аумақтар (саябақтар, бақтар, желекжолдар, гүлбақтар);

көше жолы тораптарыі, көше және алаң шеңберінде автомобильдер сақтауға бөлінетін орындарды қоса алғанда (жаңбыр канализациясы ашық су қоймасына шығатын жері болған жағдайлардан басқасы).

14.3.11 Жаңбыр ағынын тазартудың немесе оны реттеудің (аккумуляциялау) орындылығын техникалық-þкономикалық есептермен ҚР ҚН 4.01-03 және ҚН 496-ге сәйкес анықтау қажет.

14.3.12 Шамамен есептеу үшін қаланың қоныстық аймақтарынан тазарту имараттарына жиналатын үстіңгі ағынның тәуліктік көлемі аумақтың құрылымдық бөлігіне байланысты 14.3.2-кесте бойынша алынады.

14.3.13 Су объектілеріне құйылатын жер үсті ағынды суларын тазарту дәрежесі, олардың кезеңдік жетістіктерін ескере отырып, «Жер үсті суларын ластанудан қорғаудың санитарлық ережелері мен нормаларының» талаптарына және су қоймасының суын пайдалану санатына қарай оларды түсіру шарттарына жауап беруі тиіс.

14.3.2 к е с т е - Үстіңгі ағынның тәуліктік көлемінің көрсеткіштері

Қала аумақтары	1 га аумақтан тазартуға түсетін үстіңгі сулардың көлемі, $м^3$/тәул
Орталық аудан	60-70
Қалалық қалақұрылыс түйіні	60-тан артық
Магистраль маңындағы аумақтар	60 артық
Магистраль аралық аумақтар, квартал көлемімен: - 5 га-ға дейін - 5-тен 10 га-ға дейін - 5-тен 10 га дейін - 10 га артық	 45-50 40-45 35-40

14.3.14 Үстіңгі ағынды тазарту имарат-тарынан алынатын санитарлық-қорғау аймағын құрылыс салу шарттарына қарай ҚР санитарлық-þпидемиологиялық бақылау жөніндегі Уәкілетті органның және табиғатты қорғау органдарының келісімімен қабылдау керек.

14.3.15 Су объектілеріне тазартылған ағынды және үстіңгі ағын суларын жіберудің шарттары мен орындары ҚР санитарлық-þпидемиологиялық бақы-лау жөніндегі Уәкілетті органмен, ҚР Табиғат ресурс-тарын және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісілуі керек және «Жер үсті суларын ластанудан қорғаудың санитарлық ережелері мен нормалары-ның» талаптарына сәйкес келуі қажет.

14.4 Суды төмендету жүйесі

14.4.1 Астана қаласының жер асты сулары-ның жоғарғы деңгейлігіне қарай ғимаратты салу кезінде де, оны пайдалану кезінде де жер асты суларын төмендету жүйесін қарастыру қажет. Суды төмендету жобасы «Астана қаласын 2030 жылға дейін тұрақты дамытудың стратегиялық жоспары туралы» Республика Президентінің Жарлығына және ҚР ҚНжЕ 1.02-18-тің талаптарына сәйкес іздестіру материалдарының негізінде орындалуы тиіс.

14.4.2 Гидравликалық есеп жүргізуді, су бұру құбырлары жүйелерінің материалдарын қолдануды, айдау және тазарту имараттарын жобалауды (қажет болған жағдайда) ҚНжЕ 2.06.14, ҚР ҚНжЕ 4.01-02 және ҚР ҚН 4.01-03-ке сәйкес орындау керек.

14.4.3 Жер асты суларының шығу шарттары мен шығатын орындары ҚР Санитарлық-þпидемио-логиялық бақылау жөніндегі Уәкілетті органмен, ҚР Табиғат ресурстарын және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісіліп, «Жер үсті суларын ағын сулардың ластауынан қорғау ережелеріне» сәйкес келуі керек.

14.5 Жылумен қамтамасыз ету

14.5.1 Жылумен қамтамасыз ету жүйелерін жобалау және салу ҚР ҚНжЕ 4.02-08-тің талаптарын ескере отырып, ҚР ҚНжЕ 4.02-42, МҚН 4.02-02-тің талаптарына сәйкес орындалуы керек.

14.5.2 Астана қаласы аумақтарындағы тұрғын және қоғамдық құрылыстарды жылумен қамтама-сыз етуді þкологиялық талаптар сақталған жағдайда ЖЭО-ынан, жергілікті (орталықтандырылмаған) жылу көздерінен орталықтандырылған түрде қарастыру керек.

14.5.3 Жылудың сағаттық есептік шығындары тұрғын үйлерді, қоғамдық ғимараттар мен имараттарды жылыту, желдету және ыстық сумен қамтамасыз ету жобалары болмаған жағдайда, жылу жүктемелерін орналастыру тығыздығының іріленген көрсеткіштері бойынша немесе 14.5.1 және 14.5.2-кестелерде келтірілген ғимараттың жалпы ауданының 1 $м^2$-ге шаққандағы жылу шығы-нының іріленген кешенді көрсеткіштері бойынша анықталуы тиіс.

14.5.4 Қала аумақтарындағы жылумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған көздерін өндірістік аймақтарға Астана қаласын дамытудың стратегиялық жоспарын ескере отырып орналастыру қажет.

Жергілікті қазандықтарды салуға:

орталықтандырылған көздерде жылу (ЖЭО немесе топтық қазандықтар) резерві болмаған жағдайда;

жылумен қамтамасыз ету ұйымдары жылу берудің немесе жылу тасымалдағыш параметрлерінің қажетті режиміне берілетін кепілдіктерді бекітпеген жағдайда;

1-санатты объектілер үшін тәуелсіз екі жылу тораптарынан берілетін жылуды сақтау мүмкіндіктері және технологиялық қажеттіліктерге буды пайдалану қажеттігі болмаған жағдайда рұхсат етіледі.

14.5.5 Жергілікті қазандықтардың (жапсарлас, қосарлы салынған, шатырлық) орналасатын орны Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері Уәкілетті мемлекеттік органының қорытындысы негізінде жобалық шешіммен анықталады.

14.5.6 Жеке тұрған жылу қазандықтарына арналған жер учаскелерінің аудандарын 14.5.3-кесте бойынша алу керек.

14.5.7 Қаланың жылу магистралі сұлбасында жылу ұстағыш шығынының 70 %-ын авариялық түрде қамтамасыз ету мүмкіндігімен құбырларды резервтеу көзделеді (Авариялық қосылу жағдайында жылу магистральдарын қосарлы құю және сақиналауды қамтамасыз ету).

14.5.8 Жылумен қамтамасыз етуді қалалық тораптарға қосу (ЖЖП) жеке жылу пункттері және тиісті негіздеме болған жағдайда орталық (ОЖП) жылу пунктері арқылы жүзеге асырылуы керек.

14.5.9 Тұрғын құрылыстарындағы жылумен қамтамасыз ету көздерін, орталық жылу пункттерін орналастыру шу мен дірілді МҚН 2.04-03, МҚН 4.02-02, ҚР ҚНжЕ 3.01-01, ҚР ҚНжЕ 4.02-42 бойынша нормативтік деңгейге жеткізу шараларын жүргізудегі акустикалық есептерге негізделуі тиіс. Қазандықтардың санитарлық-қорғау аймақтарының өлшемдері Өндіріс-тік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-þпидемиологиялық талап-тарға сәйкес анықталады. **(Түзету).**

14.5.10 Қоғамдық ғимарттарда қосарлы салынған газдық қазандықтарды:

жарылу және өрт қауіпсіздігінің талаптарын қамтамасыз ету жағдайында;

қазандықтарды нормативтік желдетуді, оның ішінде апаттық желдетуді қамтамасыз ету жағдайында;

қызметкерлердің қызмет көрсетуінсіз авто-матты режімде жұмыс істейтін жабдықтарды пайда-лану жағдайында орналастыруға жол беріледі.

14.5.1-к е с т е

Кешенді көрсеткіш құрылымы	Астана қаласының тұрғын және қоғамдық құрылыстарына арналған жылу шығынының есептік кезеңдегі салыстырмалы кешенді көрсеткіштері, ғнергияның үнемделуін ескергендегі тұрғын ғимараттың жалпы ауданының $м^2$ -іне шаққандағы ккал/сағ./вт)
1 Тұрғын ғимараттарды жылытуға арналған жылудың максимальды-сағаттық шығыны	68,0 79,0
2 Қоғамдық ғимараттарды жылытуға арналған жылудың максимальды-сағаттық шығыны	35,4 41,16
3 Қоғамдық ғимараттарды желдетуге арналған жылудың максимальды-сағаттық шығыны	47,7 55,46
4 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған жылыту кезеңіндегі жылудың орташа сағаттық шығыны	14,0 16,27
5 Астана қаласының тұрғын үй-коммуналдық секторындағы жылу шығынының кешенді көрсеткіші	165,0 191,86
6 Қоғамдық және тұрғын секторындағы жылыту жүктемелерінің арақатынасы	0,52
7 Қаланың қоғамдық ғимараттарындағы желдету және жылыту жүктемелерінің арақатынасы	1,35
БАРЛЫҒЫ	165,0 191,86

14.5.2 к е с т е - Құрылыс тығыздығына байланысты жылу тығыздығы (сағ./га-дағы Гкал), (мың,$м^2$/га)

Салынған аумақтарды пайдалану қарқындылығының көрсеткіші	Өлш.бірлігі	Қала аумақтары				
		Қалалық қала құрылыстық түйін	Магистраль маңындағы аумақтар	Квартал өлшемді магистраларалық Аумақтар		
				5 га-ға дейін	5-тен 10 га-ға дейін	10 га-дан артық
Жылу тығыздығы	гкал/сағат га	4,6-дан артық	2-ден 4-ке дейін және одан артық	1,8-ден 4,4-ке дейін	0,8-ден 1,8-ге дейін	2,0-ден 1,2-ге дейін

14.5.3 к е с т е - Жеке тұрған жылу қазандықтарына арналған жер учаскелерінің аудандары

Қазандықтардың жылу өнімділігі Гкал/сағ. (МВт)	Қазандықтардың жер учаскелерінің аудандары, га	
	Қатты отынмен жұмыс істейтін	Газды-мазутты отынмен жұмыс істейтін
5-ке дейін	0,7	0,7
5-тен 10-ға дейін (6-дан 12-ге дейін)	1,0	1,0
10-нан 50-ге дейін (12-ден 58-ге дейін)	2,0	1,5
50-ден 100-ге дейін (58-ден 116-ға дейін)	3,0	2,5
100-ден 200-ге дейін (116-дан 233-ке дейін)	3,7	3,0
200-ден 400-ге дейін (233-тен 466-ға дейін)	4,3	3,5

Ескертулер

1 Тікелей бас тоғаны бар ыстық сумен тұтынуды қамтамасыз ететін жылу қазандықтарының жер учаскелерінің, сондай-ақ отынды жеткізу темір жолмен көзделетін қазандықтардың аудандарын 20 %-ке арттыру керек.

2 Күлқожүйінділерін қоныстық аумақтардың сыртында орналастыру қарастырылуы керек. Күлқожүйінділерін орналастыру шарттарын және алаңшалардың өлшемдерін анықтау ҚР ҚНжЕ 4.02-08 бойынша қарастырылады.

3 Қазандықтардың санитарлық-қорғау аймақтарының өлшемдері қолданыстағы санитарлық нормаларға сәйкес анықталады.

Қазандықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлерге орналастыруға жол берілмейді.

14.5.11 Қосарлы салынған қазандықтардың түтіндік мұржалары арнайы қарастырылған шахталардың ғимараттары ішіне орналастырылуы немесе ойықтардан 1 м-ден кем емес ара қашықтықтағы тұйық аралықтарды бойлай ғимараттардың сыртынан өткізілуі тиіс.

14.5.12 Аумақтарды үнемдеу мақсатында вертикаль жазықтықтағы агрегаттарды (қазандарды) екі және одан да көп қабаттарда орналастырып, көпқабатты типтегі қазандықтарды жапсарлас және жеке салуға жол беріледі.

14.5.13 Ғимараттар мен имараттарды ішкі жылумен қамтамасыз ету үшін:

- жаңартылатын ғнергиялар көздерін (ЖЭК), жылу сорғыларын, күн және жел знергиясын және т. б. пайдалану;
- жылулық және суықтық аккумуляторларын құру;

- екінші ǿнергия ресурстарының (ЕЭР) жы-луын пайдалану құрылғылары қарастырылады.

Ғимараттар мен имараттарды ішкі жылумен қамтамасыз ету үшін ЕЭР және ЖЭК-рін пайдала-нудың дұрыстығы, жылу өндіруші құрылғыларының сұлбаларын таңдау ЕЭР және ЖЭК-тің бір қалып-сыз түсуін ескере отырып, техникалық-ǿкономи-калық есепке негізделуі тиіс.

Жылу тораптары

14.5.14 Жылу тораптарының трассалары мен оларды жүргізу әдістерін ҚР ҚН 1.02-03, ҚНжЕ II-89, МҚН 4.02-02, ҚР ҚНжЕ 3.01-01, ҚР ЕЖ 4.02-04, ҚР ҚН 4.02-09-дың және Жылу тораптарын қорғау ережелерінің нұсқауларына сәйкес қарастыру керек. (**Түзету**)

14.5.15* Елді мекендерде жылу желілері үшін, әдеттегідей жер астынан төсеу көзделеді (арнасыз, арналарда немесе қалалық және орам ішілік тоннелдерде өзге инженерлік желілермен бірге).

(Өзг.ред.- ҚР ҰЭМ Құрылыс, ТКШ істері және ЖРБ комитетінің 08.09.2015 жылғы №328-НҚ бұйрығы)

14.5.16 Халық жиналатын жерлерде (сауда кешендеріне кіретін жердің жанында, вокзалдың маңайындағы алаңшаларда, ойын-сауық және бос уақытты өткізу орындарында), сондай-ақ жолдардың жүру бөліктерінің астынан каналсыз жүргізуге тыйым салынады.

Ішкі жылумен қамту тораптарында (жылыту, ыстық сумен қамтамасыз ету) бір арнада жүргізуге жол беріледі.

14.5.17 Балалар және емдеу-профилактика-лық мекемелерінің кез келген радиусын жылу то-раптарының транзиттік қиып өтуіне жол берілмейді.

Қауіпсіздік және пайдалануды қиындатуды болдырмау мақсатында тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жаңадан салған кезде жертөлелерде (техникалық дәліздерде) диаметрі 150 мм-ден асатын жылу тораптарын жүргізуге жол берілмейді. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылу түйіндерін ғимаратқа жылу трассасын кіргізген орыннан тікелей жақындықта бөлмелермен жылумен қамту құбырларының транзиттік өтуін болдырмай орналастыру керек. Жертөле бойынша төсемдерді алып тастау мүмкін болмаса, құбырлар үстінде монорельс құрылғысы және құрғатуды ғимараттан тысқары шығару арқылы биіктігі 1,8 м-ден кем емес, ені 1,5 м-ден кем емес техникалық дәліз құрылғылау жағдайында ғимаратты жылу трассасының диаметрі 150 мм құбырларымен тек транзиттік, көлденең қиюға жол беріледі.

14.5.18 Жеке алынған үйге немесе объектінің кварталішілік жылу тораптарының тармақтарында жүргізу тәсіліне қарамастан жапқыш арматураны орнату шарт. Арматурамен жұмыс істеу үшін жүргізудің арналы тәсілінде міндетті түрде құрғатқышты шығарып, баспалдақты түсуге ыңғайландырып жылу камерасын орнату керек. Камераны газондық бөлікте, жүру бөлігінен тыс, қызмет көрсетуге және жөндеу жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы аймақта орналастырған дұрыс.

14.5.19 Көше жол торабының шегінде ППУ оқшаулауда жылу торабының құбырларын арнасыз жүргізу үшін арматураны (шар шығырандары және ысырмалар) камерасыз құру ұсынылады.

Жер асты сулары жоғарғы деңгейде тоқтаған топырақтардағы ППУ оқшаулауда жылу торабын құрастыру барысында жүргізу аймағын құрғату жолы-мен су деңгейін жасанды түрде төмендету керек.

14.5.20 Жылу тораптарын жобалау және салу барысында құбырлардың жылу-су оқшаулағышын және фасондық бұйымдардың ǿнергияны үнемдей-тін қазіргі заманға сай аса тиімді құрылымдарын қолдану қажет.

14.5.21 Сенімділігін, ұзаққа жарамдылығын арттыру үшін және пайдалану шығындарын төмен-дету үшін полиǿтилен гидрооқшаулағыш қабық-шадағы пенополиуретаннан жасалған индустриал-ды жылу оқшаулағышы бар болат құбырларды қолдануға жол беріледі.

14.5.22 Жылу тораптарының жүру бөлігі арқы-лы өтуі тік бұрышпен, ФБС блоктарынан жасалған бітеу арналарда техникалық шарттарға сәйкес жо-балау ұсыныстары бойынша минимальды тереңде-тілген жағдайда қозғалыссыз тіректер, бұрылу бұрыштары мен компенсаторлары қарастырылма-ған күшейтілген жол тақталармен жабылып, құбырларлы жолдың асфальттік төсемін ашпай-ақ ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жүру бөлігінен тыс құрастыру арналарын қондырып орындалуы керек. Жүру бөлігінен ашық тәсілмен өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда жылу трасса-сының астынан тесіктер мен құндақтарды орнату керек, сонымен қатар тоттануға қарсы үш қабатты жабыны бар 3 қаптама жүргізу қажет, олардың біреуі берілетін құбыр жағынан резервтік болады.

14.5.23 Қорғау аймақтарын құру бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жылу тораптары объектілерін қорғау ережесіне сәйкес белгіленеді.

14.6 Суық сумен қамтамасыз ету

14.6.1 Суық сумен қамтамасыз ету жүйелерін жобалау барысында ҚР ҚНжЕ 4.02-42 талаптарын ескеру керек.

14.7 Газбен қамтамасыз ету

14.7.1 Қала құрылысы жобаларының газбен қамтамасыз ету тарауын әзірлеуді ҚР ҚНжЕ 3.01-01, МҚН 4.03-01, ҚР ҚНжЕ 3.05-01 және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүргізу қажет.
(Түзету).

14.7.2 Азқабатты тұрғын үйлері бар құрылыстар тобын жылумен және ыстық сумен қам-тамасыз ету мақсатында, ереже бойынша, газ отынын (сұйытылған) пайдаланатын жеке жылу көздерін қарастыру керек.

14.7.3 Газ толтырғыш (ГТС) стансаларды елді мекеннен және олардың резервтік аумақ-тарынан тысқары орналастыру қажет. Қолданыс-тағы ГТС-ды елді мекеннен тысқары шығару керек.

Елді мекендерде орналасқан газ толтырғыш (ГТП) пункттерін, мүмкіндігінше, тұрғын құрылыстың ық жағына (басым бағытты желдер үшін) орналастыру қажет.

14.7.4 ГТП-іне арналған жер учаскелерінің және баллондардың аралық қоймаларының аудандарын 0,5 га-дан аспайтындай, ал ГТС үшін олардың өнімділігіне қарай жоба бойынша алу керек, бірақ өнімділігі төменде көрсетілген стансалар үшін -га-дан артық емес:

- 10 мың т / жыл.	6
- 20 мың т / жыл	7
- 40 мың т / жыл	8

Бұлардан әр түрлі мақсаттағы ғимарттар мен имараттарға дейінгі арақашықтықты МҚН 4.03-01-2003-ке сәйкес алу керек.

14.8 Электрмен жабдықтау

14.8.1 Астана қаласының ғлектр тораптары-ның жобаларын Қазақстан Республикасының ғлектр қондырғыларын құру ережелері (ЭҚЕ), ҚР ҚБҚ 4.04-191, ҚР ҚН 4.04-23-тің талаптарын, тиісті құрылыстық нормалар мен ережелерін (ҚНжЕ және ҚН) қанағаттандыруы тиіс.

14.8.2 Қалалық ғлектр тораптары қаланың барлық тұтынушыларын ескеріп, кешенді түрде жобалануы тиіс және кернеуі 35кВ тораптармен байластырылып және кернеуі 0.38 - 10 кВ тораптармен жоғары орындалуы тиіс.

Бұл жағдайда қай ведомоствоға жататын-дығына қарамастан әр түрлі тұтынушыларды қоректендіру үшін ғлектрмен жабдықтау жүйеле-рінің жеке ғлементтерін бірлесіп пайдалануды қарастыру қажет.

14.8.3 Кернеуі 110 кВ және одан да жоғары ашық типті жаңа ғлектр қосалқы стансаларын көптеп салынып жатқан тұрғын құрылыстарында және қазіргі тұрғын аудандарда орналастыруға тыйым салынады.

14.8.4 Жабық трансформаторлық қосалқы стансалар (ТҚ), кернеуі 10 кВ-тық үлестіру пунктері (ҮП) және кернеуі 35 кВ-тық және одан жоғары жабық ғлектр қосалқы стансалары шудан қорғау құрылғысымен МҚН 2.04-03-ке сәйкес орындалуы тиіс.

Жеке тұрған ТҚ және ҮП-ін орналастыру барысында олардың тұрғын және қоғамдық ғимараттардың терезелерінен арақашықтығын 10 м-ден кем болмайтындай, ал емдеу-профилактикалық мекемелердің ғимараттарынан 15 м-ден кем болмайтындай етіп алу керек.

Көрсетілген арақашықтықтарды Астана қаласының өрттен қорғау және санитарлық-ғпидемиологиялық бақылау Уәкілетті мемлекеттік органдары келіскен жағдайда азайтуға болады.

Жеке тұрған ТҚ және ҮП-ін салу тиімсіз болған жағдайда, оларды тұрғын және қоғамдық ғимараттарға жапсарлас (қосарлы) салуға мынадай жағдайларда жол беріледі:

ТҚ және ҮП-ін ғимараттың басқа бөлмелерінен өртке қарсы 1-типті қабырғалармен және 2-типті аражабындармен бөлу;

ғлектромагниттік сәуледен, шудан және дірілден нормативтік қорғауды қамтамасыз ету;

майсыз трансформаторларды қолдану;

қызмет көрсететін қызметкерлердің тәуліктің кез келген мезгілінде шұғыл жұмыстарды орындауы үшін еркін кіруін қамтамасыз ету.

ТҚ және ҮП-терін бірінші қабат еденінің деңгейі 1 м-ден кем жертөле бөлмелерінде ерекше жағдайлардан басқа жағдайларда;

қауіпсіздік нормалары, сенімді қолданысы қамтамасыз етілген жағдайда және ғнергия беретін ұйыммен келісім бойынша.

Жобалауға қойылатын тапсырмамен анықталып және ғнергиямен қамтушы ұйыммен келісіп, ТҚ және ҮП-ін ғимараттар жертөлелерінде орналастыру қажет болған жағдайда, РК-10кВ и және күштік трансфор-маторлар бөлмелеріне шұғыл-жөндеу қызметкерлерінің тәулік бойы кіре алуын сәулет-жайғастыру шешімдерін қауіпсіздік нормаларын, сенімді пайдалану және сыртқа шығатын есікті ұйымдастыру тәсілімен қамтамасыз ету керек.

14.8.5 Кернеуі 110 кВ жабық ғлектр қосалқы стансалары салынатын аумақтардың ауданы 110 кВ - 0,6 га;кернеуі 220 кВ - 1,4 га-ны құрауы тиіс.

14.8.6 Кернеуі 110 кВ ашық типті қолда-ныстағы ғлектр қосалқы стансаларындың (ҚС) қасында қайта салынып жатқан тұрғын, қоғамдық және мәдени-тұрмыстық ғимараттар ҚС-ға дейінгі минимальды арақашықтықтарды қамтамасыз ету мақсатында шудан қорғау және халықты ғлектромагниттік әсерден қорғау шаралары жүзеге асырылуы керек. Осы шараларды және техникалық мүмкіндіктер кезіндегі шараларды ғнергиямен қамту ұйымының келісімімен ҚС-ға да орындау қажет.

14.8.7 Кернеуі 110 кВ және одан жоғары ғлектр қосалқы стансаларын салу кезінде кернеуі 10 кВ-тық кабельдердің шығуына арналған кабельдік коллекторларды қарастыру қажет.

14.8.8 Кернеуі 110 кВ және жоғары ғлектр беретін әуелік желілер (ӘӘЖ) тұрғын құрылыстардан тысқары салынады. Тұрғын және қоғамдық мақсаттағы аумақтар шегінде жаңа төмендетілген терең ендіру ғлектр қосалқы стансаларына қарай кернеуі 110 кВ және одан жоғары желілерді салу қажет болған жағдайда, олардың кабельдік орындалуын қарастыру керек.

14.8.9 Жоғарыда аталған аумақтардан өтетін, кернеуі 35-110 кВ және одан жоғары қолданыстағы әуелік ЛЭП-ді босатылған аумақтарда құрылыс салуға жол берілетін учаскелердегі кабельдік желілер-мен ауыстыру жолымен біртіндеп қайта құрылымдауды қарастыру қажет.

14.8.10 Ғимараттар мен имараттарды ғлектр-мен қамтамасыз ету кезінде жаңартылатын ғнергия көздерін (ЖЭК): күн және жел ғнергиясы және т.б. пайдалануға айрықша көңіл аудару керек. Ғимараттар мен имараттарды ғлектрмен қам-тамасыз ету үшін ЖЭК-ті орынды пайдалану, ғлектр өндіретін қондырғылардың сұлбаларын таңдау техникалық-ғкономикалық есепке негізделуі тиіс.

Жобалауға қойылатын тапсырмаға сәйкес ЭЕБАЖ-ін (ғлектр ғнергиясын есептеуді бақылау-дың автоматтандырылған жүйесі) қолдануға жол беріледі.

14.8.11 Қоректендіру орталықтарының кернеуі 0,4 кВ ТП және 10 кВ-ға шиналарына қосылған тұрғын үйлерде және қоғамдық тамақтану мекемелерінде ғлектр плиталары қондырылған азқабатты құрылыстардың жаңа және қайта салпына келтірілетін тұрғын аудандарының ірілендірілген ғлектр жүктемелерін анықтау үшін салыстырмалы көрсеткіштерді осы нормалар мен ережелердің 14.8.1, 14.8.2-кестелер бойынша, ал коттеджддердегі радиоқабылдағыштардың салыс-тырмалы есептік ғлектр жүктемелерін анықтау үшін ҚР ҚБҚ 4.04-11-тің 5 және 6-кестелерін пайдалану керек

14.8.12 Электр берілісінің әуелік және қабельді желілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес қорғау аймақтарын қарастыру керек. **(Түзету)**

14.9 Байланыс, радиохабар, теледидар

14.9.1 Астана қаласының байланыс жүйелерін дамытуға мыналар жатады:

көпшілік пайдаланатын телефон байланысы;

мобильдік (ұялы байланыс), радиотеле-фон байланысы;

сандық телекоммуникациялық ақпарат-тар желілері және деректерді беру жүйелері;

þфирлік радиохабар тарату;

телевизиялық хабар тарату.

14.9.2 Астана қаласындағы телефон байла-нысы автоматты сандық телефон стансаларының (АТС) негізінде жүзеге асырылады.

14.9.3 АТС-тың сыйымдылығы:

тұрғын ғимараттарда - пәтер саны резервінің 20%ы ;

телефон-автоматтардың саны - 1000 тұрғынға 1 телефон-автомат орнату есебінен алынуы керек.

14.9.4 Қаланың телефон тораптарын дамыту үшін жаңа құрылыс аудандарында қазіргі заманғы сандық жабдықтау негіздегі сандық технологияны пайдаланып, соның ішінде:

қолданыстағы АТС-ның сапалық ескірген жабдығын сандыққа толық ауыстырып;

шығару, соның ішінде «DECT» радиобайла-нысы аппаратурасының негізіндегі шығаруды қолданып, қолданыстағы алынып тасталған сандық абоненттік модульдердің қуаттылығын күшейту;

ВОЛС бойынша жұмыс істейтін SDN көлік тораптарын дамыту;

деректерді берудің ақпараттық телеком-муникациялық тораптарын жасау және дамыту;

«Интернетті» қоса алғанда халыққа ұсы-нылатын мультимедия қызметтерін кеңейтіп, АТС-лар мен шығарылатын абоненттік модульдерді ашып, ҚТТ-ның нөмірлік сыйымдылығын арттыруды қарастыру керек.

14.9.5 Қоныстық аумақтардың даму болаша-ғын ескере отырып, техникалық-þкономикалық негіздеме болған жағдайда телефон жүктемелерінің орталықтарында, тұрғын аудандарда орналасқан жеке ғимараттарда жаңа АТС-лар салуды қарастыру керек:

АТС ғимараты тұрғын кварталдың ішкі бос алаңшасында өнеркәсіптік кәсіпорындарынан (0,5 - 1 км кем емес), магистральдық көшелер мен алаң-дардан, теміржол вокзалдары мен жолдарынан, þлектр беру желілері мен тас жол-дардан барынша үлкен қашықтықта орналасуы тиіс;

АТС ғимаратына бөлінген учаскенің ауданы және конфигурациясы техникалық ғимаратты та, қосалқы имараттарды да орналастыратындай болуы тиіс;

15-20 жылдық болашақты ескере анықтал-ған АТС ғимаратының ауданы оларды соңғы сыйымдылыққа дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

14.9.6 АТС ғимараты ауданын алдын ала есептеу үшін 14.9.1-кестеде көрсетілген стансаның сыйымдылық бірлігіне келетін орта аудандардың есебін негізге алып анықтау керек.

14.9.7 Телевизиялық тарату торабын теле-дидарды ұжымдық қабылдаудың ірі жүйелерінің қызмет көрсету аймақтарын анықтап және аудан-дық телеақпараттық орталықтары бар телевизия-лық таратудың жабық тораптарын жасау шарала-рын әзірлеп жобалау керек. Теледидар кабельдері телефондық канализация арналары жүргізілуі тиіс.

14.8.1 кесте - ҚО шиналарындағы тұрғын құрылыстары аудандарының салыстырмалы есептікþлектр жүктемелері

Көрсеткіш	Өлш.бірл.	Қала аумақтары				
		Қалалық қала құрылыстық түйін	Магистраль маңындағы аумақтар	Квартал ауданды магистраларалық аумақтар		
				5 га-ға дейін	5 -тен 10 га-ға дейін	10 га-дан артық
Электрлік жүкте-менің салыстыр-малы көрсеткіші	Вт/м^2	40	35	30	27	25

14.8.2 к е с т е - ТП және ЦП шиналарындағы тұрғын және қоғамдық ғимараттардың салыстырмалы есептік þлектр жүктемелері

Көрсеткіш	Көпқабатты құрылыстың жаңа аудандары	Орталықтың қайта қалпына келтірілетін аудандары
1 0,4 кв ТП Вт/м^2 шиналарындағы тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы салыстырмалы есептік þлектр жүктемелері	44,7 / 36,2	53,0
соның ішінде: Тұрғын ғимараттар	33,0 / 27,0	25,0
2 10 кВ ЦП Вт/м^2 шиналарындағы салыстырмалы есептік þлектр жүктемелері	30,5 / 26,0	37,0
кВт/адам бір адамға шаққандағысы	0,54 / 0,61	0,9

Е с к е р т у - алымында - айтарлықтай қайта қалпына келтірілмейтін көпқабатты құрылыстың жаңа аудандары, ал бөлімінде - жақсартылған жайғасымды пәтерлі көпқабатты құрылыстың жаңа аудандары

14.9.1-кесте

Сыйымдылық бірлігі	Ауданы, $м^2$
	þлектрондық және квазиþлектрондық АТС-ң
1 Аудандық АТС-ң (ААТС) бір абоненттік нөмірі	0,05
2 Бір балама нөмір (түйінді жабдығы бар ААТС)	0,07

14.9.8 Астана қаласының жаңа тұрғын аудандарын жобалау барысында кабельдік теледи-дар орнату мүмкіндігін ескеру керек. Кабельдік теледидардың бас стансасы аудандар құрылысы-ның орталықтарында, 10-20 $м^2$ аудандағы қабатты-лық бойынша биік болып тұратын ғимараттарда ор-наластыруы тиіс.

14.9.9 Аумақтық аймақтардың, орташа аудандардың, кварталдардың жобаларын әзірлеу барысында телевизиялық тарату жүйелерінің күш-шейткіш бас стансалары санының есебі мен олар-ды орналастыру тұрғын үй қорында бір пәтерге - 2-

радиоқабылдағыш және әкімшілік, әлеуметтік-мәдени және басқа ұйымдар үшін пәтерлік радиоқабылдағыштардың 2 %-ы нормативі бойын-ша жүргізілуі керек.

14.9.10 Байланыс, радиотарату және теледидар құрылғыларын орнату, инженерлік жаб-дықтар жүйелерін диспечерлендіру, өрт және қорғау дабылдарын орналастыру ҚР ҚНжЕ 3.02-10 талап-тарына сәйкес жүзеге асырылады. (**Түзету**)

14.9.11 Өрт дабылын және автоматты түрде өрт сөндіру жүйелерін жобалау барысында ҚР ҚНжЕ 2.02-12, ҚР ҚНжЕ 2.02-05 және ҚР ҚНжЕ 2.02-15-тің талаптарын орындау қажет.

Астана қаласының жаңа аудандарын жобалау және қолданыстағыларын қайта құрылымдау барысында мемлекеттік қажеттіліктер үшін ВОЛС құрылысының қажеттігін ескеру керек.

14.9.12 АТС ғимаратына кабельдік канализацияны кем дегенде екі жағынан жүргізу керек; қаланың телефон тораптарына байланыс кабельдерін кабельдік канализацияларда және, ерекшелік ретінде, тиісті негіздемелер болған жағ-дайда тікелей топыраққа жүргізілуі керек.

Горизонталь жайғастыруы аяқталмаған, кеуіп кеткен, сазданған учаскелерде, сондай-ақ қайта жайғастыру немесе қайта қалпына келтіру кезінде жа-былатын көшелер бойында, қала маңы аймақтарында кабельдерді топырақта жүргізуге жол берілмейді.

14.9.13 Топырақта, кабельді канализациялар мен коллекторларда байланыс кабельдерін жүргізу талаптары мен нормалары ВҚН 116-ке сәйкес анықталады.

14.9.14 Байланыс және телерадиохабарла-рын тарату объектілерінде технологиялық жабдық-тардың, сызықтық имараттардың және антенна-лық-фидерлік құрылғылардың жаңасын салу және жинақтау және қолданыстағыларын қалпына келтіру ОСТН 600-93-ке сәйкес жүзеге асырылады.

4.9.15 Тұрғын аудан мен ықшамаудан деңге-йіндегі байланыс объектілеріне АТС, тірек-күшейт-кіш стансалары, пошта байланысы бөлімшесі және ка-бельдік теледидардың технологиялық орталықтары жатады.

Байланыс объектілерінің есебі 14.9.2-кестесі бойынша жүргізіледі.

14.9.16 Тұрғын аудандар аумақтарындағы объектілер және байланыс желілері мен жалпы коллекторлар орналасқан учаскелерді пайдалану 14.9.3-кестесі бойынша қабылданады.

14.9.17 Байланыстың радиорелелік желілері-не және теледидар объектілеріне арналған қорғау аймағы ҚР ҚНжЕ 3.01-01-нің 9.48* т. сәйкес анықталады. АТС-ның аудандық және түйіндік ғимараттарына арналған қоршаулардың биіктігін 1,2 м ВҚН 333-93-ке сәйкес қарастырады.

14.9.18 Әр түрлі ақпараттық бағдарла-маларды іске асыру, ҚТС жұмысының сенімділігін арттыру, қаланың барлық департаменттерінің, комитеттері мен кәсіпорындары басқару жүйелері-нің корпоративтік міндеттерін телефонияның, деректерді, интернет-телеметрияларды, теледидар хабарларын берудің қазіргі телекоммуникациялық құралдарының кешенді жиынтығымен шешу үшін қалада байланыстың талшықты-оптикалық сақина-сы құрылуы тиіс, сон-дай-ақ радиотелефондық ұялы байланыстың дамуына қол жеткізу керек.

14.10 Инженерлік тораптарды орналастыру

14.10.1 Инженерлік тораптарды ҚР ҚНжЕ 3.01-01 және ҚНжЕ II-89 сәйкес жобалау керек.

Ғимараттарға, имараттарға, екпе ағаштарына және олардың өзара орналасуына қатысты же-расты желілерін орнату барысында ғимараттар мен имараттар іргетастары негіздерінің шайылу мүмкін-дігін, жақын орналасқан желілер мен екпе ағаштар-дың бүлінуін болдырмау керек, сондай-ақ қала көлігінің қозғалысына қиындық келтірмей желілерді жөндеу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

14.10.2 Инженерлік тораптарды тиісті есептік кезеңге арналған дамытуды ескере отырып кешенді жүйе ретінде жобалау керек.

Көшенің қызыл сызықтары шекараларындағы әрбір инженерлік торапты қайта қалпына келтіруді (күрделі жөндеу) жобалау магистральдық тораптарды орналастыруды ескеріп жүргізілуі керек.

14.10.3 Инженерлік тораптарды көбінесе көшелер мен жолдардың көлденең пішіндері шек-терінде былай орналастыру керек:

жаяужолдар немесе бөлгіш жолақтар астында - арналар, туннельдер, жылу тораптары;

бөлгіш жолақтарда - су құбыры, газ құбыры, шаруашылық және жаңбыр канализациясы;

КЖТ-ның қызыл сызығы мен құрылыс сызығы аралығындағы жолақта - төменгі қысымды газ тораптары, кабельдік тораптар, дабылқаққыштың күш байланыстары және диспетчер бөлмелері.

Жүру бөлігінің ені 22 м-ден асатын жағдайда көшенің екі жағынан су құбыры торабын орналасты-руды қарастыру керек.

14.10.4 Астында инженерлік жерасты торап-тары орналасқан күрделі жол жабындарын салып, көшелер мен жолдардың жүру бөліктерін қайта құ-рылымдау кезінде бұл тораптарды бөлгіш жолақ-тарға және жаяу жолдардың астына шығаруды қа-растыру керек.

Тиісті негіздемелері болған жағдайда көше-лердің жүру бөліктерінің астында қолданыстағы то-раптарды сақтауға, сондай-ақ каналдар мен тон-нельдерге жаңаларын жүргізуге жол беріледі.

14.9.2 к е с т е - Қала ауданы тұрғындарын байланыс объектілерімен қамтамасыз етудің есептік көрсеткіштері

Объектілердің атауы	Өлш.бірл.	Есептік көрсеткіштер	Өлшем бірлігіне шаққандағы учаскенің ауданы
Пошта байланысы бөлімшесі (ықшамауданға)	9-25 мың тұрғынға арналған объект	ықшамауданға 1	600 - 1000 м^2
Ауданаралық почтамт	50 - 70 ОПС арналған объект	есеп бойынша	0,6-1га
АТС (1000 тұрғынға 600 нөмір есебінен)	10-40 мың нөмірге арналған объект	есеп бойынша	объектіге –0,25 га
Түйіндік АТС (10 АТС-ға 1 түйін есебінен)	объект	есеп бойынша	объектіге –0,3 га
Шоғырлауыш	1,0-5,0 мың нөмірге арналған объект	есеп бойынша	40 - 100 м^2
Тірек-күшейткіш стансасы (60-120 мың абоненттер есебінен)	объект	есеп бойынша	объектіге - 0,1 -0,15 га
Кабельдік теледидардың техникалық орталығы	объект	тұрғын ауданға 1	объектіге - 0,3 - 0,5 га
Инженерлік коммуникацияларға қызмет көрсететін коммуналдық шаруашылық (жалпы коллекторларлы) объектілері			
Диспетчерлік пункт (қалалық коллекторларының 5 км-іне 1 объект есебінен)	1-қаб. объект	есеп бойынша	120 м^2 (0,04 - 0,05 га)
Орталық диспетчерлік пункт (коммуника-циялық коллектордың әр 50 км-іне 1 объект есебінен)	1-2қаб. объект	есеп бойынша	350 м^2 (0,1 - 0,2 га)
Жөндеу-өндірістік базасы (қалалық коллекторлардың әр 100 км-іне 1 объект есебінен)	Жоба бойынша объектінің қабаттылығы	есеп бойынша	1500 м^2 (объектіг е- 1,0 га)
Диспетчерлік пункт (ішкіқварталдық коллек-торлардың 1,5-6 км-іне 1 объект есебінен)	1 қаб. объект	есеп бойынша	100 м^2 (0,04 - 0,05 га)
Ішкіпәтерлік коллекторларға қызмет көрсе-тетін өндірістік бөлмелер (әр әкімшілік округіне 1 объект есебінен)	объект	есеп бойынша	500 - 700 м^2 (0,25 - 0,3 га)

14.9.3 к е с т е - Жерасты коммуникацияларына арналған коммуникациялардың, байланыс объектілерінің және жалпы коллекторлардың орналасқан аумақтарын пайдалану көрсеткіштері

Объектілердің атауы	Аймақтардың негізгі параметрлері	Пайдалану түрі
1 Жерасты коммуникациялары-ның жалпы коллекторлары	Қалалық коллекторлардың қорғау аймағы, коллекторлар шетінен әрбір жағына 5 км-ден. Желдету шахталары баулығының 15 м радиустағы қорғау аймағы	Көгалдандыру, жүру жолдары, алаңшалар
2 Байланыстың радиорелелік желілері	Сәуленің екі жағынан 50 м қорғау аймағы	Қолданылмайтын аймақ
3 Теледидар объектілері	Қорғау аймағы d=500 м	Көгалдандыру
4 Автоматты телефон стансала-ры (АТС)	АТС-тің тұрғын үйлерге дейінгі ара қашықтығы 25 км-ге тең	Көгалдандыру, жүру жолдары, алаңшалар
Е с к е р т у - Электроондық коммутациялық жабдықтарды қолдану жағдайында.		

Инженерлік тораптарды тоннельдер мен каналдарда орналастыруға болатын жағдайларда жа-ңа торапты бөлгіш жолақтары жоқ қолданыстағы көшелерде жүру бөліктерінің астында орналасты-руға жол беріледі.

Ескертулер

Құрылыс учаскелерінде шөкпе топырақ болған кезде су тарту инженерлік торапта-рын, ереже бойынша, өткізу тоннельдерінде салуды қарастыру қажет. Топырақтың шөкпелік типін ҚР ҚНжЕ 2.04-01, ҚР ҚНжЕ 4.01-02, ҚР ҚН 4.01-03 және МҚН 4.02-02-ге сәйкес алу қажет.

Қоныстық аумақтардағы күрделі жайғастыру жағдайларында сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органының рұқсаты болғанда, жерүсті жылу тораптарын салуға жол беріледі.

14.10.5 Жүргіншілер мен көліктік тоннельдер салу үшін инженерлік тораптарды қайта жүргізу кезінде тоннельдің қабырғасымен тығыздастыра жалпы коллекторлар орнатуға рұқсат етіледі.

14.10.6 Қолданыстағы, қайта құрылымдана-тын және қайта жүргізілетін инженерлік тораптардан ғимараттардың іргетасына, түйіспе тораптың тірегі-не, ЭБЖ және басқа имараттарға дейінгі арақашық-тық аз мөлшерде, бірақ ол имараттарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететіндей белгіленуі тиіс.

Өрт сөндіргіш гидранттарды жүру бөлігінің жиегінен 2,5 м-ден аспайтын, бірақ ғимараттың қабырғасынан 5 м-ден асатын қашықтықта автомо-биль жолдарының бойында орналастыруды қарас-тыру керек. Бұл жағдайда гидранттарды су құбыр-лары желісі тармақтарында орнатуға жол беріл-мейді.

Сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын 100 л/с мөлшеріндегі су шығыны ғимараттар мен имарат-тардан 150 м-ден аспайтын қашықтықтағы сақина-лы су құбыры торабында орнатылған 3 гидранттан қамтамасыз етілуі тиіс.

Ғимараттың қабырғасында өрт сөндіргіш гидранттардың жарықбелгісі орнатылуы тиіс.

14.10.7 Газ тораптарын аулалық қасбеттер бойынша және ашық штробтағы кіру аркаларының қабырғаларынан жүргізуге жол беріледі.

Газ тораптарын беттік қасбеттерде (соның ішінде аркалық жүру жолы жанындағы сыртқы кіру құрылғысы) және тарихи және мәдени ескерткіштер болып табылатын ғимараттың аулалық қасбетте-ріне жүргізуге жол берілмейді.

14.10.8 Инженерлік тораптардағы бекіткіш-реттегіш арматураны техникалық паспортында баяндалған сипаттамалары мен пайдалану шарт-тарына сәйкес орнату керек. Бекіткіш-реттегіш ар-матураны камерасыз орнатуға артықшылық беру керек.

14.10.9 Инженерлік тораптарды қолданыс-тағыларын сақтап, қосымша тораптарды қосып қай-та құрылғылау барысында, сондай-ақ жаңа канал-дар мен тоннельдердің орналасуы мүмкін емес не-месе жаңа инженерлік тораптарды каналдар мен тоннельдерге жүргізуге рұқсат етілмеген учас-келерде жақын жерасты инженерлік тораптарынан ғимараттар мен имараттарға дейінгі горизонталдық (бет аралығындағы) арақашықтықты 14.10.1-кестесі бойынша алу керек, көрші инженерлік жерастылық тораптар паралелль орналасқан жағдайда олар-дың аралығындағы горизонталдық (бет аралы-ғындағы) арақашықтықты 14.10.2-кестесі бойын-ша, ал аз-қабатты құрылыстың ғимараттарындағы инженерлік тораптардың қоспалары аралығында - 0,5 м-ден кем емес шамада алу керекТереңдегі шектес құбырлардың төселу айырмашылығы 14 м-ден жоғары болған жағдайда 14.10.2-кестесіндегі көрсетілген қашықтықты орлар құламасының тіктігін ескеріп, бірақ орлардың үйінді табанына және ойықтар жиегіне дейінгі тереңдігінен кем емес мөлшерде арттыру керек.

14.10.1 және 14.10.2-кестелерінде көрсетіл-ген қашықтықтарды қауіпсіздік және сенімділік талап-тарын қамтамасыз ететін тиісті техникалық шара-ларды орындау кезінде азайтуға жол беріледі.

14.10.10 Жерасты инженерлік тораптар қиылысқан жағдайда вертикаль (бет аралықта) ара қашықтық келесідегілерден аз болмауы тиіс:

арнасыз жүргізген ашық су бөлгіші бар шаруашылықтық-ауыз су суқұбырлары немесе жылу торабы мен шаруашылықтық-тұрмыстық немесе суқұбырынан және ашық су бөлгіші бар жылу желісінен төмен арнасыз жүргізілген жалпы қорытпалық канализация арасында - 0,40 м;

арнасыз жүргізген ашық су бөлгіші бар шаруашылықтық-ауыз су суқұбырларын немесе жылу торабын канализациялық тораптардан төмен жүргізуге жол беріледі; бұл жағдайда арнасыз жүргізілген ашық су бөлгіші бар шаруашылықтық-ауыз су суқұбырлары немесе жылу торабы құндақтарда жүргізіледі, канализациялық құбыр-лар-дың сыртқы қабырғаларынан құндақтың шетіне дейінгі ара қашықтығы - 5,0 м-ден кем емес;

жаңбырқабылдағыш келтек құбырлар мен шаруашылықтық-тұрмыстық немесе жалпықорыт-палық тораптарға құбырлардың тоғысқырларынан жоғары қосылған канализациялық жаңбыр бұтақ-тарынан төмен өтетін арнасыз жүргізілген ашық субөлгіші бар шаруашылықтық-ауыз су құбырлары немесе жылу тораптары мен осы келтек құбырлардың және бұтақтардың арасы - 0,15 м;

жаңбыр канализациясы мен ашық субөлгіші бар шаруашылықтық-ауыз су суқұбырлары немесе жылу торабының арасы - 0,2 м;

қысымы 0,4 МПа-ға дейінгі газқұбырлары мен арынды тораптардың арасы - 0,2 м;

газқұбырлары мен арынсыз тораптардың арасы - 0,5 м;

құбырлар мен жолдың жүру бөлігінің арасы (жабынның үстінен есептегенде) құбырдың (немесе құндақтың) үстіне дейін - беріктік есебі бойынша, бірақ 0,6 м-ден кем емес;

құбырлар (соның ішінде мұнайгазқұбырла-ры) мен þлектркабельдер, байланыс кабельдерінің арасы - 0,5 м ;

þлектр кабельдері арасы, þлектр кабель-дері мен байланыс кабельдері арасы - 0,5 м, кернеуі 35 кВ-қа дейінгі þлектр кабельдері барлық қиысу учаскелеріне плюс әр жағына 1 м-ге бөлін-ген жағдайда плиталар немесе бетоннан не басқа беріктігі бірдей материалдан жасалған құбырлар арасы - 0,15 м, бұл жағдайда байланыс кабельдері күштік кабельдерден жоғары орналасу керек.

14.10.11 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың алаң-шаларында және өнеркәсіптік түйіндер аумақта-рында инженерлік тораптарды вертикаль орналас-тыру барысында ҚР ҚНжЕ 4.01-02, ҚР ҚН 4.01-03, МҚН 4.03-01, МҚН 4.02-02, ҚНжЕ II-89, ҚНжЕ 2.09.03, ҚР ЭҚЕ-нің талаптарын сақтау керек.

(Түзету)

14.10.12 Тораптардың иелерімен келісіп, қиылыстарда þлектр кабельдерін телефон канализацияларынан жоғары жүргізуге жол беріледі.

14.10.13 Газ құбырлары әртүрлі мақсаттағы каналдармен немесе тоннельдермен қиылысқан жағдайда оларды каналдардың немесе тоннельдер-дің сыртқы қабырғаларының екі жағынан 2 м-ге шығып тұратын металл құндаққа осы имараттардың үстіне немесе астына орналастыру керек.

14.10.14 Газқұбырларын тоннельдердің астына жүргізуге жол берілмейді.

14.10.15 Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтарды, сондай-ақ сұйық газды тасымалдайтын құбырларды қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындары мен қоғамдық, тұрғын, тынысжай аумақтарындағы қоймаларын қамтамасыз ету үшін жүргізуге жол берілмейді.

Магистралдық құбырларды қаладан тысқары аумақтарға ҚР ҚНжЕ 3.05-01-ге сәйкес жүргізу керек. Елді мекен аумақтарында жүргізілетін мұнай өнімдері құбырлары үшін ҚНжЕ 2.05.13-ті басшылыққа алу керек. **(Түзету)**

14.10.16 Жылу, су құбыры тораптарын, байла-ныс кабельдерін және кернеуі 10 кВ-қа дейінгі күштік кабельдерді бір мезгілде орналас-тыру барысында инженерлік кварталішілік торап-тарды өткізілмейтін және жартылай өткізілетін кварталішілік каналадарда жүргізілу керек.

14.10.17 Барлық жерасты болат құбырлары топырақ тоттануынан және кезбе токтардан бола-тын тоттанудан қорғалуы тиіс, ал кезбе токтардың көздері үшін токтардың жылыспауын шектеу ша-ралары қарастырылуы керек.

14.10.18 Кварталішілік инженерлік имарат-тарды жобалау барысында қала құрылыстық жағ-дайларды ескеріп, типтік шешімдерден жекелей жо-балауға өту талаптарын басшылыққа алу керек. Бұл жағдайда тұрғын және қоғамдық ғимараттарға дейінгі ең аз арақашықтық Санитарлық-þпиде-миологиялық бақылаудың Уәкілетті органымен ке-лісім бойынша белгіленеді.

Е с к е р т у - Кварталішілік инженерлік има-раттарын орнату ғимараттарға қосарланған ғимараттар жапсаржайларында; дара тұратын ғимараттарда; ашық қоршаулан-ған алаңшаларда; ғимараттардың сыртқы қабырғаларында немесе бөлек тұратын тіреулерде қарастырылуы мүмкін.

14.11 Ғимаратарды қайта қалпына келтіру кезіндегі инженерлік жабдықтарға қойылатын қосымша талаптар

14.11.1 Жертөлелері және еденастылары жоқ тұрғын ғимараттарды қайта қалпына келтіру кезінде ішкі жылумен қамтамасыз ету инженерлік коммуникацияларын еденасты каналдарында немесе бірінші қабатта орналасқан қоғамдық мақсаттағы қосарлы салынған бөлмелердің техни-калық дәліздерінде жүргізуге жол беріледі.

14.11.2 Жылу құбырлары жоғары жағынан ажыратылған қоныстандырылған үйлердің үстіне құрылыс салынатын жағдайда, соның ішінде осын-дай үйлердің төбелерін қайта жабдықтандыру кезін-де қайта қалпына келтіруге тапсырыс беруші мен ғимарат иесінің келісімі бойынша қайта тұрғызылатын бөлмелердің (пәтерлер немесе адам тұрмайтын қосарлана салынған мекемелер) арқылы таратушы құбырларды жүргізу қарастырылады.

Бұл жағдайда транзиттік құбырларды қолдану қамтамасыз етілуі тиіс, ал құбырдың учаскесін бөліп тастауға мүмкіндік беретін жапқыш арматура пәтер-лер мен қосарлы салынған тұрғын емес бөлме-лерден тысқары орналастырылуы тиіс.

Еркін қолдану мүмкіндігі қамтамасыз етіл-меген ұзындығы 2 м-ден аспайтын жылу құбырлары учаскелерінің болуына осы учаскелер сенімділігі жоғары материалдардан жасалған жағдайда жол беріледі.

14.11.3 Қоныстандырылған ғимаратты қайта қалпына келтіруде газталдаушытар дыбыстық дабылымен орнатылған жағдайда баспалдақ торла-рында газқұбыры төсемдерін сақтауға жол бері-леді.

14.11.4 Басқа орынға орналастырып, қайта қалпына келтірілетін әрбір ғимаратта þлектр қалқа-сына, жалпыүйлік суөлшегіш түйіндеріне және жылу пунктіне арналған бөлмелерді қарастыру керек. Бір жер учаскесінің шекарасында орналасқан бірнеше аралас ғимаратқа арналған жалпы жылу пункттерін салуға жол беріледі.

14.11.5 Қоныстандырылған ғимараттарды не-месе осы ғимараттардағы жеке бөлмелерді қалпына келтіру барысында егер басқасы инже-нерлік қыз-меттердің техникалық шарттарымен қарастырыл-маса, қолданыстағы су өлшейтін түйін-дер, þлектр қалқалар және жылу пункттері қайта жабдықтаусыз сақталуы тиіс. Жаңаландырылған немесе ауыс-тырылатын þлектр қалқаларының қолданыстағы орындарын сақтауға жол беріледі.

14.11.6 Су өлшегіш түйін және жылу пунктінің бөлмелері бөлменің биіктігі 2 м-ден кем болмайтын жағдайда ғимараттың жертөлелік, шығыңқы қаба-тында және бірінші қабатында орналастырылуы мүмкін. Электр қалқасының , су өлшегіш түйіннің және жылу пунктінің шеткі бөлмелері су басып қалуды сенімді қорғалуы керек.

Электр қалқасының бөлмелерін шұғыл-жөндеу қызметкерлері оңай жететін, су басуды болдырмайтын орындарда орналастыру қажет, þлектрмен жабдықтаушы ұйымның келісімімен мүмкіндігінше кіретін жеке есігі болуы керек.

14.11.7 Жекеменшіктің барлық түрлеріндегі тұрғын үй қорындағы пәтерлерде көрсеткіштерді дистанциялы түрде шығаратын þлектр есептегіш-терді және су мен газдың шығындарын есепте-гіштерді орнату қарастырылуы тиіс.

14.11.8 Сорғылармен жабдықталған жылу пунктінің бөлмелері сору арналары арқылы желдетіліп, технологиялық тап-сырма бойынша канализациялар жүйесімен жабдықталуы керек.

Тікелей жылу пункті бөлмесінің үстінде пәтер-лердің тұрғын бөлмелері болмауы тиіс, ерекшелік ретінде, оларды жылуоқшаулағышы және желдетілетін әуелік қабаты бар екінші аражабындар орнатқан жағдайда орналастыруға жол беріледі.

Жылу пункті þнергиямен қамтамасыз ететін ұйымның диспечерлік пунктіне ақпаратты стандартты түрде беретін сынама іріктеушілермен, жылу шығындарын есептегіш және реттегіш аспаптармен жабдықталуы тиіс.

14.11.9 Жоспардағы суөлшегіш бөлмелердің минималды өлшемі - 2 3 м. Еңістігі 20 %-дан кем емес үйішілік канализация құбырларының бұрылыстары болуы тиіс, ал осы учаскелердегі шамалардың аралық ара қашықтығы 6 м-ден аспауы тиіс.

14.10.1-к е с т е

Инженерлік тораптар	Жерасты тораптарынан горизонталдық (беттер арасындағы) қашықтық, м								
	Ғимараттар мен имараттардың іргетастарына дейін	кәсіпорын қоршауының іргетасы, ғстакада, түйісу торабы мен темір-жолдарға дейін	шеткі жолдың осьтеріне дейін		көшежолдың, жолдың ернеулік тасына (жұру бөлігінің жиегі, жолжиегінің бекітілген жолағы) дейін	Астаудың сыртқы жиегі немесе жолүйіндісінің табанына дейін	кернеулі ғлектр беру әуе желісі тіректерінің іргетасына дейін		
			жолтабаны 1520 мм темір жол-дар, бірақ үйінді табаны мен ойма жиегіне дейінгі ор тереңдігінен кем етпей	жолтабаны 750 мм темір жолдар			Троллейбустың сыртқы жарығының, қосқыш торабының 1 кВ-на дейін	1 кВ-тан 35 кВ-қа дейін	35 кВ-тан 110 кВ-қа дейін және одан да жоғары
Су құбыры және арын канализациясы	5	3	4	2,8	2	1	1	2	3
Өздігінен ағатын канализация (тұрмыстық және жаңбырлық)	3	1,5	4	2,8	1,5	1	1	2	3
Дренаж	3	1	4	2,8	1,5	1	1	2	3
Қосалқы дренаж	0,4	0,4	0,4	0	0,4	-	-	-	-
Жанғыш газдардың газөткізгіштері, қысымы, МПа (кг/см^3)									
төменгі 0,005 (0,05)-ке дейін	2	1	3,8	2,8	1,5	1	1	5	10
орташа 0,005 (0,05)-тен 0,3 (3)-ке дейін	4	1	4,8	2,8	1,5	1	1	5	10
жоғарғы:0,3 (3)-тен 0,6 (6)-ға дейін	7	1	7,8	3,8	2,5	1	1	5	10
жоғарғы 0,6 (6)-дан 1,2 (12)-ге дейін	10	1	10,8	3,8	2,5	2	1	5	10
Жылу тораптары:									
каналдың, тоннельдің сыртқы қабырғасынан	2 (3-еск. қараңыз)	1,5	4	2,8	1,5	1	1	2	3
каналсыз төсем қабығынан	5	1,5	4	2,8	1,5	1	1	2	3
Барлық кернеулі қуатты кабельдер және байланыс кабельдері	0,6	0,5	3,2	2,8	1,5	1	0,5*	5*	10*
Каналдар, қатынастық тоннельдер	2	1,5	4	2,8	1,5	1	1	2	3*
Сыртқы пневматикалық-қоқыс құбырлары	2	1	3,8	2,8	1,5	1	1	2	5

Күштік кабельдерден басталатын қашықтыққа ғана байланысты.

Көрсетілген арақашықтықтарға тек ЭҚЕ талаптарына сәйкес қосымша техникалық шараларын сақтаған жағдайда ғана жол беріледі.

Ескертулер

1 Құбырлардың, қосқыш тораптың тіреулері мен ғстакадаларының іргетастары шеңберінде жерасты инженерлік тораптарды жүргізуді іргетас шөккен жағдайда тораптардың бүлінуіне, сондай-ақ осы тораптардағы апат кезінде іргетастардың бұзылу мүмкіндігіне жол бермейтін шараларды қолдану шартымен қарастыруға жол беріледі.

2 Каналсыз салу барысында жылу тораптарынан ғимараттар мен имараттарға дейінгі қашықтықты суқұбырларына арналған қашықтықпен алу қажет.

3 Кернеуі 110-220 кВ күштік кабельдерінен кәсіпорындар қоршауы, ғстакадалар, қосқыш торабы тіреулері және байланыс желілеріне дейінгі қашықтықты 1,5 м етіп алу қажет.

14.10.2-к е с т е

Инженерлік тораптар	Горизонталь бойынша (беттер арасындағы) қашықтық, м												
	суқұбырына дейін	тұрмыстық канализацияға дейін	дренаж және жаңбыр Канализацияға дейін	қысым газөткізгіштеріне дейін, МПа (кгс/см^2)				барлық күштік кернеу кабельдеріне дейін	байланыс кабельдеріне дейін	жылу тораптарына дейін		канал дарға, тоннельдерге дейін	сыртқы пневматикалық қоқыс құбырларына дейін
				төменгі 0,005 (0,05) дейін	орташа 0,005 (0,05)-тен 0,3 (3)-ке дейін	жоғарғы				каналдың, тоннельдің сырт қабырғасынан	каналсыз төсем қабығының		
						0,3 (3)-тен 0,6 (6)-ға дейін	0,6 (6)-дан 1,2 (12)-ге дейін						
Су құбыры	1-еск. қ-ңыз	2-еск. қ-ңыз	1,5	1	1	1,5	2	0,5*	0,5	1,5	1,5	1,5	1
Тұрмыстық канализация	2-еск. қ-ңыз	0,4	0,4	1	1,5	2	5	0,5*	0,5	1	1	1	1
Жаңбыр канализациясы	1,5	0,4	0,4	1	1,5	2	5	0,5*	0,5	1	1	1	1
Газөткізгіштері, қысымы МПа (кгс/см^2):													
төменгі 0,005 (0,05)-ке дейін	1	1	1	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	2	1	2	1
орташа 0,005 (0,05)-тен 0,3 (3)-ке дейін	1	1,5	1,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	2	1	2	1,5
жоғары:													
0,3 (3)-тен 0,6 (6)-ға дейін	1,5	2	2	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	2	1,5	2	2
0,6 (6)-дан 1,2 (12)-ге дейінгі қысымды	2	5	5	0,5	0,5	0,5	0,5	2	1	4	2	4	2
Барлық кернеулі күштік кабельдері	0,5*	,05*	0,5*	1	1	1	2	0,1-0,5*	0,5	2	2	2	1,5
Байланыс кабельдері	0,5	0,5	0,5	1	1	1	1	0,5	-	1	1	1	1
Жылу тораптары:													
Каналдың, тоннельдің сырт қабырғасынан	1,5	1	1	2	2	2	4	2	1	-	-	2	1
Каналсыз төсем қабығынан	1,5	1	1	1	1	1,5	2	2	1	-	-	2	1
Каналдар, тонельдер	1,5	1	1	2	2	2	4	2	1	2	2	-	1
Сыртқы пневматикалық-қоқыс құбырлары	1	1	1	1	1,5	2	2	1,5	1	1	1	1	-

* ҚР Электр қондырғыларын қондыру ережелерінің (ЭҚЕ) талаптарына сәйкес, қосымша техникалық шараларын сақтаған жағдайда.

Ескертулер

1 Су құбырының бірнеше торабын қатар жүргізген жағдайда олардың арасындағы қашықтықты ҚР ҚНжЕ 4.01-02-ге сәйкес техникалық және инженерлік геологиялық жағдайларға байланысты алу қажет.

2 Тұрмыстық канализациядан шаруашылық-ауыз су құбырына дейінгі қашықтықты келесідегідей етіп алу қажет, м: темірбетон және асбестцементт ік құбырлардан жасалған су құбырына дейін - 5 м, диаметрі 200 мм-ге дейінг і шойыннан жасалған су құбырына дейін - 1,5, диаметрі 200 мм -ден асса - 3, пластмассадан жасалған су құбырына дейін -1,5. Канализация тораптары мен өндірі стік су құбырының арасындағы қашықтық құбырлардың материалы мен диаметріне байланысты, сондай-ақ топырақтың номенклатурасы мен сипаттамасына байланысты 1,5 м болуы тиіс.

3 Газ өткізгіштерін қатар жүргізген жағдайда диаметр і 300 мм-ге дейінгі құбырлар үші н олардың арасындағы қашықтықты (беттер арасындағы) 0,4 м етіп, 300 мм-ден көп болса - бір орда екі немесе одан да көп газ құбырларын бірлестіріп орналастырғанда - 0,5 м етіп алуға жол беріледі.

10.4.2-кестеде болаттан жасалған газ құбырларына дейінгі қашықтық көрсетілген. Металл емес құбырлардан жасалған газ құбырларын ҚНжЕ 2.04.08-ге сәйкес қарастыру қажет

15 Өртке қарсы талаптар

15.0 Астана қаласы аумағын жайғастыру және құрылысын салу Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын өртке қарсы қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес орындау қажет.

Жасалып жатқан өртке қарсы шаралар МСТ 12.1.004-тің талаптарына сәйкес өрт кезінде адам-дардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

15.1 Тұрғын, қоғамдық және әкімшілік-тұрмыс-тық ғимараттардың және өнеркәсіп қәсіпорындары ғимараттарының арасындағы өртке қарсы қашық-тықтарды 15.1-кесте бойынша алу керек.

Блокталған ғимараттар мен имараттарды ҚР ҚНжЕ 2.02-05-нің талаптарын қамтамасыз етіп бөлек өрт сөндіру бөліктеріне бөлу қажет.

Ғимараттар арасындағы қашықтық мына жағдайларда мөлшерленбейді:

ғимараттар тобы құрылысының жиынтық ауданы, соның ішінде олардың арасындағы болатын ҚР ҚНжЕ 3.02-43 және МҚН 2.02-05 талаптарына сәйкес келетін, өртке қарсы 1-типті қабырғалар арасындағы қабаттың рұқсат етілген ауданына тең (немесе кіші) құрылысы салынбаған аудан болған жағдайда;

егер басқа ғимаратқа қарама-қарсы орна-ласқан одан биік ғимараттың қабырғасы 1-типті өртке қарсы болып табылса;

ғимараттардың біреуі (ҚР ҚН 2.02-11-де аталған барлық бөлмелерден басқа) өрт сөндірудің автоматты қондырғыларымен жабдықталған жағдайда.

15.2 Отқа төзімділік шегі 2,5 сағ., отқа төзім-ділік дәрежесі I-III болатын (балалар, стационарлық типті емдеу мекемелерінен басқа) ғимараттардың саңылаусыз шетжақ қабырғаларына қозғалысы пассивті автомобильдерге арналған көпқабатты автотұрақтарды жапсарлай салуға рұқсат етіледі.

15.3 Қалада ықтимал өртті сөндіру және құт-қару жұмыстарын жүргізу өрттің қауіпті факторлары әсерлерінің салдарынан болатын адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төнгенге дейін оларды сыртқа шығару мүмкіндігіне бағытталған ұйымдасыру және инженерлік-техниклаық шаралар; өрттің басқа ғимараттар мен имараттарға таралуын болдырмауға; өртке қарсы шараларға кеткен зиян мен шығындарды экономикалық тұрғыдан негіз-дегенде ғимараттар мен имараттардың тікелей және жанама материалдық зияндарын шектеуге; өрт сөндіру құралдарын беру және адамдар мен ма-териалдық құндылықтарды құтқару үшін өрт бөлім-шелерінің жету мүмкіндігіне бағытталған ұйымдас-тыру және инженерлік-техникалық шаралармен қамтамасыз етіледі.

Оларға жататындар:

өрт сөндіру техникасына арналған қызметтік жолдармен және жету жолдарымен немесе арнайы жолдармен біріктірілген жету жолдарын және жүру жолдарын салу;

өрт сөндіру автобаспалдақтарын қондырғы-лау үшін 10 м х 20 м өлшемдегі алаңшаларды салу;

сыртқы өрт сөндіру баспалдақтарын ұйым-дастыру және қабаттар мен ғимараттардың жабы-нына өрт сөндіру бөлімшелері қызметкерлері мен өрт сөндіру техникасы шығатын басқа тәсілдерін қамтамасыз ету, сондай-ақ қабаттылығы жоғарыла-тылған ғимараттардың үстіңгі қабаттарында орна-тылған адамдарды өздігінен құтқаруға арналған құтқару құралдарымен (жеңдермен) жабдықтау;

15.1-кесте

р/н №	Ғимараттың отқа төзімділік дәрежесі	Ғимараттар мен имараттардың төмендегі отқа төзімділік дәрежелері кезіндегі қашықтықтары		
		«Ерекше», I, II	IIIа, III	lVа, IV - V
1	«Ерекше», I, II	6	8	10
2	III	8	8	10
3	IV-V	10	10	15

Ескертулер

1 Ғимараттардың отқа төзімділік дәрежесі бойынша жіктелуін ҚР ҚНжЕ 2.02-05 талаптарына сәйкес қабылдау керек.

2 Тұрғын, қоғамдық және әкімшілік (тұрмыстық) ғимараттардан минималды қашықтығын:

«ерекше», I және II отқа төзімділік дәрежелілерінен I және II отқа төзімділік дәрежелі өндірістік ғимараттар мен автотұрақтарға дейін - 9 м-ден кем емес (полимер немесе жанғыш материалдардан жасалған жылуұстағышты қолданатын өндірістік ғимараттарға дейін - 15 м);

lIIа, III отқатөзімділік дәрежелі - 12 м-ден кем емес;

IV, V - 15 метрден кем емес.

Отқа төзімділік дәрежелері IVа, IV, V болатын тұрғын, қоғамдық және әкімшілік (тұрмыстық) ғимараттардан отқа төзімділігі сол дәрежедегі өндірістік ғимараттар мен автотұрақтарға дейінгі қашықтықты 18 м деп алу керек.

Отқа төзімділік дәрежесі IIIа, III болатын көрсетілген (қоғамдық-өндірістік) ғимараттардың арасындағы қашықтықты 12 м-ден кем емес етіп алу керек.

Уақытша құрылыстар, ларектар, дүңгіршектер және т.с.с. терезе және есік ойықтары бар ғимараттар мен имарат-тардың қабырғаларынан 15 м-ден кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

Уақытша құрылыстарды, ларектарды, дүңгіршектерді өртке қарсы үзіктерсіз ғимараттың саңылаусыз қабырғала-рының қасында орналастыруға рұқсат етіледі.

Ғимараттар мен имараттар арасындағы қашықтық деп сыртқы қабырғалардың беттер арасындағы немесе ғимараттардың басқа құрылымдары арасындағы қашықтық есептеледі. Ғимараттар мен имараттардың 1 м-ден артыққа шығып тұратын жанғыш материалдардан жасалған құрылымдары болған жағдайда осы құрылымдар арасындағы қашықтық қабылданады.

Отқа төзімділігі I, II дәрежелі ғимараттың терезе ойықтары жоқ қабырғалары арасындағы қашықтықты жанбайтын материалдардан жасалған жабын орнатылған жағдайда 25 %-ға; отқа төзімділігі IIIа, III, IVа, IV және V дәрежелі ғимараттарда жанбайтын материалдардан жасалған жабын орнатылған жағдайда 20%-ға кішірейтуге рұқсат етіледі.

Отқа төзімділігі IVа, IV, және V дәрежелі ғимараттар арасындағы қашықтықтарды 50%-ға үлкейту керек.

Отқа төзімділігі V дәрежелі қаңқа және қалқан құрылымды екі қабатты ғимараттар, сондай-ақ жаңғыш материалдармен жабылған ғимараттар үшін өртке қарсы қашықтықтарды 20 %-ға үлкейту қажет.

өртке қарсы су құбырын және өрт сөндіру сыйымдылықтарын (резервуарларды) қамтамасыз ету;

қала аумағында әрекет ету радиусында орналастырылған объектілерде өрт сөндіру жағдайла-рына сәйкес келетін өрт сөндіру техникасымен жаб-дықталған жеке құрамында қажетті мөлшердегі ада-мы бар өрттен қорғау бөлімшелерін орналастыру.

Осы шаралардың таңдалуы жекелеген ғимараттардың отқатөзімділік дәрежесіне, құры-лымдық және қызметтік өрт қауіптілігі класына байланысты.

15.4 Өту жолдары мен жүргіншілер жолдарын жобалау барысында өрт сөндіру машиналарының екі бойлық жағынан биіктігі 9 қабат және одан биік тұрғын ғимараттарға, биіктігі 5 қабат және одан жоғары қоғамдық, әкімшілік, тұрмыстық ғимарат-тарға, бір секциялы тұрғын ғимараттардың және мұнара типті биіктігі 75 м-ден артық қоғамдық ғимараттардың барлық жағынан өту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Егер екі кіру жолының болуы талап етілетін болса, олар бір-бірінен қызмет көрсетілетін жекеменшіктің немесе кіру жолдарының арасында түзу сызық бойымен өлшенген аумақтың максималды диагоналі ұзындығының жартысынан кем емес қашықтықта орналасуы тиіс. Өрт сөндіру машиналарын ғимараттың тек бір жағынан ғана келуін мына жағдайларда қарастыруға рұқсат етіледі: а) жоғарыда көрсетілгендерден қабаты аз болған жағдайда; б) ғимараттар ҚР ҚНжЕ 2.02-05 талаптарына сәйкес өрттен қорғау жүйесінің барлық жиынтығымен жабдықталған жағдайда; в) пәтер-лердің немесе бөлмелердің екі жаққа бағытталуы кезінде; г) ғимараттардың дәлізді жобалануы кезінде 3-ші (ҚР ҚНжЕ 2.02-05-нің 3.30 т.) типті лоджияларды (балкондарды) немесе баспалдақ-тарды қабат бойынша байланыстыратын сыртқы баспалдақтарды орнатқан жағдайда.

Кіру жолдары жоқ ғимарат қасбеттерінің бойымен жабынға немесе топыраққа түсетін шектік жүктемені ескеріп, өрт сөндіру машиналарының жүруіне жарамды ені 6 м. болатын жолақтарды қарастыруға рұқсат етіледі.

Жалпы құрылыс ауданы 9 га және одан артық болатын көпқызметтік ғимараттар мен кешендер құрылыс периметрі бойынша айналып өту жолын ұйымдастырып жобалануы тиіс. Айналып өту жол төсемі мен кешен шетжағында орналастырылған ғи-маратар арасындағы қашықтық 50 м-ден аспауы тиіс.

15.5 Өртке қарсы талаптарды қамтамасыз ету үшін жүру жолдарының енін 6 м-ден кем емес етіп алу керек.

Егер өрт сөндіру гидранты өрт сөндіру техни-касына арналған кіру жолында орналастырылса, жүру жолдарының берілген учаскедегі минимальды ара қашықтығы 8 м болуы тиіс. 1-сұлбаны қараңыз.

15.6 Ғимаратқа тартылған негізгі кіру жолымен біріктірілген өртке қарсы өту жолының жалпы еніне жаяужолдарды және жүру жолына түйісетін жабындарды кіргізуге рұқсат етіледі.

15.7* Кіру жолының ішкі шетінен ғимараттың қабырғасына дейінгі қашықтық: 10 қабатқа дейінгі ғимараттар үшін 5-8 м. және 10 қабаттан артық болғанда 8-10 м. болуы тиіс. Бұл аймақта қор-шауларды, ḃлектр беру әуе жолдарын орналас-тыруға және ағаштарды қатарлап отырғызуға рұқсат етілмейді. **(Ред. өзг. - ҚР ӨДМ ҚжТКШІК-нің 08.07.2014 жылғы № 272-НҚ бұйрығы. Түзету)**

Н1 типті түтін таралмайтын баспалдақтар қарастырылған тұрғын үйлердің 1, 2 және 3 қабат-тарында жапсарлас және жапсарлас-жанастыра салынған үй-жайларды немесе стилобаттарды салғанда биіктігі жердің жоспарлау белгісінен бастап парапеттің төбесіне дейін 12 м аспаған кезде жапсарлас салынған бөліктің ені (ғимараттың қабырғасынан бастап оның биіктігіне дейін есептегенде) 8 м аспауға тиіс.



Өрт сөндіру гидрантының қасындағы мини-малды саңылау

1-сұлба

Бұл орайда өрт сөндіру автомобильдеріне арналған жүру жолдарының ішкі шет жағынан жапсарлай салынған бөліктің қабырғаларына дейінгі қашықтық 5 м-ден кем емес шамада алынуы тиіс.

с к е р т у - 15.7 т, 15.7 т. шарттары орындалса, шығыңқы стилобаттардың және көпқабатты ғимараттарға қосарлы-жапсарлай салынған ғимараттардың жабынына кіру мүмкін болған жағдайда олардың габариттері белгіленбейді.

15.8 Өрт сөндіру жүру жолдарының жол төсемдері құрылымы өрт сөндіру машиналарының оське 16 т-дан кем емес есептік жүктемесін негізге алып жобалануы тиіс.

15.9 Егер ғимараттардың жиынтық ауданы мөлшерленгеннен артық болса, ал бөлмелердің немесе пәтерлердің екі қарама-қарсы жақтарға бағыттары болмаса, тұйық және жартылай тұйық аулаларға өрт сөндіру автомобильдеріне арналған жүру жолдарын қарастыру қажет.

15.10 Ғимараттардағы өтпелі жүру жолдарын (аркаларды) беттер арасындағы енін 3,5 м, биіктігін 4,25 м-ден алу керек және әрбір 300 м-ден аспай-тын қашықтықта, ал қайта құрылымданатын аудан-дарда периметральді құрылыс кезінде — әрбір 180 м-ден артық емес қашықтықта орналастыру керек.

15.11 Зәулім ғимараттар мен биіктігі 75 м-ден асатын кешендер үшін бір-бірінен 100 м-ден аспайтын ара қашықтықта орналасқан өтпелі жүру жолдарын қарастыру керек.

15.12 Қозғалысы реттелетін магистралды көшелердің жүру жолдарына өту бөліктерінің жанасуы жол қиылыстарының тоқтату жолағынан 50 м-ден кем емес қашықтықтарда рұқсат етіледі.

с к е р т у - Биіктігі 5 қабаттан аспайтын тарихи құрылыста, ал өрт сөндірудің автоматты қондырғылары болған жағдайда - қабаттары одан артық ғимараттарда өтпелі жүру жолдарының (аркалардың) бар өлшемдерін сақтауға рұқсат етіледі.

15.13 Өрт сөндіруге және құтқару жұмыста-рына тартылатын оперативті көлік құралдарының алаңшаларын жер учаскесін кесіп беру барысында өртке қарсы қызмет органының тапсырмасы бойынша қарастыру керек. Алаңшаларды салуға қойылатын талаптар өрт сөндірудің оперативтік жоспарының негізінде құрастырылады.

15.14 Үйалды жер учаскесіндегі бір, екі бөлмелі тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстардан (қора, гараж, монша) көрші жер учаскесіндегі тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстарға дейінгі қашықтық 15.1-кесте бойынша 1-ескертуді ескеріп алынады.

Тұрғын үй мен шаруашылық құрылыстар арасындағы, сондай-ақ бір жер учаскесінің шегіндегі (құрылыстың жиынтық ауданына тәуелсіз) шаруашы-лық құрылыстар арасындағы қашықтықтар мөлшерленбейді.

15.15 Тұрғын ғимараттар арасындағы, сондай-ақ тұрғын ғимараттар мен шаруашылық құрылыс-тары (қора, гараж, монша) арасындағы қашықтық ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007-нің талаптарына сәйкес олардың арасындағы құрылысы салынбаған өртке қарсы қабырғалары жоқ отқа төзімділік дәрежесі бірдей бір ғимарат (қабат) құрылысының шектік максималды ауданына тең ауданды қоса есептегенде құрылыс-тың жиынтық ауданы жағдайында мөлшерленбейді.

15.16 Үй-жайлық аумақтардан тыс орналас-тырылған шаруашылық құрылыстарының (қора, гараж, монша) арасындағы қашықтық отқа төзімділік дәрежесі мөлшерленбейтін блокталған шаруашылық құрылыс-тардың ауданы 800 $м^2$-ден аспайтын жағдайда мөлшерленбейді.

Блокталған шаруашылық құрылыстары топтары-ның арасындағы қашықтық, осы құжаттың 15.1-кесте бойынша алынады.

Жаңа ғимараттардың 1-ші типті өртке қарсы қабырғалары болған немесе салынған жағдайда отқа төзімділік дәрежесі аз қолданыстағы ғимарат-тарға шетжақпен түйісуіне рұқсат етіледі.

15.17* **(Алынып тасталды ҚР ИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.08.2018 жылғы №171-НҚ бұйрығы)**

15.18 Әртүрлі типті автотұрақтар мен ашық типті автотұрақтарды жобалау барысында МҚН 2.02-05-ді басшылыққа алу қажет.

15.19 Горизонталь бойынша жер асты торап-тарынан ғимараттар мен имараттардың іргетаста-рына дейінгі қашықтықты осы құжаттың 14.10.1-кестесі бойынша алу керек.

15.20 Тұрғын үйлердің, мектептердің, бала-лар мекемелерінің өртке қарсы қорғау жүйелерінің іске қосылуы жайлы дабылдардың шығарылуын бірлескен диспетчер қызметінде қарастыру керек.

15.21 100 тұрғын пәтерден асатын көпқабатты тұрғын объектілер өрт сөндіру техникасына арналған бір-бірінен бөлектелген екі кіреберіс жолымен толық жабдықталуы тиіс.

Тұрғын пәтерлері 200 дейінгі көппәтерлі тұрғын объектілер үшін барлық ғимараттар, тұрғын емес бөлмелерді қоса есептегенде автоматты спринкерлі жүйелермен жабдықталған жағдайда бір жүру жолының болуына рұқсат етіледі.

Тұрғын пәтерлері 200-ден асатын көпқабатты тұрғын объектілер ғимаратта автоматты спринкерлі жүйелердің болуына байланыссыз өрт сөндіру техникасына арналған бір-бірінен бөлектелген екі кіреберіс жолымен толық жабдықталуы тиіс.

15.22 30-дан астам бірлікті қарастыратын бірпәтерлі немесе блокталған тұрғын үйлер құры-лысында бір-бірінен бөлектелген кіру жолдары қа-растырылуы тиіс.

Егер өрт сөндіру техникасына арналған бір қоғамдық немесе жекеменшік кіру жолына 30-дан астам тұрғын үй келсе, сонымен бірге барлық пәтерлер автоматты спринкерлі жүйелермен жабдықталған болса, екі жақтан кіру жолдарының болуы талап етілмейді.

Өрт сөндіру техникасына арналған бір жүру жолындағы тұрғын пәтерлердің саны өртке қарсы нормалардың сақталуын бақылауына жауапты уәкі-летті тұлғаның нұсқауына сәйкес болашақ объектіге жүру жолы төселіп болғанға дейін көбейтілмеуі тиіс.

15.23* Кірме жолдар үшін рұқсат етілетін ең үлкен еңіс - 10%; құрылыс тығыздығы жоғары саудалық, кеңселік, өнеркәсіптік және тұрғын үй объектілеріне кірме жолдар үшін еңіс 6%-ға дейін. Өрт сөндіруге кірме жолдарының бұрылыс радиусы пайдаланылатын өрт сөндіру техникасының техникалық деректеріне сәйкес қабылдануы тиіс.

(Өзг. - ҚР ИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.08.2018 жылғы №171-НҚ бұйрығы)

15.24 Өрт сөндіру техникасының жетуіне ар-налған тұйық жүру жолдары өрт сөндіру техни-касының өрт сөндіру объектілеріне кіре алатындай қажетті жағдайды және өрт қауіптілігі бар аймақтан кедергісіз шығуын қамтамасыз ететін ұзындықта болуы тиіс. Тұйық жүру жолдарының ұзындығы 225 м-ден аспауы тиіс.

Өрт сөндіру техникасының жету жолына арналған еніне және жол таңбалануына, тұйық өту жолдарын белгілеу әдістеріне қойылатын талаптар 15.2-кестені ескеріп 15.5 т-на сәйкес болуы тиіс.

15.2 к е с т е - Өрт сөндіру техникасының кіру жолдарының тұйықтарына қойылатын талаптар

р/н №	Ұзындық	Ені	Кері айналу талаптары
1	45 м-ге дейін	6 м	талап етілмейді
2	45-тен 150 м-ге дейін	6 м	кері айналу алаңшасы 12х12
3	150 м-ден 225 м-ге дейін	8 м	Т - тәрізді кері айналу, 1-сұлбаны қараңыз. Ү - тәрізді кері айналу, 1-сұлбаны қараңыз. О - тәрізді кері айналу, 1-сұлбаны қараңыз.
4	225 м-ден жоғары	Арнайы рұқсат талап етіледі	Арнайы рұқсат талап етіледі

Өрт қауіпі бар аймақтан кедергісіз шығып кетуді қамтамасыз ету үшін тұйық өту жолдары 15.2-кестеге және қоса берілген 2-сұлбаға сәйкес өрт сөндіру техникасының бұрылу мүмкіндігімен аяқталуы тиіс.

12,2 м-лік минимальды сыртқы радиус - тұрғын аумақтар үшін, 13.7 м. - сауда және өнеркә-сіп аудандары үшін.

Тұйық жол ортасына (тұйық көшеге) арналған аралша жоспарланған кезде аралша жаяужолы жиегінің радиусы 4,6 м-ден кем болмауы тиіс.

Тұйық жолдардың (тұйық көшелердің) қасын-да тек параллель тұрақтың болуына рұқсат етіледі.

15.25 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардан мұнай және мұнай өнімдерін сақтауға арналған I-топтағы қоймаларға дейінгі қашықтықты ҚНжЕ 2.11.03-тің 2-кестесіне сәйкес, ал тұрғын және қо-ғамдық ғимараттарға қызмет көрсететін қазандық, дизель әлектрстансаларының және басқа әнерго-объектілерінің құрамында қарастырылатын II топ-тағы жанғыш сұйықтық қоймаларына дейінгі қа-шықтық осы нормалардың 15.3-кестеде белгеілен-геннен кем емес етіп қабылдау керек.



2-сұлба

15.26 Аз қабатты құрылысқа арналған өрт депосының қызмет көрсету радиусы 3 км-ден, құрылыс тығыздығы жоғары тұрғын аудандар үшін 2 км-ден аспауы тиіс.

Өрт сөндіру деполарының саны, олардың құрылыстарының ауданы, ал сондай-ақ өрт сөндіру автомобильдерінің саны ҚР ҚН 2.02-30-ке сәйкес қабылданады.

15.27 Бос ыдыстарды қаттауға арналған юос ыдыс алаңшалары торлы қоршаулармен қоршалуы тиіс және ғимараттар мен имараттардан 15 км-ден кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

15.28 Ғимараттардағы баспалдақ торлары арқылы өтетін өтпе жолдарды бір-бірінен 100 метрден аспайтын қашықтықта орналастыру қажет. Ғимараттар бір-біріне бұрыштық орналастырылған жағдайда есепке қашықтық өрт сөндіру гидрант-тары бар сыртқы суқұбыры жағынан қасбет периметрі бойынша алынады.

15.29 Қала құрылысының жобалары өрт сөндіру шараларын ұйымдастыру және қазіргі өртке қарсы техника құралдарымен (тікұшақтардың құтқару кабиналары, капсулалар, платформалар, кабиналар және жеңдер, қасбеттерді жөндеуге және тазартуға арналған көтеру жеңдері және т.с.с.) құтқару жұмыстарын іске асыру мүмкіндіктерін ескеріп жасалуы тиіс.

15.3-кесте

	Қойманың сыйымдылығы, $м^3$	Ғимараттардың отқа төзімділік дәрежесі				
		I	II	III	IV	V
1	800-ден 10000-ға дейін	40	40	45	50	50
2	100-ден 800-ге дейін	30	30	35	40	40
3	100-ге дейін	20	20	25	30	30
4	15-ке дейін	8	8	10	12	12

Ескертулер

1 Балалардың мектепке дейінгі мекемелерінің, жалпы білім беру мектептерінің, мектеп-интернаттардың, денсаулық сақтау және демалыс мекемелерінің ғимарат-тарынан, ойын-сауықтық және спорттық имараттарынан резервуарларға дейінгі арақашықтығын 2 есеге көбейту керек.

Жанатын сұйықтардың жерастылық резервуар-ларынан тұрғын және қоғамдық ғимараттарға дейінгі арақашықтығын 50%-ға дейін қысқартуға жол беріледі.

Құтқарылатын адамдарды жеткізуге арналған жердегі тікұшақ алаңшалары шатырынан тікұшақ-тардың және құтқару кабиналарының көмегімен адамдардың құтқарылуы қарастырылатын ғимарат-тардан 500 м-ден аспайтын қашықтықта болуы тиіс.

Алаңшалардың аумақта орналастырылуы олардың басқа қызметте (автотұрақ ретінде және т.б.) пайдалану мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Алаңшаларды іргелес аумақтан 0,3 м-ге биіктетіп жасап, стационарлық тосқауылмен қоршау ұсынылады.

Алаңшалардың орналасу аймағында және тікұшақ жұмысының ықтимал бағыттарында ағаштар, жарық беру тіреулері, сымдар және т.с.с. болмауы тиіс.

Алаңшаның өлшемі 20х20 м-ден кем болмауы тиіс. Осы алаңша жақын орналасқан ғимараттардан 30 м-ден кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

Алаңша сәйкес класты тікұшақтардың стати-калық және динамикалық жүктемесіне төзімді болуы тиіс. Алаңшада 2-ден кем болмайтын жедел жәрдем машиналарына арналған кіру жолдары қарастырылуы керек.

15.30 Сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын судың шығыны «Сумен қамтамасыз ету» бөліміне сәйкес қарастырылуы тиіс және ғимараттар мен имараттардан 150 метрден аспайтын қашықтықта және олардан 5 м жақын емес сақиналы су құбыры желісінде орнатылған 3 гидранттан қамтамасыз етілуі тиіс.

Құрылыс салу кезінде құрылыстық алаңша-ларды өрттік гидранттары немесе өрттік су қой-малары (50 $м^3$ бойынша 2) қондырғысы бар сыртқы өртке қарсы су құбырымен қамтамасыз ету керек.

Қатты жабыны бар салынып жатқан құрылыстардың жанынан айналма жүріп өтуді қамтамасыз ету керек және салынып жатқан ғимараттардан уақытша имараттарға (вагоншалар) дейінгі өртке қарсы үзіктер 18 метрден кем емес қарастырылуы керек.

15.31 Трамвай жолдарының астынан өрт сөндіру гидранттары орнатылған орындарда өрт сөндіру жеңдерін жүргізуге арналған қақпақтары бар өлшемі 250х250 пенальдардың болуын қарастыру қажет.

15.32 Көлік құралдарын қабылдауға, сақтауға және жанар май, дизель отынын құюға арналған автомобильге май құю стансаларының (АМҚС) ғимараттарын (имараттарын) ҚР ҚН 3.03-01-ге сәйкес жобалау қажет. (**Түзету**)

15.33 Жеңіл автомобильдерге май құюға арналған АМҚС сұйық отынын сақтауға арналған отын-тарату колонкалары мен жер асты резервуарларынан мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, мектептердің, мектеп-интернаттардың, стационарлы емдеу мекемелерінің жер учаскелерінің шекарасына дейінгі немесе тұрғын және қоғамдық ғимараттардың қабырғаларына дейінгі қашықтық 50 м-ден кем алынбауы тиіс.

Автомобильдерге қызмет көрсету объектілері жоқ, 2-ден аспайтын отын-тарату бағаналары бар, тәуілігіне саны 500-ден аспайтын жеңіл автомобильге ғана май құюға арналған АМҚС-нан көрсетілген объектілерге дейінгі қашықтықты 25 м-ге дейін азайтуға рұқсат етіледі. Жүк автомобильдеріне май құюға арналған қашықтық екі еселенеді.

15.34* Жерүсті инженерлік желілері мен ұлектр беретін әуе желілерін өрт сөндіру техникасының кіреберіс жолының жоғарғы жағында қалыпты биіктікті қамтамасыз ету кезінде орналастыруға рұқсат етіледі.

(Өзг. - ҚР ИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.08.2018 жылғы №171-НҚ бұйрығы)

15.35 Тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтарды тасымалдайтын газ және құбыр желілерін кабель желілерімен бірге жүргізуге рұқсат етілмейді.

15.36 Жер асты көлік имараттарының инженерлік желілермен қиылысуын 90° бұрышта қарастыру керек, қайта құрылымдау жағдайларында қиылысу бұрышын 60°-қа дейін кішірейтуге рұқсат етіледі.

15.37 Құбыр желілері қиылысқан учаскелерде қоршау құрылымдарының (болат құндақтардың, тұтас құймалы бетон немесе темірбетон арналардың, коллекторлардың, тоннельдердің) ішіне кіргізіліп, бір жаққа қарай еңісті болуы тиіс.

15.38 Тоннельдердің астынан газқұбырларын жүргізуге рұқсат етілмейді.

15.39 Қоныстық аумақта өнеркәсіптік кәсіпорындар мен қоймаларды қамтамасыз етуге арналған тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ сұйытылған газ тасымалдайтын құбыр желілерін жүргізуге рұқсат етілмейді.

15.40 Көппәтерлі тұрғын үйлер құрылысының шекарасынан орман сілемдеріне дейінгі қашықтық 50 м-ден кем болмауы тиіс, үйалды учаскелері бар жекеменшік құрылыстың бір-екі қабатты аудандары үшін, сондай-ақ бақша бірлестіктерінің учаскелерінен қашықтық 15 м-ден кем болмауы тиіс.

15.41 Өзендер мен су қоймаларына өрт сөндіру машиналарымен суды алуға арналған жүру жолдарын, су қондырғыларын орнатуды қарастыру керек.

1-қосымша
(міндетті)

Нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттардың тізімі (*Түзету*)

Қазақстан Республикасының 1999 ж. шілденің 1-індегі № 409-1 **Азаматтық кодексі** (ерекше бөлім).

Қазақстан Республикасының 2003 ж. шілденің 9-ындағы № 481-II **Су кодексі.**

Қазақстан Республикасының 2003 ж. шілденің 8-індегі № 477-II Орман кодексі.

Қазақстан Республикасының 2003 ж. маусымның 20-сындағы № 442-II **Жер кодексі.**

Қазақстан Республикасының **Экологиялық кодексі**, 2007 ж. қаңтардың 9-ындағы № 212-III ҚРЗ.

Қазақстан Республикасының **Еңбек кодексі**, 2007 жылғы мамырдың 15-індегі № 251-III ҚРЗ.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV **ҚР Кодексі (Түзету).**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы 2001 жылғы шілденің 16-сындағы № 242-II **Заңы.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы шілденің 21-індегі № 296-III **Заңы.**

Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы шілденің 2-сіндегі № 1488-XII **Заңы.**

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы желтоқсанның 15-індегі № 207-III ҚРЗ **Заңы.**

Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы шілденің 7-сіндегі № 175-III **Заңы.**

Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы 2010 жылғы маусымның 24-індегі № 291-IV **Заңы (Түзету).**

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғаныс туралы» 2014 жылғы сәуірдің 11-індегі № 188-V **Заңы (Түзету).**

Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» 2003 жылғы желтоқсанның 19-ындағы №508-II **Заңы.**

Қазақстан Республикасының «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» 2002 жылғы сәуірдің 3-індегі № 314 **Заңы.**

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған **мемлекеттік бағдарламасы**//ҚР Президентінің 2006 жылғы мамырдың 4-індегі № 111 Жарлығымен бекітілген, ҚР Президентінің 2010 жылғы қаңтардың 26-сындағы Жарлығына сәйкес өзгерістер енгізілген **(Түзету).**

Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі **стратегиялық жоспары**//ҚР Президентінің 2006 жылғы наурыздың 17-сіндегі № 67 Жарлығымен бекітілген.

"Астана қаласын Есіл өзенінің тасқын суы басып қалуынан қорғау" жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттама **дайындау жөніндегі шаралар**// ҚР Үкіметінің 2002 жылғы желтоқсанның 27-сіндегі № 1387 қаулысымен бекітілген.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерін **белгілеу ережесі**//ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2015 жылғы мамырдың 18-індегі № 19-1/446 бұйрығымен бекітілген **(Түзету).**

Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру ережесін, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар **жүргізу шарттары**// ҚР Үкіметінің 2004 жылғы ақпанның 3-індегі № 130 қаулысымен бекітілген.

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын **жүргізу ережесі**//ҚР Үкіметінің 2009 жылғы желтоқсанның 11-індегі № 2082 Қаулысымен бекітілген **(Түзету).**

Елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды **қабылдау ережесі**//ҚР ҰЭМ министрінің 2015 жылғы шілденің 20-сындағы № 546 бұйрығымен бекітілген **(Түзету).**

Құрылыс объектілерін жобалау үшін бастапқы материалдарды (деректерді) **ресімдеу және беру ережесі**//ҚР Үкіметінің 2008 жылғы мамырдың 6-сындағы № 425 Қаулысымен бекітілген

Электр қондырғыларын **орнату қағидалары**// ҚР Энергетика министрінің 20.03.2015 жылғы № 230 бұйрығымен бекітілген **(Түзету).**

Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін **орналастыру ережесі**//ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №121 Қаулысымен бекітілген.

Астана қаласында сыртқы жарнама және ресімдеу объектілерін орналастырудың және пайдаланудың **уақытша ережесі**//Астана қаласы әкімдігінің 2001 жылғы қарашаның 29-ындағы № 3-1-1037п қаулысымен бекітілген **(Түзету).**

Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы **орналастыру қағидалары**// ҚР Инвестиция және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 515 бұйрығымен бекітілген **(Түзету).**

Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көзіне **жатқызу ережесі**//ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы № 75 Қаулысымен бекітілген.

Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және **жүзеге асыру ережесі**//ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 51 Қаулысымен бекітілген.

«Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" **санитариялық қағидалары**//ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.02.15 жылғы № 174 бұйрығымен бекітілген **(Түзету).**

"Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" **санитариялық қағидалары**//ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.03.2015 жылғы № 237 бұйрығымен бекітілген **(Түзету).**

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" **санитариялық қағидалары**//ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2015 жылғы № 209 бұйрығымен бекітілген **(Түзету).**

«Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"

санитариялық қағидалары//ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.03.2015 жылғы № 234 бұйрығымен бекітілген **(Түзету).**

«Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» **санитариялық қағидалары**//ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.02.2015 жылғы № 127 бұйрығымен бекітілген **(Түзету).**

«Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға, топыраққа және олардың қауіпсіздігіне, қалалық және ауылдық елді мекендердің аумақтарын күтіп-ұстауға, адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» **санитариялық қағидалары**// ҚР Үкіметінің 2012 жылғы қаңтардың 25-індег № 168 Қаулысымен бекітілген.

«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» **гигиеналық нормативтері**//ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 27.03.2015 жылғы № 261 бұйрығымен бекітілген (РҚН-99-дың орнына) **(Түзету).**

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің Жарылу қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың, ғимараттар мен құрылымдардың және сыртқы қондырғылардың санаттарын **анықтау әдістемесі** (3-қосымша)//ҚР Үкіметінің 2009 жылғы қаңтардың 16-сындағы № 14 Қаулысымен бекітілген.

Сұйытылған көмірсутекті газдарды қолдану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары мен Табиғи газдарды тарату және тұтыну жүйелерінің **өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары**//ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2008 жылғы қыркүйектің 18-індегі №172 бұйрығымен бекітілген.

Стационарлық компрессорлық қондырғыларды, ауа өткізгіштерді және газ өткізгіштерді қауіпсіз пайдалану және **орнату талаптары**//ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2009 жылғы ақпанның 26-сындағы № 36 бұйрығымен бекітілген.

Жалпы өнеркәсіптік қауіпсіздік **талаптары**. 1-бөлім// ҚР Төтенше жағдайлар министрінің. 2008 жылғы желтоқсанның 29-ындағы № 219 бұйрығымен бекітілген.

Тұрғын үй жайларындағы, қоғамдық ғимараттардағы және тұрғын үй құрылысы аумағындағы шу мен инфрадыбыс деңгейлерінің **гигиеналық нормативтері**//ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы желтоқсанның 3-індегі № 841 бұйрығымен бекітілген.

Санитариялық-эпидемиологиялық **сараптама жүргізу ережелері**//ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы қарашаның 2-сіндегі № 640 бұйрығымен бекітілген.

Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау **жүргізу бойынша нұсқаулық**//ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы маусымның 28-індегі № 204-ө бұйрығымен бекітілген.

№ 3.01.029-97* «Жабық жайлар мен ашық алаңдардағы дыбыс шығарғыш және дыбыс зорайтқыш құрылғылардың рұқсат етілетін дауыс қаттылығының гигиеналық нормативтері» **санитариялық ережелері мен нормалары**//ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері 1997 жылғы шілденің 1-інде бекіткен.

№ 3.01.075.99 «Альпинистік лагерьлерді, дене тәрбиесімен және спортпен шұғылданатын орындарды құру және күтіп-баптаудың **санитариялық ережесі**//ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері 1999 жылғы мамырдың 21-інде бекіткен.

№ 3.05.017.97* Кіші өзендерді гигиеналық бағалау және суды пайдалану орындарында санитарлық бақылауға арналған **әдістемелік нұсқаулар** //ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері 1997 жылғы мамырдың 30-ында бекіткен.

№ 3.05.039.97* Жер үсті суларын санитарлық-микробиологиялық талдауға арналған **әдістемелік нұсқаулар** // ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері 1997 жылғы шілденің 2-сінде бекіткен.

№ 3.05.040.97* Ішетін суларды фторлау барысында мемлекеттік санитарлық бақылау жүргізуге арналған **әдістемелік нұсқаулар**// ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері 1997 жылғы шілденің 2-сінде бекіткен.

№ 3.01.077 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың және тұрғын құрылыс аумақтарын инсоляциямен қамтамасыз етудің **санитарлық нормалары мен ережелері**// ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері 2000 жылғы желтоқсанның 12-сінде бекіткен.

Астана қаласында жерлеу және зираттарды **күтіп ұстау ережесі**// Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы наурыздың 27-сіндегі №115-316 Қаулысымен бекітілген.

Астана қаласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған **бағдарламасы**//Астана қаласы Мәслихатының 2010 жылғы желтоқсанның 29-ындағы №421/55-IV шешімінің 1-қосымшасы.

Астана қаласында иттер мен мысықтарды **ұстау ережесі**//Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы ақпанның 9-ындағы № 341/43-III шешімімен бекітілген.

Астана қаласының жасыл екпелерін отырғызу және **күтіп ұстау жөніндегі нұсқаулар**// ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитетінің 2006 жылғы наурыздың10-ындағы № 93 бұйрығымен бекітілген.

Кәсіпорын шығарындысында болатын зиянды заттектердің атмосфералық ауадағы шоғырлануын **есептеу әдістемесі**. 18-қосымша//ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2008 жылғы сәуірдің 18-індегі № 100-п бұйрығымен бекітілген.

ҚР ҚН 1.01-01-2011 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер (ҚР ҚНжЕ 1.01-01-2001 орнына)

ҚР ҚН 1.02-03-2011 Құрылыстың жобалық құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі мен құрамы (ҚР ҚНжЕ 1.02-01-2007 орнына).

ҚР ҚН 1.03-00-2011* Құрылыс өндірісі. Кәсіпорынның, ғимараттың және имараттың құрылыстарын ұйымдастыру **(Түзету).**

ҚР ҚН 1.04-15-2013 Қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған полигондар **(Түзету).**

ҚР ҚН 2.02-11-2002* Ғимараттарды, бөлмелерді және имараттарды автоматты өрттік сигналдаудың жүйелерімен, автоматты өрт сөндіру және өрт туралы адамдарға хабарлау қондырғыларымен жабдықтау нормалары.

ҚР ҚН 2.02-30-2005 Өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау нормалары.

ҚР ҚН 2.04-21-2004* Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы және жылулық қорғауы.

ҚР ҚН 3.01-00-2011 Қазақстан Республика-

сында қалақұрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық (ҚР ҚНжЕ 3.01-07-2007 орнына).

ҚР ҚН 3.02-15-2003 Технологиялық жобалау нормалары. Мұнай және мұнай өнімдері қоймалары (ҚНжЕ II-106-79 орнына).

ҚР ҚН 3.02-23-2005 Жабық спорт залдарды жобалау туралы нұсқаулық.

ҚР ҚН 3.03-01-2001* Технологиялық жобалау нормалары. Стационарлық типті автожанармай құю станцияалары (ҚР ҚН 3.05-12-2001-дің өзг. басылымы).

ҚР ҚН 4.01-03-2011 Су бұру. Сыртқы торап-тар мен имараттар **(Түзету).**

ҚР ҚН 4.02-12-2002 Газ тәрізді және сұйық отынмен жұмыс істейтін шағын метражды жылыту қазандарына арналған технологиялық жобалау нормалары. Өртке қарсы талаптар (ҚР ҚН 2.02-14-2002-нің өзг. басылымы).

ҚР ҚН 4.04-23-2004 Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды ɒлектрмен жабдықтау. Жобалау нормалары.

ҚР ҚНжЕ 1.01-32-2005* Құрылыс терминологиясы.

ҚР ҚНжЕ 1.01-35-2005 Құрылыс терминологиясы. II бөлім. Негізгі комплекстері. Инженерлік ізденістер.

ҚР ҚНжЕ 1.02-02-2007 Жеке тұрғын үйлердің құрылысына арналған жобалау құжаттамасын жасау, келісу, бекіту тәртібі және құрамы туралы нұсқау.

ҚР ҚНжЕ 1.02-18-2004 Құрылысқа арналған инженерлік зерттеулер. Негізгі ережелер.

ҚР ҚНжЕ 1.04-14-2003 Өнеркәсіптік улы қалдықтарды зиянсыздандыру және көму полигондары. Жобалау жөніндегі негізгі ережелер.

ҚР ҚНжЕ 2.02-05-2009* Ғимараттар мен имараттардың өртке қауіпсіздігі (ҚР ҚНжЕ 2.02-05-2002-нің орнына).

ҚР ҚНжЕ 2.03-10-2002* Су басу және су ас-тында қалу қаупі бар аймақтарды инженерлік қорғау.

ҚР ҚНжЕ 2.04-01-2010 Құрылыстық климатология (ҚР ҚНжЕ 2.04-01-2001*-дің орнына).

ҚР ҚНжЕ 2.04-05-2002* Жасанды және табиғи жарықтандыру.

ҚР ҚНжЕ 3.01-01-2008* Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық мекендерді жоспарлау және құрылыстарын салу (ҚР ҚНжЕ 3.01-01-2002*-нің орнына).

ҚР ҚНжЕ 3.01-02-2001* Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жайғастырып жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚНжЕ 3.02.02-2009 Қоғамдық ғимараттар және имараттар.

ҚР ҚНжЕ 3.02-04-2009 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар (ҚР ҚНжЕ 3.02-04-2002-нің орнына).

ҚР ҚНжЕ 3.02-08-2010 Емдеу-алдын алу мекемелері

ҚР ҚНжЕ 3.02-10-2010 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарға инженерлік жабдықтардың байланыс, сигнал беру және диспетчерлік басқару жүйесін орнату. Жобалау нормалары (ВҚН 60-89-дың орнына).

ҚР ҚНжЕ 3.02-13-2003 Қонақ үйлерді жобалау. **ҚР ҚНжЕ 3.02-16-2003*** Көпқызметтік ғимараттар мен кешендер.

ҚР ҚНжЕ 3.02-17-2003 Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлер.

ҚР ҚНжЕ 3.02-20-2004 Мәдени ойын-сауық мекемелері.

ҚР ҚНжЕ 3.02-24-2004* Мектепке дейінгі мекемелер **(Түзету).**

ҚР ҚНжЕ 3.02-25-2004* Жалпы білім беру мекемелері.

ҚР ҚНжЕ 3.02-27-2004 Бір пәтерлі тұрғын үйлер.

ҚР ҚНжЕ 3.02-31-2005 Мүгедек-балаларға арналған үйлер және интернаттар.

ҚР ҚНжЕ 3.02-43-2007* Тұрғын ғимараттар. **ҚР ҚНжЕ 3.03-01-2001** 1520 мм жолтабанның темір жолдары.

ҚР ҚНжЕ 3.03-03-2001 Аɒродромдар.

ҚР ҚНжЕ 3.03-09-2006* Автомобиль жолдары.

ҚР ҚНжЕ 3.04-01-2008 Гидротехникалық имараттар. Негізгі жобалау ережелері.

ҚР ҚНжЕ 3.05-01-2010 Магистральдық құбырлар (ҚНжЕ 2.05.06-85*-тің орнына).

ҚР ҚНжЕ 4.01-02-2009 Сумен қамтамасыз ету. Сыртқы тораптар және имараттар **(Түзету).**

ҚР ҚНжЕ 4.02-42-2006 Жылыту, желдету және ауабаптау.

ҚНжЕ 2.05.03-84* Көпірлер мен құбырлар.

ҚНжЕ 2.05.09-90 Трамвай және троллейбус желілері.

ҚНжЕ 2.05.13-90 Қалалар мен басқа елді мекендер аумағынан жүргізілетін мұнай өнімі құбырлары.

ҚНжЕ 2.06.14-85 Тау қазбаларын жерасты және беткей сулардан қорғау.

ҚНжЕ 2.11.03-93 Мұнай және мұнай өнімдерінің қоймалары. Өртке қарсы қолданылатын нормалар.

ҚНжЕ II-89-80* Өнеркәсіптік мекемелердің Бас жобалары.

МҚН 2.02-05-2000* Автомобильдер тұрақтары.

МҚН 2.03.02-2002 Аумақтарды, ғимараттарды және имараттарды геологиялық қауіпті процестерден инженерлік қорғау. Жобалаудың негізгі ережелері.

МҚН 2.04-03-2005 Шудан қорғау.

МҚН 3.02-03-2002 Мекемелер мен ұйымдарға арналған ғимараттар және бөлмелер.

МҚН 3.02-05-2003 Ғимараттар мен имарат-тардың халықтың аз әрекетті топтары үшін қолжетімділігі.

МҚН 4.02-02-2004 Жылу тораптары.

МҚН 4.03-01-2003 Газтарату жүйелері.

ҚР ҚБҚ 1.02-01-2002 Қазақстан Республи-касы сәулет және қала құрылыстық ескерткіштерін реконструкциялау және реновациялаудың жобалық құжаттамасын өңдеу, келісу, сараптау, бекіту және құрамы тәртібі туралы нұсқаулық (ҚР ҚБҚ 3.01-07-2002-нің өзг.ред.).

ҚР ҚБҚ 1.04-05-2003 Тұрғын халыққа рәсімдік-жоралық (жерлеу) қызмет көрсетуді жоба-лау, ұйымдастыру тәрт ібі және елді мекендердегі зираттарды күту туралы ереже.

ҚР ҚБҚ 3.01-01-2002 Қала құрылыстық аймақтандырудың жоспарларын жасау, келісу және бекітудің тәртібі мен ережелері.

ҚР ҚБҚ 3.01-05-2001 Қала құрылысы. Елді мекендерді мүгедектер және халықтың өзге аз әрекетті топтарының қажеттіліктерін ескере отырып жоспарлау және құрылыстарын салу.

ҚР ҚБҚ 3.02-20-2006 Ашық спорттық имараттарды жобалау жөніндегі нұсқаулық.

ҚР ҚБҚ 4.04-11-2003 Жайлылығы жоғары қалалық пәтерлердің және коттедждердің ɒлектр

жүктемелерін есептеу жөніндегі нұсқаулар.

ҚР ҚБҚ 4.04-191-2002 Қалалық және кенттік әлектр тораптарын жобалаудың әдістемелік нұсқаулары.

ҚР ЕЖ 4.02-04-2003 Жылу тораптары. Индустриалды өндірістің көбікполиуретан оқшаулағышы бар болат құбырларды арнасыз жүргізу тораптарын жобалау және құрылысын салу.

ҚР ЕЖ 4.02-16-2005 Бір пәтерлі тұрғын үйлердің инженерлік жүйесін жобалау және құрылысын салу.

ҚР ЕЖ 4.02-103-2002 Жылумен жабдықтау-дың дербес көздерін жобалау.

ВҚН 116-87 Байланыс желісті-кабельді имараттарын жобалауға арналған нұсқаулық.

ВҚН 333-87 Сымды байланыс құралдарын және пошта байланысын жобалау нұсқаулығы. Өндірістік қосалқы ғимараттар.

ҚН 496-77 Беткей ағын суларды тазартуға арналған имараттарды жобалаудың уақытша нұсқаулығы.

ВҚН 600-81 Байланыс, радиохабар және телехабарларын тарату имараттарын құрастыру-дың салалық құрылыс -технологиялық нормалары.

МСТ 17.4.2.01-81* Табиғатты қорғау. Топырақ. Санитарлық жағдайдың көрсеткіштер но-менклатурасы.

МСТ17.4.2.03-86 Табиғатты қорғау. Топырақ. Топырақ паспорты.

МСТ 17.4.3.03-85 Табиғатты қорғау. Топырақ. Ластағыш заттектерді анықтау әдістеріне қойыла-тын жалпы талаптар.

МСТ 17.4.3.06-86 Табиғатты қорғау. Топырақ. Ластағыш заттектердің топыраққа химиялық әсері бойынша жіктеуге қойылатын жалпы талаптар.

МСТ 17.5.1.02-85 Табиғатты қорғау. Жер. Жерді қайта құнарландыру үшін бұзылған жерді жіктеу.

МСТ 17.5.3.01-78* Табиғатты қорғау. Жер. Қалалардың жасыл аймақтарының құрамы мен өлшемі.

МСТ 17.5.3.04-83* Табиғатты қорғау. Жер. Жерді қайта құнарландыруға қойылатын жалпы талаптар.

МСТ 17.5.3.06-85 Табиғатты қорғау. Жер. Жер жұмыстарын жүргізу кезінде топырақтың құнарлы қабатын алу мөлшерін анықтаудағы талаптар.

МСТ 17.9.0.1-99 Табиғатты қорғау. Қалдық-тарды күту. Қалдықтарды табу және қалдықтар туралы ақпараттық мәліметтерді беру. Жалпы талаптар.

МСТ 9238-83 Табаны 1520 (1524) мм-лік темір жолдардың жылжымалы құрамдарының және құрылымдарының жақындау габариттері.

МСТ 20444-85 Шу. Көлік ағындары. Шу сипатын өлшеу әдістері

МСТ 22283-88 Авиациялық шу. Тұрғын құрылыс аумағында шудың рұқсат етілген деңгейі және оны өлшеу әдістері.

МСТ 23337-78*. Шу. Қоныстық аумақта және тұрғын және қоғамдық ғимараттардың бөлмеле-рінде шуды өлшеу әдістері.

МСТ 23457-86* Жол қозғалысын ұйымдасты-рудың техникалық құралдары. Қолдану ережелері.

ҚР СТ МСТ Р 51232-2003 Ішетін ауыз су. Сапаны бақылау әдістеріне қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ 1991-2010 Қазақстан Республикасы стационарлық байланыс түйіндері мен телекоммуникациялардың біртұтас желісін тарату жүйелерін жобалау, салу, монтаждау және жаңғырту талаптары **(Түзету).**

2-қосымша
(міндетті)

Терминдер мен анықтамалар

автотұрақ (автомобильдерге арналған тұрақ) - автомобильдерді тек сақтауға (қоюға) арналған ғимарат, имарат (ғимараттың, имараттың бір бөлігі) немесе арнаулы ашық алаңша

әкімшіліктік-жайғастыру ауданы: Астана қаласының әкімшіліктік-аумақтық бөліктері - қызмет-тік байланысы тығыз және ортақ жайғасымдық құрылымы бар бірнеше тұрғын аудандардан құралатын қала аумағының бөлігі.

антропогендік әсерлер: Табиғатқа, қоршаған ортаға, елді мекендерге адам тіршілігінің түрлі формалары әсерлерінің нәтижесінде пайда болған оң және теріс әсерлер. Теріс әсер болған жағдайда табиғатты қорғау шараларын қолдану қажеттігі туындайды.

көшеден тыс кеңістік: Қызыл сызықтардан шеткері құрылыстардың сызығына дейінгі кеңістік.

газонды торлар (автотұрақтардың бір
түрі): Газон шөптерін өсіруге арналған топырақ толтырылған ұяшықтар түріндегі берік материал-дардан арнайы технологиялар бойынша орын-далған автомобиль тұрақтары

гараждық кешендер: Сақтауға, тұрақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және автосервиспен, автомобиль мен оның қосалқы бөлшектерін сатуға байланысты қызмет көрсетудің басқа түрлеріне арналған ғимараттар мен ғимараттар тобы. Гараж кешендерінің құрамында автомобильге май құю шағын стансалары орналастырылуы мүмкін. Гараж кешендері түрлі қызметтік мақсаттардағы объек-тілермен (оқуға, емдеуге және балаларға арналған мекемелерден басқа) толықтырылуы мүмкін.

қала құрылысы қызметі (қала құрылысы): Қала құрылысы кеңістігін қалыптастырудың шығармашылық процесін, қала құрылысы жобасын жасауды, қала құрылысы құжаттамасының барлық шектес бөлімдерін үйлестіруді, жер учаскелерін пайдалану түрлерін анықтауды, азаматтардың, қоғамдық және мемлекеттік, сондай-ақ көрсетілген аумақтар мен елді мекендердің ұлттық, тарихи-мәдени, þкологиялық және табиғи мүдделерінің ескерілуімен іске асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, қала аумағын дамытудағы, қала аудандарын кешенді жобалаудағы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың қызметі.

қала құрылысы құжаттамасы: Аумақтар мен елді мекендерді дамыту және олардың құрылысын қалақұрылыстық жобалау жөніндегі құжаттама.

мемлекеттік қала құрылыстық кадастр: Қала құрылыстық тәртіптерді, қала құрылыс, сәулет және құрылыс қызметтері аумағын пайдаланудың әлеуметтік-құқықтық тәртібі, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету дәрежесі, онда орналасқан объек-тілердің параметрлері мен жағдайы, сондай-ақ, та-биғи-климаттық және þкологиялық жағдайы бойын-ша сипаттама беретін картографиялық, статисти-калық және мәтіндік ақпаратты қамтитын сандық және сапалық көрсеткіштердің мемлекеттік жүйесі.

қала құрылыстық жобалар: Аумақтар мен елді мекендерді немесе олардың бөліктерін кешенді қалақұрылыстық жобалаудың, ұйымдастырудың, дамы-тудың және салудың түпкі ойын қамтитын жобалар (Қазақстан Республикасы аумағын ұйымдастыру-дың бас сұлбасы, аумақтық дамудың аймақаралық сұлбалары, аумақтарды қалақұрылыстық жобалау-дың кешендік сұлбалары, елді мекендердің бас жобалары, бөлшектеп жоспарлау жобалары, өнер-кәсіптік аймақты жоспарлаудың жобалары, объек-тілер мен кешендердің бас жоспарлары, көркейту және көгалдандыру жобалары және де басқа жоспарлау жобалары);

қалақұрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасы: Аумақты ұйымдастыруға, қалақұрылыстық жоспарлауды дамытуға және қала аумақ-тары құрылысына, құрылысқа, соның ішінде объек-тілерді кеңейтуге, жаңартуға, техникалық қайта жабдықтауға, қайта құрылымдауға, қалпына келті-руге, күрделі жөндеуге, сондай-ақ, аумақтардың инженердік дайындауын ұйымдастыруға, көркей-туге, көгалдандыруға, сыртқы безендіруге қажетті жобаалды және жобалық құжаттаманы қамтитын мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың өзара байланыстырылған құжаттар жүйесі.

қала құрылысы регламенттері: Аумақтар-ды (жер учаскелерін) және басқа жылжымайтын мүлік нысандарын, сондай-ақ , олардың жағдайы-ның кез-келген заңды түрде белгіленген рұқсат етілген өзгертулерін (ауыртпалықтарды, тиым салу-лар мен сервитуттарды қоса) пайдалану тәртіптері, пайдалануға рұқсат беру, шектеу.

қала құрылыстық аймақтандыру: Қаланың жекелеген бөліктерін қызметтік пайдалануға (қыз-меттік аймақтандыруға), құрылысқа (құрылыстық аймақтандыруға) және ландшафтты ұйымдастыруға (ландшафттық аймақтандыруға) қойылатын мін-детті талаптар мен шектеулерді белгілеу.

қала құрылыстық кеңістік: Адамның (ел тұрғындарының, аймақтың, елді мекен, елді мекен бөлігі тұрғындарының) өмір сүретін және тіршілік ететін материалдық ортасы қалыптасатын қалақұ-рылыстық реттеу аумағы.

аумақтың қала құрылыстық сыйымдылы-
ғы: Белгіленген аумақты аймақтандыру және жоспарлау талаптарына сәйкес құрылыс көлемі. Құрылыстың нормативтік тығыздығы мен белгілен-ген аумақтағы жоспарланған қалақұрылыстық нор-малау объектісінің түріне сәйкес құрылыс аумағы-ның көлемімен анықталады.

қонақжай тұрақтары: Тұрғын құрылыстары-на келуші жеңіл автомобильді тұрғызуға арналған ашық алаңдар.

тұрғын аудан: Ықшамаудандар, кварталдар аумақтарына және тұрғын аудандарының жалпы пайдалану аумақтарына арналған, әдетте, өлшемі 100 га-дан көп қоныстық аумақтың бөлігі**:** мерзімдік қызмет көрсету объектілері, спорттық және коммуналдық имараттардың, автотұрақтардың, көшет егістер аумақтарының (саябақтар, желекжол-дар және т. б.), учаскелері, көшелер, алаңдар, автотұрақтар. Тұрғын ауданы аумағының шекарасы ретінде, ереже бойынша, жалпықалалық және аудандық маңызы бар магистралдардың қызыл сызықтары, басқа қызметтік мақсаттағы аумақ-тардың шекаралары, табиғи шекара алынады.

класты тұрғын үй - жоғарғы жайлылық деңгейлі тұрғын ұяшықтары.

II класты тұрғын үй - стандартты жайлылық деңгейлі тұрғын ұяшықтары

III класты тұрғын үй - жайлылықтың минималды жеткілікті деңгейіндегі тұрғын ұяшықтары

аумақтарды аймақтандыру: Қалақұрылыстық жоспарлау кезінде жеке аймақтарды қалақұрылыстық пайдалану түрлерін және оларды пайдала-нудың ықтимал шектеулерін белгілеп, аумақтарды қызметтік аймақтарға бөлу.

инженерлік инфрақұрылым: Адамдар тіршілігіне қолайлы жағдай, сондай-ақ, өндірістің тұрақты қызметіне немесе тауарлар мен қызмет айналымына жағдай жасайтын кәсіпорындардың (ұжымдар), объектілердің (ғимараттар мен имарат-тар), коммуникациялар мен инженерлік және ком-муналдық қамтамасыз ету желілерінің жиынтығы.

аумақты пайдалану қарқыны (құрылыс қарқыны): Қала құрылыстық мақсатқа лайықты-лығы жөнінен қызметтік бағытына сәйкес қаланың бас жоспарымен белгіленген құрылыс тығыздығы көрсеткіштерімен, аумақ құрылысы коэффициен-тімен, көшелік-жолдық желі тығыздығымен және аумақтардың нормативтік өлшемдерімен анықтала-тын ғимараттар мен имараттардың, сондай-ақ, аумақтың табиғи ландшафтының жалпы пара-метрлері.

жеке құрылыс: Осы санатқа жатқызуға мүмкіндік беретін белгілі бір типологиялық сипат-тамаларымен сипатталатын объектілер (жеке азаматтар немесе жеке құрылысшылар қаржысына салынатын жеке, коммерциялық, коммерциялық емес пайдалануға арналған ғимараттар, имараттар, жеке инженерлік қамтамасыз ету жүйелері):

- жеке бөлек тұрған немесе блокталған тұрғын үйлер;
- қоғамдық немесе иелерінің жеке еңбек қызметіне байланысты басқа мақсаттағы қосарлы-жапсарлай салынған бөлмелері бар жеке тұрғын үйлер*;
- қажетті инженерлік қамтамасыз ету әлементтерін қамтитын жеке еңбек қызметін атқаруға арналған өндірістік объектілер.

Қ оғамдық немесе жеке тұрғын үй иесінің жеке еңбек қызметіне байланысты басқа мақсаттағы бөлмелерде дүкендерді, кафелерді, бейнезалдарын, би барларын, мұражайлық немесе көрмелік бөлмелерді, жеке меншік кітапханаларды, ақпараттық орталықтарды, шығармашылық студиялар немесе шеберханаларды, жергілікті қолөнер шеберханаларын, тренажер залдарын, шағын спортзалдарды, шағын хәуіздерді, моншаларды, массаждық, косметикалық, дәрігерлік кабинеттерді, шаштараздарды орналастыруға және заңмен немесе оларды тұрғын нысандарында немесе қоныстық аумақтарда орналастыруға тыйым салатын өртке қарсы, санитарлық, әкологиялық және де басқа талаптармен шектелмеген мақсаттар мен қызмет түрлерін орналас-тыруға арналуы мүмкін.

квартал: Көшелік-жолдық желінің қызыл сызықтарымен шектелген көшеаралық аумақ.

кластер: Құн жасаудың бірегей тізбегі шеңберінде өзара қарым-қатынастағы тәуелсіз өнеркә-сіптік және/немесе қызмет көрсету фирмалардың, технологиялар мен ноу-хау жасаушылардың, байланыстырушы нарықтық институттар мен тұтынушылардың желісі.

қызыл сызықтар: Қалалардың жоспарлау құрылымындағы кварталдарды, ықшамаудандарды, басқа әлементтерді көшелерден (жүретін жолдар-дан, алаңдардан) бөліп тұратын шекаралар.

құрылыс коэффициенті: Құрылыс салынған аумақтың сыртқы қабырғалардағы габаритінің осы учаске аумағы ауданына қатынасы.

құрылысты реттеу сызықтары (құрылыс сызықтары): Ғимараттарды (имараттарды, құрылымдарды) қызыл және сары сызықтардан немесе жер учаскесі шекарасынан шегіністіпен орналастыру кезінде белгіленетін құрылыс шекарасы.

азқабатты пәтер-үй: Жер учаскесі, қасында шаруашылық және қосалқы құрылыстары, басқа да нысандары бар азқабатты тұрғын ғимарат, азқабатты тұрғын үй немесе олардың топтары. Бір отбасы тұратын пәтер-үй үй-жай деп аталады.

азқабатты тұрғын үй: Жобамен алдын ала ескерілген және/немесе құрылысы тамамдалған биіктігі шығыңқы іргелі қабат пен мансарданы қосканда үш қабаттан жоғары емес ғимарат. Азқа-батты тұрғын ғимарат бірпәтерлі немесе көппәтерлі болуы мүмкін.

азқабатты үй: Жайғастырылған және пайдаланудағы азқабатты тұрғын ғимарат.

нысандарды бақылау: Сәулет, қала құры-лысы және құрылыс нысандарының жағдайы мен өзгерістерін бақылау жүйесі.

морфотиптер: Қаланың түрлі әволюциялық даму кезеңдерінде қалыптасқан құрылыс типтері.

ерекше реттеу және қала құрылыстық регламент нысандары: Арнайы ережелерді (тәртіптерді) енгізусіз, аумақтарды, елді мекен жеке жылжымайтын мүлік аумақтарын пайдаланудың жалпы қабылданған ережелеріне (тәртіпке) ерек-шеліктер белгілеу немесе оларға толықтырулар енгізусіз іске асырылуы қиын немесе мүмкін емес сәулет, қала құрылысы және құрылыс нысандары.

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар: Бұл - заң бойынша ерекше қорғау тәртібі белгіленген табиғатты қорғауда, ғылыми, мәдени, әстетикалық, тынысжайлық және сауықтыруда ерекше маңызы бар табиғи объектілер: ұлттық саябақ, табиғи, табиғи-тарихи саябақ, кіші табиғи қорық, табиғат ескерткіші, қалалық орман немесе орман-саябақ, суды қорғау аймағы және ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың басқа санаттары орналасқан қала аумақтары.

аумақты көгалдандыру: Жасанды бақша-саябақтық кешендер мен объектілер - саябақ, бақ, гүлбақ, желекжол орналасқан табиғи кешен аумағының бөлігі; үстінің 70 %-тен кем емес бөлігін өсімдік жабыны алып жатқан тұрғын, қоғамдық, іскерлік, коммуналдық, өнеркәсіптік мақсаттағы құрылысы аз аумақтар.

құрылыс тығыздығы: Аумақ бірлігіне (мың кв. м/га) шаққандағы ғимараттар мен имараттардың жер үсті бөліктерінің құрылыс қабаттарының сыртқы қабырғалар габариттеріндегі жиынтық ауданы және аумақ бірлігіне (мың кв. м/га) шаққандағы көшелік-жолдық желінің ұзындығы.

тұрғын үй құрылысының тығыздығы: Тұрғын, аралас тұрғын құрылыс аумағы бірлігіне (мың $м^2$/га) шаққандағы тұрғын үйдің жер үсті бөліктерінің қабаттарының және сыртқы қабырға-лардың габариттерінде қосарлы-жапсарлай салын-ған тұрғын емес бөлмелердің жиынтық ауданы.

магистраль маңы аумағы: магистралды көшелермен жанасатын қаланың орталық ауданын қалалық түйіндермен немесе қалалық түйіндерді өзара біріктіретін бөліктерінде магистраль жанын-

дағы объектілер учаскелерінің еніне сәйкес келетін, бірақ қызыл сызықтан 50 м-ден аспайтын тереңдік-тегі жалпықалалық маңызы бар аумақ.

рампалық жүру жолы: көпқабатты тұрақ-тағы автомобильдердің жүруі үшін арнайы еңкіш құрылым.

сервитут: Жер учаскесі немесе басқа жылжымайтын мүлікті жеке меншіктенушінің, иемденушінің, пайдаланушының басқа адамның мен-шігіндегі (иемденуіндегі, пайдалануындағы) жер учаскесін (басқа жылжымайтын мүліін) шектеулі пайдалануына екіжақты келісім шарт, сот шешімі негізінде немесе басқа заңды негізде белгіленген құқығы.

қала құрылыстық жобалау сатылары: Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңына сәйкес қалақұрылыстық жобалаудың келесі сатылары белгіленген: Қаланың бас жобасы (М 1:10000), әкімшілік ауданын немесе жоспарлық ауданды (М 1:5000) дамытудың қалақұрылыстық жобасы, жоспарлау жобасы (М 1:2000), құрылыс жобасы (М 1:500).

қоныстық аумақ: Орналасуы мен қызметі арнайы санитарлық-қорғау аймақтарын талап етпейтін тұрғын, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және тынысжайлық аймақтарды, сондай-ақ, инженерлік және транспорттық инфрақұрылымдардың жеке бөліктерін, басқа объектілерді орналастыруға ар-налған елді мекен аумағының бөлігі.

түйістіру аумағы: Өнеркәсіптік аймақ пен басқа қызметтік мақсаттағы (тұрғын, қоғамдық, тынысжайлық) аумақты бөлетін көшенің алғышебі құрылысы нәтижесінде қалыптасатын аумақ.

әрқабаттық аудандардың жиынтығы: Қабаттардағы барлық бөлмелер енетін ғимараттың барлық жер үсті қабаттарының жиынтық ауданы.

адамның өмір сүру ортасы: Адам уақытын өткізетін орта, келесіні қамтиды:

қоршаған орта - биохимиялық айналым барысында жеке адаммен немесе қоғаммен бай-ланысты болатын және бірге әрекет ететін табиғи және жасанды жағдайлар мен объектілер, басқа сыртқы факторлар кешені.

сәулеттік-ландшафтық орта - адамның шаруашылық және де басқа қызметтерін атқаратын табиғи жағдайлар мен сәулеттік пішіндердің сабақ-тасатын кеңістігі. Әдетте, бұл - адамның өмір жағдайы мен психофизикалық жағадайын анықтай-тын қалалық орта.

ішкі орта - тұрғын бөлмелердегі өмір сүру жағдайлары мен жұмыс бөлмелеріндегі (әлеуметтік, þстетикалық, биологиялық, психологиялық және физикалық-химиялық, соның ішінде табиғи радиа-ция, сыртқы шу, кірлену, ылғалдық, ауаның құрамы мен қозғалуы, иістер, жану өнімдері, табиғи және жасанды жарық, су тазалығы және басқа фактор-ларды қамтитын жұмыс (өнеркәсіптік) бөлмелерін-дегі) еңбек ету жағдайларының жиынтығы.

әлеуметтік кепілдендірілген тіршілік әрекеті: Аумақты жобалау (қайта құрылымдау) кезінде қалақұрылыстық нормалау объектілерін қызметтік-жоспарлық ұйымдастыруда нормативтік параметр-лерді сақтай отырып қол жеткізілетін қазіргі әлеу-меттік, гигиеналық және қалақұрылыстық талап-тарға сәйкес қалалық ортаның жағдайы.

қалақұрылыстық реттеу аумағы: Шеңбе-рінде қандай да бір сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі атқарылатын аумақ.

қаланың табиғи кешендерінің (ТК) аумақ-тары: Ортаны қорғау, табиғатты қорғау, тынысжай-лық, сауықтыру және ландшафт құру қызметтерін орындайтын өсімдіктері және (немесе) су объек-тілері басым аумақтар.

көліктік инфрақұрылым: Көпір, тоннель және басқа көліктік имараттар, жол айырымдары мен жолөткелдері, реттегіш сигналды құрылғылары, байланыс, көлік жұмысын инженерлік қамтамасыз ететін объектілер, көлік құралдарына қызмет көр-сету, қозғалатын жүктері, жолаушылар, өнеркәсіптік және қызметкерлердің қызмет әрекетін қамтамасыз ету, қоймалық бөлмелер мен аумақтар, сани-тарлық-қорғау және қорғау аймақтары, сондай-ақ, көрсетілген қатынас жолдары мен объектілеріне заңды түрде бекітілген ондағы жылжымайтын мүлік термен қоса жер кешендері бар жерүсті (авто-мобиль және (немесе) темір) жолдарының, су (те-ңіздік және (немесе) өзендік) қатынасы жолдарының жиынтығы.

техногендік әсер: Ереже бойынша, тұрғын-дарға, елді мекендерге немесе қонысаралық аймақ-тарға адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде болған төтенше жағдайдың туу қаупі жоқ немесе қаупі бар табиғи және техногендік сипаттағы жа-ғымсыз немесе зиянды (қатерлі) әсер.

сәулет, қала құрылысы, және құрылыс қызметі жөніндегі уәкілетті орган: Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында мем-лекеттік басқаруды, сондай-ақ, заңмен алдын ала ескерілген салааралық реттеу және басқа арнайы орындау қызметтерін атқаратын мемлекеттік орган.

қызметтік және жайғастыру аймақтары: Белгілі бір шекарасы, қалақұрылыстық тәртіптері, әлеуметтік кепілдендірілген қызметтік мақсатына сәйкес тіршілік жағдайлары кешенін қамтамасыз ететін нормалары мен ережелері бар бүтін қалақұ-рылыстық аймақты құрайтын қала аймағының бөлігі.

3-қосымша
(міндетті)

Қ3.1 Тұрғын аумақтары

Тұрғын топтары, ықшамаудандары және тұрғын аудандары кварталдарының жобаларын жасаған кезде көрсеткіштер мен деректерді төменде көрсетілген кестелерге сәйкес келтіру қажет.

Қ3.1.1 к е с т е - Тұрғын бірлік, аралас тұрғын бірлік аумағының балансы (пішін)

Аумақтар	Өлш. бірл.	Қазіргі жағдай	Жобалық ұсыныс
Тұрғын бірліктің аумағы барлығы, соның ішінде:	га		
Құрылыс табанының ауданы	-«-		
Үй маңы аумағы барлығы, соның ішінде: 1 Ойын мен демалысқа арналған алаңшалары бар жасыл екпелер аумағы 2 Қонақжай автотұрақтар 3 Үйге апаратын жолдар 4 Спорттық алаңшалар 5 Басқа аумақтар	-«- -«- -«- -«- -«- -«-		

Қ 3.1.2 к е с т е - Тұрғын бірлік аумағының нормалау ұлементтері

№	Учаске ұлементі	өлшем бірлігі	Учаске аумағындағы ұлементтердің меншікті аудандары		
			Тұрғын учаскелер құрылыстарының тығыздығы (мың.кв.м/га)		
			25,0 - 20,0	25,0 - 15,0	15,0-5,0
	Үй алды аумағы	20 кв. М-ге аумақтың кв.м	8,6 - 12,0	9,4 - 16,0	12,4 - 56,7
	барлығы,				
	Соның ішінде	Тұрғын құрылыстың (қордың) жалпы ауданы*			
1	Қонақ автотұрақтары	-//-	0,7	0,8	0,9
2	Ойнау мен демалуға арналған алаңшалары бар жасыл екпелердің аумағы	-//-	5,0 - ден кем емес	6,0-ден кем емес	7,0-ден кем емес
*-тұрғын аумақтың жалпы ауданы - 5.2. кестесіне 2-қосымшаны қара.					

Қ3.1.3 к е с т е - Тұрғын топ, аралас тұрғын топ (пішін) аумағының балансы

Аумақтар	Өлш. бірл.	Қазіргі жағдай	Жобалық ұсыныс
Ықшамаудан аумағы, барлығы соның ішінде:	га		
Тұрғын бірлік, аралас тұрғын бірлік аумағы	-«-		
Топтың көпшілік пайдаланатын аумақтары барлығы, соның ішінде: 1 Бала бақшалар учаскелері 2 Жасыл екпелер учаскелериі 3 Жақындатылған қызмет көрсету объектілерінің учаскелері 4 Коммуналды объектілердің учаскелері 5 Жүру жолдары 6 Автотұрақтар	-«- -«- -«- -«- -«- -«-		
Басқа аумақтар	-«-		

Қ3.1.4 к е с т е - Тұрғын топты және аралас тұрғын топты нормалау ұлементтері

№	Топ аумағының ұлементтері	Өлшем бірлігі	Тұрғын топ аумағы ұлементтерінің меншікті аудандары		
			Тұрғын бірліктер құрылыстарының тығыздығы (мың.кв.м/га)		
			20,0-25,0	15,0-20,0	5,0-15,0
	Топтың көпшілік пайдалану аумағы барлығы,	кв.м адам	1,2кем емес	2,2 кем емес	2,7 кем емес
	Соның ішінде:				
1	Бала бақшалар учаскелері	-«-	0,6 кем емес	1,5 кем емес	1,8 кем емес
2	Жасыл екпелер учаскелері	-«-	0,3 кем емес	0,3 кем емес	0,3 кем емес
3	Жақындатылған қызмет көрсету объектілерінің учаскелері	-«-	0,3 артық емес	0,5 артық емес	0,7 артық емес
4	Автотұрақтар учаскелері	-«-	0,3 артық емес	0,4 артық емес	0,5 артық емес

Қ3.1.5 к е с т е - Ықшамаудан аумағының (пішін) балансі

Аумақтар	Өлшем бірлігі	Қазіргі жағдай	Жобалық ұсыныс
Ықшамаудандардың жалпы аумағы, Соның ішінде:	га		
Тұрғын топтың, аралас тұрғын топтың аумағы	-«-		
Ықшамауданның көпшілік пайдалану аумағы барлығы, Соның ішінде:	-«-		
1 Мектеп учаскелері	-«-		
2 Қызмет көрсету объектілерінің учаскелері	-«-		
3 Жасыл екпелердің учаскелері	-«-		
4 Коммуналдық объектілердің учаскелері	-«-		
5 Автотұрақтар учаскелері	-«-		
6 Көшелер мен өту жолдары	-«-		
Басқа аумақтар	-«-		

Қ3.1.6кесте - Ықшамаудан аумағын нормалау ұлементтері

№	Ықшамаудан аумағының ұлементтері	Өлш. бірл.	Өлшемдері төмендегідей магистраралық аумақтарда орналасқан ықшамаудан аумағы ұлементтерінің меншікті аудандары		
			500 га-ға дейін	500 - 1000 га	1000 га-дан артық
	Ықшамаудандардың көпшілік пайдалану аумақтары барлығы, Соның ішінде:	кв.м адам	2,4-тен кем емес	2,9-дан кем емес	3,5-тен кем емес
1	Мектеп учаскелері	-«-	1,5-тен кем емес	2,0-дан кем емес	2,4-тен кем емес
2	Жасыл екпелердің учаскелері	-«-	0,4-тен кем емес	0,3-тен кем емес	0,3-тен кем емес
3	Қызмет көрсету объектілерінің учаскелері	-«-	0,4-тен артық емес	0,6-дан артық емес	0,9-дан артық емес
4	Коммуналдық объектілердің учаскелері	-«-	0,1-ден артық емес	0,1-ден артық емес	0,1-ден артық емес
5	Автотұрақтар учаскелері	-«-	0,4-тен артық емес	0,5-тен артық емес	0,6-дан артық емес

Қ3.1.7 к е с т е - Тұрғын аудан аумағының (пішін) балансы

Аумақтар	Өлш. бірл.	Қазіргі жағдай	Жобалық ұсыныс
Тұрғын аудан аумақтары барлығы,	га		
Соның ішінде:			
Ықшам аудан аумақтары	-«-		
Тұрғын ауданның көпшілік пайдалану аумақтары барлығы,	-«-		
Соның ішінде:			
1 ТҚК объектілерінің учаскелері	-«-		
2 спорт имараттарының учаскелері	-«-		
3 Жасыл екпелердің учаскелері	-«-		
4 Коммуналдық объектілердің учаскелері	-«-		
5 Автотұрақтар учаскелері	-«-		
6 Көшелері, алаңдар	-«-		
Басқа аумақтар	-«-		

Қ3.1.8 к е с т е - Тұрғын аудан аумақтарының нормалау ұлементтері

	Тұрғын аудан аумағының ұлементтері	Өлш. бірл.	Өлшемдері төменде көрсетілгендей магистраларалық аумақтарда орналасқан тұрғын аудан аумағы ұлементтерінің меншікті аудандары.	
			500 - 1000 га	более 1000 га
	Тұрғын ауданның көпшілік пайдалану аумақтары барлығы, Соның ішінде :	кв.м адам	14,0 артық емес	16,0 артық емес
1	Спорт имараттарының учаскелері	-«-	1,0 кем емес	1,2 кем емес
2	Жасыл екпелердің учаскелері	-«-	4,0 кем емес	5,0 кем емес
3	Коммуналдық объектілердің учаскелері	-«-	0,2 артық емес	0,2 артық емес
4	Автотұрақтар учаскелері	-«-	0,8 артық емес	0,8 артық емес
5	ТҚК объектілерінің учаскелері, көшелер, алаңдар, тұрақтар	-«-	8,0 артық емес	8,8 артық емес

Қ3.2 Тұрғын үй құрылысы

Тұрғын аймақтардың магистралалдылық аумақтары құрылысының жобаларын жасаған кез-де, қағида бойынша төменде келтірілген белгі-ленген тәртіпте бекітілген жобалауға арналған тапсырмаға енгізілген талаптардан тұрғын бірліктер мен тұрғын топтардың сәулеттік-жайғасымдық шешімдерге жағдайларды ескеру керек:

Қ3.2.1 Негізгі қасбеттері қаланың және ауданның магистралды көшелеріне шығатын I-ші және II-ші класты көпқабатты тұрғын ғимараттарда көшелер жақтан басты кіру жолдарын және аула жақтан қызмет көрсету жұмыскерлеріне, қоқыс шығаруға, жиһазды киргізуге арналған кіру жолдарын қарастыру керек.

Ғимаратқа кіретін басты кіру жолдарында келесі бөлмелерден тұратын кіру тобын жасау қажет:

- консьерж, лифтер, күзетшіге арналған орын-дар мен бөлмелерді бөліп екіжарықты вестибюль немесе атриум;

тұрғындар мен келушілердің дем алуына, әңгімелесуіне және күтуіне арналған орындары бар холл;

қызмет көрсету персоналының сыртқы киімін сақтауға арналған бөлме;

персоналға арналған дәретхана;

раковинасы мен суағары бар жинап тазалау құралдарын сақтауға арналған бөлме;

балалар коляскаларын, велосипедтерді және т.с.с. уақытша сақтауға арналған бөлме

Қ3.2.2 Кіру тобының (вестибюль, холл, бас-палдақ-лифт түйіні) әрлеуін табиғи таспен (гранит, мәрмәр, туф, травертин және т.б.) орындау керек.

Қалалық және аудандық қызметтегі магис-тралдық көшелерге шығатын ғимараттардың қас-беттерін 2-қабаттан кем емес биіктікке табиғи таспен әрлеу керек.

Қ3.2.3 Көпқабатты тұрғын үйлер топтарының аулаларында қоқысқа арналған, қоқысты әйнекке, пластмассаға, органикаға контейнерлерге арналған бөліп қоймалау алаңшаларын қарастыру керек. Бұл орайда, контейнерлерге арналған алаңшаларды жергілікті әшекей қоршаулармен қоршау, баскетті өсімдіктермен қаптау керек. Балалардың мектепке дейінгі, мектеп және емдеу мекемелерінің учаске-лерінен терезелер мен тұрғын және қоғамдық ғи-мараттардың шекараларын осы нормалардың 6.2.11 т. сәйкес көрсетілген арақашықтықта қабыл-дау керек.

Қ3.2.4 Ғимараттар мен көшелердің жүру бөлігінің аралығындағы аумақтарда (сәулет өнері департаментінің келісімімен):

көгалдарды егу, баскеттік көгерістерді, әшекейлік ағаштарды және бұталарды отырғызу, гүлалаңшаларына бөлуді;

хәуіздерді, әшекейлік субұрқақтарды және басқа су құрылғыларын салуды;

- аумақтарды әшекей шырақтарды, ғимараттардың қасбеттерінің жарықшамдарын қолдану арқылы жарықтандыру мен көгалдандыру мен абаттандыру þлементтерін ;

шағын сәулеттік пішіндерді (орындықтар, перголаларды, мүсіндерді, сұхбатжайларды және т.б.) орнатуды;

демалысқа арналған жаяужолдарды, сүрлеулерді, алаңшаларды құмды және тақталық жабынмен құруды қарастыру керек.

Қ3.2.5 Тұрғын үйлердің аулаішілік кеңістіктерінде тыныш дем алуға арналған алаңшаларды, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға арналған балалардың ойын алаңдарын, спорт алаңдарын, шаруашылық алаңдарын, жүру жолдарын, автомобильдердің тұрақтарын қарас-тыру керек. Бұл ретте көгалдар мен гүлалаңшала-ры, баскеттік көгерістер түріндегі көгалдандыруды, әшекей бұталар мен ағаштарды отырғызуды, шағын сәулеттік пішіндерді, ойын құрылғыларын орнатуды, субұрқақтарды, су шашушы және әшекей хәуіздерді құруды кеңінен қолдану, алаңшалар мен сүрлеу-лердің жабындарында әр түрлі табиғи және жасанды материалдарды, соның ішінде оларды ершутаспен және жиектаспен жиектеу арқылы тақталарды пайдалану керек.

4-қосымша
(міндетті)

Қызмет көрсету мекемелері және кәсіпорындары

Қ4.1 Мектепке дейінгі балалар мекемелері және мектептер

Қ4.1.1 Балалардың мектепке дей інгі мекеме-лерін және жалпы типті мектептерді ҚР ҚНжЕ 3.02-24 және ҚР ҚНжЕ 3.02-25-тің талаптарына сәйкес жобалау керек.

Қ4.1.2 Мектепке дейінгі балалар мекеме-лерінің және мектептердің қажеттілігі әрбір тұрғын ауданға арналған оның аумақтарындағы халықтың демографиялық құрылымына сәйкес, сондай-ақ жүргіншілер жолдарына қолайлылығы 300 және 500 м-ге дейінгі сәйкестікте анықталады. Астана қаласы бойынша шамамен алынған деморгафиялық көр-сеткіштер Қ4.3-кестеде келтірілген. Балалар мекемелеріндегі қажеттілікті есептеу кезінде Қ4.1-кестені пайдалану ұсынылады. Мектептердегі қажеттілікті есептеу кезінде Қ4.2-кестені пайдалану ұсынылады.

Қ4.1.3 Мектепке дейінгі мамандандырылған мекемелер және әлсіз балаларға арналған мектеп-тер орташа көрсеткіштерді негізге ала отырып есеп-теледі: мектепке дейінгі мекемелер бойынша 1000 тұрғынға - 2 орын және мектептер (мектеп-интернаттарды қоса алғанда) бойынша 1000 тұр-ғынға - 3 орын.

Қ4.1.4 Қала мақсатындағы музыкалық, спорт-тық, көркемөнер мектептерін қаланың тұрғын аудандарында 15 минутта жететіндей орналастыру керек. Мамандандырылған мектеп учаскелерін: спорттық және мектеп-интернаттардың объектіле-ріне - 2.0-2.5 га, музыкалық, көркемөнер - бір орынға 18 $м^2$, мектепке дейінгі мамандандырылған мекемелер - топқа - 700-800 $м^2$.

Қ4.2 Жоғары және орта оқу орындары

Қ4.2.1 Жоғары және орта оқу орындарын жобалау ҚР ҚНжЕ 3.02-25-ке сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамдық тамақтану, спорт, қызмет көрсету мекемелерінің құрамы тапсырмаға сәйкес анықталады. Жоғары оқу орындарын орналастыру барысында қызмет көрсетудің жалпы мекемелерін қалыптастыра отырып, оларды: спорттық, мәдени, ғылыми және т.с. кешендерге біріктіру керек.

Оқушылардың (студенттердің) саны, жоғары, орта арнайы оқу орындары мен кәсіби-техникалық училищелерді мамандандыру жобалауға арналған тапсырмамен анықталады.

Қ4.2.2 Техникалық училищелерге, колледж-дерге деген қажеттіліктерді есептеу қала ауданында 15-тен 17-ге дейінгі балаларды 50-60 % қамти отырып қабылдау ескеріледі.

Қ4.2.3 Орта арнайы оқу орындарын және кәсіби-техникалық училищелерді санитарлық нор-маларды сақтай отырып халық шаруашылығы сала-ларының сәйкес кәсіпорындарына жақын орналас-тыру керек.

I-III зияндылық класындағы кәсіпорындардың санитарлық-қорғаныстық шекараларында оқу орын-дарын өндірістік объектілерді жобалауға қойылатын Санитарлық-ғпидемиологиялық талап-тарға сәйкес орналастыруға жол беріледі.

Оқу кешендерін бірыңғай қосалқы шаруа-шылықпен, жатақханалармен, спорттық және мәдени-тұрмыстық бөлмелермен, сондай-ақ тиісті негіздеме болғанда жалпы оқу және өндірістік-оқу бөлмелерімен қалыптастыру ұсынылады.

Қ4.2.4* **(Алынып тасталды - ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.04.2019 жылғы №46-НҚ бұйрығы)**

Қ4.3 Денсаулық сақтау мекемелері

Қ4.3.1 Денсаулық сақтау мекемелеріне жатып емделушілерге арналған мекемелер (ауруханалар), амбулаторлық-емханалық мекемелер (дәрігерлер-дің жалпы тәжірибелік амбулаториялары, кеңес берушi-диагностикалық орталықтар), диспансерлер, перзентханалар, медициналық жедел жәрдем қосалқы стансалары, сүт тарату орындары, дәріха-налар, Мемсанғпидемиология бақылау орталықта-ры, дезстансалар кіреді.

Қ4.3.2 Денсаулық сақтау мекемелері жер учаскелерінің өлшемдерін келесідегідей етіп алу керек:

- аурухана мен құрылыстың типіне байланыс-ты ересектерге арналған (хосписер мен қалпына келтіру емханаларынан басқасы) ауруханалар - 1 кереуетке - 80 $м^2$, хоспистер - 1 кереуетке - 600 $м^2$, қалпына келтіру емханалары - 1 кереуетке - 144 $м^2$;

- аурухана мен құрылыстың типіне байланыс-ты балаларға арналған (балалардың қалпына келтіру ауруханаларынан басқасы) ауруханалар - 1 кереуетке - 150 $м^2$, балалардың қалпына келтіру ауруханалары - 180 $м^2$, перзентханалар - бір кереуетке - 100 $м^2$;

емханалар, кеңес беру-диагностикалық орталықтары және диспансерлер (жатып емделушi-лерсіз) көлемдік-құрылымдық шешімге байланысты және ғимараттардың құрылыс алаңдарындағы кіреберіс пен жаяу жолдарды ескере отырып, бірақ объектіге 0.6 га-дан кем емес;

медициналық жедел жәрдем қосалқы стан-салары, 1 объектіге - 0.4-0.6 га;

дәріханалар - 1 объектіге - 0.3-0.5 га.

Қ4.3.3 Жасыл екпелер мен көгалдардың ау-даны аурухана учаскесінің жалпы ауданының 50 %-інен кем болмауы тиіс.

Қ4.3.4 Тұрғын аумақтардағы емханаларды қоғамдық көлік аялдамаларынан - 100-150 м қашық-тықта жаяу жүретін жолдарды ескере отырып, ереже бойынша, жекеленген жер учаскелеріне санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып орналастыру қажет. Сыйымдылық 11.1-кесте бойынша қабылданады.

Қ4.3.5 Дәріханалар мен сүт тарату орында-рын, дәрігерлердің жалпы тәжірибелік амбу-латорияларын тұрғын құрылыстарда жүргіншілер жолдарына жетуі 400 м-ге дейінгі радиуста қосарлы және қосарлы-жапсарлас салып орналастырады.

Қалыптасқан және қайта қалпына келтірілетін аудандарда осы мекемелердің бар жүйелері сақталады.

Қ4.3.6 Жалпықалалық деңгейге ересектер мен балаларға арналған клиникалық көпсалалық ауруханалар (мамандандырылған және тар арнайы

бөлімдер), ересектер мен балаларға арналған арнайы бағыттағы ауруханалар, арнайы аурухана-лар мен қалалық диспансерлер жанындағы ғылыми-кеңес беру орталықтары, ведомство қарамағындағы ҒЗИ-лар мен емханалар жатады.

Қаланың әкімшілік аудандарында ересектер мен балаларға арналған клиникалық көпсалалы ауруханаларды (жалпы салалар бөлімшелерін), ересектерге арналған арнайы ауруханаларды (психиатриялық, психоневрологиялық, наркология-лық, туберкулездік), клиникалық көпсалалы ауру-ханалар жанындағы кеңес беру-диагностикалық орталықтар мен емханаларды орналастыру керек. Әкімшілік аудандардың қалақұрылыстық даму жоспарының негізінде перзентханаларды, ере-сектер мен балаларға арналған стоматологиялық емханаларды, әйелдерге кеңес беру кабинеттерін, диспансерлерді (туберкулезге қарсы, дәрігерлік-дене тәрбиесі, психоневрологиялық, наркологиялық, тері-венерологиялық), тар мамандықтар бойынша емханалардың (кабинеттердің) орталықтандырылған бөлімшелерін орналастыру керек.

Сондай-ақ, қала аудандарында хоспистерді, медбикелік күтім үйлерін орналастыру керек.

Тұрғын үйлер тобы үшін дәрігерлердің жалпы тәжірибелік амбулаторияларын қарастыру керек. Жалпы тәжірибелік амбулаторияларды, әйелдерге кеңес беру және стоматологиялық емханаларды тиісті гигиеналық, өртке қарсы және санитарлық талаптарды сақтай отырып, тұрғын үйлерге қосарлы орналастыруға жол беріледі.

Қ4.3.7 СЕМ-дегі халықтың қажеттілік көрсеткіштерін ҚР ҚБҚ 3.02-23 бойынша қабылдау керек.

Қ4.4 Әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелері

Қ4.4.1 Әлеуметтік қамтамасыз ету мекеме-лерінің торабы Әлеуметтік қорғау мекемелерін да-мыту сұлбаларының негізінде анықталады және оларға интернат-үйлер, әлеуметтік-реабилитация-лық мекемелер, әлеуметтік аумақтық орталықтар, мүгедектер мен қарттарға арналған арнайы тұрғын үйлер жатады.

Қ4.4.2 Интернат-үйлер, соның ішінде жалпы типті, писхохроникте рге арналған, мүгедек бала-ларға арналған балалар үйлерін ҚР ҚНжЕ 3.02-31-ке сәйкес аумақтың жекеленген учаскелеріне және қаланың ішіндегі жасыл аймақтарға орналастыру керек және 1000 тұрғынға 2,1 орыннан есептеледі. Әлеуметтік қызмет көрсетудің кешендік орталығын 11.1-кесте бойынша есептеу керек. Реабилитация мен сауықтыру орталықтары 1 орын есебінен анықталады, ана мен бала орталықтары - 0.02 орын, тұратын мекені анықталмаған тұлғалардың жиналатын орталықтары - 0.07 орын, әлеуметтік реабилитация орталықтары - 0.06 орын, жатақ үйлер - 1000 тұрғынға -0-3 орын.

Қ4.4.3 Әлеуметтік қызмет көрсетудің кешенді орталығы қарттар мен мүгедектердің және өзге де әлеуметтік жағынан қорғалмаған тұрғындар топтарының күндіз болатын және оларға 1.5 км радиуста үйге келіп қызмет көрсетуге арналған мекеме болып табылады және олар қала ауданына 1 объект есебінен қабылданады.

Орталық күндізгі уақытта ақысыз меди-циналық және еңбек әрекетінің мүмкіндіктеріне қарай мәдени қызмет көрсетуді, сондай-ақ әр түрлі ақылы қызмет көрсету мен тамақтандыруды ұсынады.

Орталық емдік-өндірістік, мәдени-тұрмыстық бөлмелерді, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорын-дарын, медициналық және емдік-дене шынықтыру кабинеттерін қамтуы тиіс.

Қ4.4.4 Әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері жер учаскелерінің өлшемдерін, қарттар мен еңбек ардагерлеріне арналған интернат-үйлер сыйым-дылығы 500-300 орындық 1 орынға аумақтың - 90-120 $м^2$; жарымжан мүгедектерге арналған интернат-үйлерде сыйымдылығы 50-200 орындық - 1 орынға аумақтың - 96-144 $м^2$, психоневрологиялық интер-наттарда сыйымдылығы 200-600 орындық - 1 орынға аумақтың - 96-144 $м^2$ етіп қабылдау керек.

Қ4.5 Мәдениет және өнер мекемелері

Қ4.5.1 Мәдениет және өнер мекемелерін мәдениет және өнер мекемелерін дамытудың бас сұлбасы негізінде Астана қаласының қоғамдық орталықтары жүйесінде, сондай-ақ тұрғын және тынысжай аумақтарында орналастырады. Театр-ларды, концерт залдарын, мұражайларды, көрме-лерді, кітапханаларды, мектептен тыс тәрбиелеу мекемелерін Астана қаласының қоғамдық орталық-тарының құрамында орналастыру ұсынылады.

Қ4.5.2 Кітапханаларды, балалардың уақыт өткізу топтарын, зейнеткерлер клубтарын, бейне салондарын қажетті гигиеналық, өртке қарсы және санитарлық талаптарды сақтай отырып, тұрғын үйлерге қосарлы-жапсарлас және қосарлы орналастыруға жол беріледі.

Қ4.5.3 Мұражайлардың, көрме залдарының, театрлардың, зообақтардың және басқа бірегей объектілердің жер учаскелерінің сыйымдылығы мен өлшемдері жобалауға арналған тапсырмамен анықталады. Халықты минималды қамтамасыз ететін локалды және жергілікті мақсаттағы мәдениет мекемелері 11.1, 11.2-кестелері бойынша есепте-леді.

Қ4.6 Сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары

Қ4.6.1 Қоғамдық, тұрғын, өндірістік және тынысжайлық аумақтарда сауда, қоғамдық тамақ-тану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын орналастырады.

Сауда-тұрмыстық мақсаттағы жергілікті деңгейдегі кәсіпорындар 11.1, 11.2-кестелері бойынша есептеледі.

Тұрмыстық химия тауарлары, тез тұтанғыш және жанатын материалдары бар арнайы дүкен-дерді, сондай-ақ санитарлық талаптарға жауап бермейтін дүкендерді қоспағанда қосарлы, қосар-лы-жапсарлас және жапсарлас салынған дүкен-дерді орналастыруға жол беріледі.

Сондай-ақ тұрғын үйлерге 50-ге дейін отырғызу орны бар қоғамдық тамақтану кәсіп-орындарын және күніне 500-ге дейін түскі ас дайындайтын үй асханаларын, шеберханалар мен ательелерді, кір жуу және химтазалау орындарын гигиеналық, өртке қарсы және санитарлық талаптарды сақтаған жағдайда орналастыруға жол беріледі.

Қ4.6.2 Шетелдік тәжірибе негізінде қамтама-сыз ету аймақтарын пайдаланатын қоғамдық

кеңістікті ұйымдастырудың бір түрі ретінде молла, поссаж, плаз табиғи жарықтарын барынша пай-даланып, қоғамдық ғимараттар мен имараттар арасындағы кеңістікті толтыратын дамыған сауда-ойын-сауық торабы бар жүргіншілердің жерүсті (жеңіл құрылымдармен жабылған) және жерасты тынысжайлық аймақтарын қолдану ұсынылады.

Қ4.6.3 Сондай-ақ автокафе қызметін - автомобильдің ішіндегі клиенттерге қызмет көрсету объектілерін пайдалану ұсынылады. (7-қосымша - Учаскелердің жоспары).

Қ4.7 Дене шынықтыру-спорт мекемелері

Қ4.7.1 Қала аудандарының дене шынықтыру-спорт мекемелері желісіне төмендегілер енгізілуі тиіс:

тұрғын топтардың шегінде 500 м-ге дейінгі радиуста орналастырылатын күнделікті қызмет көрсету мекемелері (дене тәрбиесі-емделу, жас-өспірімдер, жастар), қажетті санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарды сақтаған жағдайда тұрғын ғимараттардың құрамында орналастырыла-тын тұрғын үйлерге жақын дене шынықтыру-сауықтыру мақсатындағы бөлмелер;

жету радиусы 15 мин-тан аспайтын тұрғын ауданның көпшілік қолданатын қоғамдық аймақ-тары мен көгалдандырылған аумақтарында орналастырылатын мерзімді қызмет көрсету мекемелері (қала аудандарындағы дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары - жабық спорттық имараттар, стадион-дар, спорт залдары, жеңіл атлетика имараттары, фитнес-клубтар, сауналар, жаттығу залдары, теннис, жабық, ашық хәуіздер, аквапарктер, балалар-жастар спорт мектептері, дене шынықтыру-тынысжай има-раттарының кешендері);

Қ4.7.2 Күнделікті және мерзімді қызмет көрсе-туге арналған имараттармен және аумақтармен қамтамасыз етудің ең аз мөлшерінің есептік көрсеткіштері Қ.4.4-кестесінде келтірілген, оларды демографияны ескере отырып жобалауға арналған тапсырмада анықтау керек.

Көпшілік пайдаланатын көгалдандырылған аумақтарда орналастырылатын дене шынықтыру-тынысжай кешендерінің есептік сыйымдылығы тынысжай аумақтарындағы рұхсат етілетін шекті жүктемелерден аспауы тиіс және жобалау тапсырмасымен нақтыланады (арнайы клубтар және ат спорты, тау шаңғысы орталығы, қайық þллингтері, ипподромдар, атқа салт мініп жүруге арналған манеждер, гольфқа арналған учаскелер, шаңғы трамплиндері типті кешендер).

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің бөлімдері (БЖСМ) 50 мың тұрғынға 1 бөлім есебінен, бірақ ауданға бір бөлімнен кем емес шамада орналасады.

Қ4.7.3 Күнделікті және мерзімді қызмет көрсететін дене шынықтыру-сауықтыру имаратта-рын орналастыруды мүгедектер және халықтың аз әрекетті топтары қолдана алатындай етіп қамтама-сыз ету талаптарын ескере отырып жүргізу керек.

Қ4.7.4 Мерзімді қызмет көрсететін дене шынықтыру-сауықтыру мекемелерінің имараттарын, ереже бойынша, қоғамдық орталықта жинақы түрде орналастыру керек.

Құрылысына айтарлықтай аумақ талап етілетін БЖСМ бөлімдерін аумақ жеткілікті болған жағдайда қазіргі бар мектептердің учаскелерінде орналастыруға жол беріледі.

Қ4.8 Қоғамдық дәретханалар

Қ4.8.1 Тұрғын аумақтарда қоғамдық дәретханаларды ықшамаудандар мен тұрғын аудандардың қоғамдық орталықтары қалыптасқан орындарында орналастыру керек. Қоғамдық дәретханалар құралдарының санын ықшамаудан мен тұрғын аудан тұрғындарына 11.1-кестесіндегі салыстырмалы көрсеткіштерге сәйкес есептеу керек. Ықшамаудандар мен тұрғын аудандар орталықтарын жергілікті қалалық орталықпен біріктірген немесе олар магис-тралдық көше-жол тораптарына жанасқан жағдай-да қоғамдық дәретханалар құралдарының санын 4-қосымшаның Қ4.5 және Қ4.6-кестелерінде келтірі-лген күндізгі жүктемеге қатысты есептеу керек.

Қ4.8.2 Жалпықалалық орталық жүйесінің аумақтарында қоғамдық дәретханалар құрал-дарының санын 5 және 6 кестеде келтірілген күндізгі жүктемеге қатысты есептеу керек. Стационарлық типтегі жеке тұрған қоғамдық дәретханаларды тұр-ғын үйлер мен балалар мекемелерінен 50 м-ден кем емес қашықтықта орналастыру керек.

Қ4.8.3 Саябақтардың, бақтардың, гүлбақ-тардың, желекжолдардың аумақтарында қоғамдық дәретханалар құралдарының санын тынысжай объектілерінің бір уақыттағы келушілеріне есептеу керек. Стационарлық типтегі дәретханалардың есебі аумақтардың тынысжай сыйымдылығын ескере отырып, жексенбі күндеріндегі тынысжай объектілеріне келушілерінің бір уақыттағы ең үлкен көрсеткішінің негізінде жүргізіледі, ал уақытша көпшілік шараларын өткізген кезде және мереке күндері дәретханалардың жетпеген санын уақытша кабиналармен толтыру керек. Құралдардың (каби-налардың) есептік саны тынысжай объектілеріне келушілердің бір уақыттағы ең көп санының 20 %-ін құрауы тиіс. Ені 25 м-ден артық желекжолдардың аумақтарына және гүлбақтардың аумақтарында тек қана жерасты дәретханалары орналастырылуы керек.

Қ4.8.4 Ерекше қорғалатын табиғат аумақта-рында қоғамдық дәретханаларды орналастыруды және олардың есебін арнайы негіздеме бойынша жүргізу керек.

Қ4.8.5 Магистралды көше-жол тораптарына бойлай орналастырылатын қоғамдық дәретханалар құралдарының санының есебі магистралдың қала аумағындағы орналасқан орнына байланысты:

- жалпықалалық орталық жүйесінің аумақта-рына магистралдың жанасуы жағдайында - Қ4.6-кестеге сәйкес;

орталық қала ауданына іргелес аумақтарда автомобильге май құю стансалары мен техникалық қызмет көрсету стансалары орналасқан орындарында Қ4.6-кестенің 2-ескертуіне сәйкес «қарбалас» сағатындағы күндізгі жүктемеден алынған дәретханаға келушілер саны үлесінің есебінен, бірақ орналастыратын объектіге қоғамдық дәретханалардың екі құралынан кем болмайтын есептен жүргізілуі керек.

Қ 4.1 к е с т е - Мектепке дейінгі балалар мекемелерін дамытудың шамалық көрсеткіштері

	қамту	балалар %	1000 тұрғ. арналған орын көрсеткіштері
	1-6жас	1-6жас	
Астана қаласы	70 %	8,2	57

Қ 4.2 к е с т е - Балаларды мектептермен қамтамасыз етуді есептеудің бақылау және шамалау көрсеткіштері

Балалардың 1000 тұрғынға шамамен алынған саны (тексерумен анықталады)		Жалпы білім беру мекемелерінің қамту нормасы (%)	Балаларды мектептермен қамтамасыз етудің шамамен алынған көрсеткіші (мың тұрғынға арналған орын)
6 жас	12	50	6
7-15жас	114	100	122
16 - 17, 18 (50 %) жас	39	75	29

4.3 к е с т е - Қаланың жайғастыру þлементтері бойынша Астана қаласындағы тұрақты халықтың шамамен алынған жас құрылымы (%).

Көрсеткіштер	Астана
Тұрақты халықтың саны, соның ішінде: (%)	100
Балалар және жасөспірімдер, олардың ішінде жасы:	24
0-6жас	10
7-15жас	14
еңбекке қабілетті халық,	56
олардың ішінде, жасы: 16 - 17 жас	3,3
еңбекке қабілеттіліктен жасы үлкендері	20

Қ 4.4 к е с т е - Дене шынықтыру-сауықтыру мекемелерінің есептік көрсеткіштері

Қызмет көрсету деңгейі, кешеннің типі	Есептік көрсеткіштер	
	Жабық имараттардың жалпы ауданы ($м^2$/адам)	Кешен аумақтарының ауданы ($м^2$/адам)
1 Күнделікті қызмет көрсету- (дене шынықтыру-сауықтыру клубтары)	0,16	0,36-0,84
2 Мерзімді қызмет көрсету, барлығы	0,23	1,56-1,8
соның ішінде:		
- аудандардың дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары	0,17	1,2-1,44
- арнайы дене шынықтыру-сауықтыру имараттары (БЖАМ)	0,024	
- маусымдық дене шынықтыру-тынысжай имараттары кешендері	0,04	0,36
БАРЛЫҒЫ	0,39	1,92-2,64
Соның ішінде:		
- тұрғын құрылыстарда орналастырылатын имараттар	0,35	1,56-2,28
- саябақтарда орналастырылатын имараттар	0,04	0,36

Е с к е р т у - Кешендер ауданының көрсеткіштері жүргіншілер жолдары бар жерлерде төселетін әр түрлі мақсаттағы тасжолдардың көрсеткіштерін ескерусіз берілген.

4.5 к е с т е - Жалпықалалық орталық жүйелерінің аумақтарындағы күндізгі жүктеменің шамамен алынған көрсеткіштері

Қала аумағының бөліктері	Мөлшерлеу объектілері (жалпықалалық орталық жүйесінің аумақтары)					
	Орталық ауданы	Қала құрылыстық түйін	Магистраль маңы аумағы	Көпқызметтік парк аймағы	Арнайы қоғамдық орталықтар	Жергілікті қоғамдық орталықтар
	1 Күндізгі жүктеме (қарбалас сағатындағы мың адам)*					
Қала орталығының тарихи аумағы:						
- вокзалдар	15	15				
- ауысып мінетін түйіндер	10	10				
Қала аумақтарының орта бөлігі:						
- ауысып мінетін түйіндер		13		13		
Қала аумақтарының шеткі бөлігі:						
- ауысып мінетін түйіндер				5	8	8

- күндізгі жүктемеге жаяу жүріс ағыны мен автомобильдік ағындағы жолаушылар кіреді;

4.6 к е с т е - Жалпықалалық орталық жүйелерінің аумақтарындағы қоғамдық дәретхана құралдары санының есептік көрсеткіштері

Қала аумақтарының бөліктері	Мөлшерлеу объектілері (жалпықалалық орталық жүйесінің аумақтары)					
	Орталық ауданы	Қала құрылыстық түйін	Магистраль маңы Аумағы	Көпқызметтік парк аймағы	Арнайы қоғамдық орталықтар	Жергілікті қоғамдық орталықтар
	Қоғамдық дәретхана құралдарының саны					
Қала орталығының тарихи аумағы:						
- вокзалдар	150	150				
- ауысып мінетін түйіндер	100	100				
Қала аумақтарының орта бөлігі:						
- ауысып мінетін түйіндер		125		75		
Қала аумақтарының шеткі бөлігі:						
- ауысып мінетін түйіндер				50	75	75

Ескертулер

1 Құралдарың есептік санының 60 %-інен кем емес мөлшері жерастылық, қосарлы салынған дәретханаларда , сондай-ақ қоғамдық қызмет көрсету мекемелерінің (сауда орталықтары, жәрмеңкелер, кафелер және т. с.) көпшіліктің келуіне арналған дәретханаларында орналасуы тиіс, құралдарың есептік санының 25%-ін стационарлы жер бетілік жеке пайдаланатын кабиналарда орналастыруға болады.

2 Құралдардың саны қоғамдық аумақтардағы санитарлық құралдардың (кабиналардың) жүктемелерінің орташа статистикалық сипаттамаларына есептелген.

Бір құралдың (кабинаның) өткізу қабілеті 20 адам/сағ. шамасында құралады, дәретханаларға келушілердің саны күндік жүктеменің (мың. адам/«қарбалас» сағ.) 10 %-і шамасында құралады.

5-қосымша
(ұсынылатын)

Қозғалыстағы автомобильден шықпай қызмет көрсетуге арналған объектілер (Автокафе)

Қ5.1 Автокафе - қозғалыс жолағында автокөлік иелеріне және олардың жолаушыларына, толығымен немесе ішінара, қызметкерлердің, терезелердің немесе банкоматтың жәрдемімен тауарлар немесе көрсетілетін қызметтерді көліктік құралдан шықпай және белгіленген жолақ шектерінде алатын тұлғаларға тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді беруге немесе таратуға арналған жерді пайдалану, ғимараттар немесе имараттар не олардың бөлімдерінің бір түрі.

Қ5.2 Осы объект кір жуу, химтазалау, химтазалауға тапсырыстар беру пункттері, банк филиалдары немесе қаржылық мекемелер, мейрамханалар, дүкендер, тамақты алып шығып сатушылар сияқты объектілермен біріге алады.

Осы объектіге автожуу, ТҚС және май құю стансалары жатпайды. Автомобильдерді кезекке қоюға арналған жолақ дегеніміз - автомобильдік және жүргіншілер ағындарынан қоршаулар немесе белгілер арқылы бөлінген көлік құралдарына арналған учаске.

Автокафе учаскесі жоспарының сұлбалары



Қ5.1 сурет- Бұрыштық учаске жоспарының сұлбасы



Қ5.2 сурет - Жарты квартал жоспарының сұлбасы



Қ5.3 сурет - Сауда кешенінің қасбеті жоспарының сұлбасы

6-қосымша
(ұсынылатын)

Жол қозғалысынан болатын шу

Қ6.1 к е с т е - Қашықтықтағы шуды (децибелдер) азайту

Талап етілетін азайту (децибелдер)		до 10	до 15	до 20	до 25	до 30	до 35
Қажетті ара қашықтық	шабындық	75-125	125-250	225-400	375-555	-	-
	орман	50-75	75-100	100-125	125-175	175-225	200-250

Қ6.2 к е с т е - Жол шуын ықтимал азайтудың болжалды есебі

Қабырғаның немесе үйіндінің биіктігі (м)	1	2	3	4	5	6	7
Азайту, дБ	6	10	14	16,5	18,5	20,5	23,5

Қ 6.3 к е с т е - Ықтимал жол шуының болжалды есебі

Екі жақты қозғалыс тығыздығы, 1 сағаттағы машиналардың күндізгі уақыты	Қала аудандарындағы қозғалыстығызыдғына сәйкес жолдардың типтерін жіктеу	Жол шуын жасайтын нүктелерден ара қашықтық	Шу деңгейінің жолағы
<10	Тұрғын көше	-	-
10-50	Тұрғын көше (2 жолақ)	35 26-35 11-25 10	0 1 2 3
>50-200	Бас тұрғын жол	100 36-100 26-35 11-25 10	0 1 2 3 4
>200-1000	Коттедждік құрылыс аумағындағы көшелер	101-300 36-100 11-35 10	1 2 3 4
>1000-3000	Магистралды көше және сауда аудандарындағы көше (2 жолақ)	101-300 36-100 35	4 4 5
>3000-5000	Аудандық мақсаттағы магистралды көшелер (4-8 жолақ)	101-300 100	4 5

7-қосымша
(ұсынылатын)

Велосипед жолдарының негізгі көрсеткіштері

Қ7.1-кесте

	Есептік көрсеткіштердің мәндері				
	Қисықтың дөңгелектеу радиусы, м	Ең үлкен бойлық еңіс, % (ең азы -0,5 %)	Жиектің ең аз дөңгелектеу радиусы, м	Еңістің ең аз дөңгелектеу радиусы, м	Ең аз габаритті биіктік, м
Жүру бөлігінің бойындағы жүргіншілер жолы		6 (ерекше жағдайларда 12)			2,50
Жүру бөлігінің бойындағы велосипед жолы	10 (қиылыстардағы радиусы бойынша 2)	Көше типтеріне қарай	30	10	2,50
Жүргіншілер мен велосипедтің ортақ жолы	10 (қиылыстардағы радиусы бойынша 2)	3 (ерекше жағдайда 250 м-ден артпаса - 4; ерекше жағдайда 30 м-ден артпаса - 8)	30	10	2,50
Велосипедтік трек	10 (қиылыстардағы радиусы бойынша 2)	3 (ерекше жағдайда 250 м-ден артпаса - 4; ерекше жағдайда 30 м-ден артпаса - 8)	30	10	2,50
Жеке жүргіншілер жолы		6 (ерекше жағдайларда 12)			2,50
Жеке велосипед жолы	10 (көшенің түйіскен жеріндегі радиусы бойынша 2)	3 (ерекше жағдайда 250 м-ден артпаса - 4; ерекше жағдайда 30 м-ден артпаса - 8)	30	10	2,50
Жолдарды күтуге арналған имараттар		6 (ерекше жағдайларда 12)			3,50 (2,50)

8-қосымша
(ұсынылатын)

Қ8.1 Автомобильдерді қоюға арналған ғимараттар мен имараттар

Қ8.1.1 Көпқабатты автотұрақтардағы қабаттардың биіктігі 2 м кем емес, бокстар аймақтарында ол 1,85 м-ді құрауы мүмкін.

Бірінші қабат биіктігін Ірі габаритті автомобильдер үшін үлкейту керек.

Қ8.1.2 Жылжымалы платформалар көмегімен бірінің үстіне бірі орналасқан екі автомобиль сыятын жеке шағын гараж құруға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда аралас жолаушы-жүк таситын құрама қорабы бар автомобиль үшін тек төменгі орын бөлінеді.

Көтермелі алаң ḥлектрмотормен, ал ḥлектр тогы болмаған кезде, қол сорғысының көмегімен қозғалысқа келтіріледі.

Көтергішпен жарақтандырылған және басқару тетігінен қақпашамен қызмет көрсетілетін үш жеңіл автомобильге арналған автотұрақ, тұрғын үй аласында, көп қабатты гараж-тұрақтар кешенінде орналасқан көп қабатты автотұрақтың құрамдас бөлігі де болуы мүмкін.

Автотұрақтың әрбір орнының пайдалы жүктеме мөлшері 2500 кг. Гаражға кіру және шығу еңісі 14 %-дан артық болмауы тиіс.

Қ8.1.3 Жеңіл автомобильдер, қозғалысы басқару тегінен реттелетін жылжымалы алаңдарға орналастырылатын жүйелерді қолдану ұсынылады, бұл кіру жолдарын босатуға мүмкіндік береді.

Жылжымалы автомобиль алаңшалары жеңіл автомобильдерді ортаңғы жүру жолы бойымен тұрақ орнына қарай немесе көтергішке, немесе шығу жолына қарай тасымалдайды.

Бойлай немесе көлденең бағытта жылжитын табандық-тұрақтарды қолдану автотұрақты пайдаланудың тиімділігін 50-80%-ке арттырады.

Қ8.1.4 Көтергіштермен толық жарақтандырылған гараждар бөлме көлемін барынша тиімді қолдануға мүмкіндік туғызады. Басқару гаражға кірер кезде кодты қосу жолымен автомобиль жүргізушісі арқылы жүзеге асырылады. Мұндай толық автоматтандырылған гараждар 20 қабатқа дейін болуы мүмкін.

10 қабатқа дейінгі биіктікте гидравликалық жетегі бар көтергіштер орнатылады. Бұл жүйе гараждың пайдалы ауданын барынша тиімді қолдануға мүмкіндік туғызады, пайдалануда сенімді, шуы аз, пайдаланылған газды шығармайды, қоршаған орта үшін зиянсыз.

Қ8.1.5 Әр көтергіш 40-тен 80-ге дейінгі жеңіл автомобильдерге қызмет көрсетеді. Автомобильді тұраққа орналастыруға немесе одан шығаруға жұмсалған уақыт орташа есеппен 1-2 минутты құрайды. Өте тар жер учаскесінде автомобильдерді «бірінің үстіне бірін көлденең орналастыруға» болады, бұл жағдайда автомобильдердің бойлық осьтері автотұрақтың бойлық осімен паралель болады.

Қ8.1.6 Жарыққалқанның жүру бөлігінің ені 7,5 м болса, автомобильдерді жарыққалқандардың екі жағымен 5-6,5%-ті құрайтын аз ғана еңіспен қою барынша үнемді, бірақ жүрудің ұзын және екі-жолақты қозғалысқа тән кедергілерге байланысты жолдардың салынуы талап етіледі.

Бокстердің тереңдігі, ереже бойынша, 4,5-5 м-ді құрайды.

Жоспардағы дөңгелек немесе сопақ кескінді типті гараждарда да осы принциптегідей қолданылады. Мұнда жарыққалқан еңісі 3%-ті құрайды, ал көлік жүретін жолдың ені 7 м-ге жетеді.

Қ8.1.7 Кіру және шығу бөлек (жеке) болған жағдайда кіру қақпасының ені 2,4 м-ден, ортақ болғанда - 4,8-5 м-ден; шығу қақпасының биіктігі 2,7 м-ден кем болмауы тиіс.

Қ8.2 Жолдар мен көшелердің көлденең пішіндері

МАГИСТРАЛДЫ ЖОЛДАР

Жылдам қозғалыстың



Реттелетін қозғалыстың



Қ8.2.1-сурет

ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ МАГИСТРАЛДЫ КӨШЕЛЕР:



Қ8.2.2-сурет

ЖЕРГІЛІКТІ МАҚСАТТАҒЫ КӨШЕЛЕР МЕН ЖОЛДАР



Қ8.2.3-сурет

ӨТУ ЖОЛДАРЫ





К8.2.4-сурет

9-қосымша
(ақпараттық)

Нормативтік-техникалық құжатты әзірлеуде пайдаланылған материалдардың тізілімі

	Лондон	
1	Лондон қаласының жоспары. Үлкен Лондонның кеңістікті дамуының стратегиясы	London Plan. Spatial Development Strategy for Greater London
2	Ықшам қаланың құрылысы	Housing for a compact city
3	Лондонның тұрғын бағдарламасы	London housing
4	Энергиямен жабдықтау	Energy strategy
5	Энергияны пайдалану тиімділігі	The Energy Efficiency
6	Лондондағы қозғалмайтын мүліктің құрылысын салу	London Real estate
7	Табиғатты тиімді қолдану, қатты қалдықтарды игеру	Sustainable design
8	Көлік қозғалысына бөлінген жерлер	Transport land
9	Лондон тығындары	Bottle neck in London
10	Оксфорд университеті	University of Oxford
11	Лондондағы бастауыш мектептің ауданы	Briefing Framework for primary School
12	Лондондағы орта мектептің ауданы	Briefing Framework for secondary School
	Нью-Йорк	
13	Нью-Йорк қаласын аймақтандыру жөніндегі қарар	NewYork Zoning Ordinance
	Чикаго	
14	Чикагоны аймақтандыру жөніндегі қарар	Zoning Ordinance Chicago
15	21 ғасырдағы Чикагоның жоспары	21st century plan of Chicago
	Балтимор	
16	Балтимор қаласын аймақтандыру жөніндегі ережелер жинағы	Zoning Baltimore
17	Балтимор қаласының табиғат аумақтары	Sensitive areas plan for Baltimor city
18	Тұрғын және кеңсе аймақтарының тығыздығы	Density Residential and Office
19	Іскерлік орталықтардың тығыздығы	Business zones
20	Өнеркәсіптік аймақтардың тығыздығы	Manufacturing zones
21	Учаске жоспарын қарау жөніндегі нұсқау	Site Plan Review Guidelines
22	Балтимор қаласындағы құрылыстарға қойылатын талаптар	Development Guidebook
	Филадельфия	
23	Филадельфияның заңдар жинағы	The Philadelphia Code
	Торонто	
24	Торонтоның тұрғын үйлерінің маңайындағы тұрақтар	Toronto Residential Parking
25	Торонто қаласының заңға тәуелді тұрақ стандарттары. Кеңселер, сауда объектілері мен мейрамханалар маңындағы тұрақтар	Zoning By-Law Parking Standards for office, Retail and Restaurant uses
26	Торонтоның тұрғын үйлерін жобалау жөніндегі нұсқау	Townhouse guideline
27	Торонто автомобиль жүргізушілеріне қызмет көрсету	Toronto drive-through facilities
28	Құрылыс тығыздығы	Development density
29	Лһйк Шор Болевар даңғылында құрылыс салу жөніндегі стандарттар	Standards for Lake Shore Bolevar Avenue
30	Лһйк Шор Болевар даңғылын аудандастыру жөніндегі ұсынылған заңға тәуелді стандарттар	Proposed By-Law Standards for Lake Shore Bolevar Avenue
	АҚШ-ның шағын қалалары	
31	Тусон қаласының жер пайдалану нормалары	Land Use Code City of Tucson
32	Тусон қаласы көшелерінің құрылысын салу стандарттары	Tuscon Streets Standards
33	Манхеттен Бичтің тұрғын аймақтары жөніндегі муниципалды нормативтер	Manhattan Beach CA Municipal Residential Code
34	Құрылыс салудың жалпы стандарттары, Колорадо қаласының жерін пайдалану жөніндегі нормалар.	Colorado General Development, Land Use Standards
35	Боулдер қаласының тығыздығы	Boulder City density_

36	Линнвудті аймақтандыру нормалары	Lynnwood Zonning Code
37	Риверсайд қаласының жобалау стандарттары мен нормалары	Riverside Countywide Design Standards & Guidelines
	Төбелердегі тікұшақ алаңшалары	
38	Төбедегі тікұшақ алаңшалары	New Roof-top Helipads
	MAGLEV магнит жастығындағы дарарельсті жүрдек поезддар	
39	Магнит жастығындағы жүрдек поезддар	Magnetic Levitated high-speed trains
40	Магнит жастықтарындағы Шанхай пойызы	Shanghai Maglev
41	Пенсильваниядағы Maglev жүрдек пойызының жобасы	Maglev Construction Project in Pennsylvania
42	Жапониядағы магнит жастықтардағы жүрдек поезд	Maglev in Japan
43	Сиэтл қаласының дарарельс жүйесінің жоспары	Seattle Monorail Plan
44	Мәскеу дарарельсі	Moscow Monorail
	Шет елдердің Нормалары мен Анықтамалығынан алынған ақпарат	
45	Сәулет Кескіндемесінің Американ стандарттарынан	Architectural Graphic Standards
46	Халықаралық құрылыс нормалары (IBC 2006). Аз әрекетті топтар	IBC 2006. International Building Code. Accessibility
47	IFC_Халықаралық өртке қарсы нормалар. Өрт сөндіру техникасына арналған кіру жолдары	IFC International Fire protection Code. Lanes.
48	Қаламен іргелес табиғат ареалдары жөніндегі Халықаралық нормалар 2006.	International Wildland-urban interface code 2006
49	Аймақтандырудың Халықаралық Нормалары 2006. Тұрғын аймақтар.	International Zoning Code 2006. Residential
50	NFPA 101. Өмір қауіпсіздігі жөніндегі өртке қарсы нормалар. Бір адамға шаққандағы аудан.	NFPA 101. Life Safety Code
51	Тұрақты жобалау және жоспарлау жөніндегі нұсқау	Parking Design & Layout Guidelines
52	Эрнст пен Питер Нойферттің «Сәулетші анықтамалығынан» алынған габаритті жолдар жөніндегі ақпарат	Road dimensions. Ernst&Peter Neufert Architect's Data
Кеңсе ғимараттары, Мысалдар, Зәулім ғимараттар. Питер Peter Neufert		
	Нойферттің «Сәулетші анықтамалығы»	Office buildings, Examples, Skyscrapers
54	Эрнст пен Питер Нойферт. Сәулетші анықтамалығы. Үшінші басылым, 2000	Neufert.Ernst&Peter-Architects.Data.3rd.ed. 2000
55	Қалақұрылысы бойынша халықаралық нормаларға шолу	Urban Planning International Codes Review
	Халықаралық қалақұрылысы нормалары бойынша қосымша ақпарат	
56	Көшелер жөніндегі нұсқау	Manual for streets
